ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

№2 (62) 2016

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№2 (62)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

Бас редактор
Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

Бас редактордың орынбасары
Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа
1. Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор
2. Аймағамбетова Қ.А. – п.ғ.д., профессор
3. Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
4. Шерьязданова Х.Т. – пс.ғ.д., профессор
5. Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор
6. Джиембаев Б.Ж. х.ғ.д., профессор
7. Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
8. Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
9. Жексембиев Р.Қ. – б.ғ.к., профессор м.а.
10. Жиенбаева С.Н. – п.ғ.д., профессор
11. Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
12. Тымболова А.О.- ф.ғ.д., профессор
13. Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
14. Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
15. Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., ҚР Мәдениет қайраткері
16. Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
17. Нұрланбекова Е.Қ. - п.ғ.к.
18. Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор
19. Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
20. Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
21. Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Шетелдік редакциялық алқа
1. Нұршат Нұражыұлы - профессор, х.ғ.д. (АҚШ, Массачусетс технологиялық институтының зерттеушісі, Техас технологиялық университеті)
2. Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Ұлыбритания, Кембридж университеті)
3. Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті)
4. Кенан Коч - PhD, профессор (Түркия, университет Мугла)
5. Роберт Эрмерс - PhD, профессор (Нидерланды, Неймеген университеті, Midden Western ғылыми-зерттеу орталығы)
6. Златан Дамнянович - PhD профессор (АҚШ, Оңтүстік Калифорния Университеті)
7. Римантас Желвис- п.ғ.д., профессор (Литва, Вильнюс университеті)
8. Ицка Дерижан – PhD, профессор (Болгария, Бургаский свободный университет Центр гуманитарных наук)
9. Даньшин А.И. – г.ғ.к., доцент (Ресей, Мәскеу мемлекеттік университеті)
10. Лазерев В.А. – п.ғ.д., профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ)

Редакциялық кеңес
1. Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
2. Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
3. Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
4. Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
5. Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
6. Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
7. Бапаева М.Қ. – пс.ғ.к., доцент
8. Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор м.а.
9. Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
10. Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
11. Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
12. Дарменова Р.А. – п.ғ.к., профессор м.а.
13. Ануарова Л.Е. – б.ғ.к.,проф.м.а.
14. Дәулетқұлова А.Ө. – ф.-м.ғ.к.
15. Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
16. Ахметова А.Қ. – п.ғ.к., доцент
17. Ахметжанова Д.С. – ҚР Мәдениет саласының үздігі
18. Нұржанова Г.И. – п.ғ.к.
19. Қаипбаева А.Т. – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
20. Темірбаева К.А. – оқытушы

Жауапты редактор Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
Редакторлар Ж.Қ.Қуанышева, Б.Қ.Омарбаева, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбай, К.Д.Бейсембаева, М.А.Оразалиева.
Корректор Сүйіндікова С.Ж., Түбітбаева Ж.Х.

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

Ануарова Л.Е., Берік Н.Т. БИОЛОГИЯДАН КЕШЕНДІ ДАЛАЛЫҚ ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРТТЕУ..... 6

Есмағұл Қ.Е., Арыстан А.Қ. АПОРТ АЛМАСЫН КӨБЕЙТУ..... 9

Карменова Н.Н., Тлеубергенова К.А., Қуандықова Э.Қ., Нуркеев Е.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ..... 13

Сартаева А.А, Иманова Э., Аденова Б., Жақсылық А., БАЛАЛАР СҮТ ҚЫШҚЫЛ ӨНІМДЕРІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ..... 17

Сейтжанов А.Ф., Таубаева Э.Ж., Бейсекова А. ҚАНЫҚҚАН КӨМІРСУТЕКТЕР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 20

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА-PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

Аламинов М.Х., Толыбаева Г.Н. О ЕДИНСТВЕННОСТИ И УСТОЙЧИВОСТИ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО УРАВНЕНИЯ ВТОРОГО ПОРЯДКА СМЕШАННОГО ТИПА..... 27

Борибаева М.А., Куйкабаева А.А., Асембаева М.К.,Есеналина К.А. ТЕХНОЛОГИЯ ФИЗИЧЕСКОГО ЭКСПЕРИМЕНТА В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ В РАМКАХ КОМПЕТЕНТНОСТНОЙ МОДЕЛИ..... 31

Дьячков В.В., Казыбай А. ОБЛАЧНЫЕ СЕРВИСЫ И ТЕХНОЛОГИИ..... 35

Жадраева Л.У., Жумақанова М.Ж. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 39

Жадраева Л.У., Бақытхан Г. ЖОҒАРЫ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 43

Жадраева Л.У., Уркимбаева А.Б. НЕГІЗГІ МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ ПАРАМЕТРЛІК ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ..... 47

Жадраева Л.У., Серікбаева Ж.Ө. МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ФУНКЦИЯНЫҢ ГРАФИКТЕРІН САЛУДЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ОҚЫТУ..... 53

Ильясов Н., Жакупова Д.Ж., Мәмбетова Ұ.К. ГРАВИТАЦИЯЛЫҚ ӨРІС ЖӘНЕ АСИММЕТРИЯ..... 56

Ильясов Н., Алимбекова Н.С. САҚТАЛУ ЗАҢДАРЫ ТУРАЛЫ..... 61

Ильясов Н., Мүтә А.Н., Жекеева Б.М. СИММЕТРИЯ ЖӘНЕ АСИММЕТРИЯ ТУРАЛЫ..... 67

Ильясов Н., Сарсембаева А.К., Айдарова Г.Т. СИММЕТРИЯНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ӘКЕЛЕТІН ҚҰБЫЛЫСТАР..... 73

Сәндібаева Н.А., Зейдін Қ. ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.. 80

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

Абуова А.Т. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 84

Auganbaeva N., Rysbaeva G.K. METHODS OF TEACHING VOCABULARY IN THE ENGLISH LANGUAGE..... 88

Ахметова Ж.Б. СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА..... 90

Әділбекова Л.М. ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҒЫНА ҚАЛҒАН ҰЛЫ МҰРА..... 96

Demeeva G.B., Zhunisova Zh.K. DIFFICULTIES OF TRANSLATION OF ENGLISH PROVERBS AND STATEMENT..... 100

Ержанова С.Б., Ниятова Ш.С. СТИХОТВОРЕНИЯ ПРОЗА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ..... 102

Ержанова С.Б., Джамамбетова А. СӨЙЛЕСУ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТА ОҚЫТУ МЕН АЙТУҒА ЖАТТЫҚТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..... 105

Ертаева Л.А. ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ..... 110

Жусупова Р.Б., Жүргімбаева Л.М. ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕРМӘДЕНИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІЛІК БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ..... 112

Касымова М.Д. ПОЭТИКА ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ..... 117
Көшекова А.А., Жұмабаева Ғ.К. ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ ЭПОСТАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ..... 121
Kulbekova B.R., Raeva C.D. ESSAY WRITING AT THE UNIVERSITIES..... 128
Нуртаза А.А., Рысбаева Г.К. ВИДЕОРОЛИКТЕР МЕН ФИЛЬМДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ..... 131
Рахышова А.М. Ж. ЖАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДІҢ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 135
Сайбекова Н.У. «ҚҰЗЫРЕТ», «ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» ЖӘНЕ «КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» ҰҒЫМДАРЫ..... 139
Торғаева Қ.Б. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ЖОДАРЫ..... 143

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО
HISTORY, ECONOMY AND LAW

Qasimov S. UlUSAL ÇIKARLAR VE DAĞLIK KARABAĞ SORUNU..... 148
Жармағанбетова Д.Ғ. ҚОҒАМДА СУИЦИДАЛЬДІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ.... 156
Жылқышыбаева Қ.Қ., Бакаева Г.Е. ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – XX ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА..... 161
Жайшибекова К.Ж., Қожахметова Ж.Д. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРДАГЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 164
Манатова А.М. ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАР (XIX Ғ. II ЖАРТЫСЫ - XX Ғ. БАСЫ)..... 171
Назарбек Ж.А. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 175
Сманова А.М. ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ПОЛЬША ҮКІМЕТІНІҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ГЕНЕРАЛ СИКОРСКИЙДІҢ САЯСАТЫ (1939-1943 жж.)..... 180
Тлебаева Г.М., Абай М. ӘРКІМНІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУҒА – ЖҰМЫС, КӘСІП ТҮРІН ЕРКІН ТАҢДАУҒА ДЕГЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ: МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ..... 187

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

Абаева Г.А., Мукажанова Э.Т. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГ-КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ..... 194
Атыканова М.Б. ВОЗДЕЙСТВИЕ ПЛАВАНИЯ В ЛЕЧЕНИИ СКОЛИОЗА..... 198
Бекболганов Е.Ж., Бекболганова М.Е. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ..... 203
Жусупова Р.Б., Жүргімбаева Л.М. ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕРМӘДЕНИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІЛІК БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ..... 207
Қоңырбаева С.С., Бейсембаева К.Д. МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ ПЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ..... 212
Куйкабаева А.А., Борибаева М.А., Зульбухарова Э.М., ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСНАМА НӘТИЖЕСІНДЕ ТАҢДАЛЫП АЛЫНҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛІК МАЗМҰНДАУ ӘДІСІ, ТОПТЫҚ ПІКІРТАЛАСТАР ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІ БАҒАЛАУ..... 217
Нуркасинова Л.М., Құлымбаева А.К. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 223
Саурбекова Г.Л., Тауасарова Д.А. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 228
Туебакова Н.А. ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ..... 231

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

Сапаргалиева Г.Г. ГОЛОСОВОЙ АППАРАТ, ГИГИЕНА И РЕЖИМ..... 236
Султангалиева Э.С. К ВОПРОСУ РАЗВИТИЯ МУЗЫКАНТА – ИСПОЛНИТЕЛЯ..... 240
Смағұлов М.С. ДАУЫС ҚОЮ ӘДІСТЕМЕСІ..... 244
Шанбаев Е.Ж. ЕСТАЙ – МАХАББАТ ЖЫРШЫСЫ..... 253
Таджбағамбетова Ш.Ж. КӨШПЕЛІ ТАЙПАЛАР МӘДЕНИЕТІНІҢ КҮЙ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ..... 257

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

ӘОЖ 582.26.

БИОЛОГИЯДАН КЕШЕНДІ ДАЛАЛЫҚ ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРТТЕУ

Л.Е.Ануарова, *б.ғ.к., қауым. проф. м. а.*
Н.Т.Берік, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын далалық оқу тәжірибесі арқылы кәсіптік мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмысқа даярлау қажеттігі мен оны іске асыру әдістемесінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылық бары анық байқалады. Далалық оқу тәжірибесін ұйымдастыру құралдары мен әдістерін таңдауға дәстүрлі көзқарас тұрғысынан қарау, арнайы зерттеу тапсырмаларын орындатпау, далалық оқу тәжірибесінің негізгі міндетін, яғни студенттерде зерттеушілік іскерліктердің және зерттеу әрекетіне мотивтерінің қалыптаспауына себеп болып отыр.

Далалық оқу тәжірибесінде студенттерге репродуктивті (қайталау) сипаттағы тапсырмалардың берілуі, соған сәйкес таңдалған әдістер студенттердің далалық оқу тәжірибесінде зерттеушілік әрекетке дайындамайды. Осы жағдайлар тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Түйін сөздер: теория, үдеріс, іскерлік, реферат, баяндама, презентация, репродуктив, продуктив, бакалавр, технология т.б.

Зерттеу барысында бұл кешенді тапсырмалар басты қағидалар негізінде құрылды. Біздің көзқарасымыз бойынша, зерттеушілік іскерлік теориялық және қолданбалы сипаттағы әдіснамалық және пәндік биологиялық іскерліктердің ерекше үйлесімділігі. Зерттеу әрекетінің жүзеге асуының тиімділігі биолог бакалаврлардың теориялық, практикалық және қолданбалы сипаттағы зерттеушілік іскерліктерді меңгеруіне байланысты. Биологиялық пәндер бойынша кешенді далалық оқу тәжірибесінде студенттердің зерттеушілік әрекеттерін қалыптастыру үдерісі үш кезеңді қамтиды.

Бірінші кезеңде: зерттеушілік сипаттағы нақты жұмысты орындауға әзірлік әрекетті жоспарлау, оны орындау, нәтижені болжау бойынша теориялық іскерлікті қолдана алуды жорамалдайды.

Екінші кезеңде: зерттеу жұмысын тікелей жүргізу үшін тек теориялық емес, сонымен қатар практикалық сипаттағы іскерлікті қолдануды талап етеді. Оған биологиялық нысандар мен құбылыстарды тану мен зерттеудің негізгі әдістерін (бақылау, сипаттау, тәжірибе) пайдалану, бар әдістерді зерттеудің нақты мақсаттары үшін қолдана алу [1].

Үшінші, қорытындылаушы кезеңде студенттерге алынған мәліметтерді өңдеу, сараптау және алынған нәтижені түсіндіру іскерліктері, сондай-ақ зерттеу жұмысының нәтижесін есеп, реферат, баяндама, презентация түрінде таныстыратын іскерліктер қажет. Биологиядан далалық оқу-зерттеу тәжірибесінің мазмұнына қолданбалы биологияға тән іскерліктер де кіреді. Мысалы, экологиялық және генетикалық немесе физиологиялық мазмұндағы тапсырмаларды орындауда өлшеуіш құралдармен жұмыс жасау мен алынған мәліметтерді өңдеулері үшін есептеу іскерліктері. Осы анықталған іскерліктер қатарынан кешенді далалық оқу тәжірибесінде биология бойынша зерттеушілік әрекеттің ерекшелігіне қарай студенттерде қалыптастыруға болатын және қажет зерттеушілік іскерліктердің құрамын белгіледік (кесте 1).

- Студенттердің зерттеушілік әрекеттерін тиімді ұйымдастыру үшін төмендегідей педагогикалық шарттарды ескеру керек:

- далалық оқыту тәжірибесі барысындағы педагогикалық үдеріс студенттердің зерттеушілік әрекеттерін ынталандыруға бағытталуы қажет;

- зерттеушілік қабілеттерін дамытатын орта жасау керек;
- студенттердің өз бетінше танып білу қабілеттерін дамытып отыратын оқыту технологияларын пайдалану.
- Бұл атап көрсетіп отырған педагогикалық шарттар студенттерде зерттеушілік мотивті, танымдық әрекеттерін белсендіру, зерттеушілік іскерліктері мен дағдыларын дамыту қажеттілігіне сәйкес таңдалып отыр [2].

Кесте1 – Кешенді далалық оқу тәжірибесінде биология бойынша зерттеушілік әрекеттің ерекшелігіне қарай студенттерде қалыптастырылуға болатын және қажет зерттеушілік іскерліктердің құрамы

Зерттеушілік іскерлік			
Әдіснамалық		***Пәндік***	
Әдіснамалық	*Практикалық сипаттағы*	*Жалпы биологиялық теориялық*	*Қолданбалы биологиялық*
1. Жұмыстың мақсатын, нысанын, пәнін, міндетін анықтау. 2. Зерттеу проблемасын және болжамын рәсімдеу. 3. Зерттеу жұмысының барысын жобалау және жоспарлау. 4. Зерттеу нұсқаларын бағалап, тиімдісін таңдау. 5. Жұмыс барысында теориялық сараптау және талдау әдісін пайдалану 7. Себеп-салдар байланысын анықтау, қорытынды жасау.	1. Жұмыс орнын ұйымдастыру. 2. Жұмыс уақытын тиімді пайдалану. 3. Қажетті материалдар мен құрал- жабдықтарды таңдау. 4.Зертханалық құралдармен жұмыс. 5. Компьютерден іздеу жұмысын жүргізу. 6. Оқу, ғылыми көпшілікке арналған әдебиеттермен, анықтауыштарды пайдалана алу. 7. Биологиялық материалдарды жинау және өңдеу. 8. Зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми мақала, жоба ретінде ұсыну.	1.Биологиялық нысандарды зерттеу бойынша әрекетін жоспарлай алу; 2.Биологиялық нысандарды зерттеудің негізгі әдістерін пай-далану (бақылау, сипаттау, биологиялық тәжірибе, болжау, үлгілеу) 3. Алынған мәліметтерді өңдей алу мен зерттеу нәтижелерін түсіндіре алу. 4. Биологиялық тапсырмаларды шешуде қазіргі заманғы ақпараттарды тиімді пайдалана алу іскерлігі. 5. Нақты биологиялық зерттеуге қажетті әдістемелерді дұрыс таңдау.	1. Зерттеуді зертханада жалғастыру үшін алғашқы мате-риалдарды жинақтай алу; 2.Жиналған материалдарға сипаттама және өңдеу жүргізе білу; 3. Далалық және зертханалық жағдайда зерттеу жүргізе алу; 4. Зерттеу препа-раттарын дайындау 5. Зерттеу нәтижелерін тіркеу 6. Табиғи нысандарға бақылау жүргізе алу; 7. Зерттеу алаңдарын жасау және т.б.

Эксперименттік әдістемені жасау үдерісінде ең бірінші, зерттеу жұмыстарын оқу үдерісіне енгізу көмегімен қол жеткізуге болатын оның практикалық бағыттағы мазмұнына баса назар аударылды. Алайда, зерттелетін теориялық материал көлемін ұлғайтуды қарастырмаймыз. «Өсімдіктер физиологиясы», «Генетика», «Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен», «Эволюциялық ілім», «Биологияны оқыту әдістемесі» пәндері бойынша кешенді далалық оқу тәжірибесі барысында оқытудың практикалық бағытын арттырып, студенттердің дәрісханада және дәрісханадан тыс алған білімдерін іс жүзінде пайдалануларына мүмкіндік жасалады. Биология пәндері бойынша кешенді далалық оқу тәжірибесінің мазмұнын құрастыруда біз төмендегі ережелерге сүйендік:

- пәнаралық байланыстарды қолдану негізінде оқу мазмұнын интеграциялау;
- оқу пәнінің ішкі құрылымын сақтау мақсатында ғылыми ақпаратты жіктеу;
- ғылыми ақпараттың жүйелілігін арттыру және жүйелі қабылдау мақсатында пәннің логикалық құрылымын оңтайландыру;
- кәсіби педагогикалық бағытты нығайту [3].

Әрбір тақырыпты оқыту кезінде біз үш түрлі тапсырмалар қолдандық, олардың әрқайсысы күрделіліктің белгілі бір дәрежесіне сәйкес келеді:

- күрделілігі I деңгейдегі тапсырмалар – репродуктивті, яғни қайталау;
- күрделілігі II деңгейдегі тапсырмалар – продуктивті;
- күрделілігі III деңгейдегі тапсырмалар – шығармашылық сипаттағы зерттеушілік тапсырмалар.

Студенттердің зерттеушілік қызығушылықтарының дамуына ең алдымен, зерттеушілік және шығармашылық тапсырмалар әсер етеді. Тапсырмалардың бірнеше түрі пайдаланылды: *репродуктивті*, *продуктивті, зерттеушілік және шығармашылық* сипаттағы тапсырмалар. Аталған типтің тапсырмалары әрекет бағытын көрсететін түрлі деңгейдегі міндеттерді шешуді ұйғарады, бірақ әрекет тәсілдерін анықтамайды.

Тапсырмалардың мазмұны стандарттан тыс жағдайларда ойламаған әрекеттерді пайдалануды талап етеді және сол арқылы әрекеттің жаңа бағытына итермелейтін жағдайлардан тұрады. Аталған жағдайда қалыптасқан дағды шығармашылық сипатта болды [1].

Студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зерттеушілік әрекеттерді ұйымдастыру кезінде төмендегі жайттарды ескеру қажет:

- студенттердің зерттеу жұмыстары мақсатқа бағытталған сипатта болады;
- жұмысты орындау мақсаты оқытушыға ғана емес, оны орындайтын, оқу үдерісіне белсенді қатысатын студентке де белгілі болуы тиіс;
- студентке өз білімін, шеберлігін, дағдысын толық пайдалануға, өз ұсыныстарының туындауына, өзінің көзқарасы тұрғысынан пікірін айтуға мүмкіндік берілуі тиіс;
- студенттерде өзін-өзі бақылау, алдына қойылған тапсырманы шешу тәсілін өз бетінше таңдау, осы тапсырманың шешімін және шешім нәтижелерін дұрыс бағалай алу дағдысы қалыптасуы керек;
- студенттің жұмысын бағалау қажет; жұмысты орындауға кіріскен студентке өзінің қалай бағаланатыны, бағалау кезінде қандай өлшемдер есепке алынатыны жөнінде хабарлау қажет;
- студенттердің зерттеушілік жұмыстарын ынталандырып отыру қажет.
- Зерттеу пәнін және оқыту нәтижесін анықтау өлшемдерін зерттеген еңбектерді (Ю.К.Бабанский, И.Г.Огородникова) ескере отыра, біз мынадай қорытындыға келдік, биологиялық пәндер бойынша кешенді далалық оқу тәжірибесінде студенттердің зерттеу іскерліктерінің қалыптасу деңгейін келесі *өлшемдер* арқылы нақтырақ бағалауға болады:
- студенттердің зерттеушілік әрекеттерге қарым-қатынасы;
- зерттеушілік әрекеттің теориялық негізін білуі;
- қолданбалы биология және топырақтану негіздері, өсімдіктер физиологиясы, генетика, биологияны оқыту әдістемесі және эволюциялық ілім негіздері бойынша далалық оқу тәжірибесі шеңберінде меңгеруі тиіс білімнің болуы (толықтылығы);
- зерттеушілік іскерліктерінің қалыптасу деңгейі (толықтылығы).

Ерттеуде біз студенттерде далалық оқу тәжірибесінде зерттеушілік әрекеттің даму жағдайында бір-бірінен айырмашылығын көрсететін үш деңгейді шартты түрде айқындап бөлдік: *төменгі деңгейде, орташа деңгей, жоғары деңгей.*

Теориялық зерттеудің логикасына сәйкес айқындау және үйрету эксперименті кезінде жаратылыстану мамандығы бакалаврларының биологиядан кешенді далалық оқу тәжірибе жұмысында зерттеушілік іскерліктерін дамыту әдістемесін тексеру мен үйлестіру міндеті іске асырылды [4].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гуленкова М.А., Красинкова А.А. Летняя полевая практика по ботанике. – Москва: Просвещение. 1976. – С. 47.

2. Терехин М.Н. Связь теории и практики в процессе обучения школьников. – М.: Педагогика, 1982. – 128 с.

3. «Кәсіптік практиканың» арнайы ережесі 5.03.005-2009 ҚР МЖМБС-мен бекітілген.

4. Полевые практики по биологии и экологии**:** учеб.-методич. пособие для студентов фак-та экологии и биологии / М.А.Занина, С.В.Кабанина [и др.]. — Балашов: Николаев, 2008. – 84 с.

Резюме

Ануарова Л.Е., *к.б.н., и.о. ассоциров. профессора*
Берик Н.Т., *магистрант*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Исследование комплексного учебно-полевого опыта по биологии

В статье рассматриваетя разработка эффективной методики организации и проведения комплексной учебной полевой практики в системе подготовки биологов бакалавров. Современный специалист в области биологического образования должен выступать не только транслятором знаний о природе, но и носителем биологической и педагогической культуры.

Студентам необходимо научиться не просто воспроизводить усвоенные знания и способы действия, а уметь самостоятельно применять их в новых условиях, осуществлять перенос усвоенного на решение новых учебных и практических задач, то есть быть готовым выполнять не воспроизводящую, а преобразующую деятельность.

Ключевые слова: теория, процесс, дело, реферат, доклад, презентация, репродуктив, продуктив, бакалавр, технология и т.д.

Summary

Anuarova L.E., *the candidate of biolgogical sciences ,professor*
Berik N. T., *undergraduate*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

Study of integrated training and the field experience on biology

The article discusses the development of effective methods of organizing and conducting comprehensive training in the field practice in the training of undergraduate on biology. Modern specialist in biological education should be not only the translator of their knowledge , but also be the carrier of biological and pedagogical culture.

Students need to learn not just to reproduce acquired knowledge and methods of action, but be able independently apply them in the new circumstances, to make transfers assimilated to the decision of new educational and practical tasks.

Keywords: theory, process, business, essay, report, presentation, reproductive, products, bachelor, technology, etc.

ӘОЖ 582.951.4:581.165

АПОРТ АЛМАСЫН КӨБЕЙТУ

Қ.Е.Есмағұл, *б.ғ.к., профессор*
А.Қ.Арыстан, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

***Аңдатпа*:** 2011 жылдың 12 мамырында Алматыда Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев қаланың активімен алқалы жиын өткізді. Онда шаһардың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен келешегі туралы келесі әңгіме қозғалды. Оңтүстік астанамызды дамытудың көптеген өзекті мәселелерімен қатар Елбасы Алматы апортын жаңғырту проблемасын да алға қойды. Алматы апорты бір кезде еліміздің мақтанышы, жер жәннаты Жетісудың төл жемісі, оңтүстік астанамыздың символы болып еді [1].

Алматы облысында алма бақтарының құрып кетуіне байланысты Президенттің тапсырмасы бойынша алма бақтарын қайтадан қалпына келтіру жоспары жасалды. Ол жоспарға Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржы бөлініп, алманың Апорт сортын көбейту қолға алынды. Ол жұмыс 3-ғылыми зерттеу институтына тапсырылған болатын.

Экономикалық дағдарысқа байланысты қаржының тек қана жартысы берілді, ал жобаға университеттер қатыстырылған жоқ. Осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін және бұл жұмысты жүргізуге біздің университетте қажет приборлар мен аппараттар бар.

Түйін сөздер: Апорт, микроклон, Ламинар – бокс, эксплант, сулема, қолтық бүршік, қоректік орта т.б.

Апорт – алманың ірі, әрі құнды түрі. Салқындау, бірақ ұзақ емес қысы бар, ал жазы жылы немесе ыстық болатын оңтүстіктің орта белдеуінде кең тараған. Апорттың қабығы тығыз, сары немесе жасыл-сары, қызыл-қоңыр мөрімен болады; ішкі жағы сусымалылығымен, нәзік дәмімен ерекшеленеді. Апорт – кеш пісетін түрге жатады, қыркүйек айларында ғана пісіп жетіледі. Кеш піскендіктен қыста жақсы сақталады. Апорт – еліміздің мақтанышы, жер жәннаты Жетісудың жемісі. Бір кездері ол Алматының ең басты символы болды. Алматы апортының атағы жер жүзіне жайылып, халықаралық көрмелерде 70-жылдардың аяғына дейін бірінші орынды бермей келді.

Апорт – тарихы тым тереңде жатқан алманың түрі. VII ғасырда өздерінің керемет бақтарымен атағы шыққан Сайрам (күйреген орны – Шымкент түбінде), Тараз, Мерке, Талғар, Алмалық (Алматы), Есік қалалары тарихта қалған. Өткен ғасырдың екінші жартысында қоныс аударып келушілер мұндағы алма ағаштары орманының қайталанбас сұлулығына қайран қалып, тәнті болған еді. Бұл өлкенің алмалы даңқын жаңғыртқан, мәдени бағбаншылықты қайтадан дамытқан Ресейден келген қоныс аударушылар болды [2].

1865 жылы Воронеж губерниясының Егор Редько есімді тұрғыны ежелгі Алмалық (қазіргі Алматы) қаласына қоныс аударғанда өзімен бірге апорт ағашының көшеттерін ала келеді. Сөйтіп «Егордың Алатаудың баурайына өз қолымен еккен бірнеше тал алмасы уақыт өте келе, дәлірек айтқанда, 15 жылдан соң алып апорт бағына айналды» деген пікірді қаланың қарт тұрғындары жастарға жыр етіп айтады. Мұның өзі дәл осы аймақтың апорт алмасын өсіруге ежелден өте қолайлы болғандығын нақты айқындай түседі. Мұнда алғашқы жылдардың өзінде салмағы 400 грамм, дәмі тіл үйіретін алманың түрі пайда болды. Қарапайым шаруа Егор апорттың көшетін сұрап келген тұрғындарға оны өсірудің технологиясын үйретеді. Осылайша, Алматы апортының бағы жанады [3].

Енді «апорт» мәдени сорты атауының шыққан тегіне келсек, әзірше екі жорамал қарастырылады. Біріншісі туралы «Казахстанская правда» газетінің 09.06.2006 жылғы нөмірінде Елена Брусиловскаяның келтірген дәлелі мынадай: «Француздардың болжамына сүйенген қазақстандық жазушы Алексей Брагин бұл алма жемісінің ағашы сонау ерте заманда ежелгі Рим қаласының бас қақпасы алдында өсіп тұрғанын айтады. «Апорт» аталатын себебі сондықтан екен» («a porte» француз тілінен аударғанда «қақпа алдында» деген ұғымды білдіреді). Мұның қаншалықты деректі ақиқат екені белгісіз. Екінші жорамал бойынша, IX – XI ғасырларда бүгінгі Қазақстан аумағында оғыздар мемлекеті өмір сүрген. Әрі Еуразия аймағында әскери, саяси салмағы басым рөл атқарған. XI жүзжылдықтың басында қыпшақтардың дамылсыз шабуылына төтеп бере алмай, кіші Азияға ығысқан. Және сол жерден Оттаман империясын құрған (қазіргі Түркия). Туған өлкелерімен қимай қоштасқан оғыздар туған жерді сағынышпен еске алып жүру үшін тәбәрік ретінде алма ағашының, оның ішінде тәжді апорт сортының тұқымын ала кетуі әбден мүмкін. Алайда, бұл екі жорамалдың да ғылыми дәйегі болмағасын нақты деуге келмейді. Бірақ, бір айқын мәселе, ол – Оксфорд университетінің профессоры, доктор Барри Юнипердің ғылыми негізге сүйенген тұжырымы. Оның айтуынша, әлемдегі барлық 2500 алма сортының түпкі тамыры Қазақстаннан Қытайға жалғасатын Алатау сілемдерінен бастау алады екен. Аса мұқият зерттеу нәтижесінде сонша алма ағашының ДНҚ құрылымы осы біздегі табиғи жабайы алманың тұқымымен сәйкес шыққан. Алма жемісін дүниежүзіне әйгілі етіп таратуға да басты себепкер – Ұлы Жібек жолы.

Алматы апортының даңқы бір кезде әлемге жайылды. Талай халықаралық көрмелерде Алтын медальдармен марапатталды. Оның тостағандай көлеміне (кейбіреуі 500-600 грамм тартатын), көзді топшасынан сүріндіретін түріне, балдан тәтті ерекше дәміне, мұрын

жаратын ғажап жұпар иісіне таңғалмаған кім бар екен?! Апорт Алматының абыройына айналған сорт [4].

Қазір жұртты тамсандырған апорттан айырылып қалудың аз-ақ алдында тұрмыз. Мұндай жағдайға тап болудың бірнеше себебі бар. Біріншісі, оны жүйесіз көбейту болды. 70-жылдары сұрыптау деген ұмытылып, апорттың қалемшесі кез келген ағаштан алынып, теліне берді. Оны тұқымы сапалы, дәмі мен исі сорт қасиетіне тән, өнімі көп, жан-жақты тексерілген арнайы аналық ағаштардан алу керек еді. Бірақ осы жағдайды кезінде ешкім ескеріп жатпады. Тұқым даярлау да өз дәрежесінде жүргізілмеді, оның сапасы қадағаланбады. Ал бізде қытайдың ұсақ алма ағаштары да пайдаланып, нәтижесінде нағыз апортты жоғалтып алдық. Олар апортқа сәйкес келмейді, тіпті бір-бірін бөтенсиді [5].

БҰҰ жылдары Алматының айналасындағы алма бақтары 125 мың акр көлемінде болса, қазіргі күні ол аумақ 10 мың акрға дейін тартылып кеткен. Апорттың азу процесі жыл сайын өршуде. Өсімдіктерді қорғау ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, биология ғылымдарының докторы, профессор Мағжан Исиннің келтіруі бойынша, апорттың жоғалуына ең басты себеп – оның табиғи ортасын деградацияға ұшыратқанымыз.

Апорт шіркіннің, өсіп-өркендейтін жері – теңіз деңгейінен 950-1250 метр биіктіктегі таулы аймақтар. Ал дәл қазір ол жерлерде бақтар оталып, бай-манаптардың зәулім үйлері бой көтерді [6].

Мағжан Иса ағамыз бірде «апортқа тек жабайы алма ғана телітуші бола алады, бірақ оның ішінде де кейбір түрлері ғана. Ең жақсысы – Недзвецкий жабайы алмасы және Сиверс алмасының кейбір түрлері» деп көрсеткен болатын [7].

1970 жылдардың мәліметіне зер салсақ, Алматы облысы бойынша 3036346 түп апорт ағашы қалған, яғни оның саны «бағы жанып» тұрған кездегіден екі есе кеміген.

1990 жылдары совхоз-колхоздардың таратылуы бұл қасиетті ағашқа тағы бір үлкен соққы болып тиіп, саны тіпті құлдырап, кеміді [8].

Алматы облысында алма бақтарының құрып кетуіне байланысты 2009 жылы Президенттің тапсырмасы бойынша алма бақтарын қайтадан қалпына келтіру жоспары жасалды. Ол жоспарға Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржы бөлініп, алманың Апорт сортын көбейту қолға алынды. Ол жұмыс 3-ғылыми зерттеу институтына тапсырылған болатын. Экономикалық дағдарысқа байланысты қаржының тек қана жартысы берілді, ал белгісіз себептермен жобадан университеттер тыс қалды. Осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін және бұл жұмысты жүргізуге біздің университетте қажет приборлар мен апараттар бар. Сондықтан осы тақырып бойынша жастардың қызығушылығын арттыру үшін, апорт ағашын көбейту мақсатында өсімдіктерді микроклон әдісі арқылы көбейту жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар бүгінгі таңда аталмыш проблемада айтарлықтай оңды нәтижелер бар. Өсімдік қорғау институты мен Биология және биотехнология институты бірігіп жүргізілген зерттеулер нәтижесінде микроклондау әдісімен апорттың «жаңа өсімдігі» пробиркада алынды. Өсімдіктер пробиркада тамырланғаннан кейін олар қолдан жасалған контейнерлерге көшірілді. Қазір олар теплицада адаптациядан өтіп жатыр. Өсімдіктер әбден шыраған нан кейін оларды далаға шығарып кәдімгі топыраққа егіледі. 2011 жылдан бастап апортты жаңғырту мәселесінің ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы институтымен бірігіп істеліп жатыр. Өткен ғасырдың ортасында төрт миллион түп апорт алма ағашы бар Алматы облысында қазір 500 түптей ғана апорт қалды. Проблеманың қаражаттандырылуы жеткілікті болса, Алматы апортын жаңғырту жөніндегі Елбасының тапсырмасын 4-5 жылда орындауға болады.

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты:

- Алматы облысының бау-бақшаларында өсетін алманың Апорт сортын қоректік ортада микроклон әдісі арқылы көбейту. Ол үшін**:**

- аналық алма ағаштарын таңдап алу;

- жасанды қоректік орта дайындау;

- бастапқы эксплантты қоректік ортаға енгізу;

Зерттеу материалдары және әдістері;

Зерттеу нысаны ретінде.

Алманың Апорт сорты алынды. Зертханалық жұмысты жасау үшін сорттың төбе және қолтық бүршіктері бөлініп алынды, ал эксплантты залалсыздандыру Ламинар бокста жүргізілді. Бірінші қажетті барлық материалдар, мақта тығындары, қоректік орталар, өсімдік материалдары, ыдыстар, инструменттерді және бокты залалсыздандырады [9].

Қоректік орталарда өсімдік ұлпаларда, жасушаларда микроорганизмдер жақсы дамиды да өсірілетін материалға қауіп туғызып жатады, сондықтан да мұқият залалсыздандыру өте қажет. Ең алдымен залалсыздандыру үшін сабын сумен жақсылап жуады, дистильденген сумен бірнеше рет шайылды, одан кейін сулемада 1 минут ұстап, қайтадан дистильденген суға салып шаю қажет [10], [11].

Сурет 1 – МС ортадағы Алманың қолтық бүршігі

Зерттеу жұмысының нәтижелері:

Апорттың ісінген төбе немесе қолтық бүршіктерін өсінділері Мурасиге – Скуг қоректік ортасына пробиркаға отырғызылды. МС ортасына әртүрлі витаминдер мен фитагормондар, макро-микроэлементтер, көмірсулар, аминқышқылдары алынды. МС ортада эксплантты 14 күн өсіргеннен кейін, қоректік ортаға объектінің өсуін және органогенез индукциясын реттеуде белсендірек болу үшін 0,1 мг/л бензилалинопурин (6 - БАП) қостық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәдуақас Б. Ұлттық құндылықтар. Төре тұқымды Апорт алмасының тарихын білеміз бе? 07.01.2014, №3 (4877). – Б.8.

2. Иса М. Апорт – Жетісудың байырғы жемісі. – Түркістан. 2005. 13 қазан. – Б. 8.

3. Молдахметұлы Ж. Алматы Апортын қайта тірілтуге кім кедергі? / Айқын. 28.05. 2009, №94 (1275). – Б.28.

4. Иса М. Апорт қайдан шыққан? /Парасат. 2003. №5. – Б. 8.

5. Ізбасаров Д. Апорт – теңдесі жоқ сорт./ Егемен Қазақстан. 2009,11 желтоқсан.

6. Байділда Ж. Апорт – Алматыда ғана Апорт. /Алматы ақшамы. 2010. 10 сәуір. – Б. 26.

7. Ораз Н. Жабайы алма. /Алматы Ақшамы. 24 желтоқсан, 2015. №157. – Б. 31.

8. Иса М. Апорт қайда, күннің қызыл түсіндей? /Жетісу. 2006. 13 мамыр. – Б.2.

9. Ван-Ункан Н. Ю. Регенерация растений колонновидных слаборослых генотипов яблони из эксплантов различного происхождения. – Мичуринск-наукоград РФ. 2014. – С. 81.

10. Уәлиханова Г.Ж. Өсімдік биотехнологиясы. – Алматы: Дәуір. 2009. – 336 б.

11. Ережепов Ә.Е., Мухамбетжанов С.К., Уәлиханова Г.Ж. Өсімдік ұлпаларын өсіру және биотехнология бойынша зертханалық жұмыстар. – Алматы, 2011. – 79 б.

Резюме

Арыстан А.К., *магистрант*
Есмагул К.Е., *к.б.н., профессор*
(г.Алматы., Казахский государственный женский педагогический университет)

Размножение яблок сорта апорт

В статье рассматриваются пути восстановления яблок сорта Апорт традиционными и биотехнологическими методами. На сегодняшний день в торговле апорт потерял свою ценность, потому что земли где выращивали апорт, стали частными, места яблочных деревьев заняли другие объекты (дома, здания и т.д.). Когда-то апорт Алматы были гордостью нашей страны, символом нашей Южной столицы.

Ключевые слова: Апорт, микроклон, Ламинар бокс, эксплант, сулема, пазучные почки, питательная среда

Summary

A.K.Arystan *undergraduate*
K.E.Esmagul *the candidate of biolgical sciences, professor.*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

Reproduction of aport apples

This article discusses the ways of restoring apples Aport by traditional and biotechnological methods. Today, the trade of aport lost its value because the land where grown aport became private, instead of apple trees took place other objects (houses, buildings i.e.). Before now aport of Almaty were the pride of our country, a symbol of our southern capital.

Keywords: Aport, mikroklon, laminar box, explant, corrosive sublimate, axillary buds, breeding ground.

ӘОЖ 91:373:372.8

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК- БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Н.Н.Карменова, *г.ғ.к., профессор,*
К.А.Тлеубергенова, *п.ғ.к., доцент,*
Э.Қ.Қуандықова, *г.ғ. магистрі, аға оқытушы,*
Е.С.Нуркеев, *п. ғ. магистрі, оқытушы*
(Алматы қ.,Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы 2015 жылы 13 млрд АҚШ долларының келісімдеріне қол қойылды. Қазақстан экспортының басты құраушысы – минералдық ресурстар, феррохром, болат, мыс, бағалы және жартылай бағалы металдар. Финляндия Республикасына мемлекеттік сапары аясында Елбасының Финляндияға сапары барысында «Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының құрамындағы «Инжиниринг және технологиялар трансферті» АҚ пен «ТЕКЕЛ» финдік технологиялық парктер қауымдастығы және «ИННО ПРАКСИС» финдік консталтингтік компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Норвегиялық компаниялар Каспий теңізі аумағында белсенді жұмыс атқаруда. Соның ішінде Aker және Statoil компаниялары Қазақстандағы жаңа жобаларға қатысуға қызығушылық танытып отыр. Елбасының Швеция премьер-министрі Йоран Персонмен кездесуінен кейін екі елдің

үкіметтері арасында «Инвестицияларды қолдау мен өзара қорғау туралы» және «Жолаушылар мен жүктердің автомобильдік тасымалы туралы» екі бірдей келісімге қол қойылды.

Түйін сөздер: халықаралық ұйымдар, ынтымақтастық, қарым-қатынас, берік байланыс, экономикалық тиімділік, инвестиция.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері көптеген беделді халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас орната білді. Солардың қатарында Еуропалық Одақ бар. Іргелі бұл ұйыммен берік байланыс орнату еліміз үшін қай жағынан алып қарасақ та тиімді екені сөзсіз. Әсіресе, экономикалық тиімділігі зор. Себебі ЕО-қа мүше мемлекеттермен сауда экономикалық ынтымақтастықты дамыту Қазақстан тауарлары мен өнімдерін осы елдердің нарығына шығаруға жол ашып қана қоймай, инвестиция тартуға да мүмкіндік туғызады.

Еуропа Одағы (ЕО) – халықаралық саяси және экономикалық бірлестік. Бұл 1993 ж. жалпы саны 373 млн. адамнан асатын халқы бар Еуропа территориясында орналасқан Германия, Франция, Италия, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Ұлыбритания, Дания, Ирландия, Грекия, Испания, Португалия, Австрия, Финляндия, Швеция сияқты елдердің қатысуымен құрылған. Еуропа одағы еуропалық қауымдастықтың, атап айтқанда, Еуропалық көмір мен болат қорыту бірлестігінің (осы ұйым Еуропа одағының құрылуына негіз қалады, 1951 ж.), Еуропалық экономикалық қауымдастықтың (1957 жылы Рим келісімшарты бойынша құрылған бұл ұйым «Ортақ рынок» деп те аталады), сондай-ақ, атом энергиясы жөніндегі еуропалық қауымдастықтың (1957 жылы құрылған) қарым-қатынастары негізінде жұмыс істейді. Кейіннен бұл Одаққа Польша, Венгрия, Чехия, Словакия, Словения, Хорватия, Эстония, Латвия, Литва елдері мүше болды. Еуропа Одағы аясындағы интеграциялық ынтымақтастықтың басты мақсаттары Бірегей еуропалық актіде (1987), Маастрихт келісімшартында (1992) және Амстердам келісімінде (1997) көрсетіліп айқындалған [1].

Жаңа тәуелсіз мемлекеттерге, оның ішінде Қазақстанға Еуропа Одағы бағдарламасы шеңберінде үлкен көмектер көрсетіп отыр. Бұл бағдарлама 1991 жылдан бастап орындалуда. Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған күннен бастап әріптес болып табылады және ұдайы кеңейіп тұратын бірлескен диалог жүргізуде. Ынтымақтастықтың бірінші жылдары бұл диалог сауда мен инвестициялар мәселелеріне бағдарланды, ал 2002 жылдан бастап энергетика, көлік, сондай-ақ сот әділдігі мен құқықтық тәртіп сияқты басқа да маңызды салаларды қамти бастады.

2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді. Бағдарламаны қабылдау қажеттілігі елдің ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды әзірлеудің, тарихи қалыптасқан байланыстарды нығайтудың, еуропалық интеграция және институционалдық-құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйенудің, технологиялық, энергетикалық, көлік, сауда, гуманитарлық және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығынан туындады.

Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екі жақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық әлеуеті толық іске асырылмауда. Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принципі – тепе-теңдік және прагматизм қағидатын дамытуға жәрдемдеседі.

Бағдарламаның мақсаты, біріншіден, Қазақстан Республикасының Еуропа мемлекеттерімен мынадай бағыттар бойынша: технологиялық, энергетикалық, көлік саласында, техникалық реттеу және метрология саласы, сауда-экономикалық, шағын және орта бизнесті дамытуда, өмір сүру сапасы саласында, гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты дамыту және тереңдету;

Екіншіден оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру болып табылады. *Ұлыбритания мен Қазақстан арақатынасы.* 1992 жылы дипломатиялық қатынастарды орнатқан сәттен бастап, Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания арасындағы экономикалық байланыстар күн өткен сайын нығайып келеді. Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы 2003 жылғы 395 млн. АҚШ долларынан 2008 жылы 2,5 млрд. АҚШ долл. дейін, ал 2015 жылы 13 млрд АҚШ долларының келісімдеріне қол қойылды. Қазақстанның табиғи ресурстарының байлығын ескере келе, Қазақстан экспортының басты құраушысы – минералдық ресурстар, феррохром, болат, мыс, шикізат, тыңайтқыштар, бағалы және жартылай бағалы металдар. Қазақстанға британдық экспорт техникалық құрал-жабдық, көлік құралдарын, оптикалық құралдарды, химиялық, алкоголь өнімдерін және темекі өндіруді, мата, тағам өнеркәсібін және басқаларын қамтиды. Капиталдандыру деңгейі бойынша «Қазақмыс» компаниясы британдық ең ірі 100 компанияның FTSE-100-іне енді. Бүгінгі кезде Қазақстанда 150-ден аса Ұлыбритания компаниясы белсенді жұмыс істеуде. Оның 80-90% көмірсутегін шығару және өңдеу саласымен айналысуда. Ал басқа салалар бойынша онша дамымаған [2].

Ұлыбритания мен Қазақстан мемлекеттерінің мемлекетаралық байланысы маңызды орын алады. Ұлыбритания АҚШ-тан кейінгі Қазақстан экономикасындағы екінші ірі инвестор. Соңғы 11 жылда британ инвестицияның көлемі 4 млрд. АҚШ долларынан асты, сөйтіп отандық экономикаға келген бүкіл инвестиция көлемінің 13,8 пайызын алып отыр. Британ инвестициясының басым бөлігі мұнай-газ және кен өндіру секторларына бағытталған. Сондай-ақ екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастық негізінен энергетика, тау-кен өнеркәсібі, сауда, әлеуметтік құрылымдар, денсаулық сақтау, көлік және байланыс, пайдалы кен қазбаларын барлау және игеру салалары болып саналады.

Ұлыбританияға сапардың бірінші күні Елбасымыз жоғары деңгейдегі кездесулер мен маңызды отырыстар және бизнес-форумнан тыс британдық айтулы іскер топтардың айшықты өкілдерімен, яғни Ұлыбританияның қоғамдық өміріндегі ықпалды тұлғалармен бірқатар кездесулер де өткізіп үлгерген еді. Іскер топ өкілдерімен өткен сондай бір кездесуге «Royal Dutch Shell», «BG Group», «Barclays Bank», «Vitol Group», «De La Rue», «Glencore» және басқа да компаниялардың басшылары қатысты. Олардың қолындағы активтер көлемі 500 миллиард доллардан астам қаржыны құрайды делінеді. Мемлекет басшысы, сондай-ақ, «J Rothschild Capital Management» компаниясы басқармасының төрағасы Лорд Джейкоб Ротшильдпен кездесті. Тараптар Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың келешегіне қатысты ойларымен бөлісті.

Елбасымыздың «Арселор Миттал» компаниясының төрағасы және бас атқарушы директоры Лакшми Митталмен кездесуі барысында металлургия саласындағы ынтымақтастықтың даму болашағы талқыланды. Қазақстан Президенті әлемдік шикізат нарығындағы қазіргі өзгерістер салаға әсер ететініне назар аудара отырып, осыған байланысты компаниядан өндіріс қарқынын сақтау үшін зор күш-жігер талап етілетінін атап өтті. Ал Л.Миттал шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай жасап отырғаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс айтты. II Елизавета Патшайым да өз сөзінде Нұрсұлтан Назарбаевтың Лондонға ресми сапарының қорытындыларына жоғары баға беріп, оның нәтижелері екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға және Қазақстан мен Біріккен Корольдік халықтарының өркендеуіне қызмет ететініне сенім білдірді. «Біз Лондоннан ештеңе сұрамаймыз. Біз бар болғаны сіздерді Қазақстанға келіп, бізбен бірге ақша табуға шақырамыз», – деп Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан-Британ бизнес форумында сөйлеген сөзін аяқтады.

*Финляндия мен Қазақстан арақатынасы***.** Финляндия Республикасына мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Отаниеми» өңірлік технологиялық орталығында болып, оның жұмысымен танысты. «Отаниеми» технологиялық хабы Хельсинкидің серіктес қаласы Эспоодағы Отаниеми ауданында орналасқан. Әйгілі финдік сәулетші Алвар Ааолто жобалаған бұл орталық Финляндияның жоғары

технологиясының бесігі, скандинав елдерінің жетекші технологиялық хабы болып саналады. Еуропалық Одақ «Отаниемиге» Еуропаның ең инновациялық өңірі атағын екі мәрте берген. Елбасының Финляндияға сапары барысында «Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының құрамындағы «Инжиниринг және технологиялар трансфермерті» АҚ пен «ТЕКЕЛ» финдік технологиялық парктер қауымдастығы және «ИННО ПРАКСИС» финдік консталтингтік компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Қазақстанда Финляндияның 22 компаниясы тіркеліп жұмыс істеуде. Олардың ішінде 5-еуі бірлескен кәсіпорындар. Финляндияның телекоммуникация саласындағы жетекші компаниялары «Nokia» және «TeliaSonera» Қазақстанның коммуникациялық қызмет көрсету саласында жұмыс істейді [2].

Норвегия мен Қазақстан арадағы экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Энергетика саласы біздің арамыздағы экономикалық ынтымақтастықтың маңызды бөлігі болып табылады. Норвегиялық компаниялар Каспий теңізі аумағында белсенді жұмыс атқаруда. Соның ішінде Aker және Statoil компаниялары Қазақстандағы жаңа жобаларға қатысуға қызығушылық танытып отыр. Бүгінде Норвегия елі іскер әрі достық қарым-қатынасты берік орнатуға лайық мемлекеттер қатарына Қазақстан да кіреді. Оған корольдік стортингінде құрылған норвегиялық-қазақстандық достық ұйымы дәлел бола алады. Соңғы бес жылдың ішінде еліміздің Білім және ғылым министрлігі Норвегия мемлекетінің іс тәжірибесімен танысып қана қоймай, ондағы озық үлгілерді өз Отанымыздың шеңберінде орнықтыруды іске асырып келеді.

Швеция Қазақстанға ерекше ықылас танытып отыр. Осыдан алты-жеті жыл бұрын елімізге аса мән бере қоймаған Швеция корольдігі бүгінгі таңда Қазақстанға ерекше ықылас танытып отыр. Олардың бұл қызығушылығы Швеция премьер-министрінің шақыруымен болған Елбасының тұңғыш ресми сапарында анық байқалды. Елбасының Швеция премьер-министрі Йоран Персонмен кездесуінен кейін екі елдің үкіметтері арасында «Инвестицияларды қолдау мен өзара қорғау туралы» және «Жолаушылар мен жүктердің автомобильдік тасымалы туралы» екі бірдей келісімге қол қойылды. Осы күні басым көпшілігіміздің онсыз күніміз қиын болатындай көрінетін, бүгінгі қарым-қатынастың ажырамас қызметшісіне айналған ұялы байланыс желісінің телефондарын шығаратын атақты «Erisson» компаниясы да осында орналасқан. Бұл компания Алматыда GSM қалыбындағы сандық байланыс жүйесін орнатуды қолға алған болатын.

Қазақстанның Даниямен қатынасы. Дания дүниежүзіндегі ірі донор ел болып жылына осы донорлық мақсат үшін 11млрд крон, яғни 1,4 млрд. доллардан бөлінеді. Экологиялық бағдарламаға басымдылық беріліп, Дания Қазақстанға Арал проблемасын шешуге көмек беруде. Дания мамандарының жәрдемімен Кіші Аралда камбала балығы өсіріліп, экспортқа шығарылса, мұндай әрекеттің жалғасы ретінде Қазақстанды балық аулау флотын дамытуға көмек береді. Келісімде Арал аймағы үшін «Таза су» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысып, Арал өнімін Еуропалық нарыққа сатуға келісім орнаған. Дания мемлекеттік бюджет есебінен экологиялық сараптауды жүргізетін бірден-бір ел. Осы арқылы мұнай газ саласы үшін жоғары сападағы экологиялық технология даярлануда. Сондай бағдарламаның бірі Фюн аралында орналасқан «A.P. Moeller» компания верфінде. Тәжірибе түрінде және осы компания су бетінде жайылған мұнайды тез арада тарату әдісіне көмек көрсете алады. «A.P. Moeller» компаниясының Қашаған мұнай-кен орнын игеруге қатысу болашағы бар. Данияның «Маерск Ойл» компаниясы Батыс Қазақстанның «Жаңа жол», «Кеңқияқ», «Әлібекмола», «Сайгак» мұнай-кен орындарынан солтүстік батыста барлау жұмыстарын онан әрі жүргізетін болады. Дүниежүзінде халықтың тұрмыс дәрежесінен 4-ші, жан басына шаққанда сыртқы тауар айналымы көлемінен 1-ші орын алатын Дания кәсіпкерлерін Қазақстанның энергетикалық ресурстары онан әрі қызығушылық тудыруда [3].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Сатымбекова К. Тенденции экономического развития РК в современных условиях. // Саясат.2005, №8. – Б. 4-5.

2.Әліқұлов К.А. Қазақстанда нарықтық қатынастардың дамуы. //Жаршы. 2004, №2. – Б.60- 62.

3.Шыңғыс М. Қазақстан және әлемдік инвестиция. //Жас Алаш. 2002, №9. – Б. 9.

Резюме

Н.Н.Карменова, *к. г. н.,* ***профессор,***
К.А.Тлеубергенова*, к. п. н., доцент,*
Э.К.Куандыкова*, магистр географии, ст. преподаватель,*
Е.С.Нуркеев, *магистр педагогических наук, преподаватель*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Внешние экономические связи Казахстана с северо-западными европейскими странами

В статье рассматривается внешнеэкономические связи с северо-западными странами Европы. Именно со странами, как Великобритания, Финляндия, Норвегия, Швеция и Дания. Речь идет о работе компании «Арселор Миттал», «Nokia», «Erisson», «Aker», «Statoil» и других.

Ключевые слова: международные организаций, содружество, взаимоотношение, крепкая связь, экономическая выгода, инвестиция.

Summary

N.N.Karmenova, *candidate of geographical sciences, professor,*
K.A.Tleubergenova, *candidate of pedagogical sciences, associate professor,*
E.K.Kuandykova, *master, senior teacher,* ***E.S.Nurkeev,*** *master of ped. sciences, teacher*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

External economic relations of Kazakhstan with the north west european countries

This article examines the foreign economic relations with the north west European countries. With countries like the UK, Finland, Norway, Sweden and Denmark. We are talking about the companies «ArcelorMittal», «Nokia», «Erisson», «Aker», «Statoil» and others.

Keywords: international organizations, concord, intercommunication, durable connection, economic value, investment.

ӘОЖ 579.672

БАЛАЛАР СҮТ ҚЫШҚЫЛ ӨНІМДЕРІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

А.А.Сартаева, *б.ғ.к., қауым. проф. м.а.*
Э.Иманова, *а.ш. ғ.к., аға оқытушы*
Б.Аденова, *магистр*
А.Жақсылық, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Бұл мақалада балаларға арналған сүт және сүт қышқылы өнімдерін шығаратын Қазақ тағамтану академиясының «Амиран» зауытының өнімі – балаларға арналған «Амиран» йогурты және «Амиран» сүт қышқылды өнімдері алынды. Сүт қышқылды өнімдерінен сүт қышқылы бактериялары бөлініп алынды. Сүт қышқылы бактерияларының морфологиялық, культуралдық, физиология-биохимиялық қасиеттері

зерттелінді және нәтижелері көрсетілді. «Амиран» йогуртынан бөлініп алынған сүт қышқылы бактерияларының барлық зерттелген штамдар каталазаға теріс, глюкозадан CO_2 түзбеді, желатинді сұйылтпады, NaCl 4,5% жақсы өсіп, 6,5% NaCl ортасында мүлдем өспегені байқалды. Сүт қышқылы бактерияларының барлық зерттелген штамдар глюкоза, сахароза, лактоза, мальтоза, раффиноза, рамноза, арабинозаны жақсы ашытса, ал сорбит пен ксилозаны ешбір штамдар ашытпаған. Зерттеу нәтижелері бойынша, бөлініп алынған сүт қышқылы бактерияларды *Lactococcus, lactobacillus* туыстарына жатқызылды.

Түйін сөздер: Амиран, сүт қышқыл өнім, йогурт, штамм, сүт қышқылы бактериялар.

Нәрестелердің ағзасы көптеген өмірлік маңызды жүйелерінің жоғары лабилділігі мен әртүрлі типтегі патологиялық жағдайлардың дамуына бейімділікпен ерекшеленеді. Сүтқышқыл өнімдері көптен бері дисбактериозы бар балаларды емдеуде табысты қолданылуда, себебі ашу нәтижесінде алынатын өнім патогенді микрофлораға кедергі жасау мүмкіндігін иеленеді, микроэлементтерді соруды, қоректік заттардың сіңірілуі мен қорытылуын жақсартады. Осылайша, сүтқышқыл өнімдерінің протеологиялық және липолитикалық белсенділігі майлар мен ақуыздарды өзгертеді, бұл олардың сіңірілуін жоғарылатады, аллергиялық әсерлер ықтималдылығын төмендетеді. Сондай-ақ, өнімдердің бұл тобының құрамында лактоза мөлшері аз. Сүт қышқылы бактерияларының табиғатта, соның ішінде адам өмірінде алатын орны ерекше. Сүт қышқылды микроорганизмдер түрлі табиғи қайнар көздері мен сүт қышқылы өнімдерінен бөлінетіні белгілі [1-2]. Сонымен қатар, сүт қышқылы өнімдердің физикалық, химиялық, органолептикалық сипаттамаларының өзгеруінде микроорганизмдердің негізінде жасалынған ұйытқылардың және олардың биохимиялық активтілігінің маңызы зор. Нәтижесінде микрофлораны таңдау арқылы сүт қышқылды өнімдердің пайдалы қасиеттерін арттыра отырып, әртүрлі мақсатта қолданылатын сүт қышқылды өнімдерін алуға болады: диетикалық, функционалдық, пробиотикалық және т.б.

Біздің жұмысымыздың мақсаты – Балалар сүтқышқыл өнімдерінен сүт қышқылы бактерияларды бөліп алу және морфологиялық, физиологиялық қасиеттерін зерттеу.Зерттеу материалы ретінде, балаларға арналған сүт және сүт қышқылы өнімдерін шығаратын Қазақ тағамтану академиясының «Амиран» зауытының өнімі – балаларға арналған «Амиран» йогурты және «Амиран» сүт қышқылды өнімдері алынды. Сүт қышқылды өнімдерінің сүт қышқылы бактерияларды бөліп алып, морфологиялық, физиологиялық қасиеттерін зерттелінді.

«Амиран» йогурты және «Амиран» сүт қышқылды өнімдерінен сүт қышқылы бактериялардың барлығы 50 штаммы бөлініп алып, морфологиялық, физиологиялық қасиеттері зерттелінді. Сүт қышқылы бактерияларының өсу сипаттарын ЕПА қатты қоректік ортасының беткі бөлігінде өсіру арқылы зерттедік. Сүт қышқылы бактериялардың колонияларын мынандай белгілері бойынша сипаттадық; колония пішіні, мөлшері, түсі, мөлшері, түсі, беткі бөлігі, құрылымы, колонияның шеті. Колонияның құрылымы біртекті, шеті тегіс, беткі бөлігі жұмсақ, түсі ақ, ақ-сұр, коллония пішіндері: сфералы, сопақша, диаметрі 0,4-0,6мм; 1,5-2,0 мм. Сүт қышқылы бактериялары қоректік ортаның түбінде жасымық немесе қайықша пішінді колония беріп өседі. Осы белгілер 1-кестеде көрсетілген.

Сұйық қоректік ортада өскен кезде сүт қышқылы бактериялары бірінші және екінші тәулікте қоректік ортаны лайландырады, ал үшінші тәулікте мақта тәрізді тұнба түзеді.

Кесте 1 – Сүт қышқылы бактерияларының морфологиялық және культуралдық белгілері

	Морфологиялық/Культуралдық белгілері						
	штамм	Колония пішіні	Мөлшері (мм)	Түсі	Беткі бөлігі	Колония шеті	Құрылымы
«Амиран» йогурты	15	сфералы	0,7	ақ	жұмсақ	тегіс	біртекті
«Амиран» сүт қышқылды өнімі	13	сфералы	0,5	сүт түсіндей ақ	жұмсақ	тегіс	біртекті
	27	сопақша	1,9	ақ-сұр	жұмсақ	тегіс	біртекті

Сүт қышқылы бактериялары жасушаларының пішіндері мөлшері, қозғалғыштығы, спора түзу немесе түзбеу қабілеттері зерттелді. Клетка пішіндері мен мөлшерлері микроскоптың иммерсионды жүйесі арқылы анықталып, нәтижелер микрометр өлшем бірлігімен белгіленді. Сүт қышқыл бактериялардың жасуша пішіні кокка пішінді. Кокка тәрізді сүт қышқылы бактерияларының жасуша пішіндері сфералы мөлшері 0.4-1 мкм. «Амиран» йогуртынан бөлініп алынған сүт қышқылы бактерияларының жасушаларының пішіндері таяқша тәрізді мөлшері 3.8-0.5 мкм, дұрыс пішінді, ұштары сәл дөңгелектенген, көбінесе 1-2 жасушадан, кейде қысқа тізбек құрап орналасқан. Барлығы да грам оң, қозғалмайтын, факультативті анаэробтар. *Сүт қышқылы бактерияларының физиологиялық-биохимиялық қасиеттерін зерттеу.* Бөлініп алынған сүт қышқылы бактерияларының систематикалық орнын анықтау үшін мынандай физиологиялық-биохимиялық қасиеттері зерттелді. Олар глюкозадан CO_2 түзуі, метилен көгі бар сүт (0,1%-0.3%) пен (4,5%; 6,5%) NaCl бар ортада өсуі, көмірсуларды игеруі, желатинді сұйылтуы, каталазаға тест.

Сүт қышқылы бактериялары каталаза теріс, ауаның қатысында өсуге қабілетсіз бактериялар тобы. Олар глюкозадан түзілетін көмірсулар мен соңғы өнімдерді ашыту қабілеттеріне қарай 2 топ тармағына бөлінеді. Гомоферментативті сүт қышқылы бактериялары глюкозаны Эмбден-Мейергоф-Парнас жолымен диссимиляциялап, соңғы өнім ретінде сүт қышқылын түзеді. Гетероферментативті сүт қышқылы бактериялары глюкозаны пентозофосфаттық жолмен диссимиляциялап, соңғы өнім ретінде сүт қышқылы, этанол мен CO_2 түзеді. «Амиран» йогуртынан бөлініп алынған сүт қышқылы бактерияларының барлық зерттелген штамдар каталаза теріс, глюкозадан CO_2 түзбеді, желатинді сұйылтпады, NaCl 4,5% жақсы өсіп, 6,5% NaCl ортасында мүлдем өспегені байқалды. Сүт қышқылы бактерияларының физиология-биохимиялық қасиеттері жайлы мәлімет 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Сүт қышқылы бактерияларының физиологиялық-биохимиялық қасиеттері

Сүт қышқылды өнім	Әртүрлі ортада өсуі				Каталазаға тест	Глюкозадан CO_2 түзуі	Желатинді сұйылтуы	pH	
	NaCl 6,5%	NaCl 4,5%	Метилен көгі бар сүт					9.2	9,6
			0,1%	0,3%					
«Амиран» йогурты	- -	+ -	+ -	+ -	- -	- -	- -	+ -	- -
«Амиран» сүт қышқылды өнім	- -	+ +	+ +	+ +	- -	+ +	- -	- -	- -

Ескерту: (+) – белгінің анық байқалуы; (-) – белгінің анық байқалмауы.

Сүт қышқылы бактерияларының қандай түрге жататынын анықтау үшін олардың әртүрлі көмірсуларды ашытуға қабілеттерін зерттедік. Ол 3-кестеде көрсетілген. Сүт қышқылы бактерияларының барлық зерттелген штамдар глюкоза, сахароза, лактоза, мальтоза, раффиноза, рамноза, арабинозаны жақсы ашытса, ал сорбит пен ксилозаны ешбір штамдар ашытпаған.

Кесте 3 – Сүт қышқылы бактерияларының көмірсуларды ашыту қабілеттері

Сүт қышқылды өнім	Көмірсулар						
	Глюкоза	Лактоза	Сахароза	Мальтоза	Раффиноза	Рамноза	Арабиноза
«Амиран» сүт қышқылды өнім	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +
«Амиран» йогурты	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +

Ескерту: (+) – белгінің анық байқалуы; (-) – белгінің анық байқалмауы.

Сүт қышқылы бактерияларының морфологиялық, культуралдық, физиология-биохимиялық қасиеттері зерттелінді. Оларды *Lactococcus, lactobacillus* туыстарына жатқызылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Комбинированная закваска на основе лакто и бифидобактерий / М.Б.Данилов, Е.Д.Молчанова, И.Е.Муруев // Мол. пром. 2001. №7. – С. 37.

2. Манвелова М.А., Плясунова Н.Г., Чешева В.В. Лечебно-диетические кисломолочные продукты питания. В кн.: Медицинские аспекты микробной экологии (ред. Б.А.Шендеров). – М.,1992. т.6. – С. 17-20.

Резюме

А.А.Сартаева, *к.б.н., и.о. ассоцир. профессора*
Э.Иманова, *к.с.х.н., старший преподаватель*
Б.Аденова, *магистр, преподаватель,* ***А.Жаксылык,*** *магистрант*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Исследование микробиологий детских кисломолочных продуктов

В качестве объекта исследования были взяты образцы детского йогурта и кисломолочной продукции «Амиран» Казахской Академии Питания. Изучены морфологические, физиолого-биохимические свойства кисломолочных бактерии, выделенные из кисломолочного продукта «Амиран». Выделенные молочнокислые бактерии были отнесены к роду Lactococcus, lactobacillus.

Ключевые слова: Амиран, кисломолочные продукты, молочнокислые бактерии, йогурт, штамм.

Summary

A.A.Sartayeva, *the candidate the biological sciences ,professor*
E.Imanova, *candidate of agricultural sciences,senior teacher*
B.Adenova, *master, teacher,* ***A.Zhasylekova,*** *undergraduate*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

Research of mikrobiology of children's fermented milk products

As the samples of study of children's yogurt were taken sour milk product of «Amiran» of Kazakh Academy of Nutrition. The morphological, physiological and biochemical properties of lactic acid bacteria studied and isolated from fermented milk product «Amiran». Selected lactic acid bacteria attributed to the the genus Lactococcus, lastobacillus.

Keywords: Amiran, soul-milk products, lactobacilluss, yoghurt, stamm.

ӘОЖ 37.016.547

ҚАНЫҚҚАН КӨМІРСУТЕКТЕР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Ф.Сейтжанов, *х.ғ.к.,профессор,*
Э.Ж.Таубаева, *магистрант*
А.Бейсекова, *химия магистрі, оқытушы*
(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Мақалада органикалық химия курсын оқып, игеру барысындағы экологиялық аспектілер қарастырылған. Күрделі жағдайда ақылға қонымды экологиялық таңдау жасау және шұғыл әрекет ету, қажетсіз жағдайларды болдырмау үшін белгілі экологиялық білімге ие болу керек. Сол себепті экологиялық тәрбиенің жалпы білім берумен

және кәсіби дайындықпен ұштасуы аса маңызды. Колледж студенттеріне органикалық химия курсындағы қанықкан көмірсутектер тақырыбын оқыту барысында экологиялық білім негіздерін қалыптастыру негізделген. Тақырыптың мазмұнына кіріктірілген табиғат қорғау мәселелеріне көңіл аудара отырып, органикалық қосылыстардың қасиеттері мен алу жолдарымен таныстыра отырып, ол заттарды алу технологиясының, тасымалдаудың кемшіліктеріне, соның салдарынан ауаның, судың, топырақтың ластануынан болатын экологиялық ұғымдарға баса назар аударылады. Білім берудің осындай түрі экологиялық мәселелеріне байланысты белсенді тәрбие мен саналы қатынастың негізі болады.

Түйін сөздер: органикалық химия, экологиялық білім және тәрбие, қоршаған орта, табиғи ресурстар, номенклатура, алкандар, крекинг, фотохимия, гемоглобин, фреондар.

Экологиялық дағдарысты жоюдың қажеттілігі – нақты экологиялық саясаттың болуын талап етеді. Бұл саясаттың мақсаты – қоршаған ортаны сауықтыру және қорғау, табиғи ресурстарды тиімді-зиянсыз пайдалану. Халқымыздың экологиялық білімді және тәрбиелі болуының маңызы еліміздің 2030 жылға дейінгі «Қазақстан 2030» даму Стратегиясында, 2004-2015 жылдардағы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында және т.б. маңызды құжаттарда көрсетілген. Экологиялық саясатты жүзеге асыру үшін экологиялық білім мен тәрбиені қажетті деңгейге қою керек. Бұл жастардың экологиялық ой-өрісін қалыптастырады, мысалы, органикалық химия курсын оқыту барысында теориялық мәселелерін экологияландыру болашақ мамандарға экологиялық білім мен тәрбиені қалыптастыруда педагогикалық эксперименттің негізі болады.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамалары қоршаған орта мен табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі нормаларын қорытындылап, жүйеге келтіреді. Қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздері бір қатар құжаттармен анықталған. Олар: Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N949 Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылы 3 желтоқсанда №1241 жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі [1-3].

Қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздерінің түйінді мәселелері А.Х.Атабаев, Д.Л.Байдельдинов, С.Б.Байсалов, Б.Абдраимов, А.С.Стамкулов, А.А.Кушумбаев, М.С.Баймбетов т.б. еңбектерінде көрсетілген [4-5]. Мектеп жағдайында және жоғары оқу орындарында химиялық бағытта экологиялық білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін талдауда педагогика ғылымының докторлары Ж.Ә. Шоқыбаев, И.Н. Нұғыманов, С.Ж. Жайлау, Н.Н. Нұрахметов, У. Маканов, Қ.О.Шайхеслямова т.б. еңбектерін атауға болады [6-8]. Біз Үшқоңыр су шаруашылық колледжінде органикалық химия курсындағы көмірсутектер тақырыбын оқыту барысында студенттердің экологиялық білімін қалыптастыруды қарастырдық.

I. Сабақтың тақырыбы: Қанықкан көмірсутектер (алкандар).

II. Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Органикалық қосылыстар, олардың құрылысы және қасиеттері туралы түсінік.

Дамытушылық: Қанықкан көмірсутектердің изомериясы мен номенклатурасы қасиеттері, алу жолдары, қолданылуы туралы түсініктерді дамытып, соның негізінде экологиялық ұғымдарға тоқталу.

Тәрбиелік: Студенттерге экологиялық және кәсіптік бағдар беру. Химиялық білім – табиғатты қорғаудың негізі туралы білімнен бөлінбейтінін қалыптастыру.

III. Сабақтың типі: дәріс сабақ

IV. Пәнаралық байланыс: бейорганикалық химия мен биологиялық пәндердегі экологиялық аспектілер.

V. Сабақты жүргізу кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1.1.Студенттермен амандасу, қатысуын тексеру.

1.2. Аудитория тазалығына, сабаққа дайындығына көз жеткізу.

1.3.Студенттердің зейінін сабаққа аудару.

II. Жаңа тақырыпты баяндау: Сабақта ақпараттық технология қолданылды (интерактивті тақтаны пайдалану).

Қаныққан көмірсутектердің (алкандардың) құрылысы.

1.Алкандар – жалпы формуласы C_nH_{2n+2} болатын ашық тізбекті органикалық қосылыстар. Құрылысы: метан молекуласында көміртек атомының төрт гибридті sp^3 – орбитальдары төрт сутек атомының s – орбитальдармен қаптасып, төрт жай ковалентті σ байланыстар түзеді. Сонымен метан молекуласындағы көміртек атомының төрт атомдық орбитальдары пішіндері және энергиясы бірдей төрт гибридті орбитальдарға ауысады. Көміртек атомының төрт гибридті орбитальдары бір-бірімен 109^0, $28'$ бұрыш жасап, дұрыс тетраэдрдің төбесіне қарай бағытталады. Көміртек атомының түзетін σ байланыстары да дәл сондай бұрыш жасап бағытталады. Демек, метан молекуласының пішіні тетраэдр пішіндес болады [9].

2.Ең қарапайым алкан – метан.

Изомериясы мен номенклатурасы Органикалық химияда тарихи, рационалды, халықаралық номенклатуралар қолданылады. Тарихи номенклатура – органикалық қосылыстардың кездейсоқ атаулары. Тарихи атау органикалық заттардың алыну көздеріне, қасиеттеріне сәйкес беріледі.

Рационалды номенклатураның негізгі принципі бойынша белгілі бір қатардағы қосылыстардың гомологтары мен изомерлерін сол қатардың ең алғашқы өкілінің (метан) туындылары деп қарайды.

Мысалы: $CH_3-\ C\ -CH_2-CH_3$ $CH_3-\ C\ -CH_3$

$\quad\quad\quad

- Алкандарды лабораторияда қанықпаған көмірсутектерді Ni, Pt, Pd катализаторларының қатысында гидрлеп алады:

$$H_2C = CH_2 + H_2 \xrightarrow{\text{өрш, t}} H_3C - CH_3$$

этилен этан

- Вюрц реакциясы. Көміртек тізбегінің ұзаруы арқылы жүретін синтетикалық әдіс. Галоген туындыларға металдық натриймен әрекет етіп, нәтижесінде түзілген бос радикалдардың бір-біріне қосылуына негізделген:

$$H_3C - I + 2Na + I - CH_3 \rightarrow H_3C - CH_3 + 2NaI$$

Химиялық қасиеттері. Алкандардың химиялық өзгерістері С-С байланыстың гомологтік үзілуі арқылы немесе сутек атомының үзіліп кетіп, оның орнына басқа атомдар немесе атомдар топшаларының келуі арқылы жүреді. Демек, алкандарға ыдырау және орынбасу реакциялары тән.

1. Галогендену реакциялары. Метанның хлорлану реакциясы жарықтың немесе температураның әсерінен жүреді. Реакция метанның хлортуындылары мен хлорсутек түзе жүреді:

$CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$

хлорметан (хлорлы метил)

$CH_3Cl + Cl_2 \rightarrow CH_2Cl_2 + HCl$

дихлорметан (хлорлы метилен)

$CH_2Cl_2 + Cl_2 \rightarrow CHCl_3 + HCl$

трихлорметан (хлороформ)

$CHCl_3 + Cl_2 \rightarrow CCl_4 + HCl$

тетрахлорметан

2. Нитрлеу реакциясы. Нитрлеу кезінде сутек атомы нитротоппен ($-NO_2$) алмасады. Бұл реакцияны орыс ғалымы М.И.Коновалов (1888ж) ашқан. Нитрлеу реакциясын қыздыру арқылы сұйытылған азот қышқылымен жүргізеді.

$$R - H + HO - NO_3 \rightarrow R - NO_2 + H_2O$$

3. Тотығу реакциялары. Жану – алкандар түсетін ең маңызды реакциялардың бірі болып табылады. Көмірсутектердің қолданылуының негізгі бір саласы жану реакциясының нәтижесінде энергия бөлінуіне байланысты. Метан толық тотыққанда, яғни жанғанда CO_2 түзіледі. $CH_4 + 2O_2 \rightarrow CO_2 + 2H_2O$.

Ал метанның шала тотығуынан өнеркәсіптік маңызды заттар метил спирті және формальдегид түзіледі. Бұлар бірқатар синтездерде (пластмасса, бояу, дәрі-дәрмек және т.б. өндірістерде) қолданылады.

$$CH_4 \xrightarrow{[o]} CH_3OH \xrightarrow[-H_2]{k} H - C(=O) - H$$

Катализатор ретінде /К/ ретінде Cu, Ag қолданылады.

4. Изомерлену реакциялары барысында С – С байланыстары үзіліп, көміртек атомдарының тізбегі тармақталады:

$$CH_3 - CH_2 - CH_2 - CH_2 - CH_3 \xrightarrow{к} H_3C - \underset{\displaystyle CH_3}{\underset{|}{CH}} - CH_2 - CH_3$$

н-пентан

2-метилбутан

5. Крекинг. 500^0С-тан жоғары температурада алкандар молекулалық массалары төмен көмірсутектерге ыдырайды және сутекті бөліп шығарады. Бұл процесті крекинг деп атайды. Крекеинг процесін алғаш орыс ғалымы В.Г.Шухов ұсынған. Крекинг процесінің екі түрі бар.

Термиялық крекинг. Бұл процесс мазуттың құрамындағы үлкен молекулалы көмірсутектерді жоғары температурада (1000^0C), 20-70 атм.қысымда ауа қатыстырмай қыздырғандықтан, кіші молекулалы көмірсутектерге айналады:

$C_8H_{18} \rightarrow C_4H_{10} + C_4H_8$

Бұл әдіспен автомобиль бензиндерін өндіреді.

Катализдік крекинг. Бұл процесс 450 – 500 ^{0}C-та және катализатор қатысында жүргізіледі. Бұл әдіспен негізінен авиация бензині өндіріледі.

6. Метанның конверсиялануы – оттекпен, су буымен және көміртек (IV) оксидімен тотығуы оның негізгі қолданылу салаларының бірі:

$2CH_4 + O_2 \rightarrow 2CO + 4H_2$

$CH_4 + H_2O \rightarrow CO + 3H_2$

$CH_4 + CO_2 \rightarrow 2\ CO + 2H_2$

Бұл реакциялардың нәтижелерінде түзілген синтез – газ (негізінен, сутек пен көміртек (II) оксидінен тұратын газдар қоспасы) көмірсутектер, метанол, метаналь т.б. органикалық қосылыстар алынатын бағалы шикізат болып табылады.

Алкандардың қолданылуы және экологиялық аспектілері. Метан – иіссіз, түссіз газ. Суда нашар ериді. Метан табиғи газдардың негізгі бөлігі. Метан көп мөлшерде техникада және тұрмыста отын ретінде қолданылады. Метан ауамен қопарылыс беретін қауіпті қоспа түзеді. Метанды ауа қатыстырмай жаққанда (пиролиз) резеңке өндірісінде, типографиялық бояу ретінде кең қолданылатын көміртек ұлпасы – күйе түзіледі:

$CH_4 + O_2 \rightarrow C + 2H_2O$

Жоғары температурада 850^0C метанды су буымен бірге никель катализаторының үстімен жібергенде көміртек (II) оксиді мен сутектің қоспасы түзіледі:

$CH_4 + H_2O \rightarrow CO + 3H_2$

Бұл қоспа экологиялық таза отын ретінде, аммиак және азотты тыңайтқыштар алуға қолданылады. Түзілген көміртек (II) оксиді ауаның газ тәрізді ластаушыларының ішінде ең қауіптісі және кең таралғаны, оның улылығы адамның қанындағы гемоглобинмен қосылып, зиянды қоспа түзеді де, ауру туғызады. CO-ның түзілуі әртүрлі отынның толық жанбауы кезінде жүреді. CO-ның табиғи көзі орман өрттері және атмосферада органикалық қосылыстардың фотохимиялық айналуының нәтижесі болып табылады. Көміртек оксидінің біршама мөлшері қалалар мен өндірістік аймақтар атмосферасына автокөліктерден бөлінетін газдармен түседі. Деректерде: XIX ғасырдың 20 – жылдары CO_2 мөлшері – 0,29 % болған. 1990 жылы – 0,35 %, яғни 20 пайызға көбейген. Ал 2000 жылы – 30 пайызға жеткен екен [10].

Адамдардың шаруашылық іс-әрекеті қоршаған ортаның алкандармен ластануын күрт өсірді. Көмірсутектердің қолдануға түсетін антропогенді көздерінің ішінен химиялық өндіріс орындары, газ бен мұнай өндірісі, двигательден және тасымалдау барысында шығатын алкандарды ерекше айтуға болады. Олардың ішінде ең көп мөлшерде, яғни, тонналап атмосфераға шығарылатын қатты бөлшектер (шаң, түтін, күйе), көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, азот оксидтері, фосфор қосылыстары, күкіртті сутек, аммиак, хлор, фторлы сутек жатады.

Жұмысы мұнай кен орындарымен байланысты көптеген ғалымдар, экологтар – мұнай өндіру кезінде бөлініп шығатын газдарды пайдаға асыру (утилизация) мәселелерін көтеріп отыр. Үкімет теория жүзінде бұл бағыттың маңызды екенін көптен бері айтуда. Тіпті алғашқы жобалардың бірін бекітіп, мүмкіндігінше жақын арада іс жүзінде қолға алынатынын да айтты. Көміртегі оксиді ластаушылардың бірі ретінде планета температурасының өзгеруіне әсер ететін қуатты көздердің бірі. Соңғы уақытқа дейін республикада атмосфералық ауаны ең қатты ластайтын көздерге, әсіресе, күлі көп шығатын көмірлерді пайдаланатын жылу энергетикалық кешендерді де жатқызып келді. Алайда қала атмосферасындағы көміртегі оксиді мен азот оксидінің мөлшерінің артуы күннен-күнге көбейе түскен автокөліктер есебінен болады. Зерттеулер өкпе паталогиясы мен атмосфералық ауаның ластануының арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетеді.

Индустриалды дамыған елдерде атмосфераны ластайтын негізгі көздер – автокөліктер, транспорттың басқа түрлері және өндіріс орындары. Зерттеу мәліметтері бойынша антропогендік әсерден атмосфераға жыл сайын 25,5 млрд. тонна көміртегі оксиді, 190 млн. тонна күкірт оксиді, 65 млн. тонна азот оксиді, 1,4 млн. тонна хлорлы және фторлы көмірсутектер (фреондар), көміртектің, қорғасынның органикалық қосылыстары, сондай-ақ қатерлі ісік ауруын тудыратын канцерогенді заттар бөлінеді [10].

Атмосферадағы электр зарядының, күннің ультракүлгін радиацияларының әсерінен оттегінің молекуласынан озон молекуласы түзіледі. Жер бетіндегі барлық организмдердің тіршілігіне қауіпті күннің өте қысқа ультракүлгін сәулелерін сіңіріп отыруына байланысты озон қабатын «қорғаныс қабаты» деп те атайды. Алайда озон қабаты үшін ең қауіпті заттар – үй тұрмысы мен өнеркәсіпте пайдаланылатын мұздатқыштар мен аэрозольді баллондарда пайдаланатын фреондар. Фреондар химиялық қасиеттері бойынша инертті болғанымен, стратосфера қабатында ультракүлгін сәулелерінің әсерінен фотохимиялық ыдырауға ұшырап, көп мөлшерде зиянды қосылыстар мен $Cl^{\cdot}$, $ClO^{\cdot}$ радикалдарды түзеді. Осы радикалдар озонмен белсенді әрекеттесіп, озон қабатының бұзылуына әкеп соғады [10].

Хлорфторкөміртекті қосылыстардың (ХФК) озонға зиянды әсерін 1974 ж. Америка ғалымдары Ш. Роуленд және М.Милона (1996 ж. осы салада ашылған жаңалықтар үшін оларға Нобель сыйлығы табыс етілді) ашты [11]. ХФК біртіндеп атмосфераның жоғарғы қабаттарына көтеріледі және атмосфераны УК-сәулеленуден қорғайтын озон қабатын бұзады. Соның салдарынан:

- тері ісігі ауруының көбеюі;
- мұхиттағы планктон санының лезде қысқаруы;
- жануарлардың көптеген түрлерінің жойылуы, мысалы: шаян тәрізді;
- УК-сәулелену ауылшаруашылық мәдениетіне қолайсыз әсер етуі әбден мүмкін және т.б.

Осының барлығы жердің көптеген экожүйелерінің тепе-теңдігін бұзады, фотохимиялық тұманның әсерінен атмосфераның жалпы жағдайы нашарлайды. Метанның химиялық қасиеттеріндегі галогендеу реакциялары нәтижесінде түзілген хлороформ мен хлорметанның адам ағзасына да зияны бар. Хлорметан қоршаған ортаға түсетін негізгі көзі – темекі түтіні. Хлорметан ағзаға тыныс алу, асқазан ішек жолдары, тері арқылы енеді. Ағзаның бауыр, бүйрек мүшелерінде жиналып соларды зақымдайды. Үшхлорметан – тез оталғыш, өткір иісті түссіз сұйықтық. Жарықтың әсерінен ыдырап, фосген түзеді. Фосген түзілуі: резина, пластмасса өндірісі.

$3CHCl_3 + O_2 \rightarrow O{=}CCl_2 + HCl + 2CO_2 + H_2O + 2HCl_2$

фосген

Фотолиз кезіндегі түзілген қосылыстар жердің озон қабатын бұзуға қатысады.

IV. Сабақты бекіту.

1. Алкандардың құрылысы, изомериясы мен номенклатурасы, мысалдар;
2. Алкандардың химиялық қасиеттері: хлорлау, нитрлеу және сульфирлеу, мысалдар;
3. Алкандардың қоршаған ортаға әсері;

а) Жоғары температурада 850^0C метанды су буымен никель катализаторының үстімен жібергенде көміртек (II) оксиді мен сутек қоспасы түзіледі. Түзілген CO-ның атмосфераға әсері.

б) Көмірсутектердің галоген туындыларының қоршаған ортаға және адам ағзасына әсері.

в) Фреон қайда қолданылады? Олардың қоршаған ортаға әсері

г) Хлоралкандарды қоршаған ортаға шығаратын көздер және олардың қоршаған орта мен адам ағзасына әсері

д) Жылу эффектісі. Оның экожүйе мен адамға әсері.

V.Сабақты қорытындылау.

Қорыта келгенде, органикалық химия курсында экологиялық тәрбие мен білімді қалыптастыру әртүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жас ұрпаққа экологиялық білім беру, олардың табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін, табиғатты аялап, оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу міндеттері мен мақсаттары өз маңыздылығын бүгінгі таңда жоймай, қайта одан әрі көкейкестілігімен сипатталуда.

Оқыту барысында тек қана өзіндік ғылыми білім ғана ашылмай, оны алу әдістері де ашылу қажет. Оқу танымның немесе ғылымның нақты жолдарын аша отырып, студенттерге химия сабақтарында ғылымның дамуы қалай жүреді және оның ұғымы, бұл дамудың заңдары қандай, танымдық әрекет мақсаты нені көрсетеді, онда жеке және қоғамдық қызығушылық қалай байланысқан, адам тұлғасының әртүрлі жақтарының дамуын түсіндіріп, көрсету қажет. Органикалық химия пәнінен сабақ беруде химиялық, экологиялық және қоршаған ортаны қорғау ұғымдарын қалыптастырудың тиімді әдісі ретінде әртүрлі жаттығулар, экологиялық мазмұнды химиялық сандық және сапалық есептер мен тестік тапсырмалар қарастырылады. Осы әдістердің көптеген оңды жақтары экологиялық білім беруде көрінеді, ол органикалық химия курсын оқыту үрдісіндегі экологиялық білім берудің құрылымдық жүйесіне сүйенеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N949 Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат Тұжырымдамасы» // Егемен Қазақстан. 2002, қазан–3. – Б. 2-4.

2. Концепция экологического образования Республики Казахстан // Панин М.С., Мутанов Г., Сармурзина А.Г. и др. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 64 с.

3. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы: ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 жарлығы.

4. Баймбетов М.С. Правовые основы экологической экспертизы в Республике Казахстан: учеб. пособие. – Алматы: Қазақ Университеті, 2001. – 160 с.

5. Кушумбаев А.А. Экологическое право Республики Казахстан: учеб. пособие. – Астана: Фолиант, 2001. – 330 с.

6. Нұғыманұлы И. Химиядан экологиялық білім берудің келелі мәселелері // Биология және химия. 1996. № 2. – Б.14–18.

7. Шайхеслямова Қ.О. Болашақ химия мұғалімдерін экологиялық білім беруге әзірлеу әдістемесі: пед. ғыл. канд. … дис. – Алматы, 1997. – 136 б.

8. Шоқыбаев Ж., Бейсекова А. Дидактикалық материалдарды қолданудың мәні мен мақсаты // Химия мектепте. 2007. №3. – Б. 8-11.

9. Сейтжанов А.Ф. Органикалық химия. – Алматы, 2005. – Б. 5-12.

10. www.google.ru

11. www.yandex.com

Резюме

А.Ф.Сейтжанов, *к. х. н.,профессор,*

Э.Ж.Таубаева, *магистрант,* ***А.Бейсекова,*** *магистр химии, преподаватель*

(г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет им. Абая)

Формирование основы экологических знаний при изучении темы насыщенные углеводороды

В статье рассмотрены экологические аспекты при изучение курса органической химии. Чтобы суметь сделать экологический разумный выбор и действовать оперативно в сложной ситуации, избежать нежелательных последствий, нужно обладать определенными экологическими знаниями. Поэтому крайне важно, чтобы экологическое воспитание тесно переплеталось с общеобразовательной и профессиональной подготовкой. Были также в статье рассмотрены вопросы формирования основ экологических знаний студентам

колледжа при изучении темы «насыщенные углеводороды», в курсе органической химии. В содержании указанной темы обращая внимание студентов на охрану природы, отмечается недостатки при технологии получения углеводородов и их транспортировке, в результате которых выделяются вредные для окружающей среды химические соединения, при этом особое внимание уделяется на экологические понятия как загрязнение воздуха, воды и почвы.Такого рода знания являются основной для воспитание активного, сознательного отношения к проблемам экологии.

Ключевые слова: органическая химия, экологическое знание и воспитание, окружающая среда, природные ресурсы, номенклатура, алканы, крекинг, фотохимия, гемоглобин, фреоны.

Summary

A.F.Seytzhanov, *candidate of chemistry science, professor,*
E.Zh.Taubayeva*, undergraduate,* ***A. Beysekova,*** *master, lecturer*
(Almaty city, Kazakh national pedagogical university name after Abay)

Formation of the basis of ecological knowledge in studying the topic «saturated hydrocarbons»

The article deals with the environmental aspects of the study of organic chemistry course. It is necessary to have certain ecological knowledge to be able to make ecologically sound choice and to act quickly in a difficult situation, to avoid undesirable consequences. Therefore, it is imperative that ecological education is closely interwoven with the educational and vocational training. There were also in the article questions of formation of bases of ecological knowledge of college students in studying the topic «saturated hydrocarbons» in the course of organic chemistry. The content of this topic the students paying attention to the protection of nature, the drawbacks of the technology of hydrocarbons and their transportation .

This kind of knowledge is the basis for the active education of ecological problems.

Keywords: organic chemistry, environmental education, environment,natural resources, nomenclature, alkanes, cracking, photochemistry, hemoglobin, ClO, $CHClF_2$.

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА
PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCES

УДК 517.964

О ЕДИНСТВЕННОСТИ И УСТОЙЧИВОСТИ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО УРАВНЕНИЯ ВТОРОГО ПОРЯДКА СМЕШАННОГО ТИПА

М.Х.Аламинов, *к.ф.-м.н, доцент*
Г.Н.Толыбаева, *маг. информатики, ассистент кафедры*
(Узбекистан, Каракалпакстан, г. Нукус, НГПИ им. Ажинияза)

Аннотация. В статье рассматривается единственность и устойчивость решения краевой задачи для дифференциального уравнения второго порядка смешанного типа. Изучена один из методов исследования таких задач - исследование задачи Коши для эквивалентного дифференциально-операторного уравнения соответствующего порядка. А также доказано гильбертово пространство. Использовано разные функции для доказательства теории. При решении краевых задач для дифференциальных уравнений использовано теорий

операторных уравнений в гильбертовых пространствах. Доказано единственность решения рассматриваемой задачи.

Ключевые слова: дифференциально-операторное уравнение второго порядка, задача Коши, гильбертово пространство, некорректная задача, единственность и устойчивость.

Теория комплексной задачи Коши для систем дифференциальных и дифференциально-операторных уравнений насчитывает в своём развитии не одно десятилетие. Она берёт своё начало от фундаментальных трудов французского математика О.Л. Коши, поставившего эту задачу в 1842 году.

Именно он впервые показал, что разрешимость задачи в некотором классе аналитических функций непосредственно связана с аналитичностью и порядками операторных коэффициентов системы уравнений.

Тем самым, с 1842 года и по настоящее время исследования по этой тематике продолжаются, устанавливая всё новые и новые факты, относящиеся к проблеме аналитической разрешимости задачи Коши в различных пространствах.

При исследовании комплексной задачи Коши для некоторых видов систем дифференциального уравнения второго порядка смешанного типа был получен аналог достаточных условий Коши-Ковалевской аналитической разрешимости таких систем, сформулированный в терминах порядка и типа линейного непрерывного оператора [1].

В данном работе изучалась о единственности и устойчивости краевой задачи для дифференциального уравнения второго порядка смешанного типа.

Пусть в области $Q = \{(-1 < x < 1) * (0, T)\}$ рассматривается следующая краевая задача:

$$\begin{cases} sign(x)u_{tt} + u_{xx} = 0 \\ u(0,x) = f(x),\ \ u_1(0,x) = g(x), -1 \le x \le 1, \\ u(t,-1) = u(t,1) = 0;\ \ 0 \le t \le T, \\ u(t,-0) = u(t,+0),\ \ u_x(t,-0) = u_x(t,+0) \end{cases} \qquad (1)$$

Очевидно, что здесь дифференциальное уравнение смешанного типа: оно гиперболического типа при x<0 и эллиптического типа при x>0.

Вообще говоря, эта задача является некорректной. А в теории некорректных задач принята доказывать теоремы единственности и условной устойчивости, а существование решения предполагается a priori известным из-за физических соображений рассматриваемой задачи.

Одним из методов исследования таких задач является исследование задачи Коши для эквивалентного дифференциально-операторного уравнения соответствующего порядка.

А именно, мы рассмотрим следующую задачу Коши

$$\begin{cases} Bu'' = Au + f & (2) \\ u'(0) = u_1, \qquad u(0) = u_0 & (3) \end{cases}$$

где, *u(t)* функция скалярного аргумента *t*, которая принимает значения в гильбертовом пространстве *H*, $f(t)$ тоже функция скалярного аргумента *t*, которая принимает значения в гильбертовом пространстве *F*, *A* и *B* операторы с общей областью определения D:

$$A: H \to F,\ \ B: H \to F,\ \ D(A) = D(B) = D.$$

Кроме того, мы предполагаем, что оператор *A* симметричен и положителен, т.е. $\forall u, \vartheta \in D(A)$ имеем

$$(Au, \vartheta) = (u, A\vartheta), (Au, u) \ge \lambda(u, u)(\lambda > 0),$$

$\exists B^{-1}$ и оператор *B*- симметричен, т.е.

$$(Bu, \vartheta) = (u, B\vartheta).$$

В нашем случае $H=L_2(-1,1)$, $f = 0$, а оператор A определяется так:

$$Au = -u_{xx}, \qquad \text{где} \quad u|_{x=-1} = u|_{x=1} = 0$$

В качестве оператора B возьмем умножение на функцию $sign(x)$.
Действительно, для $\forall u, v \in D$ имеем

$$(Au, v) = -\int_{-1}^{1} u_{xx} \cdot v dx = -\int_{-1}^{1} v du_x = -vu_x|_{-1}^{1} + \int_{-1}^{1} u_x v_x dx =$$

$$= \int_{-1}^{1} u_x v_x dx = \int_{-1}^{1} v_x du = v_x u|_{-1}^{1} - \int_{-1}^{1} u v_{xx} dx =$$

$$= -\int_{-1}^{1} u \cdot v_{xx} dx = (u, \ Av),$$

т.е.

$$A=A^*,$$

Аналогично получаем

$$B=B^*,$$

т.к.

$$(Bu, v) = \int_{-1}^{1} sign(x) u \cdot v dx = \int_{-1}^{1} u \cdot sing(x) v dx = (u, Bv).$$

Теперь покажем, что пространство $L_2(-1,1)$ является гильбертовым.
Действительно, пусть $f, \ g \epsilon L_2(-1,1)$, то есть

$$\int_{-1}^{1} (f(x))^2 dx < \infty \ \text{ и } \int_{-1}^{1} (g(x))^2 dx < \infty \ .$$

Тогда $\forall \alpha, \beta \in R$ имеем

$$\int_{-1}^{1} (\alpha f(x))^2 dx < \infty \ \text{ и } \int_{-1}^{1} (\beta g(x))^2 dx < \infty \ .$$

Далее, имеем

$$2\int_{-1}^{1} fg dx < \int_{-1}^{1} (f(x))^2 dx + \int_{-1}^{1} (g(x))^2 dx < \infty \ .$$

Значит, $\forall \alpha, \beta \in R$ получаем

$$\int_{-1}^{1} (\alpha f + \beta g)^2 dx = \int_{-1}^{1} (\alpha f)^2 dx + \int_{-1}^{1} (\beta g)^2 dx + 2\alpha\beta \int_{-1}^{1} fg dx < \infty \ .$$

Следовательно, $\forall \alpha, \beta \in R$ имеем

$$\alpha f + \beta g \epsilon L_2(-1,1).$$

А это и означает, что пространство $H=L_2(-1,1)$ является гильбертовым.
Определение. Функция $u(t)$: $[0,T] \to H$ называется решением задачи Коши (2)-(3), если:
*1)*при $0 \le t \le T$ имеем $u \epsilon C^2[0,T], u_1, u_0 \epsilon D(A), f \epsilon D(A)$;
*2)*при $0 \le t \le T$ определена u_1;
3)$\forall t \epsilon [0,T]$ функция $u(t)$ удовлетворяет (2) и (3).
Имеет место
Теорема 1. Пусть $A = A^*, (Au, u) \ge \lambda(u, u), \ \lambda > 0, B = B^*, \exists B^{-1}, f = 0.$
Тогда для решения задачи (1)-(2) справедливо неравенство

$$(Au, u) \quad \le e^{2t(T-t)} \cdot ((Au(0), u(0)) \quad + |a|)^{\frac{T-t}{T}} \cdot ((Au(T), u(T)) \quad + |a|)^{t/T} - |a|. \quad (4)$$

Доказательство.

Пусть

$$\varphi = (Au, u).$$

Тогда

$$\varphi' = (Au, u)' = 2(Au', u);$$
$$\varphi'' = 2(Au', u') + 2(Au'', u) = 2(Au', u') + 2(Au, B^{-1}Au).$$

Значит,

$$\frac{d}{dt}((Au'', u') + 2(Au', u'')) = (B^{-1}Au, Au) + (Au', B^{-1}Au) = \frac{d}{dt}(Au, B^{-1}Au)$$

Поэтому

$$\varphi''(t) = 4(u', u') + 4a.$$

где

$$a = \frac{1}{2}\Big(\big(Au(0), B^{-1}Au(0)\big) - \big(Au'(0), u'(0)\big)\Big).$$

Теперь рассмотрим функцию

$$\psi(t) = \ln(\varphi(t) + |a|).$$

Имеем

$$\psi' = \frac{\varphi'}{\varphi + |a|};$$
$$\psi'' = \frac{\varphi''(\varphi + |a|) - \varphi'^2}{(\varphi + |a|)^2} \geq -4$$

Откуда по неравенству Коши-Буняковского получаем

$$\psi(t) \leq \psi(0) \cdot \frac{T-t}{T} + \psi(T) \cdot \frac{t}{T} + 2t(T-t)$$

т.е.

$$\ln(\varphi(t) + |a|) \leq (\ln(\varphi(0) + |a|)) \cdot \frac{T-t}{T} +$$
$$(\ln(\varphi(T) + |a|))\frac{t}{T} + \ln(\exp\big(2t(T-t)\big)).$$

Следовательно,

$$(\varphi(t) + |a|) \leq \exp\big(2t(T-t)\big)\,((\varphi(0) + |a|)^{\frac{T-t}{T}} + (\varphi(T) + |a|)^{\frac{t}{T}}),$$

т.е.

$$(Au, u) \leq e^{2t(T-t)} \cdot ((Au(0), u(0)) + |a|)^{\frac{T-t}{T}} \cdot ((Au(T), u(T)) + +|a|)^{t/T} - |a|.$$

Теорема доказана.

Из этой теоремы легко получить единственность и условную устойчивость решения не только задачи Коши для дифференциально-операторного уравнения второго порядка, но и краевой задачи для дифференциального уравнения второго порядка смешанного типа [2-5].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Громов В.П., Мишин С.Н., Панюшкин С.В. Операторы конечного порядка и дифференциально-операторные уравнения. Монография. – Орёл: ОГУ, 2009. – 430 с.

2. Аламинов М.Х. О единственности и устойчивости решения задачи Коши для вырождающегося дифференциального неравенства четного порядка. Узбекский математический журнал, 2000 г. ,N2,с.3-13.

3. Фаязов К.С., Аламинов М.Х. Теоремы о нулях бесконечного порядка для вырождающегося дифференциального неравенства четвертого порядка. Вестник УзМУ, 2001 г., N4, с.28-34.

4. Аламинов М.Х. Задача Коши для операторно-дифференциального уравнение высокого порядка. Вестник ККО АН РУз, 2002 г., №1-2, ст.54-57.

5. Фаязов К.С., Аламинов М.Х. Boundary value problem for IV order differential-operator equation.II Межд.конфенренция «Наука и технология в XXI веке», Ташкент, 2003 г., с.114.

Түйіндеме

М.Х.Аламинов, *ф.-м.ғ.к., доцент*
Г.Н.Толыбаева*, информатика магистрі, кафедра ассистенті*
(Өзбекстан, Қарақалпақстан, Нөкіс қ., Әжінияз атындағы НМПИ)

Екінші текті аралас түрдегі дифференциалдық теңдеулер үшін шекаралық тапсырмалардың біртектілігі және тұрақтылығы

Мақалада аралас түрдегі және екінші реттілікті дифференциалдық теңдеулердің шеткі есептерін шығару тұрақтылығы және бірлігі қарастырылады. Сәйкес реттіліктегі эквивалентті дифференциалды-операторлық теңдеулерге арналған - Кош есептерін зерттеудің негізгі әдістері анықталды. Сонымен қатар Гильберт кеңістігі дәлелденді. Теорияны дәлелдеу үшін әр түрлі функциялар қолданылды. Дифференциалды теңдеулердің шеткі есептерін шығаруда, гильберт кеңістігіндегі операторлық теңдеулер теориясы қолданылды. Қарастырылып отырған есептеулердің бір жолмен шешілетіндігі дәлелденді.

Түйін сөздер: екінші текті дифференциалды-операторлық теңдеулер, Коши тапсырмасы, гильберттік кеңістік, қате тапсырмалар, біртектілік және тұрақтылық.

Summary

M.H.Alaminov, *candidate of physical and mathematical sciences, associate professor*
G.N.Tolybaeva, *master of informatics assistant of the department*
(Uzbekistan, Karakalpakstan, Nukus city, NSPI name Ajiniyaz)

Uniqueness and stability of boundary problems for differential equations of second order mixed type

In article the uniqueness and stability of solution of the boundary value problem for the second order differential equation of the mixed type are considered. It explores one of the methods of investigation of such problems - the study of the Cauchy problem for the equivalent of the corresponding operator-differential equations of order. And also proved Hilbert space. Used different functions in order to prove the theory. In solving boundary value problems for differential equations to use the theory of operator equations in Hilbert spaces. It is proved that the solution of the problem.

Key words: the differential-operator equation of the second order, the Cauchy problems, the Gilbert space, ill-posed problems, the uniqueness and stability.

ӘОЖ 378.01.

ТЕХНОЛОГИЯ ФИЗИЧЕСКОГО ЭКСПЕРИМЕНТА В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ В РАМКАХ КОМПЕТЕНТНОСТНОЙ МОДЕЛИ

Борибаева М.А., Куйкабаева А.А.,
Асембаева М.К., Есеналина К.А.
(г. Алматы, КазНУ им.Аль-Фараби)

Аннотация. В настоящей работе на примере одной из экспериментальных задач рассмотрена возможность обучения технологии физического эксперимента с достаточно полным охватом основных этапов исследования. Экспериментальное определение момента инерции диска является комплексной задачей, для решения которой необходимы как базовые знания различных разделов физики и смежных дисциплин, так и определенные умения экспериментальной работы. Разрабатывается подробная программа эксперимента,

включающая последовательность всех этапов проведения работы от приготовления необходимых материалов и образцов для исследования до обработки результатов эксперимента. При этом должны быть предложены четкие схемы экспериментальных установок и выбрано оборудование, которое для них потребуется.

Ключевые слова: физический эксперимент, момент инерции, диск, компетентностная модель, общеобразовательные задачи, законы сохранения механической энергии.

Сравнив полученные результаты студенты должны сформулировать причины возможных расхождений.

В настоящее время во всех сферах жизнедеятельности мирового сообщества происходит изменение ценностных ориентаций, обусловленное сменой цивилизаций на рубеже XX-XXI веков, что требует нового подхода к формированию будущего профессионала. Отличительные для нашего времени изменения в характере образования – в его направленности, целях, содержании - все более явно ориентируют его на «свободное развитие человека», на творческую инициативу, самостоятельность обучаемых, конкурентоспособность, мобильность будущих специалистов. Эти накапливающиеся изменения означают, по сути, процесс смены образовательной парадигмы.

Однако происходящие в мире и Казахстане изменения в области целей образования, соотносимые, в частности, с глобальной задачей обеспечения вхождения человека в социальный мир, его продуктивной адаптации в нем, вызывают необходимость постановки вопроса обеспечения образованием более полного, личностно и социально интегрированного результата. Физический эксперимент позволяют формировать у студентов методы учебного исследования: измерение, наблюдение, фиксация результатов, проведение математической обработки полученных результатов.

Одной из главных задач физического образования является обучение основам техники и технологии физического эксперимента, поскольку экспериментальная физика была и остается важнейшей составляющей всей физики. Несмотря на широкое распространение компьютерных технологий и наличие множественных обучающих программ с использованием наглядного компьютерного экспериментальную работу, можно приобрести ту культуру физического эксперимента, которая необходима для профессиональной деятельности в физике. При этом важно построить программу обучения так, чтобы студент не только проводил эксперимент, руководствуясь готовым описанием предлагаемой работы, но и максимально активно участвовал в выборе путей и способов решения поставленной экспериментальной задачи на всех стадиях от постановки эксперимента до окончательной обработки и интерпретации полученных результатов.

Студентам предлагается, используя законы сохранения механической энергии, определить момент инерции диска двумя методами: динамическим и методом колебаний.

1. *Определение момента инерции диска динамическим методом.*

В данной работе используется установка, изображенная на рисунке 1.



Рисунок 1. Схема экспериментальной установки для определения момента инерции диска динамическим методом.

Диск вместе с валом насажен на горизонтальную ось ОО, относительно которой он вращается. Ось ОО совпадает с осью симметрии диска, поэтому колесо находится в состоянии безразличного равновесия.

К валу диска прикреплена нить, на конце которой закрепляются грузы, создающие вращающий момент.

Если нить намотать на вал, груз поднимется на некоторую высоту h, система получит запас потенциальной энергии, равный произведению силы тяжести груза на высоту подъема груза.

При освобождении диска груз начнет опускаться, приводя диск во вращение. Потенциальная энергия поднятого груза преобразуется в кинетическую энергию поступательного движения груза и вращательного движения диска. Ознакомление с установкой. В отверстие для закрепления шара необходимо закрутить болт до упора (для уравновешивания диска относительно оси вращения).

Измерение линейных размеров установки. С помощью штангенциркуля измеряется диаметр вала 2r, диаметр диска 2R, толщину диска d, диаметр шара R_1. Результаты заносятся в таблицу.

Закрепив один из грузов на конце нити (200÷500 г). Одновременно с пуском секундомера освобождают систему и определяют время падения t груза с максимально возможной высоты h до падения на платформу (отсчет высоты производить от нижнего основания груза). Опыт производят не менее пяти раз. Результаты измерений заносятся в таблицу. Определяют численное значение момента инерции диска по формуле:

$$I = \frac{mr^2(gt^2 - 2h)}{2h} \qquad (1)$$

Вычисляют погрешность измерений по методу прямых измерений. Студентам предлагается вычислить момент инерции диска по его геометрическим размерам, зная радиус диска R,, толщину диска a, плотность ρ материала диска. Сравнив полученные результаты студенты должны сформулировать причины возможных расхождений.

2. *Определение момента инерции диска методом колебаний*

В работе используется установка предыдущего упражнения, на ободе которой укреплен массивный шар (рисунок 2). Первоначально диск с шаром находятся в состоянии устойчивого равновесия. Если систему вывести из этого состояния (повернуть диск на небольшой угол $\alpha \leq 8^0$), возникнут колебания системы "диск-шар" вокруг горизонтальной оси с периодом T.



Рисунок 2. Схема экспериментальной установки для определения момента инерции диска методом колебаний.

Пренебрегая моментом сил трения, используя уравнение движения диска с шаром и измерив, период колебаний диска с шаром T_0 и зная массу m_1 и радиус шара R_1, вычисляют момент инерции диска по формуле:

$$I = m_1\left[\frac{gT_0^2}{4\pi^2}(R + R_1) - \frac{2}{5}R_1^2 - (R + R_1)^2\right] \qquad (2)$$

Вставляя данные значения физических величин в формуле 2 были вычислены следующие моменты сил трения:

<I >= 0,204 кг ·м^2. $S_{<I>}=\sqrt{\frac{0{,}68\cdot10^{-4}}{20}}=0{,}18\cdot10^{-2}$ $\Delta I=S_{<I>}\cdot t_{\alpha,N}=2{,}8\cdot0{,}18\cdot10^{-2}=0{,}5\cdot10^{-2}$

$\varepsilon=\frac{0{,}005}{0{,}204}\cdot100\%=2{,}45\%\approx2{,}5\%$ I=<I>±ΔI I=(0,204±0,005) кг ·м^2.

Студентам предлагается сравнить экспериментальные результаты, полученные двумя различными методами. Объяснив причины расхождений. На завершающем этапе исследования проводился анализ и обработка экспериментальных результатов. В таблице 1 приведены линейные размеры установки для определение момента инерции диска методам колебаний.

$m_{шара}$=(3860±10)г, $m_{шара}$- масса шара, R- радиус диска, R_1- радиус шара.

Таблица 1. Время n=30 колебаний системы для $\alpha=8^0$

№	1	2	3	4	5
t_i,с	41,2	41,4	41,2	41,5	41,8
T_i	1,37	1,38	1,37	1,38	1,39
I_i, кг ·м^2	0,200	0,204	0,200	0,204	0,210
ΔI_i	0,004	0	0,004	0	0,006
$\Delta I_i^2\cdot10^{-4}$	0,16	0	0,16	0	0,36

В таблице 1 приведены время 30 колебаний системы для $\alpha=8^0$. После проведения нескольких работ подобного рода у студентов формируются необходимые представления о методике и технике физического эксперимента.

Методика обучения физическому эксперименту приводит к возникновению новых элементов в традиционной модели реализации физического практикума, способствующих формированию мотивации к самостоятельной работе, развитию навыков владения экспериментальным натурным и компьютерным оборудованием. Она также решает некоторые общеобразовательные задачи, в частности, такие как формирование и развитие исследовательских, проектных и информационных умений, критического и творческого мышления, что значительно повышает качество подготовки студентов вуза. Новый подход в образовании предполагает создание новых методик обучения, и новых методик проверки эффективности обучения в рамках компетентностной модели выпустника.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Куприянова Г.В. Образовательная программа как индивидуальный образовательный маршрут // Индивидуализация в современном образовании: теория и практика. Ярославль, 2001.

2. Клеветова Т.В. Формирование ключевых компетенций учащихся при изучении физики: мотивационный аспект // Школа будущего. 2010. № 4. С. 47–56.

3. Исатаев С.И. Аскарова А.С. Общий физический практикум. Механика. Алматы 2002.150-158.

Түйіндеме

Борибаева М.А., Құйқабаева А.А., Әсембаева М.К., Есеналина К.А.

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Құзыреттілік моделінің шеңберінде кәсіптік оқытудағы физикалық эксперимент технологиясы

Бұл жұмыста нақты тәжірибелік есеп негізінде физикалық тәжірибенің технологиясын меңгерудің мүмкіндігін зерттеудің негізгі кезеңдерін толық қамти отырып жүзеге асырылуы қарастырылған. Дискінің инерция моментін тәжірибелік жолмен анықтау жиынтықты есеп

бола отырып, студенттерден физиканың әр бөлімінен меңгерген базалық біліммен қоса пәнмен тығыз байланыстағы пәндерді оқу барысында меңгерген білімдері және тәжірибелік жұмыс жасауға икемділігін талап етті. Механиканың сақталу заңдарын қолдана отырып дискінің инерция моменті динамикалық және тербелмелі әдістермен екі әдістің қолданылуымен анықталу нәтижесінде құзыреттіліктің алатын орнының жоғарылығы байқалды. Динамикалық және тербелмелі әдістерді қолданғандағы айырмашылық анықтау мақсатынғда тәжірибеден алынған нәтижелер салыстырылды. Құзыретті модель кейбір жалпыбілімділік, зерттеушілік қасиетті қалыптастыру мен дамыту, жобалық және ақпараттық икемділік, критикалық және шығармашылық икемділік сияқты міндеттерді шеше отырып жоғары оқу орнындағы студенттің мамандық бойынша дамуына ықпалын тудылады.

Түйін сөздер: физикалық эксперимент, инерция моменті, диск, құзыреттілік моделі, білім беру мәселелері, механикалық энергияның сақталу заңдары.

SUMMARY

Boribaeva M.A., Kuikabaeva A.A., Asembaeva M.K., Esenalina K.A.
(Almaty city, Kazakh national university named after al-Farabi)

Technology of physical experiment in vocational training within the competence model

The opportunity of teaching the physical experience technology by sufficiently covering the main phases of research is described in this work by the example of one of the experimental tasks. An experimental determination of a disc inertia moment is a complex task, for solving of which it is needed to have a basic knowledge of various branches of physics and allied disciplines, as well as the certain experimental work skills. The students were encouraged to determine the disc inertia moment through the following two methods using the conservation law of mechanical energy: dynamic and oscillation method. The students defined the reasons for possible contradictions by determining the disc inertia moment. The experimental results obtained by the two different methods were compared. The competence-based model solves some general tasks; in particular, such as the formation and development of research, project and information skills, critical and creative thinking which significantly improves the competence level of university students

Keywords: physical experiment, the moment of inertia, competence model, educational problems, the laws of conservation of mechanical energy.

УДК 378.02:372.8

ОБЛАЧНЫЕ СЕРВИСЫ И ТЕХНОЛОГИИ

В.В.Дьячков, *к. техн. н., ст. преподаватель*
А.Казыбай, *студент*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Аннотация: В статье приведены возможности облачных технологий и характеристики основных облачных сервисов. Интернет сервисы предоставляют возможность использовать огромный потенциал интернет ресурсов (дисковое пространство, память, вычислительные мощности и многое другое). Работа с новыми интернет сервисами не предполагает покупку супермощных компьютеров (для проведения расчетов), дорогостоящих программ и программного обеспечения. Приведены виды облачных сервисов по типу обслуживания.

***Ключевые слова*:** интернет, облачные технологии, облачные сервисы.

Облачные технологии – сервисы, которые предоставляют возможность использовать потенциал других ресурсов, таких как дисковое пространство, память, вычислительные

мощности и многое другое. Ярким примером является Интернет. Это одно, самое большое облако. Трудно представить, чтобы весь объем информации, которую сейчас можно найти в интернет сети, можно уместить на один, даже супер мега компьютер. Вся информация разбросана по много численным компьютерам, слабым и мощным. Однако, не смотря на разброс информации, практически каждый может ей воспользоваться. В этом вся суть облачных технологий.

Облачные сервисы. Прежде всего – это инновационные интернет сервисы. Они предоставляют возможность использовать огромный потенциал интернет ресурсов (дисковое пространство, память, вычислительные мощности и многое другое). Такие технологии дают отличные возможности, как для частных предпринимателей, предприятий различной формы собственности и направлений, так и для простых пользователей компьютеров (физических лиц) [1]. Работа с новыми интернет сервисами не предполагает покупку супермощных компьютеров (для проведения расчетов), дорогостоящих программ и программного обеспечения, все это Вы найдете на сервисе в любое удобное для Вас время. И еще, что немало важно, что предприятию совсем нет необходимости создавать новое подразделение, переучивать сотрудников для работы с облачными сервисами. Главным условием для получения услуг такого вида, является доступ к Интернету.

Виды облачных сервисов по типу обслуживания. SaaS (Software as a Service) – программное обеспечение как услуга.

Основным отличием и преимуществом сервисов такого вида является возможность одновременного предоставления большому количеству пользователей доступа к одному и тому же приложению. SAAS – это своего рода бизнес модель. Провайдер (поставщик услуг) сам разрабатывает web приложение, выполняет отладку и управление им. Клиент получает право доступа к программному обеспечению при помощи Интернет. К тому же, клиенту нет необходимости следить за рабочим состоянием оборудования, обновлением программного обеспечения. Клиенту нет необходимости покупать лицензию на программное обеспечение, он платить только за его использование, то есть аренду. И если на какой-то период какая-либо программа или программное обеспечение не нужно для работы клиенту, он может приостановить его использование и не платить за него.

Кратко модель SaaS можно охарактеризовать так:

- Приложение отлажено под удаленного пользователя;
- Использование приложения сразу большим количеством пользователей;
- Оплата осуществляется как абонентская плата, из месяца в месяц или как оплата за объем операций;
- Предоставление технической поддержки, без дополнительной оплаты;
- Обновление и модернизация приложения без ущерба для клиентов.

Облачная структура SaaS

PaaS (Platform as a Service) - платформа как услуга. В данном случае провайдер предоставляет клиенту доступ к пользованию информационно-технологическими

платформами. Что же подразумевается под такими платформами и к чему получает доступ потребитель: различные операционные системы; технологическое программное обеспечение, способствующее нормальному взаимодействию различных приложений, компонентов, систем между собой; систем баз данных и их управлением; различных средств тестирования; всевозможных средств разработки. Все это размещается на серверах облачного провайдера. Управление всей информационно-технологической структурой осуществляет сам провайдер. Так же провайдер решает, к каким платформам открыть доступ конкретному клиенту. Потребитель получает право пользоваться платформой, устанавливать прикладные программы, тестировать и эксплуатировать их, при необходимости изменять потребление вычислительных ресурсов, их количество. Оплата за использование облачной платформы может исчисляться по нескольким принципам:

- От уровня потребления;
- За время работы различных приложений потребителя;
- За объем пропускаемых данных, числу операций над ними;
- А так же по сетевому трафику.



Облачная структура PaaS

IaaS (Infrastructure as a Service) – инфраструктура как услуга.



Облачная структура IaaS

То есть, предоставление клиенту в пользование готовой облачной инфраструктуры. Это значит, что пользователь вправе самостоятельно распоряжаться и управлять всеми ресурсами. Обрабатывать и хранить данные, устанавливать и запускать в действие различное программное обеспечение, операционные системы. Потребитель способен сам контролировать все выполняемые действия. Провайдер осуществляет наблюдение и управление всем облаком, как его физической составляющей, так виртуальной инфраструктурой.

К особенностям IaaS следует отнести:

- Технологии виртуализации.
- Интегрированные системы управления.
- Реальность использования самых лучших архитектур и фреймворков.

Разновидность «облачных сервисов». Мы рассмотрели, какие бывают облачные сервисы по моделям обслуживания. Но разновидность облачных сервисов на этом не заканчивается. Существуют еще:

- Коммунальные IT услуги (Utility Computing) способные заменить целые центры обработки данных предприятия;
- Облачные web сервисы;
- Управляемые услуги (Managed Service), этот сервис можно считать одним из старожил среди облачных сервисов;
- Платформы коммерческих сервисов – на них можно заказать определенные виды услуг, например, секретарские услуги или экскурсионный тур и так далее;
- Интернет интеграции – Bus in the cloud, объединение нескольких провайдеров для интегрированных решений и доставки их пользователям.

Назначение и применение облачного сервиса. Основным назначением любого облачного сервиса является оказание услуг клиентам по хранению и обработке различных данных. Такие сервисы помогают пользователям компьютеров освободиться от использования внешних носителей. Отпадет надобность носить с собой флешки (которые очень часто теряются или выходят из строя, в самый неподходящий момент), внешние жесткие диски и другие подобные хранилища информации. Например, выполняя определенную работу на компьютере, Вы не успели вовремя закончить ее на рабочем месте и приняли решение продолжить выполнение задачи на дому. Но для этого необходимо, что бы вся информация и данные, необходимые для выполнения задачи, были под рукой. Эту проблему будет гораздо проще решить, если все работы Вы выполняли, используя возможности и ресурсы облачных сервисов. Ведь доступ к ним можно осуществлять с любого компьютера, у которого есть подключение к Интернету.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Что такое облачные сервисы и технологии, [электронный ресурс] – режим доступа: http://sd-company.su/article/cloud/service

Summary

V.V.Dyachkov, *c. tech. sciences, senior lecturer*
A.Kazybay, *student*
(Almaty c., Kazakh State women's teacher training university)

Cloud services and technologies

The primary purpose of any cloud service is the provision of services to the clients for storage and handling of different data. Such services help computer users to get rid of the use of external media. If all the work you perform using the capabilities and resources of cloud services, then you can continue work at home, because access to it can be done from any computer that has an Internet connection.

***Keywords*:** Internet, cloud technologies, cloud services.

Түйіндеме

В.В.Дьячков, *техн.ғ.к., аға оқытушы*
А.Қазыбай, *студент*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Бұлтты сервистер және технологиялар

Мақалада бұлтты технологияның мүмкіндіктері және бұлтты сервистің негізгі характеристикалары келтірілген. Интернет қызметі интернет ресурстарын пайдалануда үлкен мүмкіндіктер береді (дискілі кеңістік, жады, есептеу күші және т.б.). Бағдарламаларды

қамтамасыз ету және қымбат тұратын бағдарламалардың жаңа қызметтерін пайдалану үшін супер күшті компьютерлерді қажеті етпейді (есептеулер үшін).

Түйін сөздер: интернет, «бұлтты» технологиялар, «бұлтты» сервистер.

ӘОЖ 373.1.02:372.8

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.У.Жадраева, *п.ғ.к., аға оқытушы*
М.Ж.Жумақанова, *магистрант*
(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепте «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен оқытудың негізгі бағыттарына шолу жасалған. Соның ішінде, дифференциалдық және интегралдық есептеулердің мектеп бағдарламасында оқытудың маңыздылығы мен оның басқа да салада қолданулары айтылған. Дифференциалдық және интегралдық есептеулерінің орны мен рөлі, практикалық мағынасы бар және әртүрлі өмір проблемасынан, адамның күнделікті қажеттілігінен туған есептер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру және дамыту әдістемесі қарастырылған. Балалардың жас ерекшеліктеріне және қабілеттіліктеріне байланысты әртүрлі деңгейлік тапсырмалар беріледі. Сондықтан, бұл мақалада кейбір есептерді шешудің оңтайлы әдістері бар. Жалпы білім беретін орта мектептердегі «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығындағы сағат саны көрсетілген. Туынды, туынды арқылы функцияны зерттеу және алғашқы функция, интеграл тақырыптарындағы есептерге мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: функция, дифференциал, интеграл, туынды, анализ бастамалары

Бүгінгі жалпы білім беретін орта мектеп қоғамының алға қойған міндеттерін орындау үшін баланың табиғи мүмкіндіктерін, қабілетін дамытып кең профильді және дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасауға қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуі тиіс.

Мектеп математикасын өмірмен байланыстыру, бұл пәнді адамдардың практикалық және техникалық іс-әрекетіне қолдану үшін мектеп математикасы мен математика ғылымын жақындастыру қажет. Дифференциалдық және интегралдық есептеулер математикалық анализ бастамаларының ең маңызды тақырыптарының бірі, сондықтан да оның оқыту әдістемесі де ерекше орын алады. Математиканы оқытуда кәсіби-педагогикалық бағдарын күшейтудің және оқу орындарының білімін арттыру жолдарының бірі – жоғары мектепте оқытылатын оқу процесінде дифференциалдық және интегралдық есептерді шешудің мүмкіндіктерін қарастыру.

Жалпы білім беретін орта мектептерде математика курсы тарауларының бірі осы туынды мен интегралға арналған. 10-11 сыныптарда анализ бастамаларынан бастау алатын бұл ұғымдар жоғары оқу орындарында жалғастырып оқытылады. Оқу бағдарламалары бойынша (қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы және жаратылыстану-математикалық бағыттардағы) 10-сыныпқа арналған оқулығында «Туынды» тақырыбына 38 сағат берілген, ал 11 сыныпта қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы оқулықтарда «Алғашқы функция және интеграл» тақырыбына – 17 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыттарында – 13 сағат бөлінген.

10 сыныптың III және IV тарауларында анализ бастамалары ұғымдарының бірі – функцияның туындысы және туындыны функцияны зерттеуде қолдану тақырыптары енгізілген. Ол математикалық анализ үшін де, сондай-ақ геометрия, жаратылыстану, техника

ғылымдары үшін де қажет. Сонымен бірге математиканың негізгі ұғымдары – функцияның шегі және оның үзіліссіздігі енгізілген [1].

Мектеп математикасының негізгі саласының бірі – функция орта сыныптардан бастап оқылады. Алгебра мен анализ бастамалары пәніне ортақ нәрсе, онда функция түсінігі емес, көбінесе нақты функциялар мен олардың нақты түрлерінің оқылуы. Мектептерде функцияны әртүрлі етіп баяндаулар қолданылады (бинарлық қатынастардың көмегі арқылы, екі жиынның элементтерінің арасындағы сәйкестілік немесе бір айнымалының екінші бір айнымалыға тәуелділігі ретіндегі). Шек түсінігі мектепте арнайы мақсат үшін оқылмайды, ол тек туындыны енгізудің құралы ретінде пайдаланылады.

Мектеп математикасында туынды түсінігіне едәуір мөлшерде орын бөлінген. Оның жарқын куәсі-туынды түсінігіне байланысты мектепте қарастырылатын туындының анықтамасына, оның геометриялық және физикалық мағыналарына, дифференциалдау ережелеріне, элементарлық функциялардың туындыларына, туындының әртүрлі қолдануларына, сол сияқты туындыны табуға және оның қолдануларына арналған сан алуан есептер берілген.

Туынды қолдану мәселесіне назар аударайық.

Мектеп математика курсында туындыны жуықтап есептеуде, геометрияда, физикада, функцияларды зерттеу қолданылуы қарастырылады. Сонымен қатар, күрделі функцияның туындысын табу да қарастырылған. Оқушылар күрделі функция ұғымын қайталай отырып, формуланы қорытып шығаруды үйренеді. Туындыны есептеу ережелерін білместен бұрын анықтама бойынша және туынды формуласы бойынша туындыны табу алгоритмін қайталап алу қажет. Оқушылар туындыны табу ережелері тек берілген нүктеде немесе берілген аралықта дифференциалданатын функцияға қолданылатынын білуі тиіс (егер функция берілген аралықтың әрбір нүктесіне дифференциалданса, ол осы аралықта дифференциалданатын функция деп аталады).

Мысалдар қарастыралық:

1-мысал: y= $\sin(2x+5)$ тригонометриялық функциясының туындысын табайық.

Шешуі: туынды анықтамасын, косинус функциясының үзіліссіздігін және бірінші тамаша шекті пайдаланып табайық:

$$y'=\left(\sin(2\tilde{o}+5)\right)'=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{\sin\left(2(\tilde{o}+\Delta x)+5\right)-\sin(2\tilde{o}+5)}{\Delta x}=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{2\cos(2x+\Delta x+5)\cdot\sin\Delta x}{\Delta x}=$$

$$=2\cos(2\tilde{o}+5)*1=2\cos(2\tilde{o}+5)$$

Яғни барлық $x\in(-\infty,\infty)$ үшін $\left(\sin(2x+5)\right)'=2\cos(2x+5)$.

Жауабы: $y'=\left(\sin(2x+5)\right)'=2\cos(2x+5)$

Күрделі функциялардың туындысын осы туындының ережесі арқылы шығару қиындау болады. Сондықтан дайын формулаларды пайдаланған дұрыс. Берілген функцияның туындысын тауып көрейік:

2-мысал. $\mathrm{y}=\sqrt{1-3x^2}+\frac{1}{x^2+4}$ функциясының туындысын табу керек [1].

1-ші шешу жолы: дайын формуланы пайдаланамыз

$$\mathrm{y}'=\left(\sqrt{1-3\tilde{o}^2}+\frac{1}{\tilde{o}^2+4}\right)'=\left(\sqrt{1-3\tilde{o}^2}\right)'+\left(\frac{1}{\tilde{o}^2+4}\right)'=\frac{1}{2\sqrt{1-3\tilde{o}^2}}\cdot\left(1-3\tilde{o}^2\right)'-\frac{1}{\left(\tilde{o}^2+4\right)^2}\cdot\left(\tilde{o}^2+4\right)'=$$

$$=-\frac{3\tilde{o}}{\sqrt{1-3\tilde{o}^2}}-\frac{2\tilde{o}}{\left(\tilde{o}^2+4\right)^2}=-\tilde{o}\cdot\left(\frac{3}{\sqrt{1-3\tilde{o}^2}}+\frac{2}{\left(\tilde{o}^2+4\right)^2}\right);$$

2-ші шешу жолы: туындының анықтамасын пайдаланамыз

$$y' = \left(\sqrt{1-3\tilde{o}^2} + \frac{1}{\tilde{o}^2+4}\right)' = \lim_{\Delta x\to 0}\left(\frac{\sqrt{1-3(x+\Delta x)^2} - \sqrt{1-3\tilde{o}^2}}{\Delta x} + \frac{\frac{1}{(x+\Delta x)^2+4} - \frac{1}{\tilde{o}^2+4}}{\Delta x}\right) =$$

$$= \lim_{\Delta x\to 0}\left(\frac{1-3(x+\Delta x)^2 - 1 + 3\tilde{o}^2}{\Delta x\left(\sqrt{1-3(x+\Delta x)^2} + \sqrt{1-3\tilde{o}^2}\right)} + \frac{\tilde{o}^2+4-(x+\Delta x)^2-4}{\Delta x(\tilde{o}^2+4)((x+\Delta x)^2+4)}\right) =$$

$$= \lim_{\Delta x\to 0}\left(\frac{-3(2x+\Delta x)}{\left(\sqrt{1-3(x+\Delta x)^2} + \sqrt{1-3\tilde{o}^2}\right)} + \frac{-(2x+\Delta x)}{(\tilde{o}^2+4)((x+\Delta x)^2+4)}\right) = -\frac{3(2x+0)}{\left(\sqrt{1-3(x+0)^2} + \sqrt{1-3\tilde{o}^2}\right)} -$$

$$-\frac{(2x+0)}{(\tilde{o}^2+4)((x+0)^2+4)} = -\frac{3\tilde{o}}{\sqrt{1-3\tilde{o}^2}} - \frac{2\tilde{o}}{(\tilde{o}^2+4)^2} = -\tilde{o}\cdot\left(\frac{3}{\sqrt{1-3\tilde{o}^2}} + \frac{2}{(\tilde{o}^2+4)^2}\right);$$

Функцияларды зерттеуге, олардың графиктерін салуға , ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға берілген есептерді шығаруда туындыны қолданады. Бұл тақырыптың материалы алгебралық және трансценденттік функцияларды оқып-үйрену барысында пайдаланылады. Ол пәнаралық байланысты орнатуда маңызды рөл атқарады.

Туындының көмегімен функцияны зерттеуге және графигін салу осы 10 сынып оқулығында қарастырылған. Функцияның графигін салуды оқулықта келтірілген мысалдан, дербес жағдайда екінші дәрежелі көпмүшеден бастауға болады. Бұл, біріншіден, функцияны зерттеудің белгілі жолымен салыстыру үшін, екіншіден, қарапайым мысалдар арқылы функцияның графигі мен оның туындысы арасындағы байланысты көрсету үшін қажет.

Интегралдың математика курсында алатын маңызы зор. Мектеп курсында 10-11 сыныптарды туынды, алғашқы функция ұғымдарынан кейін интеграл ұғымы қарастырылады. 11 сынып «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің I тарауларында – алғашқы функция және интеграл ұғымы енгізілген. Бұл тарауда оқушылар алғашқы функция және анықталмаған интеграл, қисықсызықты трапецияның ауданы, анықталған интеграл, Ньютон-Лейбниц формуласы, интегралдың көмегімен жазық фигураның ауданын есептеу тақырыптарын танысады [2].

Оқушылар берілген тақырыптарды игере отырып алғашқы функция ұғымымен, алғашқы функцияны табудың ережелерімен танысып, функцияның үзіліссіздігі және шегін, қисық сызықты трапецияның және жазық фигуралардың ауданын оңай әрі тиімді жолдармен табуға дағдыланады. Анықталған және анықталмаған интеграл ұғымдарымен, Ньютон-Лейбниц формуласымен танысады. Алғашқы функцияның негізгі қасиеттері мен табу ережелерін және интегралдар кестесін қолдану арқылы анықталмаған интегралды табуды және анықталған интегралды есептеуді үйреніп, кез келген фигураның ауданын есептеу бойынша білімдерін тереңдетеді. Оқулықта есептер деңгейге бөлініп берілген. Оқушылар деңгей бойынша оңай есептен бастан күрделі есептерді шығаруға дағдыланады [2].

3-мысал: $F(x) = \frac{x^3}{3}$ функциясы $f(x) = x^2$ функция үшін $(-\infty;\infty)$ интервалында алғашқы функция болады, өйткені барлық $x \in (-\infty;\infty)$ үшін

$$F'(x) = \left(\frac{x^3}{3}\right)' = \frac{1}{3}(x^3)' = \frac{1}{3}\cdot 3x^2 = x^2 = f(x)$$

$F'(x) = f(x) = x^2$ орындалады.

4-мысал: $\int \cos^4 x dx$ интегралын есептейік [2].

$$\int \cos^4 x dx = \int \left(\frac{1+\cos 2x}{2}\right)^2 dx = \int \left(\frac{1+2\cos 2x+\cos^2 2x}{4}\right) dx = \int \frac{1+2\cos 2x+\frac{1+\cos 4x}{2}}{4} dx =$$

$$= \int \frac{2+4\cos 2x+1+\cos 4x}{8} dx = \int \left(\frac{3}{8}+\frac{1}{2}\cos 2x+\frac{1}{8}\cos 4x\right) dx = \frac{3}{8}x+\frac{1}{4}\sin 2x+\frac{1}{32}\sin 4x+C.$$

Жауабы: $\frac{3}{8}x+\frac{1}{4}\sin 2x+\frac{1}{32}\sin 4x+C.$

5-мысал: $y=1-x$ және $y=3-2x-x^2$ қисықтарымен шектелген фигураның ауданын есептеп шығарайық [3].

Шешуі: алдымен берілген функциялардың графиктерін сызайық



1-сурет

Екі функцияны теңестіру арқылы қиылысу нүктелерін тапсақ:

$1-x=3-2x-x^2$; $x^2+x-2=0$; Осыдан $x=1$ және $x=-2$ нүктелері табылады. Ізделген ауданды қисық сызықты BADC трапециясы мен BAC үшбұрышы аудандарының айырмасы ретінде табуға болады. Формула бойынша:

$$S_{BADC}=\int_{-2}^{1}(3-2x-x^2)dx=\left(3x-x^2-\frac{x^3}{3}\right)\Bigg|_{-2}^{1}=\left(3-1-\frac{1}{3}\right)-\left(3\cdot(-2)-(-2)^2-\frac{(-2)^3}{3}\right)=1\frac{1}{3}+7\frac{1}{3}=9$$

$$S_{\Delta BAC}=\frac{1}{2}AB\cdot BC=\frac{1}{2}\cdot 3\cdot 3=\frac{9}{2};$$

Олай болса берілген фигураның ауданы мынаған тең:

$$S=S_{BADC}-S_{\Delta BAC}=9-\frac{9}{2}=\frac{9}{2}=4{,}5$$

Жауабы: 4,5 (кв.бірлік).

Бұл тақырыптар жоғары оқу орнында жалғасын табатындықтан оқушы мектеп бағдарламасын тереңірек түсініп, есептеудің тиімді тәсілдерін игеруі керек. Сондықтан мектеп бағдарламасындағы дифференциалдық және интегралдық есептеулерге аса мән беріліп, сағат саны көбейтілсе деген ұсынысымызды білдіреміз. Мектеп математикасын өмірмен байланыстыру, бұл пәнді адамдардың практикалық және техникалық іс-әрекетіне қолдану үшін мектеп математикасы мен математика ғылымын жақындастыру қажет. Дифференциал мен интегралдың негізгі ұғымдары арқылы есептерді шешуде тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану, математиканың физика, информатика, химия және басқада пәндермен өзара байланыстарын арттыру қажет деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымова А.Е., Жұмағұлова З.А., Шойынбеков К.Д., Есенова М.И. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Өңд. 3-бас. – Алматы: Мектеп, 2014. – 168 б.
2. Әбілқасымова А.Е., Жұмағұлова З.А., Корчевский В. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. Өңд. 3-бас. – Алматы: Мектеп, 2015. – 224 б.
3. Әбілқасымова А.Е., Есенова М.И., Жадраева Л.У. Алгебра және анализ бастамалары: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 2014. – 72 б.

Резюме

Л.У.Жадраева, *к.п.н., ст. преподаватель,* **М.Ж.Жумаканова,** *магистрант*
(г.Алматы, КазНПУ им. Абая)

Методические особенности обучения учащихся старших классов дифференциальных и интегральных исчислений

В данной статье проведен обзор основных направлений обучения предмету «Алгебра и начала анализа» в школе. Рассмотрены значимость в школьной программе и применение дифференциального и интегрального исчислений в других отраслях знаний. Показаны роль и место дифференциального и интегрального исчислений, их практическое применение в различных жизненных ситуациях. Поэтому в этой статье каждая задача имеет оптимальные методы решения. Представлены количества часов, отводимые на изучение «Алгебры и начала анализа» в общеобразовательных школах. Приведены примеры на производную, исследование функции с помощью производной и первообразную функции, интеграл.

Ключевые слова: функция, дифференциал, интеграл, производная, начала анализа

Summary

L.U.Zhadraeva, *c.p.sc.,senior lecturer,* **M.Zh.Zhumakhanova,** *master*
(Almaty c., KazNPU named after Abay)

Methodical features of training of pupils of the senior classes to differential and integrated calculations

This article reviewed the main areas of teaching subject «algebra and analysis» in school. Considered importance in the school curriculum and the use of differential and integral calculus in other branches of knowledge. Shown the role and place of the differential and integral calculus, their practical use in different life situations. Therefore, in this article, every task has a solution of optimal methods. Presents the number of hours devoted to the study of «algebra and analysis» in school. Examples are given of the derivative, the study of the function using the derivative and primitive functions, integral.

Keywords: function, differential, integral, derivative, beginning of analysis

ӘОЖ 373.1.02:372.8

ЖОҒАРЫ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.У.Жадраева, *п.ғ.к.,аға оқытушы*
Г.Бақытхан, *магистрант*
(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Бұл мақалада қолданбалы есептердің мектеп математикасын оқытудағы маңызы мен оқушылардың ойлау қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытудағы алатын

орны баяндалған. Сонымен бірге математикалық білім беруде қолданбалы сипаттағы есептер жүйелерін жетілдірудің басты ерекшеліктері қарастырылған. Айта кетеріміз мақалада қолданбалы есептердің математикалық білім беру жүйесіндегі орны атап көрсетілген және математикадан қолданбалы есептердің түрлері сипатталған, сонымен қатар бұл мақалада қолданбалы есептерді шығару оқушылардың логикалық ой-өрісін кеңейтуде, оларды математика пәніне қызықтыруда, өздігінен жұмыс істеу қабілеттері мен икемділіктерін арттыруға баулуда, оқушыларға кәсіби бағдар беруде маңызды рөл атқаратыны туралы ой қозғалады және жоғары сынып оқушыларын қолданбалы есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған. Әрі басқа пәндермен байланысты қолданбалы есептерге де мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: Қолданбалы есептер, функция, туынды, интеграл, анализ бастамалары.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050 стратегиясында» көрсетілгендей бүгінгі күннің басты талабы «Жалпы білім беретін мектептің бүгінгі таңдағы білім мазмұны, тәрбие жұмыстарының басты бағыттары қоғамымыздың дамуына сай, жан-жақты, білімді және шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды басшылыққа алады».

Мектеп математика курсын оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі – математиканың қолданбалы мүмкіндіктерін ашу. Ал бұл мүмкіндікті ашуда қолданбалы есептердің маңызы зор. Математиканы қолданбалы бағытта оқыту ол математиканы техника мен оған жақын ғылымдарда қолдану. Халық шаруашылығы мен тұрмыста яғни нақты өмірде, адамдардың практикалық және техникалық іс-әрекетіне қолдануға бағыттау. Физикалық, химиялық немесе географиялық т.б. мазмұнды есептерді шешу арқылы оқушылар математикалық ұғымдар мен заңдылықтарды тереңірек түсініп, ұғынып, кәсіби даярлықтың негіздерін меңгереді. Қолданбалы есептер ғылымды өмірмен байланыстырады, күнделікті өмірге қажетті жағдайлармен ұштасып жатады. Қолданбалы есептердің бағдарлама бойынша жүйелі түрде берілуі оқушылардың қажетті математикалық ұғымдарды терең меңгеруіне оң ықпалын тигізеді. Қолданбалы есептерді шығару оқушылардың басқа пәндерді оқып білуге, еңбек барысында, күнделікті өмірде математиканы қолдана білуге қажетті білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қолданбалы есептерді шығару барысында оқушылар есептің математикалық моделін құруда, мысалы, теңдеу құру барысында және оны шешуде үлкен қиындықтарға жолығады. Сондықтан мұғалімдер есептердің бастапқы берілген шарттарын талқылауға, оларда берілген шамалардың мән-мағынасын анықтауға, сондай-ақ ол есепті шешудің таңдап алынған жолын және құрылған математикалық модельдің дұрыстығын анықтап талдауға көмектесуге баса назар аудару керек. Бұл мәселелер оқушыларда қолданбалы бағыттағы ойлауды қалыптастыруға үлкен әсерін тигізеді.

Есептерді қолданбалы бағытына байланысты бірнеше түрге бөлуге болады:

Олардың біріншісіне, яғни ең төменгі деңгейіне қажетті математикалық модельді құруға керекті мәселелер есептің шартында тікелей берілетін есептерді жатқызуға болады. Мектеп курсында мұндай есептер қарапайым теңдеулер құруға берілген практикалық есептер болып табылады. Мұндай есептердің таза математикалық есептерден айырмашылығы ондағы шамаларға қандай да бір мазмұнды мағына беріледі.

Екінші деңгейіне жататын есептер, оқушылар оларды шешу барысында өте қарапайым, адамдардың күнделікті өмірінде кездесетін математикалық тәуелділіктерді қолдану арқылы шығаратын есептер. Ол тәуелділіктер (мысалы, заттың құны, бағасы және саны арасындағы, дененің бірқалыпты қозғалысындағы жылдамдық, уақыт және жүрілген жол арасындағы тәуелділіктер т.б.) есептің шартында айтылмайды.

Үшінші деңгейдегі түріне, оқушылар оқулықтан, анықтамадан белгілі бір материалды тауып қолдану арқылы шығарылатын есептерді немесе басқа пәндерді (физика, химия, биология және т.б.) оқып, білу барысында меңгерген қандай да бір заңдылықты қолданып шығаратын есептерді жатқызамыз.

Төртінші деңгейдегі түріне, көбінесе оқушылар есептерді шығаруды мұғалімнің басшылығымен жүзеге асыратын, есептерді шығару барысында күнделікті өмірде кездесетін қиыншылықтарды шешуге бағытталатын есептерді жатқызуға болады. Бұл жағдайда оқушылар есептерді шығаруды жеңілдету үшін қандай да бір ұйғарымдар жасайды немесе есепті шығару үшін онша маңызды емес мәселені ескермейді, ия болмаса, артық берілген мәліметтерді қарастырмайды, ал жетіспейтін материалдар болса, оларды тауып есеп шартымен қосып қарастырады.

Ең жоғары дәрежедегі бесінші деңгейіне нақты бір физикалық объектіге немесе құбылысқа байланысты мәселелерге құрылған есептер жатады. Математикалық білім беруде пайдаланылатын қолданбалы сипаттағы есептер жүйелерін жетілдірудің басты ерекшеліктері:

- жүйелілік, үздіксіздік, пәнаралық принциптерді басшылыққа ала отырып математикалық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған практикалық әрекет пен үздіксіз білім беруде пайдаланылатын қолданбалы сипаттағы есептер мазмұнының арасындағы бірлікті сақтау;
- есеп мазмұнының оқушыны қызықтыратындай болуы, яғни есеп мазмұнына пайдаланылған материалдың оқушы өміріне етене жақындығы;
- есеп мазмұнының тәрбиелік маңыздылығы, өмірде өзіндік мәнділігі.

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған алгебра және анализ бастамалары оқулықтарынан бірнеше мысал қарастырайық.

1-мысал. Кітап бетіндегі мәтіннің ауданы 363 $см^2$. Кітап бетінің төменгі және жоғарғы жақтарынан 2*см*–ден, ал сол жағы мен оң жақтарынан 1,5 *см* –ден бос орындар қалдырылған. Кітап бетінің ең кіші ауданын жасау үшін оның бетінің сызықтық өлшемдері қандай болуы керек [1,3].



1-сурет

Шешуі. x арқылы баспа мәтінінің енін белгілесек, оның ұзындығы $\frac{363}{x}$ болады (1-сурет). Егер қалдырылған бос орындардың енін ескерсек, кітап бетінің ұзындығы $\frac{363}{x}+3$, ал ені $x+4$. Сонда кітап бетінің ауданы мына функция түрінде жазылады:

$$f(x)=(\frac{363}{x}+3).(x+4).$$ Алгоритм бойынша

$$f'(x)=-\frac{363}{x^2}(x+4)+\frac{363}{x}+3=-\frac{363}{x}-\frac{1452}{x^2}+3+\frac{363}{x}=-\frac{1452}{x^2}+3;$$

$$f'(x)=0;\ -\frac{1452}{x^2}+3=0;$$

$$3x^2=1452,\quad x=\pm 22.$$

Есептің шартын аргументтің $x=22$ мәні қанағаттандырады. Сонымен, кітап бетінің ұзындығы $\frac{363}{22}+3=19{,}5\,(см)$, ал ені $22+4=26\,(см)$-ге тең.

Жауабы: 26 *см*.

2-мысал. Қандай да бір биіктіктен құлаған дененің жылдамдығы $\vartheta = 9{,}8t + 0{,}01t^2$ заңымен өзгереді. Дененің құлау уақыты $t = 4c$ бола, ол қандай биіктіктен құлаған [2].

Шешуі: Биіктікті анықтау үшін $s(t\ ) = s(t_0) + \int_{t_0}^{t_1} \vartheta(t)dt$ формуласын қолданамыз:

Сонда: $s(t\ ) = s(t_0) + \int_0^4 (9{,}8t + 0{,}01t^2)dt = 0 + \left(4{,}9t^2 + \frac{1}{300}t^3 \right)\Big|_0^4 = 4{,}9.4^2 + \frac{1}{300} \cdot 4^3 = 78\frac{46}{75}$

Жауабы: $78\frac{46}{75}$ (бірлік).

3-мысал: Ауданы $800\,м^2$ тіктөртбұрыш пішінді жер телімі үш жағынан қоршалған. Қоршаудың ең кіші ұзындығын табыңыздар [1].



2 сурет.

Шешуі: тіктөртбұрыштың енін *x* пен, ал ұзындығын *y* пен белгілеп алайық (2-сурет). Сонда тіктөртбұрыштың ауданы *s*= *x y* болады.

$x\ \ y = 800$, $y = \frac{800}{x}$. Қоршаудың ұзындығын келесі функциямен өрнектейміз: $f(x, y) = 2y + x = 2 \cdot \frac{800}{x} + x = \frac{1600}{x} + x$.

$f(x, y)$ функциясының ең кіші мәні: $f'(x) = \left(\frac{1600}{x} + x \right)' = -\frac{1600}{x^2} + 1 = 0$,

бұдан $x = 40$, $y = \frac{800}{x} = 20$. Сонда қоршаудың ең кіші ұзындығы $f(x, y) = 2y + x = 80$.

*Жауабы:*80*м.*

Қорыта айтқанда математикадан қолданбалы есептерді шығару оқушылардың басқа пәндерді оқып білуіне, еңбек барысында, күнделікті өмірде математиканы қолдана білуге қажетті білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі, математикалық олимпиадаларға дайындығын ұштайды. Ең негізгісі қолданбалы есептер оқушылардың білімін тереңдетіп, кәсіптік бағдар береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ Әбілқасымова А.Е.,Жұмағұлова З.А.,Шойынбеков К.Д.,Корчевский В.Е. Өңд. 3-бас. – Алматы: Мектеп, 2014. – 184б.

2. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/

Әбілқасымова А., Жұмағұлова З., Абдиев А., Корчевский В. – Өңд. 3-бас. – Алматы: Мектеп, 2015. – 224б.

3. Алгебра және анализ бастамалары: Әдістемелік нұсқау [Текст]: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал / Әбілқасымова А.Е., Есенова М.И., Жадраева Л.У. – Алматы: Мектеп, 2014. – 88 б.

Резюме

Л.У.Жадраева, *к.п.н.,ст.преподаватель,* ***Г.Бакытхан,*** *магистрант*
(г. Алматы, КазНПУ им. Абая)

Методические особенности обучения старшеклассников прикладных задач в математике

В этой статье рассматривается значение прикладных задач в обучении математике в школе, а также их роль и место в развитии творческих и мыслительных способностей учащихся. В тоже время раскрываются основные особенности совершенствования системы задач прикладного характера в математическом образовании. Стоит отметить, что в статье указано место в системе математического образования и описаны виды прикладных задач, а также расширение кругозора учащихся, и развитие логического мышления, о том, как заинтересовать их предметом математики, повысить умения, способности работать самостоятельно, и это играет важную роль в профессиональном самоопределении, а так же даны методические особенности решения различных прикладных задач для учащихся старших классов. Кроме того, преведены и другие прикладные задачи к другим предметам.

Ключевые слова: Прикладные задачи, функция, производная, интеграл, начала анализа.

Summary

L.U.Zhadraeva, *c.p.sc.,senior lecturer,* ***G.Bakytkhan,*** *master*
(Almaty c., KazNPU named after Abay)

Methodical features of teaching school students to applied tasks in mathematics

This article discusses the importance of the application tasks in the teaching of mathematics in school, as well as their role and place in the development of creative and mental abilities of students. At the same time reveals the basic features of improving the system of an applied nature in mathematical education. It should be noted that the article indicates a place in the system of mathematical education and describes the types of application tasks, as well as expanding the horizons of the students and the development of logical thinking, how to make them interested in the subject of mathematics, to improve skills, ability to work independently, and it plays an important role in professional self-determination, as well as methodological features are given in various applications for senior students. Besides, conducted other applications to other subjects.

Keywords: applied calculation , function, derivative, integral, beginning of analysis.

ӘОЖ 373.5.016.02: 51(374)

НЕГІЗГІ МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ ПАРАМЕТРЛІК ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Л.У.Жадраева, *п.ғ.к.,аға оқытушы*
А.Б.Уркимбаева, *магистрант*
(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп математика курсында кездесетін параметрлік есептерге шолу жасалған.Параметрлік есептерді шешу барысында кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары көрсетілген. Мақалада параметрі бар есептерді шешудің кейбір әдістері көрсетілген және есептер шығару барысында оқушы өз деңгейіне байланысты қандай есептерді шығара алатындығы жайлы да айтылған. Сонымен қатар мақалада, әдістемелік-

мазмұндық тұрғыдан параметрі бар есептерді шешуге үйрету оқушыға оқулықтың бағдарламаларын меңгеруге септігін тигізеді. Параметрлік есептерді шешуде оқушының зерттеушілік және логикалық ойлау қабілеттерін калыптастыру жайлы да айтылған.Осы мәселелерді шешу үшін параметрлік есептерді шешу арқылы оқушының логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру арқылы, есептерді тез, әрі жылдам есептеуге үйретуге болатындығы жайлыда айтыла кетті. Параметрі бар теңдеулер мен теңсіздіктерге мысалдар келтіріліп талдау жасалды.

Түйін сөздер: Параметр, параметрлік есептер, мазмұнды-әдістемелік желісі, зерттеушілік қасиет.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білімді, алған білімін практикада қолдана білетін, жан жақты нарық сұранысына бейімделген қоғам мүшесін талап етеді. Білімнің алғашқы сатысы мектепте қалыптасатындықтан, келешек ұрпақты өмірге және еңбекке толық қанды даярлау, оның бойындағы табиғи және адами жақсы қасиеттерінің көзін ашып, шығармашылдыққа, ізденімпаздыққа баулу, сонымен қатар өмірдің қай сатысына болмасын еркін және дәлме-дәл, жауаптылықпен қызмет жасауға дайын, әртүрлі жағдайда жинақы болуға тәрбиелеуде мұғалімнің рөлі зор.

Егер есепте кейбір коэффициенттері нақты сан арқылы емес әріппен берілсе, онда оларды *параметрлер* деп атайды. Параметрі бар есептер күнделікті шығарып жүрген есептерге қарағанда өзгешелеу болғандықтан қиындау болады. Параметрлік есептерді шығара білу үшін логикалық, техникалық және психологиялық жағынанда қиындықтар туып жатады. Параметрлік есептер оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері мен математикалық мәдениеттілігін арттыруға үлкен үлес қосады. Айта кететініміз, параметрі бар есептер шығара білу арқылы оқушылар зерттеушілік қабілеттерін, анализ жасай білуге, тұжырымдамаларды дәлелдей білуге үйренеді. Мектеп оқулықтарын, параметрлік есептерге арналған оқулықтарды зерттей келе мынадай тұжырым жасап көрдік:

Біріншіден, параметрлік есептер мектеп оқулықтарында аз қамтылған.

Екіншіден, параметрлік есептерді қиын есептер қатарына жатқызуға болады

Үшіншіден, параметрлік есептерді шығару барысында қиындықтар тумас үшін оқушы мектеп математика курсын толық меңгеру керек

Төртіншіден, өзінің диагностикалық деңгейі жоғары болғандығына байланысты параметрлік есептер мынандай міндеттер атқарады деп тұжырымдадық:

1)Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытады

2)Оқушылардың қарапайым математикалық тұжырымдамаларға келтіру арқылы формулаларды есептерге қолдану қабілеттерін қалыптастырады

3)Оқушыларға эвристикалық тәсілдердің түрлерін қолдануға мүмкіндік береді.

Параметрлік есептер кездесетін негізгі математика пәнінің бағдарламасына енетін тақырыптар төмендегідей:

- Сызықтық теңдеу және функция;
- Квадрат теңдеу және функция;
- Көпмүшеліктер.Теңсіздіктер мен теңдеулер жүйесі;
- Бөлшек-рационал теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйесі;
- Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйесі;
- Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер;
- Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер;
- Аралас теңдеулер мен теңсіздіктер;
- Элементар функциялардың туындысы мен олардың қолданылуы. Алғашқы функция және интеграл;
- Мәтіндік есептер;
- Геометриялық есептер.

Қазіргі математикалық білім беру – әрбір адам бойынан табылу керек деп есептелетін білімділік, тәрбие және дамытушылық қасиеттерге келіп тоқталады. Егер кейбір A сандық жиынның a-ның әрбір мәндері үшін теңдеуді X-ке қатысты шешу мақсаты қойылса, онда теңдеуді X айнымалысы бар және a *параметрлі теңдеу* деп аталады, ал A жиыны – параметрдің өзгеру облысы.

Параметрлі теңсіздікті шешу – параметрдің қандай мәндерінде теңсіздіктің шешімі болатындығын анықтап және оның параметрдің осындай барлық мәндері үшін барлық шешімін табу. Параметрлі теңсіздікті параметрдің барлық мәндерінде қарастыру керек. Егер параметрдің ең болмағанда бір мәні зерттелмесе, онда есепті толық шешілді деп есептеуге болмайды.

Жалпы параметрі бар теңдеулер немесе теңсіздіктерді шешу үшін:

1)параметрдің қандай мәнінде теңдеудің немесе теңсіздіктің шешімі болатынын анықтау керек;

2)параметрдің әрбір мүмкін мәндер жүйесі үшін сәйкес шешімдер жиынын табу қажет.

Енді параметрі бар есептерге мысалдар қарастырайық.

Мысал 1: a-ның қандай мәнінде $4^x-(a+3)\cdot 2^x+4a-4=0$ теңдеуінің бір түбірі болады?

Шешуі: Берілген теңдеудің 2^x дәрежесіне байланысты квадрат теңдеу ретінде қарастырып, оның $2^x=a-1$ және $2^x=4$ теңдеулер жиынтығына мәндес болатынын көз жеткіземіз. $a=5$ болғанда $2^x=a-1$ теңдеуінің $x=2$-ге тең бір ғана түбірі бар, ал $a\le 1$ болғанда шешімі жоқ. a-ның кез келген мәнінде $2^x=4$ теңдеуінің бір ғана түбірі болады.

Жауабы: $a\le 1$ немесе $a=5$

Мысал 2: a параметрінің қандай мәнінде теңдеуінің бір ғана түбірі табылады?

Шешуі: Берілген теңдеуді мына түрге келтіреміз $a=\sqrt{x+1}-x$, $a(x)=\sqrt{x+1}-x$ функциясын қарастырамыз. Туындының көмегімен функцияны зерттеп, графигін саламыз.

1) $D(a)[-1;\infty)$, бұл жерде $a(-1)=1$;

2) а осімен қиылысу нүктелерін табамыз, a: $a(0)=1$;

3) Функцияны монотондылыққа және экстремумдарын табуға зерттейміз:

$$a'(x)=\frac{1}{2\sqrt{x+1}}-1=\frac{1-2\sqrt{x+1}}{2\sqrt{x+1}}=0$$

$x=-\frac{3}{4}$ - бұл кризистік нүкте,



-

1 сурет

$a\left(-\frac{3}{4}\right)=1{,}25$ - бұл максимум нүктесі.

Графигін салайық:



2 сурет

Жауабы: $a<1$ немесе $a=1{,}25$

Мысал 3. Әрқайсысында $\sqrt{(a-x^2)(x^2+a)}+a>x$ теңсіздігінің шешімдерінің ішінде екі әртүрлі бүтін сан шешімі болатын параметр a-ның барлық мәндерін табыңдар.

Шешуі: $\sqrt{(a-x^2)(x^2+a)}+a>x \Leftrightarrow \left[\begin{cases} x-a\geq 0 \\ a^2-x^4>x^2-2ax+a^2 \end{cases} \right. \Leftrightarrow$

$$\Leftrightarrow \left[\begin{cases} x\geq a \\ x\left(a-\dfrac{x^3+x}{2}\right)>0 \end{cases} \right. \Leftrightarrow \left[\begin{cases} a\leq x \\ x\left(a-\dfrac{x^3+x}{2}\right)>0 \end{cases} \right.$$

$$\left. \begin{cases} x<a \\ |a|\geq x^2 \end{cases} \right. \qquad \left. \begin{cases} a>x \\ |a|\geq x^2 \end{cases} \right.$$

Енді $(x;a)$ қос сандар жиынынан сәйкес координаталарымен жазықтықта кескіндейміз.



Сурет 3

Осы жиындардың қиылысуы горизонталь түзуде $a=const$ бүтін сан координаты бар x екі нүктесі бар, не $a=1$, не $f(-3)\leq a<f(-2)$, мұндағы $f(x)=\dfrac{x^3+x}{2}$, яғни $-15\leq a<-5$, болатынын байқауға болады.

Жауабы: $[-15;-5)\cup\{1\}$.

Мысал 4: a-ның барлық мәнінде, $|x^2-(a+2)x+2a|=|3x-6|$ теңдеуінің кем дегенде екі түбірі бар. $a_1\cdot a_2$ неге тең болады ?

Шешуі: $x^2-(a+2)x+2a$ көпмүшесін көбейткіштерге жіктейік: $D=(a+2)^2-8a=a^2+4a+4-8a=a^2+4a+4=(a-2)^2$;

$x_{1\cdot2}=\frac{a+2\pm(a-2)}{2}$; $x_1=a$; $x_2=2$;

$x^2-(a+2)x+2a=(x-2)(x-a)$, бұдан $|(x-2)(x-a)|=3|x-2|$ теңдеуін аламыз.

Бұл теңдеуді мына жиынтықпен шешеміз:

$$\begin{cases} x-2=0 \\ |x-a|=3 \end{cases}$$

$$\begin{cases} x-2=0 \\ x-a=3 \\ x-a=-3 \end{cases}$$

$$\begin{cases} x=2 \\ x=a+3 \\ x=a-3 \end{cases}$$

Сондықтан теңдеудің екі түбірі табылады $a+3=2$ және $a-3=2$. Бұл жерден a-ның мәні $a_1=-1$ және $a_2=5$, онда $a_1\cdot a_2=-5$.

Жауабы:-5.

Мысал 5: $\begin{cases} ax-4y=a+1 \\ 2x+(a+6)y=a+3 \end{cases}$ теңдеулер жүйесі ***a***-ның қандай мәнінде шешімі болмайтынын табыңыз.

Шешуі: теңдеулер жүйесінің анықтауыштарын табайық:

$$\Delta=\begin{vmatrix} a & -4 \\ 2 & a+6 \end{vmatrix}=a^2+6a+8$$

$$\Delta_x=\begin{vmatrix} a+1 & -4 \\ a+3 & a+6 \end{vmatrix}=a^2+7a+6-(-4)(a+3)=a^2+11a+18$$

$$\Delta_y=\begin{vmatrix} a & a+1 \\ 2 & a+3 \end{vmatrix}=a(a+3)-2(a+1)=a^2+a-2$$

Жүйенің шешімі болмайды,егер анықтауыштар нөлге тең болса.Табылған параметрдің мәндерін теңдеулер жүйесіне келтірсек: $\begin{cases} a^2+6a+8=0 \\ (a^2+11a+18)^2+(a^2+a-2)^2\rangle 0 \end{cases}$

Теңдеуді шешеміз: $a^2+6a+8=0\Leftrightarrow\begin{cases} a=-2 \\ a=-4 \end{cases}$ табылған түбірлерді жүйеге келтіреміз, $\begin{cases} a=-4 \\ (-10)^2+(10)^2\rangle 0 \end{cases}$, $\begin{cases} a=-2 \\ (0)^2+(0)^2=0 \end{cases}$ онда $a=-4$ болғанда теңдеулер жүйесінің шешімі болмайды.

Жауабы: -4

Мысал 6: Үшбұрыштың қабырғалары *а* және *в*, үшінші қабырғаға түсірілген биіктік ***h*** болса, сырттай сызылған шеңбердің радиусын табыңдар.



Шешуі: Синустар теоремасын қолданамыз.

$\frac{a}{\sin C}=\frac{b}{\sin B}=\frac{c}{\sin A}=2R$ ΔАДС-дан $\sin C=\frac{h}{b}$

$$2R=\frac{a}{\sin C}=\frac{a}{\frac{h}{b}}=\frac{a\cdot b}{h},\ R=\frac{a\cdot b}{h}$$

Жауабы: $R = \frac{a \cdot b}{h}$

Қорыта келе параметрлік есептерді шығара білу оқушылардың теңдеулер мен теңсіздіктерді,соның ішінде анықталу аймағын табуды, тепе теңдіктерді дәлелдеуге, қысқаша көбейту формулаларымен еркін жұмыс жасай білуге үйренеді. Сонымен қатар, функцияларды түрлендіруде, координаталар, геометриялық фигуралар, векторларға амалдар қолданудағы білімдерін әрі қарай дамытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымова А.Е., Жұмағұлова З.А. Алгебра анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп. 2015.

2. Азаров А.И., Барвенов С.А., Федосенко В.С. Методы решения задач с параметрами. Математика для старшеклассников. – Минск: Аверсэв, 2003.

3. Мирошин В.В. Решение задач с параметрами. Теория и практика. – Москва: Экзамен, 2009.

Резюме

Л.У.Жадраева*, к.п.н., старший предподаватель*
А.Б.Уркимбаева*, магистрант*
(г. Алматы, КазНПУ имени Абая)

Основы обучения решения задач с параметрами в школьной математике

В данной статье приведен обзор задач с параметрами, встречающихся в школьном курсе математики. Рассмотрены трудности возникающие у учащихся при решении задач с параметрами, а также подходы для их разрешения. В данной статье были выделены основные методы решения задач с параметрами. Показано, какими методами решения учащийся может овладеть в зависимости от его уровня подготовки и профиля школы. Данной статье представлено использование цифровых образовательных ресурсов при изучении содержательно-методической линии «Задачи с параметрами», использование которых позволяет улучшить овладение учащими предметных компетенций. Статья посвящена вопросам развития исследовательских умений учащихся в процессе решения математических задач с параметрами. Задача развития логического мышления учащихся ставится и определенным образом решается в массовой школе. Эффективно решать эту проблему можно с помощью задач с параметрами, в ходе решения которых развивается умение выстраивать логическую цепочку рассуждений, что присуще логическому мышлению. Даны примеры для уравнение и неравенство с параметрами.

Ключевые слова: Параметр, задачи с параметрами, содержательно-методическое линия, исследовательские умения

Summary

Zhadraeva L.U., *candidate of pedagogical sciences, senior lecturer*
Urkimbaeva A.B, *master*
(Almaty c., KazNPU named after Abay)

Fundamentals of the training of solving tasks with parameters in school mathematics

This article provides an overview of the tasks with the parameters encountered in the school course of mathematics. The difficulties arising for the students in solving tasks with parameters, as well as approaches to solve them. In this paper identified the key methods of solving tasks with parameters. Shown the methods by which the student can master the solution of depending on the level of training and the profile of school. This article presents the use of digital learning resources in the study of content and methodical lines of «Tasks with parameters», the use of which helps to improve the mastery of the student's subject competences.The article is devoted to the development of research skills of students in the process of solving mathematical tasks with parameters. The

problem of logical thinking development of students is placed in a certain way and solved in regular school. Effectively solve the problem is possible by means the tasks with parameters during the solution developing the ability of building a logical chain of reasoning which is inherent in logical thinking. Examples are given for the equations and inequalities with parameters.

Keywords: Parameters, Task with parameters, substantial and methodical line, research skills.

ӘОЖ 373.5.016.02:51:004.92(574)

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ФУНКЦИЯНЫҢ ГРАФИКТЕРІН САЛУДЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ОҚЫТУ

Л.У.Жадраева, *п.ғ.к., аға оқытушы*
Ж.Ө.Серікбаева, *магистрант*
(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Мақалада мектеп математика курсында компьютерлік технологиялардың көмегімен функцияның графиктерін салу және компьютерлік графикалық модельдеудің әдістемелік ерекшеліктері аталып өткен. Бүгінгі таңда адамзаттың жоғары индустриалды және ақпаратты қоғамға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің бет-бейнесі тұтастай өзгеруде. Елдің өркендеуі білім беру жүйесін, онын мазмұны мен құрылымын жаңартуды қажет етеді. Яғни, қазіргі қоғамның маңызды проблемаларының бірі - бұл құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Мұндай тұлғаға - шығармашыл, белсенді, әлеуметтік жауапты, жақсы дамыған интеллект иесі, жоғары білімді, кәсіби сауатты болуы қажет.

Түйін сөздер: Компьютерлік технология, графикалық модельдеу, ақпаратты қоғам.

Компьютерлік графиканың пайдаланылуы адамның кеңістіктік ойлауы тәрізді маңызды сапасын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл, әсіресе, геометрия, алгебра және анализ бастамаларын оқыту барысында айқын байқалады. Әсіресе, ол орта мектепте геометриядан қалыпты дайындығы жоқ, айтарлықтай қиындыққа тіреліп жүрген оқушылар үшін өте тиімді. Геометриялық фигуралардың өзара қиылысуының әр түрлі проекциялары мен контурларды тек статикада ғана емес, сонымен бірге динамикада да демонстрациялау мүмкіндігі бар. Оқу барысында кеңістіктегі елестету мен ойлауды дамыту анализ бастамалары мен математикалық талдауды ары қарай ойдағыдай меңгеруге, әсіресе, логарифмдік және тригонометриялық функцияларды, сондай-ақ, комплекстік айнымалы функцияларды жақсы меңгеруге негіз болады. Кеңістіктік елестету тек конструкторға, скульптурға, архитекторға немесе дизайнерге ғана қажет емес. Ол сондай-ақ, ғылыми қызметкерлер – математиктер, физиктер, химиктер, биологтар үшін де аса маңызды болып табылады. Тіпті абстрактылы сала болып есептелетін сандар теориясы үшін геометриялық болжам аса пайдалы, әрі қажетті болып есептеледі.

Графикалық компьютерлік модельдеу, компьютерлік графиканы оқыту білім беру мен тәрбиелеудің негізінде жүргізілуі тиіс, сондай-ақ іс-әрекеті мен практикалау шығармашылық жұмысы үндестік табуы тиіс, ол өз кезегінде шығармашылықты қабылдап, түсіну қабілеттерін дамыту. Негізгі информатика курсында графикалық редактор Paint Brush редакторының мүмкіндіктерімен шектеледі. Ал аталған редакторды оқыту талаптары қазіргі уақыт талабына сай, компьютерлік графикаға деген қызығушылығын ескере отырып, кәсіптік графикалық басқа да редакторларды оқытуды ұсынады. Бұл курстың бағдарламасында қарапайым графикалық редакторлардың жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан. Бағдарлама төмендегідей дидактикалық принциптерге негізделеді: ғылымилық, тиімділік, жүйелілік, бірізділік, көрнекілік. Осы принциптердің ішінде ғылымилық принципі

ерекше көңіл аударуды талап етеді, өйткені осы негізгі бағыт бойынша оқыту барысында бейнелі ойлау қабілеті қалыптасады; - дербестік, заттың абстрактілі бейнеден абстрактілі шартты схемалық бейнелерге көшуі және керісінше; - бейнедегі теориялық байланыстар мен тәуелсіздіктерді келтіру мүмкіндігі (кеңістіктен құрылымдық, функционалдық, уақыттық); - бейненің дамытылуы, оның көп аспектілігі мен санақ нүктесінің ауысуымен сипатталады; - бейне құрудың әр түрлі тәсілдерін меңгеру және оларға амалдар қолдану.

Графикалық компьютерлік модельдеудің, компьютерлік графиканың қолданылуы аясы өте кең. Ол мультимедиялық программалар, теледидар жарнамаларын, киноның арнайы эффектілерін құрудан бастап, машина құрылымын компьютерлермен жобалау мен іргелі оңды зерттеулерді қамтиды. Оқыту саласына компьютерлік графика жаңа мүмкіндіктер әкелуде. Бейнелерді талдау процесінде олардың мазмұнын, формасын, өлшемін, түсін қозғалмалы түрде басқаруға мүмкіндігі бар. Оқу компьютерлік жүйелерде графиканың қолданылуы ақпаратты тарату, жылдамдығын арттырып қана қоймай кез келген маман үшін аса маңызды болып табылатынын іс-әрекетін сапаларын интуиция образдық ойлау тәрізді қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Әлем көп өлшемді, XXI ғасырдың адамдары үшін әлемнің басқа да өлшемдеріне бара-бар алуға қажетті сапаларын дамыту өте маңызды.

Компьютерлік технологияны қолдана отырып функция графигін салуға мысал қарастырайық. Мысал. $f(x) = -|x^2 - |x| - 6|$ функциясының графигін Geogebra бағдарламасында салып көрсетейік.

« – » болғандықтан III, IV ширекте бағыты жоғары бағытталған парабола болады. $-|x^2 - |x| - 6|$ болғандықтан OУ осіне симметриялы.

$m = -\frac{b}{2a} = \frac{1}{2}$ $n = \frac{4ac-b^2}{4a} = \frac{4*(-6)-1}{4} = \frac{-25}{4}$

O$(\frac{1}{2}; -\frac{25}{4})$ нүктесінен өтетін OУ осіне параллель түзуге симметриялы $-|x^2 - |x| - 6|$ функциясында $(|x|)^2 - |x| - 6 \rightarrow$ I,II ширектегі функция OX осіне қатысты симметриялы көшеді.



Сурет 1. Графикалық кескін түрінде



Сурет 2. 3D формат түрінде. Мұнда функция графигін шаршыны жылжытып айналдыру арқылы барлық қырынан көріп, түсінуге болады.

Енді осы есепті келесі Mathcad бағдарламасына да салып көрейік.



Сурет 3. Mathcad бағдарламасында бейнеленуі.

Мұндада түрлі форматтағы графиктерді көруге болады. Бұл бағдарламаның басты артықшылы оқушы функция графигінің бірнеше түрде сызылған нұсқаларын көре алады (графигтік, кеңістік). Ал бұл оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытуда маңызды орын алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хакимова Т. Графикалық компьютерлік модельдеу. – Алматы, 2008. – Б. 45.
2. Чалкина Н.А. Методы решения систем линейных неоднородных уравнений.
3. Компьютерная технология Microsoft Excel: Методические указания / Сост. М.Н. Жукова, Е.В. Ширяева, С.И. Калмыкова; Волгогр. гос. с.-х. акад. – Волгоград, 2004.
4. Титаренко А.М. 5770 задач по математике. — М.: Эксмо, 2005. — 336 с.

Резюме

Л.У.Жадраева, *к.п.н., старший преподаватель,* ***Ж.О.Серикбаева,*** *магистрант*
(г. Алматы, КазНПУ имени Абая)

Обучение построению графиков функции с помощью компьютерных технологии

В статье отмечены как на курсе школьной математики с помощью компьютерной технологией изобразить графиков функции и особенности методик компьютерного

графического моделирование. В настоящее время полностью меняется лицо цивилизации в связи интенсивное перехода человечество к высоко индустриальное и информационное обществе. Развития страны требует обновления системы образования, его содержание и состава. Использование компьютерной графики открывает новые возможности развивать важные качества как пространственные мышления человека. Это, особенно, явно замечается в ходе обучения геометрии, тригонометрии и чертежной геометрии. Графическое компьютерное моделирование, технология компьютерной графики высших учебных заведениях и общих средних школах находить наиболее полезным инструментом к преподованию курса чертежной геометрии. Особенно, очень полезно для учеников испытывающие существенных трудностей в процессе учебы на курсе чертежной геометрии в средних школах, не имеющие подготовленности к геометрии.

Ключевые слова: Компьютерная технология, графическое моделирование, информационное общества.

Summary

Zhadraeva L.U., *candidate of pedagogical sciences, senior lecturer*
Serikbayeva Zh.U., *master*
(Almaty c., KazNPU named after Abay)

Teaching construction of the graph of functions with the help of computer technology

This article noted the construction of graphs on the course of mathematics at school by means of computer technology and feature of techniques of th computer graphic modeling. Development of the country is demanded updating of an education system, by its contents and structure. Use of computer graphics opens new opportunities to develop important qualities as spatial thinking of the person. It is, especially, noticed during training of geometry, a trigonemetriya and drawing geometry. Graphic computer modeling, technology of computer graphics higher educational institutions and the general high schools to find the most useful tool to teaching a course of drawing geometry. Especially, it is very useful for pupils testing essential difficulties in the course of study on the course of drawing geometry at high schools, not having readiness to geometry.

Keywords: Computer technology, computer graphic modeling, information society.

ӘОЖ 378. 146371.26

ГРАВИТАЦИЯЛЫҚ ӨРІС ЖӘНЕ АСИММЕТРИЯ

Н.Ильясов, *п.ғ.к., профессор*
Д.Жакупова, *магистрант*
Ұ.Мәмбетова, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Табиғатта таза симметриялық заңдар бар, ол заңдар, ассиметриялық құбылыстар, симметрияның бұзылуы сыртқы факторларға байланысты емес, ол симметриялық шешімдердің тұрақсыз болғандығынан туындайды. Бұл дегеніміз – жасырын симметрия деп те аталады. Егер кейбір заңдарға ешқандай шектеулер қойылмаса, онда олар өздері қайтымсыз құбылыстардың өсуіне әкеледі. 4 фундаментальды өзара қозғалыстардың ішінде біреуі (гравитация) өзін осылай ұстайды. Себебі гравитациялық жүйе теріс потенциалдық энергияға ие және де оның тұрақты тепе-теңдік нүктесі жоқ. Осы мақалада осы және де басқа да гравитациялық өрістің ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: гравитация, симметрия, асимметрия, коллапс, орнықсыздық, деформация.

Табиғат заңдары уақыт ығысуына қатысты симметриялы болса, әлемнің дамуы мүмкін бе? Макроскопиялық уақыттың жүрісінен бөлек оның мәні неде? Еркіндік дәрежелер ісі үлкен мәнге ие макроскопиялық жүйелер үшін қойылған сұраққа, термодинамиканың екінші заңы мен Больцманның Н-теоремасын береді. Ал бастапқы шарттар ескерілмейтін қарапайым жүйелердегі өзгерістердің басты негізгі себептерін қалай бақылауға болады? Бұл үшін, алдымен ішінде орнықсыздық қаланған физикалық заңдар, анықталуына еш шектеу қойылмаған жағдайда, қайтымсыз құбылыстардың өздігінен артуына әкеледі деген болжамға келуіміз керек. Шындығында Төрт іргелі өзара әсердің ішінде гравитациялық өзара әсер осы жорамалды растайтыны анықталды [1].

Гравитациялық жүйенің потенциалдық энергиясы барлық уақытта теріс және m_1 мен m_2 өзара тартылатын екі массалар біріне-бірі жақындаған сайын, олардың потенциалдық энергиясының абсолют шамасы арта отырып, теріс мәні сақталады. Потенциалдық энергиясы барлық жағдайда оң және минимумға ие орнықты тепе-теңдік нүктесі бар жүйелерден бөлек, екі тартылыстағы жүйелердің тепе-тең күйі болмайды. Еркіне жіберілген жағдайда, олардың потенциалдық энергиясы бірқалыпты өсе отырып $\to -\infty$ ұмтылады.

Бұл m_1 және m_2 массалардың сіңіретін кинетикалық энергиясы шексіз. Олар бір-біріне жақындаған сайын жұтатын кинетикалық энергиясының шамасы да, теріс мәні де арта береді. Егер физикалық әлемде бір ғана гравитациялық әлем болса, ол қайтымсыз коллапсқа ұшырар еді, яғни, ол өте тез зор тығыздыққа дейін сығылар еді. Енді, массасы M және радиусы R біртекті ішкі қысымы жоқ заттан тұратын сфера коллапсқа ұшырауы үшін қанша уақыт керек? Осыны қарастырайық.

Барлық бөлшектер бір-біріне тартылады, сондықтан, сфера сығылады. Егер уақыт ол өз бетіне жіберілген, яғни, сығылуы басталған мезеттен саналса, *t* уақыттан соң сфераның радиусы мынаған теңеледі $r<R$. Осы *r*-дің *t* уақытқа тәуелділігін тағайындайық. Бұл үшін сфераның бетіндегі бірлік массалы бөлшекке ω/r^2 күш әсер етеді деп саналады. Осы кездегі оның қозғалыс теңдеуі Ньютонның 2-ші заңына сәйкес былай жазылады:

$$\frac{d^2r}{dt^2} = \frac{GM}{r^2}. \qquad (1)$$

(1) теңдеуді интегралдау мынаны береді:

$$\left(\frac{dr}{dt}\right)^2 = 2GM\left(\frac{1}{r} - \frac{1}{R}\right), \qquad (2)$$

мұнда $r = R$ және t=0-де мына шарт орындалады: $\frac{dr}{dt} = 0$. (2) теңдеудің жоғарыда қойылған бастапқы шарттарды қанағаттандыратын шешімі мынадай тәуелділікті береді

$$dt = \sqrt{\frac{R}{2GM}} \int_r^R \left(\frac{r}{R-r}\right)^{1/2} dr \quad \text{және} \quad \int_0^t dt = T = \sqrt{\frac{R}{2GM}} \int_r^R \left(\frac{r}{R-r}\right)^{1/2} dr \qquad (3)$$

r = 0-ге теңелуге жұмсалатын уақыт *T* сфераның толық коллапсқа ұшырайтын уақытын береді. Ол (3) теңдеуді шешу, яғни, $\int_r^R \left(\frac{r}{R-r}\right)^{\frac{1}{2}} dr$ интегралын есептеу арқылы табылады. Бұл интеграл ақырсыз функциядан алынған меншіксіз интеграл, себебі оның жоғарғы $r = R$ шегінде $\frac{r}{R-r} = \infty$. Сондықтан,

$$T = \sqrt{\frac{R}{2GM}} \int_r^R \left(\frac{r}{R-r}\right)^{1/2} dr = \left(\frac{R}{2GM}\right)^{\frac{1}{2}} \cdot \lim_{\varepsilon \mapsto 0} \int_r^{R-\varepsilon} \left(\frac{r}{R-r}\right)^{1/2} dr. \qquad (4)$$

Мұндағы соңғы интегралды айнымалыны алмастыру тәсілімен жеке есептеген ыңғайлы, яғни, $\frac{r}{R-r} = a^2,\ r = a^2(R-r),\ r\left(1+a^2\right) = Ra^2,\quad r = \frac{Ra^2}{1+a^2}$. Сөйтіп r айнымалыдан a айнымалыға көштік. Сонда

$$dr = \left(\frac{Ra^2}{1+a^2}\right)' da = \frac{2aR\left(1+a^2\right) - 2Ra^3}{(1+a^2)} da = \frac{2Ra}{\left(1+a^2\right)^2}\, da.$$

Жоғарыдағы табылған шамалар арқылы интегралдың шектері анықталады. Мұндағы $r \to a_1 = \sqrt{\frac{r}{R-r}},\ ал\quad (R-\varepsilon) \to a_2 = \sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}$ мәндерге ауысады. Олай болса, (3) теңдеудің соңғы интегралы мына түрге келеді:

$$\int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} a\frac{2Ra}{\left(1+a^2\right)^2}\, da = 2R\int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} \frac{\left(a^2+1\right)-1}{\left(1+a^2\right)^2}.da = 2R\left|arctg\alpha\right|_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} - \int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} \frac{da}{(1+a)^2}.$$

Осы өрнектегі соңғы мұндағы соңғы интеграл жеке есептеледі.

$$\int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} \frac{da}{(1+a)^2} = \int_{\sqrt{\frac{\kappa}{K-\kappa}}}^{\sqrt{\frac{K-\varepsilon}{\varepsilon}}} \frac{\left(a^2+1\right)+a^2}{\left(1+a^2\right)^2}\, da = arctg\Big]_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} - \int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} \frac{a^2 da}{\left(1+a^2\right)^2} = \frac{\left|u=a,\ du=da\right|}{\left|d\vartheta = \frac{a\ da}{\left(1+a^2\right)^2}\right|} =$$

$$= arctg\int_{\frac{\kappa}{K-\kappa}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} + \frac{a}{2\left(1-a^2\right)^2}\int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} - \frac{1}{2}\int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} \frac{da}{1+a^2} = \frac{1}{2}\int arctg\alpha\Big|_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} + \frac{a}{2\left(1+a^2\right)}\Big|_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} =$$

$$= 2R\left[\frac{1}{2}\ arctg\int_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} - \frac{a}{2\left(1+a^2\right)}\Big|_{\sqrt{\frac{r}{R-r}}}^{\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}} = R\left[arctg\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}} - arctg\sqrt{\frac{r}{R-r}} - \frac{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}}{1+\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}} + \frac{\sqrt{\frac{r}{R-r1}}}{1+\frac{r}{R-r}}\right]=\right.$$

$$= R\left[arctg\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}} - arctg\sqrt{\frac{r}{R-r}} - \frac{\sqrt{\varepsilon\ (R-\varepsilon)}}{R} + \frac{\sqrt{r\ (R-r)}}{R}\right]=$$

$$= R\left[arctg\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}} - arctg\sqrt{\frac{r}{R-r}} + \frac{\sqrt{r(R-r)} - \sqrt{\varepsilon\ (R-\varepsilon)}}{R}\right].$$

Бұл табылған интегралдың мәнін (4) теңдікке қойып есептеулер ізделіндіні береді.

$$T = \sqrt{\frac{R}{2GM}} \cdot R \cdot \lim_{\varepsilon \mapsto 0}\left[arctg\sqrt{\frac{R-\varepsilon}{\varepsilon}} - arctg\sqrt{\frac{r}{R-r}} + \frac{\sqrt{r(R-r)} - \sqrt{\varepsilon(R-\varepsilon)}}{R}\right] =$$

$$= R\sqrt{\frac{R}{2GM}} \cdot \left[\frac{\pi}{2} - arctg\sqrt{\frac{r}{R-r}} + \frac{\sqrt{r\ R-r(\ )}}{R}\right]_{r=0} = R\sqrt{\frac{R}{2GM}} \cdot \frac{\pi}{2} = \frac{\pi}{2}\ R\sqrt{\frac{R}{2GM}}.$$

Сонымен, сфераның толық коллапсқа ұшырауға жұмсалатын уақыты мына формуламен табылады:

$$T = \frac{\pi R}{2}\sqrt{\frac{R}{2GM}}. \quad (5)$$

Біз (5) формуланы пайдаланып, Күннің коллапсқа ұшырау уақытын Т анықтадық. Күннің радиусы R= 6,95·10^{8}м, М=1,97·10^{30}кг, $G = 6{,}67\cdot 10 = 10^{-11}\frac{Н\,кг^2}{м^2}$. Осылардан:

$$T = \frac{3{,}14\cdot 6{,}95\cdot 10^8}{2}\sqrt{\frac{6{,}95\cdot 10^8}{2\cdot 6{,}67\cdot 10^{-11}\cdot 2\cdot 10^{30}}} = \frac{3{,}14\cdot 6{,}95\cdot 10^8\cdot 10^{-6}}{2\cdot 2} = 30 \text{ мин.}$$

Сонымен, егер Күннің ішкі қысымы кенет тоқтаған жағдайда, оның бар болғаны жарты сағатта коллапсқа ұшырайтыны шығады. Күннің өмірінің ұзақтығын (шамамен 10 миллиард жыл) 4 іргелі физикалық өзара әсердің біріккен әрекетінің негізінде деп түсінген жөн. Олардың осы үйлесімді әрекеттерінің нәтижесінде табиғаттағы нысандардың көпшілігі жеткілікті дәрежеде ішкі қысымға ие. Бұл, өз кезегінде, нысандарға гравитациялық орнықсыздықтан туындайтын апаттарға қарсы тұруға көмектеседі.

Гравитациялық жүйелердің ішкі тепе-тең күйге ие болмайтындығы, оларды «термодинамикалық емес» жүйелердің қатарына қосады. Күнделікті тәжірибе, егер ыстық және суық денелерді бір-біріне тигізсе, оның ыстығынан суығына қарай бағытталған жылу ағыны пайда болады. Бұл процесс сол екеуінің температуралары теңелгенше жүреді. Яғни, ыстық дене қызады [2].

Астрофизик Нарликар мынадай ойша эксперимент ұсынған: ыстық жұлдыздың маңында суық жұлдыз орналасады. Олардың әрбірі екі күштің өзіндік гравитация және ішкі қысымының әсерінен тепе-теңдікте тұрсын [1]. Яғни, гравитация жұлдыздарды сығады, ал ішкі қысым оны теңгереді. Жоғарыда айтылғандай, 1-ші жұлдыздан 2-ші жұлдызға бағытталған жылу ағыны түзіледі. Сонда 1-ші жұлдыздан энергия кеткен сайын оның ішкі қысымы кемиді, сөйтіп сығыла бастайды. Ал, бұл өз кезегінде оның температурасын өсіреді. Суық жұлдызда 2 кері процесс жүреді. 1-ші жұлдыздан жылу алған сайын, оның ішкі қысымы арта бастайды да көлемін ұлғайтады, ал бұл 2-ші жұлдыздың температурасының кемуіне әкеледі. Нәтижесінде, 1-ші жұлдыз бұрынғыдан да ыстық, ал 2-ші жұлдыз бұрынғыдан да суық күйлерге ауысады. Әрине, бұл нәтиже термодинамиканың 2-ші бастамасына қайшы. Мұндай орнықсыздық бастапқы ассимметрияның күшеюіне және дамуына, яғни, симметрияның бұзылуына әкеледі [3].



Сурет 1 – Барлық басқа потенциалдардан бөлек, гравитациялық потенциалдық тепе-теңдік нүктесі болмайды.

Гравитацияның мұхит, теңіз сулары деңгейлерінің көтерілуіне әсері, симметрияның бұзылуынан пайда болатын диссипация тудыратын, қайтымсыз құбылыстың (гравитациялық

қамтып алудың) тағы бір мысалы болып табылады. Көтерілу эффектісі екі созылыңқы тұтқыр массалардың (мысалы, Жер мен Айдың) арасында энергияның индукция бойымен лездік тасымалымен байланысты.

Мысалы, екі тартылыстағы денелер идеал сфералық пішінге ие болсын және оларды арасында дифференциалдық тартылыс күштері түзілмейтіндей аса тұтқыр деп саналық. Бұл кезде денелердің бірін-бірі гравитациялық қамту процесі жүруі мүмкін емес және олар импульстің сақталу заңына сәйкес серпімді соқтығысады, өзара қайтымды әсерлеседі. Сонымен қатар, бұл денелердің спиндерінің арасында ешқандай байланыс пайда болмайды. Шындығында, идея сфералық пішінде ие денелердің өзара спинге ықпал етпейді. Олай болса, спин өзара әсерлесу процесіне қатыспайды.

Бұрыштық моменттің сақталу заңынан, денелер қозғалысының соңындағы және бастапқы кезіндегі траекторияларының арақашықтықтары тең болуы тиіс. Бұл олардың өзара әсерлерінің қайтымды сипатқа ие екендігін білдіреді. Нақты жағдайларда, нөлдік гравитациялық тұтқырлықтың болмайтындығы екі дененің арасында пластикалық деформация тудырады. Осы сызықты емес деформацияның нәтижесінде (симметрияның бұзылуы) диссипация пайда болады (серпімді де формацияның идеал еместігі механикалық энергияның жылуға айналуына әкеледі). Бастапқыда идеал сфералық пішінге ие денелердің деформациясы серпімсіз жағдайда қайтымсыз болады.

Сонымен қатар, денелердің сфералық пішіндерден ауытқуы, олардың орбиталық және спиндік бұрыштық моменттерінің арасында байланыс түзілуіне әкеледі. Бұл бір дененің айналуы мен екінші дененің орбитасының арасында энергия және бұрыштық моменттермен алмасу жүретінін білдіреді. Бұған мұхиттарда, атмосферада, тіптен Жер қыртысында көтеруші күштер байқалатын Ай-Жер жүйесі мысал бола алады. Айдың тарту күшінің әсерінен мұхит суларының деңгейі көтеріліп және қайтып отырады. Ал, жағалауларда бұл құбылыс күштірек байқалады. Су түбіндегі немесе жағалаудағы Жер бетімен қозғалған ағысқа үйкеліс күші әсер етеді. Сөйтіп, ол энергиясын жоғалтады. Бұл энергияның көтерілген немесе қайтқан су Жердің айналу энергиясынан алады, сондықтан Жердің өз өсінен айналуы баяулайды. Жердің Айға әсері әлдеқайда күшті. Сондықтан көтеруші үйкеліс оның айналу жылдамдығын баяулатқаны сонша Ай Жерге барлық уақытта бір жағымен ғана көрінеді. Жер-Ай жүйесіне бұрыштық сәттің сақталу заңын қолдану Айдың айналу бұрыштық сәті Жердің айналу бағытымен өсетінін көрсетеді. Байқаулардан Айдың орбитасы артып келеді. Көтеруші үйкелістің әсерінен туатын диссипация спин-орбиталық байланыстың пайда болуына әкеледі. Ал, ол Айдың Жерден қашықтауына әкелетін қайтымсыз құбылыс тудырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Николис Дж. Динамика иерархических систем. – М.: Мир. 1989. – 488 с.
2. Ильясов Н. Жалпы физика курсы. – А.: Білім. 2003. – 350 б.
3. Современная физика в средней школе. – М.: Просвещение, 1990. – 288 с.

Резюме

Н.Ильясов, *к.п.н., профессор*
Д.Жакупова, *магистрант,* ***У.Мамбетова,*** *магистрант*
(г. Алматы,Казахский государственный женский педагогический университет)

Гравитационные поля и асимметрия

В природе существует идеально-симметричные законы порождающие ассимметричные явления не из-за нарушения симметрии за счет внешних факторов, а из-за того что симметричное решение неустойчиво. Это так называемые скрытые симметрии. Некоторые законы, если не накладывать никаких ограничений, сами могут привести к нарастанию необратимых явлений. Среди 4-х фундаментальных взаимодействий, одно (гравитация) ведет себе так. Потому что гравитационная система имеет отрицательную потенциальную энергию

и она не имеет точку устойчивого равновесия. В статье рассматриваются эти и другие особенности гравитационного взаимодействия.

***Ключевые слова*:** гравитация, симметрия, асимметрия, коллапс, неустойчивость, деформация.

Summary

N.Ilyasov, *candidate of ped. sciences, professor*
D.Zhakupova, *master,* ***U.Mambetova,*** *master*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

Gravitational fields and asymmetry

In nature, there is a perfectly symmetrical laws of generating asymmetric phenomenon is not due to symmetry breaking due to external factors, but due to the fact that a symmetric solution is unstable. This so-called hidden symmetry. Some laws, if there are no limitations, can themselves lead to an increase of irreversible phenomena. Some laws, if not impose any restrictions, can themselves lead to an increase of irreversible phenomena. Among the 4 fundamental interactions, one (gravity) is itself behaves this way. Because gravity system has a negative potential energy and it does not have a point of stable equilibrium. The article deals with these and other features of the gravitational interaction.

***Keywords*:** Gravity, symmetry, asymmetry, collapse, instability, deformity.

ӘОЖ 378.146+371.26

САҚТАЛУ ЗАҢДАРЫ ТУРАЛЫ

Н.Ильясов, *п.ғ.к., профессор*
Н.Алимбекова, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Классикалық механикада сақталу заңдары қозғалыс заңдарынан шығарылады. Бірақ оларды симметриялық қағидалардан тікелей шығарып алуға да болады. Сақталу заңдарының (импульстың, импульс сәтінің, энергияның) қолдану ауқымы, динамика заңдарының қолдану мүмкіндіктерінен, облысынан әлдеқайда кең. Мысалы, классикалық механиканы импульстың сақталу заңынан бастап баяндаған, оқыған қолайлы, себебі, импульстың сақталу заңы, импульс сәтінің сақталу заңы Ньютонның сақталу заңдарына қарағанда қарапайым, әрі қолдану деңгейлері жоғары. Мақалада осы мәселелер туралы баяндалған.

Түйін сөздер: импульс, инерттік масса, күш, күш импульсы, импульс сәті.

XX ғасырдың басы физика ғылымының дамуында аса зор, теңдесі жоқ жеңістермен есте қалды. Жаңа ғылым салалары – кванттық механика, арнайы салыстырмалылық теориясы ашылды. Дегенмен, 400 жылдық тарихы бар классикалық механика осы күнге дейін өзінің мәнін жоғалтқан жоқ. Себебі, оның заңдары қазіргі физиканың, соның ішінде, салыстырмалылық теориясының және кванттық механиканың негізгі қағидаларын түсінуде, түсіндіруде елеулі рөл атқарады. Сондықтан классикалық механиканың негізгі заңдары мен қағидаларын терең түсініп, саналы игеру керек.

Кинематика денелердің қозғалысы туралы ілім ретінде италия астрономы және математигі Г.Галилей дамытты. Жалпы механиканың бұл саласын қосымша уақыт параметрі *t* қосылған геометрия деп қарауға болады. Ал қозғалыстың себептері (динамика) туралы ілімді ұлы ағылшын ғалымы И.Ньютон құрды және дамытты. Қазіргі кезеңде классикалық механика техниканың аса маңызды мәселелерін шешуде астрономияда, физикада, космологияда және т.б. кеңінен қолданылады. Дегенмен, қазіргі физика классикалық

механиканың қолдану шеңбері әмбебап мәнге ие еместігін көрсетті. Микроскопиялық әлемді (молекулалар, атомдар, электрондар, протондар және т.т.) зерттеулер қазіргі физиканың жаңа теорияларын (арнайы салыстырмалылық теориясын кванттық механика) құруға көмектесті.

Физиктер үнемі кеңістік-уақытты және қоршаған ортаны сипаттаудың жаңа мүлтіксіз математикалық моделін жасауға тырысуда. Ескертейік, физика заңдарын барлық жағдайда қолданылатын нақты ақиқат деп қарамау керек. Оларды жекелеген мәселелерді, есептерді шешетін немесе шешу жолдарын табуға мүмкіндік беретін модельдер деп санаған жөн.

Классикалық механика заңдарының немесе моделдерінің ішіндегі ең іргелілері сақталу заңдары. Оларды екі топқа бөлуге болады: бірінші топқа – импульстың, импульс сәтінің және энергияның сақталу заңдары кіретін «сыртқы» немесе қарапайым заңдар жатады. Ал екіншісі, нуклондардың толық санының сақталу заңы, ядролық реакциялардағы лептондар мен бариондар санының сақталу заңдары және т.б. кіретін «ішкі» заңдардан тұрады.

Классикалық механиканы баяндауды және оқытуды әртүрлі жолмен, мысалы Ньютон заңдарын талдаудан немесе импульстің сақталу заңын қарастырудан бастауға болады. Соңғы әдістемелік зерттеулердің негізінде, біраз ғалымдар динамиканы оқытуды импульстың сақталу заңынан бастау керектігі туралы сөз қозғап жүр. Себебі импульстің сақталу қағидасы Ньютон заңдарына қарағанда қарапайым, әрі оның қолданулары жалпы сипатқа ие.

Сақталу заңдарының түбегейлі себептері бар, олар кеңістік пен уақыттың *симметриялық* қасиеттеріне байланысты. Қазіргі ғылымда бұл тұжырым кеңінен қолданатындықтан сақталу заңдарын осы тұрғыдан түсіндіру қажет болып отыр. Симметрия деп объектілерде, құбылыстарда болған әртүрлі өзгерістерге, түрлендірулерге қарамастан олардың қайсыбір қасиеттері мен пішіндерінің сақталуы айтылады. Егер қандайда бір өзгерістерде түсініктер, құбылыстар, тұрақтылық (инварианттық) қасиетін сақтаса, олар симметриялы болып саналады. Симметрия ұғымының кез келген объектіге, демек, физикалық заңдарға тікелей қатысы бар. Барлық физикалық заңдардың түбінде симметриялық қасиет жатыр, себебі, олар кеңістіктің кез келген нүктесінде, кез келген уақытта орындалады, яғни, өзгермейді. Уақыт ауысуына байланысты физикалық заңдардың симметриялылығы туралы айтылғанда уақыттың біртектілігі, яғни, кез келген уақыт мезетінің бірдей қасиетке ие екендігі, тең құқықты екендігі қабылданады. Ал, кеңістіктегі орын ауыстырулар мен айналуларға байланысты табиғат заңдарының симметриялылығы сөз болғанда кеңістіктің біртектілігі мен изотроптылығы туралы айтылады.

Жалпы физикалық теория бойынша энергияның сақталу заңы уақыттың *біртектілігіне,* импульстің сақталуы кеңістіктің ***біртектілігіне,*** импульс сәтінің сақталуы кеңістіктің *изотроптылығына* байланысты. Алдымен «біртекті», «изотропты» деген сөздердің мәнін түсіндіру тәсілін білу қажет. Біртектілік кеңістіктің белгілі бір бағытындағы кез келген нүктелердегі оның қасиеттерінің бірдей екендігін білдіреді. Изотроптылық кеңістіктің бас нүктесінен бірдей қашықтықтағы барлық бағыттағы (айналу бұрышы өзгергендегі) оның қасиеттерінің өзгермейтіндігін білдіреді. Орта біртекті, бірақ изотропты емес немесе изотропты, бірақ біртекті емес болуы мүмкін.

Симметриялық қасиеттерден сақталу заңдарының шығатындығына бір мысал келтірейік. Кеңістік біртекті болса, дене қосымша үдеу алмайды (түзу, жазықтық үшін қисықтық радиусы $R \to \infty$, $a \to 0$), жаңа күш пайда болмайды, демек импульс сақталады

$$\frac{d\vec{p}}{dt} = \vec{F} = 0, \qquad \vec{p} = const \cdot \tag{1}$$

Енді импульс сақталу заңы негізінде динамика заңдарын баяндау мәселесіне көшелік.

Импульстің сақталу заңы. Бірнеше дененің салыстырмалы қозғалысы қарастырылғанда әртүрлі жылдамдықтар жиыны туралы сөз қозғалады. Яғни, әрбір дененің басқа кез келген денеге қатысты салыстырмалы жылдамдықтары ескеріледі. Әрине, қарастырылатын денелердің саны артқанда, аталған жылдамдықтар жиыны тез арада күрделі сипатқа ие болады. Сондықтан, есептің шешуін оңайлату үшін, қайсыбір «санақ денесімен» қатаң байланысқан үш өлшемді ортогоналды координаталар жүйесін пайдаланады. Сонда

зерттелетін барлық денелер осы бәріне ортақ санақ жүйесінде қандай да бір салыстырмалы түрде қозғалады, ал кейбірі тыныштық күйінде бола алады.



1-сурет

Ортогоналды деп бір-біріне тәуелсіз, өзара перпендикуляр координаталар айтылады. Бұл жағдайда, классикалық механиканың заңдары бағынатын «инерциалды» санақ жүйесі алынуы тиіс. Егер инерциалды санақ жүйесінің бірі табылса, онда мұндай жүйені шексіз жиынын көрсетуге болады. Мұндай санақ жүйесі біздің әлемге қатысты тұрақты жылдамдығымен қозғалады. Ньютон заңдары орындалатын осындай «іргелі санақ жүйесінің» болатыны оның механикасы мен тартылыс (гравитациялық) теориясында постулат түрінде беріледі.

Механиканың аса маңызды ұғымдарының бірі – күш ұғымы мен инерттілік масса ұғымы іштей байланысты. Инертті масса үдеуге қарсы әсердің өлшемі. Берілген күштің әсерінен дененің үдеуі, оның массасының артуына сәйкес кемитіні баршаға белгілі. Классикалық механикада берілген дененің инерттік массасын, оның механикалық қозғалыстары үшін барлық сыртқы әсерлерге, температураға, қысымға және т.б. тәуелсіз, тұрақты деп саналады. Сонымен қатар, классикалық физикада дененің массасы оның жылдамдығына қатысты өзгермейді деп қарастырылады.

Инерттік масса m ие және $\vec{\vartheta}$ жылдамдықпен қозғалатын бөлшектің импульсы $\vec{p}$ мынадай формуламен анықталады:

$$\vec{p} = m\vec{\vartheta} \tag{2}$$

x, y, z координаталары үшін сәйкес $\vec{i}$, $\vec{j}$, $\vec{k}$ бірлік векторларын және аталған осьтердегі $\vec{p}$ векторының компоненттерін пайдаланып (1) формуланы мына түрде жазуға болады:

$$\vec{p} = \vec{i}m\vec{\vartheta}_x + \vec{j}m\vec{\vartheta}_y + \vec{k}m\vec{\vartheta}_z$$

мұндағы $\vec{\vartheta}_x, \vec{\vartheta}_y, \vec{\vartheta}_z$ – сәйкес координата осьтеріне түсірілген бағытталған жылдамдық векторының компоненттері, яғни, құраушылары.

Импульстің сақталу заңы (қағидасы) былай тұжырымдалады: оқшауланған бөлшектер жүйесінің толық импульсі кез келген механикалық қозғалыс үшін тұрақты сақталады. Оқшауланған жүйе деп ешқандай сыртқы әсерге ұшырамайтын жүйе айтылады. 1-суретте кескінделген оқшауланған жүйе үшін импульстің сақталу заңы былай жазылады:

$$m_A\vec{\vartheta}_A + m_B\vec{\vartheta}_B = const \tag{3}$$

Ал көп бөлшектен құралатын жүйе үшін аталған қағида мына өрнекпен сипатталады:

$$m_A\vec{\vartheta}_A + m_B\vec{\vartheta}_B + ... + m_N\vec{\vartheta}_N = \sum_{i=1}^{N} m_i\vec{\vartheta}_i = const \tag{4}$$

Осылардан, импульстің сақталу қағидасынан динамиканың заңдары қорытып шығару қиын емес. Мысалы, екі бөлшектен құралатын оқшауланған жүйе үшін (3) формуланы уақыт бойынша дифференциалдау мынаны береді:

$$m_A\frac{d\vec{\vartheta}_A}{dt} = -m_B\frac{d\vec{\vartheta}_B}{dt},$$

ал $\vec{a} = \frac{d\vec{\vartheta}}{dt}$ екендігі ескерілсе, ол мына түрде жазылады:

$$m_A\vec{a}_A = m_B\vec{a}_B \quad (5)$$

олай болса, бөлшектердің үдеулері, олардың инерттік массаларына кері пропорционал өзгереді, яғни:

$$\vec{a} = \frac{\vec{F}}{m},$$

мұндағы $\vec{F}$ - пропорционалдық коэффициент (тұрақты). Ол күш деп аталады. Физикада күшті дененің түзу сызықты қозғалысын өзгертетін «себеп» ретінде қарастырады және ол мына формуламен анықталады:

$$\vec{F} = m\vec{a}. \quad (6)$$

Алынған өрнек (6) Ньютонның екінші заңын сипаттайды.

Енді бір-бірімен ғана қайсыбір күшпен (табиғаты электрлік немесе гравитациалық) өзара әсерлесетін екі бөлшектен тұратын оқшауланған жүйені қарастырайық. $\vec{F}_A$ деп В бөлшектің А бөлшекке әсерін, ал $\vec{F}_B$ деп А бөлшектің В бөлшекке әсерін сипаттайтын күштер белгіленген. Бұдан (3) формуланың негізінде мына теңдік шығады:

$$\vec{F}_A = -\vec{F}_B \quad (7)$$

(7) өрнек әсер мен қарсы әсердің тепе-теңдік қағидасын, яғни, Ньютонның 3-ші заңын сипаттайды. Осылардан Ньютонның 2-ші заңын мына түрде жазуға болады:

$$\vec{F} = \frac{d}{dt}\left(m\vec{\vartheta}\right) \quad \text{немесе} \quad \vec{F}dt = d\left(m\vec{\vartheta}\right). \quad (8)$$

егер күш бөлшекке шекті уақыт аралығында (интервалында) (0-ден t_1 – ге дейін), онда

$$\int_{t=0}^{t_1} \vec{i} = dt = m\vec{\vartheta} - m\vec{\vartheta}_0. \quad (9)$$

Бұл формуланың сол жағындағы интеграл күш импульсі $\vec{F}$ деп аталады. Ол t_1 уақытта бөлшекке әсер еткен күштің нәтижесінде жүзеге асқан оның импульсінің өзгерісіне тең. Энергиясы үлкен бөлшектің басқа бөлшекке қысқа мерзімді соқтығысуында, олардың арасындағы әсерлік күштер импульсивті күштер деп аталады. Бұл күштерді тікелей өлшеу қиын болғанымен, оларды импульстің сақталу заңын (8) пайдаланып, табысты зерттеуге болады.

Импульсивті күштер соқтығысатын бөлшектерге әсер ететін сыртқы күштермен салыстырғанда әлдеқайда көп және қысқа мерзімді болғандықтан, көп жағдайда сыртқы күштерді ескермеуге болады. Сондықтан, бөлшектердің серпімді немесе серпімсіз соқтығысу үдерістерінде импульстің сақталу заңы үлкен дәлдікпен орындалады. Жеке оқшауланған бөлшек үшін бір мезгілде $\vec{F} = 0$ және $\vec{a} = 0.$ Бірақ $\vec{a} = \frac{d\vec{\vartheta}}{dt}$ екендігі белгілі, олай болса, $\vartheta = const.$ Бұл инерция заңы немесе Ньютонның бірінші заңы.

Импульс сәтінің сақталу заңы. Қайсыбір инерциалдық санақ жүйесінің бастапқы нөлдік қатысты радиус-векторы $\vec{r}$ қашықтықтағы нүктеде орналасқан импульсы $\vec{p}$ бөлшектің импульс сәтінің $\vec{L}$ векторы төмендегі формуламен анықталады:

$$\vec{L} = \vec{r} \cdot m\vec{\vartheta} = \vec{r} \cdot \vec{p}. \quad (9)$$



2-сурет.

Айта кетейік, импульс сәтінің модулі санақ жүйесі нөлінің таңдалуына аса тәуелді. Сонымен қатар, бөлшек берілген координаталар жүйесіне қатысты, егер нөлге тең емес импульс моментіне ие болса, ол міндетті түрде айналмалы қозғалыс жасауы тиістігі туралы сөз қозғалмайды (сурет – 2а). Осылардан импульс сәтінің векторын бірлік координаталар векторлары мен импульстың сәйкес координаталар жүйесіндегі компоненттері арқылы былай өрнектеледі:

$$\vec{L} = \begin{vmatrix} \vec{i} & \vec{j} & \vec{k} \\ x & y & z \\ p_x & p_y & p_z \end{vmatrix} = \vec{i}\left(yp_z - zp_y\right) + \vec{j}\left(zp_x - xp_z\right) + \vec{k}\left(xp_y - yp_x\right). \qquad (10)$$

Физикада күш сәтін дененің айналмалы қозғалысын өзгертетін «себеп» деп қарастыруға болатыны белгілі. 2б-суретте орны санақ жүйесінің нөлдік нүктесіне қатысты радиус-векторымен $\vec{r}$ сипатталатын F күші көрсетілген. Ол күш сәтін тудырады:

$$\vec{M} = \vec{r} \cdot \vec{F}. \qquad (11)$$

Импульс сәті мен күш сәтінің арасындағы қатынасты алу үшін (9) формуланың оң және сол бөліктерін уақыт бойынша дифференциалдайды.

$$\frac{d\vec{L}}{dt} = \frac{d\vec{r}}{dt} \cdot m\vec{\vartheta} + \vec{r} \cdot \frac{d}{dt}\left(m\vec{\vartheta}\right). \qquad (12)$$

мұнда $\frac{d\vec{r}}{dt} = \vec{\vartheta}$, сондықтан $\frac{d\vec{r}}{dt} \cdot m\vec{\vartheta} = 0.$ Ал, екіншіден, $\vec{F} = \frac{d}{dt}\left(m\vec{\vartheta}\right)$ олай болса, (12) теңдікті мынадай қарапайым түрге келтіріп жазуға болады.

$$\frac{d\vec{L}}{dt} = \vec{r} \cdot \vec{F} = \vec{M} \qquad (13)$$

Олай болса, Ньютонның 2-ші заңына сәйкес айналмалы қозғалыстағы дененің негізгі теңдеуі мына түрде жазылады:

$$\vec{M} = d\vec{L}/dt. \qquad (14)$$

Бұл қатынастан сыртқы күштер сәті жоқ болғанда ($\vec{M} = 0$), дененің импульс сәті тұрақты болатыны шығады, яғни:

$$d\vec{L} = 0, \quad \vec{L} = const. \qquad (15)$$

Осы импульс сәтінің сақталу заңының орындалатындығы тәжірибе арқылы оңай дәлелденеді. Мысалы, биші тез айналғысы келсе, қолдарын денесіне жинайды. Бұл кезде, оның инерция сәті кемиді, керісінше, айналу жылдамдығы артады. Демек, айналатын жүйенің өлшемі кішірейсе (сығылса), оның бұрыштық жылдамдығы артады. Айдың тартылыс күшінің әсерінен Жер қыртыстары мен мұхиттардағы судың көтерілуі, импульс сәтінің өзгеруі арқылы Жердің өз осінен айналу жылдамдығының баяулауы тәжірибелер арқылы дәлелденген. Мысалы планетаның Күнді айнала қозғалысында, оған Күнге

бағытталған тұрақты гравитациялық күш әсер етеді. Яғни, бұл күш планетаның орталығынан басталып, соңы Күнде аяқталатын радиус-вектормен сипатталады. Күш $\vec{F}$ және $\vec{r}$ векторлары бірдей болғандықтан $\vec{M} = \vec{r} \cdot \vec{F} = 0.$ Сонда (13) формуланың негізінде мынадай қорытынды жасалады: планетаның импульс моменті $\vec{L}$ барлық уақыт мезетінде тұрақты сақталады.

Көп күштер әсер ететін бөлшектер жүйесі үшін қорытқы күш сәті мынаған тең:

$$\vec{M}_к = \sum_{i=1}^{N} \vec{M}_i = \frac{d}{dt}\left(\sum_{i=1}^{N} \vec{L}\right) \qquad (16)$$

Егер жүйеге сыртқы күш сәттер әсер етпесе, жоғарыда айтылғандардан қос бөлшектер арасындағы ішкі күш сәттері бірін-бірі өзара теңгереді. Осыдан, Ньютонның үшінші заңының негізінде (16) теңдеуі былай жазылады: $\frac{d}{dt}\left(\sum_{i=1}^{N} \vec{L}\right) = 0,$ яғни $\sum L = const.$ Бұл *импульс моментінің сақталу заңы.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акоста В. и др., Основы современной физики. – М.: Просвещение, 1981. – 495 с.
2. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. – Алматы: ТОО «Полиграфия сервис и К^0», 2006. – 169 б.
3. Тарасов Л.В. Современная физика в средней школе. – М.: Просвещение, 1990. – 288 с.

Резюме

Н.Ильясов, *к.п.н., профессор*
Н.Алимбекова, *магистрант*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

О законах сохранения

В классической механике законы сохранения выводят из законов движения. Однако они могут быть получены непосредственно из принципов симметрии. Область применимости законов сохранения (импульса, момента) импульса шире, чем область применимости законов динамики. Например, классическую механику можно, излагать и изучать начиная с закона сохранения импульса, потому что принцип сохранения проще, чем законы Ньютона, а его приложения отличаются общностью. В статье рассмотрены эти и другие вопросы.

Ключевые слова: импульс, инертная масса, сила, импульс силы, момент импульса.

Summary

N.Ilyasov, *candidate of ped. sciences, professor*
N.Alimbekova, *master*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

Conservation laws

In classical mechanics, conservation laws derive from the laws of motion. However, they can be prepared directly from the principles of symmetry. The range of applicability of laws of conservation (momentum, angular) momentum is wider than the area of applicability of the laws of dynamics. For example, classical mechanics can describe and study since the law of conservation of momentum, because the principle of conservation easier than Newton's laws, and its applications are different community. The article discusses these and other questions.

Keywords: impulse, inert mass, force, momentum, force, momentum.

ӘОЖ 378.146+371.26

СИММЕТРИЯ ЖӘНЕ АСИММЕТРИЯ ТУРАЛЫ

Н.Ильясов, *п.ғ.к., профессор*
А.Мүтә, *магистрант*
Б.Жекеева, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада симметрия мен антисимметрия және олардың диалектикалық өзара байланысы туралы мәселелер қарастырылған.

Симметрия нысанның немесе оның қайсыбір қасиетінің, оның үстінен жасалған түрлендірулерге, амалдарға қатысты өзгермейтіндігін білдіреді. Бұл физикалық заңға да қатысты. Мысалы, қайсыбір заңды құбылыс әртүрлі жерде, әртүрлі уақытта, әртүрлі инерциалды санақ жүйесінде зерттелгенімен, бірдей нәтижелер алынады. Яғни, табиғат заңдарының кеңістік пен уақытқа сәйкес инварианттылығы сақталады. Барлық физикалық заңдардың түбінде симметриялық қасиет жатыр. Бірақ, әлемде тек симметрия емес, симметрия және асимметрия бар. Симметрия сақталумен, ал асимметрия өзгеріспен, кездейсоқтықпен байланысты.

Түйін сөздер: симметрия, асимметрия, инварианттылық, барион, импульс.

Симметрия деген не? Грек тілінен аударғанда бөліктердің өлшемдерінің шамаластығы, мөлшерлестігі, пропорционалдығы (грекшеден symmetria – өлшемдестік, пропорционалдық). Кең мағынада симметрия деп нысанның (немесе оның қайсыбір қасиетінің), үстінен жасалған қандай да бір түрлендірулерге, амалдарға қатысты өзгермеушілігі (инварианттылығы) айтылады. Математикада, көп жағдайда, геометриялық нысандардың әртүрлі түрлендірулерге, шағылуларға, ығысуларға қатысты пішіндерін, формаларын сақтау симметриясы туралы айтылады.

Қазіргі кезде симметрия ұғымы оның геометриялық мағынадағы түрімен ғана шектелмейді, одан әлдеқайда кең. Мысалы, гелийдің екі атомы бір-бірімен электрондарымен алмасса, оларда еш өзгеріс байқалмайды. Себебі, электрондардың бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ, бұл симметрия. Осы сияқты, қайсыбір аймақтың ауа райындағы ерекшеліктердің жыл сайын қайталануы, өсімдіктердің жыл сайын өзгермей, дәл бұрынғыдай болып қайта өсіп шығатындығы және т.б. симметрияға жатады. Осылардан симметрияның белгілі бір құрылымы болатындығы көрінеді және ол шартты түрде мынадай үш бөліктен құралады:

1. Симметриясы қарастырылатын нысан немесе құбылыс;
2. Симметрияға қатысты қарастырылатын өзгеріс (түрлену, амал);
3. Қарастырылатын симметрияны сипаттайтын нысанның қайсыбір қасиетінің инварианттылығы (өзгермейтіндігі, сақталуы).

Ескерте кетелік, инварианттылық жалпы емес, ол тек белгілі бір түрленуге, өзгеріске қатысты. Сонымен, симметрия қайсыбір нысанның немесе құбылыстың қандайда бір өзгерістерде сақталатынын білдіреді, яғни, симметрия ұғымы сақталу және өзгеру диалектикасына негізделеді. Бөлшектерді атом ядросында біріктіріп ұстайтын ядролық өзара әсердің заңдылықтары, ондағы протондарды нейтрондармен немесе керісінше, алмастыратын болса, еш өзгермейді. Сонымен қатар, физиктер, ядродағы бұл екеуінің, яғни, протон мен нейтронның, күшті әсер тұрғысынан қарағанда, бір бөлшектің екі күйі екендігін тағайындады. Осы симметрия ғылымға изотоптың спин деп аталған жаңа физикалық шаманың енгізілуіне әкелді, ал протон мен нейтронды бір атпен нуклон деп атау келісілді. Бұны біз ядроның үстінен осындай амал жасалғандықтан білеміз (мысалы, литий-7 ядросы үш протоннан және төрт нейтроннан тұратыны белгілі, ал оның барлық, электромагниттік

қасиетіне дейін, ядросы төрт протон мен үш нейтроннан құралатын бериллий-7 ядросының қасиетінен еш айырмашылығы жоқ.

Бұл айтылғандардан симметрия ұғымы кез келген нысанға қатысты екендігі көрінеді. Аса маңызды нысандардың қатарына физикалық заңдар кіреді. Физика – эмпиризмге, тәжірибеге негізделген ғылым. Ғалымдар қайсыбір құбылыстар мен процестерді ұзақ уақыт байқаулардан соң теориялық қорытындыларға келеді, алынған информацияны сыға отырып қарапайым әрі қысқа аналитикалық формулаларға («алгоритм») айналдырады. Алгоритмді сыртқы шектеулердің (бастапқы және шекаралық шарттар) жиынымен толықтырады, сөйтіп, оны компьютердің көмегімен шешу арқылы зерттелетін құбылысты жүзеге асырудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Олай болса, физикалық заңдар ғылыми тұрғыда нәтижені моделдеуге әкелетін алгоритмдер немесе кең түрдегі динамикалық құбылыстардың моделі болып табылады. Кез келген физикалық заңға барлық жағдайда қайсыбір симметриялар саны сәйкес келеді. Симметрия дәрежесі ретінде бір-біріне эквивалентті альтернативті сипаттамалар алынады. Егер қайсыбір түрленулерден соң конфигурация бастапқы түрлендіруге дейінгі қалпына келсе, ол симметриялы саналады.

Конфигурацияның (абстрактылы немесе нақты) симметрия дәрежесі неғұрлым көп болса, соғұрлым оның эволюциясын, даму сипатын дәлірек болжауға болады. Мысалы, тұйықталған динамикалық жүйе үшін ең ықтимал күй, оның термодинамикалық тепе-теңдік күйі. Мұндай микроскопиялық жүйенің үстінен қандай амалдар, түрлендірулер жүргізілмесін және олар қандай алғышарттардан басталмасын, динамикалық жүйе ерте ме, кеш пе ықтималдығы ең жоғары күйге, термодинамикалық тепе-тең күйге ауысады.

Сонымен, табиғат заңдары қайсыбір амалдарға, операторлар немесе түрлендірулер жиынына қатысты бұрынғы қалпына қайта келетін болса, симметриялық болып саналады. Енді физикалық заңдардың симметриялық қасиеттерін қарастырайық:

1.*Уақыт ауысуына қатысты симметрия*. Табиғат заңдары уақыт ауысуына қатысты өзгермейді. Егер бұл симметрия болмаса, бір себеп әр күндері әртүрлі нәтижелер алынар еді. Ерте кезде, одан кейін ашылған табиғат заңдары еш өзгеріссіз қазір де қолданылады. Біздің э.д. III ғасырда Архимед заңы, XVIII ғасырда тағайындалған идеал газ заңдары, XIX ғасырда алынған электрдинамика заңдары және т.б. қазіргі ғылым мен техникада кеңінен қолданылуда. Аталған симметрияға қатысты уақыттың біртектілігі туралы айтылады. Бұл табиғатта физикалық тұрғыда уақыт мезеттерінің бірдей мәнге, маңызға ие екендігін білдіреді. Уақыттың кез келген сәтін санақ басы ретінде алуға болады.

2.*Кеңістіктегі орын ауысуға қатысты симметрия* табиғат заңдарының таңдалған орынға тәуелсіз болатынын білдіреді. Олар Астанада да, Лондонда да, Токиоде де, Айда болсын, Жерде болсын кеңістіктің барлық нүктесінде орындалады, бірдей маңызға ие. Физикалық заңдардың осы симметриясына қатысты кеңістіктің біртектілігі (біртектілік кеңістіктің белгілі бір бағытының кез келген нүктелеріндегі, оның қасиеттерінің өзгермейтіндігін білдіреді, нүктесінен бірдей қашықтықтағы барлық айнал бағыттарындағы, оның қасиеттерінің өзгермейтіндігін білдіреді) туралы, яғни, кеңістіктің кез келген нүктесінің физикалық тұрғыда бірдей маңызға ие екендігі туралы тұжырым жасалады. Уақыт және кеңістіктегі орын ауысуларға қатысты симметрияларсыз табиғатта қандайда бір заңдардың болатындығы туралы сөз қозғалмауы тиістігін айта кетуге тиіспіз. Кеңістік пен уақыттың ығысуларына, ауысуларына қатысты табиғат заңдарының инварианттылығы әлемдегі уақиғалардың арасындағы байланыстарды, яғни, құбылыстарды, заңдылықтарды тағайындаудың басты шарты болып табылады [1].

3. *Кеңістіктегі айналуларға, бұрылуларға қатысты симметрияда* физикалық тұрғыда белгіленген бағыттардың болмайтынын білдіреді, яғни, кеңістік изотропты (изотропты – кеңістіктің бас нүктесінен бірдей қашықтықтағы барлық айналу бағыттарындағы, оның қасиеттерінің өзгермейтіндігін білдіреді). Яғни, физикалық заңдар айналуларда орындалады. Ұзақ уақыт бойы Жер әлемнің кіндігі саналғандықтан, барлық бағыттар емес, тек оның орталығынан өтетіндеріне басымдық берілді, яғни, солар ғана бірдей мәндерді иеленді. Бұл

кеңістіктің изотроптылығы идеясымен сәйкес келмегендіктен «әлемдік орталықтан» бас тартуға тура келді.

4. Бір инерциалдық жүйеден екіншісіне ауысуына қатысты симметрия А.Эйнштейн тұжырымдаған арнайы салыстырмалылық қағидасының негізі болып табылады. Аталған табиғат заңдарының симметриясы барлық инерциялық санақ жүйелерінің физикалық бірмәнділікке, бірмаңыздылыққа ие болатынын білдіреді. Табиғат заңдарын дененің жылдамдығы емес, үдеуі анықтайды. Әртүрлі жылдамдықпен қозғалатын жүйелерде, егер олар бір-бірімен салыстырғанда түзу сызықты бірқалыпты қозғалатын болса, дененің жылдамдықтары әртүрлі, ал үдеуі тұрақты сақталады. Олай болса, мұндай жүйелердің эквиваленттік қағидасы, Ньютонның екінші заңының физикалық мәні түгел ашылғаннан кейін ғана тағайындалды. Осыдан, табиғат заңдарының бір инерциалдық сандық жүйесінен екіншісіне ауысу симметриясы айналуларға қатысты симметрияны жалпылайды. Тек мұнда айналулар әдеттегідей үш өлшемді кеңістікте емес, төрт өлшемдік континуумда қарастырылады.

5. Айналық шағылуға қатысты симметрия физикалық заңдардың оңды солға және солды оңға алмастырғанда өзгермейтіндігін білдіреді. Мысалы, «шағылған» теледидарлар, электрлік сызбалар, оптикалық жүйелер кәдімгі теледидар, кәдімгі сызба, кәдімгі жүйе сияқты жұмыс істейді. Бірақ, 1956 жылы америка физиктері Т.Ли және Ч.Янг айналық шағылуға қатысты физикалық заңдардың инварианттылығы әлсіз әсерлер негізінде жүретін құбылыстарда, мысалы, атом ядроларының $\beta-$ ыдырауларында бұзылуы мүмкін деген болжам жасады. Ал 1957ж. бұл болжам тікелей эксперименттер арқылы дәлелденді. Осыдан, табиғатта асимметриялық құбылыстар болатыны белгілі болды. Кейінгі зерттеулер айналық симметрияға заңдардың бәрі ие болмайтынын көрсетті. Табиғаттағы қайсыбір құбылыстардың сол-оң ассиммерияға ие болатыны байқалды.

Табиғат заңдарының әртүрлі шағылуларға немесе бөлшектерді антибөлшектерге ауыстыруларға қатысты симметриялары да белгілі бір сақталу заңдарымен байланысты. Біріншісімен, кеңістік жұптылық деп аталған шаманың, ал екіншісімен зарядтық жұптылық деп аталған шаманың сақталуы байланысты. Себебі, оларға сәйкес симметриялардың әлсіз өзара әсерлерде бұзылатыны физикалық тәжірибелер негізінде анықталған.

Енді құрылымдардың симметриясы мен физикалық заңдардың арасындағы байланыстардың сипатын ашуға болады. Табиғатта кездесетін құрылымдардың көпшілігі күшті асимметриялық сипатқа ие. Бірақ, соған қарамастан, табиғат заңдары, реал құрылымдардың кең класын терең талдау мен зерттеу негізінде қорытылады. Неліктен? Бұл сұраққа тікелей жауап әлі берілген жоқ, бірақ ой-қорытулар негізінде мынадай жорамалға келуге болады: микроскопиялық құрылымның немесе нысанның симметриялық дәрежесі құрылғанда, елеулі рөл, ғалымдардың пікірінше, қандайда бір сыртқы факторлар, мысалы, бастапқы және шекаралық шарттардың асимметриясы, сонымен қатар, бифуркацияға, яғни, шешімдердің, құрылымдардың тарамдалуына әкелетін орнықсыздықтар атқарады. Осылар бастапқы түзілулер мен құрылымдардың бұзылуын тудырады.

Бұл сыртқы факторларға, төрт іргелі өзара әсер күштерінің бірі, атап айтқанда, әлсіз ядролық күштің, шын мәнінде, макроскопиялық асимметрияға, яғни, айналық асимметрияға ие екендігі (кобальт ядросының ыдырауында байқалған) қосылады. Сонымен қатар, K – мезонның кейбір сирек ыдырауларында CP – инварианттылық (заряд – жұптылық) бұзылады, ал, бұл өз кезегінде, материя мен антиматерияның арасындағы симметрияның бұзылуына әкеледі. Бірақ, қазіргі ғылыми теория бойынша әлемде CPT – инварианттылық (заряд – жұптылық – уақыт) орын алған деп болжанғандықтан (бұл болжамның қате екендігін дәлелдейтін тәжірибелік нәтижелер жоқ), әлсіз өзара әсер уақыт ығысуына, ауысуына қатысты инварианттылыққа ие емес деген қорытынды жасалады.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, асимметриялық құбылыстар тудыратын идеал симметриялық заңдардың үшінші түрі болады. Бұларда симметрия қайсыбір сыртқы факторлардың араласуынан, әсерінен емес, аталған заңдардың симметриялық шешімінің

орнықсыз болатындығы салдарынан деп саналады. Бұлар жасырын симметриялар деп аталады. Олар Әлемнің түзілуі жөніндегі қазіргі гипотезаларда (болжамдарда) басты рөл атқарады. Қазіргі қабылданған әлемнің пайда болуы туралы теория бойынша, бастапқыда екі идеал симметриялы «гипербөлшектер» K және $K^{'}$ пайда болған. Сосын K бөлшек бариондарға, ал $K^{'}$ бөлшек антибариондарға ыдырай бастаған. Егер ыдырау симметриялы болғанда, Әлемнің түзілу сәтінде болсын, кейінірек болсын, дүние термодинамикалық тепе-тең күйдегі фотондар ансамблінен, жиынтығынан құралған болар еді.

Осы жерде бариондар туралы кішігірім мәлімет бере кетейік. Элементар бөлшектердің күшті әсерлесетін бір тобы адрондар деп аталады. Олар электрмагниттік, ядролық күшті және әлсіз өзара әсерлеседі. Жеңіл адрондар мезондар, ал ауыр адрондар бариондар деп аталған. Бариондардың спині ½-ге тең және бәрі Ферми-Дирак статистикасына жатады және Паули қағидасына бағынады. Егер бариондар Паули қағидасына бағынбағанда, Әлем коллапсқа ұшырағаң, яғни, бір нүктеге сығылған болар еді. Барлық бариондардың негізгі күйі протон мен нейтрон, күшті ыдырауларда орнықты. Сондықтан олардан негізгі күйдегі атомдар түзіледі. Айта кетейік, күшті ыдырауларда орнықты болғанымен, аталған бөлшектер әлсіз әсерлерде ядролық *в*- реакцияларда бір-біріне айналады.

Бірақ, жоғарыдағы біртекті күй орнықсыз болған сияқты, сондықтан, аталған бөлшектердің ыдырауы асимметриялы тұрғыда жүзеге асқан. Бұл мынадай екі байқалған факторлармен дәлелденеді:

1. Әлем тек бариондардан тұрады;

2. Қазіргі кезде фотондар санының бариондар санына қатынасы $\sim 10^{8}$ шамаға тең.

Жасырын симметрияның тағы бір нақты мысалы, электромагниттік және әлсіз өзара әсердің арасындағы симметрия. Біраз ғалымдар, біршама уақыттан соң, ғылымда бөлшектердің бір ғана түрі және іргелі төрт өзара әсердің бірі ғана қалатынына сенімді. Олар табиғаттағы бөлшектер мен өзара әсерлердің әралуан түрлі болып байқалуы жасырын іргелі симметриялардың әсерінен деп санайды.

Осы айтылғандардан, Әлем диалектикалық өзара тығыз байланысты симметрия мен асимметриядан тұрады. Егер симметрия сақталумен, жалпылықпен, сәйкестікпен әрі қажеттілікпен, байланысты болса, асимметрия өзгеріспен, даралықпен, әртүрлілікпен және кездейсоқтықпен байланысты. Егер Әлем абсолют симметриялы болғанда, онда ешнәрсе өзгермей, ешқандай құбылыстар, процестер, құрылымдар байқалмас еді Керісінше, егер Әлем тек асимметриялы болса, онда ештеңе сақталмас еді, ешқандай заңдар, байланыстар болмас еді.

Әлемге тәртіптілік әкелгенімен, көп жағдайда, алдын ала болжамдар жасауға мүмкіндік бергенімен де симметрия мен қажеттілік құрылымдардың көп түрлі болуын шектейді. Ол, молекулалардың, кристалдардың және т.б. әртүрлі болуына шек қоюмен қатар, көпнұсқалықты кемітеді. Ал асимметрия мен кездейсоқтық жаңа мүмкіндіктерді құрады, көпнұсқалықты арттырады, сөйтіп, құрылымның дамуын қамтамасыз етеді, жаңа хабарлардың пайда болуына әкеледі ізденушілікке, шығармашылыққа талпындырады. Олай болса, нақты Әлем симметрия мен асимметрияның диалектикалық бірлігіне негізделеді. Табиғат симметриясын терең түсінген сайын, оның асимметриясы ашыла түседі, кеңірек байқалады.

Егер гравитациялық жүйе өз бетіне жіберілсе, ол тез арада коллапсқа ұшыраған болар еді. Күн үшін бұл уақыт шамамен жарты сағат, ал галактикамыз үшін 100 миллион жылдай екен. Сонымен қатар, біздің әлемнің (15 - 20 млрд. жыл) өзіміздің галактикамызбен Күн жүйесінің (5-15 млрд. жыл) шоқтары әлемнің дамуы жолында кездесетін бірнеше «кешігулер» туралы ойға жетелейді. Әлемнің эволюциясында, сырт қарағанда кездейсоқ саналатын кедергілер, үлкен жарылыстың динамикасымен тығыз байланысты бірқатар бастапқы шарттар мен төрт іргелі өзара әсерлердің белгілі бір үйлескен қимылында пайда болады.

Бұл «кешігулер» тек гравитациялық өзара әсердің негізінде жүзеге асатын энергия құлдырау процесін уақытша тоқтатуға әкеледі. Яғни, олар әлемнің ұзақ жасауына жауап береді. Осы ұзақ өмір барған сайын күрделі құрылымдардың түзілуінің қажетті шарты бола отырып, соңында әрі құрылымдық әрі иерархиялық деңгейдегі өмір сүру түрлерінің көптігін қамтамасыз етеді. Бұл дамудың өте баяу процесс екендігінен түсіндіріледі. Осы төрт іргелі өзара әсердің салыстырмалы қарқындылығын төмендегі кестеден анық көруге болады.

Өзара әсерлер

Гравитациялық	10^{-39}
Электромагниттік	1
Күшті ядролық	10^{3}
Әлсіз ядролық	10^{-6}

Бірінші екеуі алыс алыс өзара әсерлерге жатады. Олардың қарқындылығы вакуумде $1/R^2$ – пропорционал кемиді. Ал, соңғы екеуі жақын әсерлер – олар шамамен атом ядросының диаметріне тең қашықтықта 10^{-15} м нөлге дейін төмендейді. Бұл күштердің алғашқы екеуі алыс әсерлерге жатады. Олардың вакуумдегі қарқындылығы әсерлесетін денелердің ара қашықтығының квадратына кері пропорционал кемиді. Соңғы екеуі жақын әсерлік күштерге жатады. Олар қарқындылығы экспоненциалды түрде, шамамен атом ядросының диаметріндей (10^{-15} м) қашықтықтарда нөлге дейін кемиді.

Енді қысқа түрде физикалық әлемнің даму жолында, оның динамикалық белсенділігін ұлғайтатын, кенеттен кездейсоқ пайда болатын кедергілердің табиғатын қарастырайық [Дайсон].

Мұндай кедергінің (әлемдегі энергияның құнсыздану процесін тоқтататын) бірі спин. Көптеген созылыңқы нысандар спинге ие. Спиннің табиғаты белгісіз (динамика заңдарында спинге ие болу тиістігі айқындалмаған). Сондықтан оны қайсыбір арнайы алғышарттарда симметрияның бұзылуы деп қарастыруға болады. Созылыңқы нысандар, өз осі бойынша тез айналатын болса, гравитациялық күштің әсерінен коллапсқа ұшырай алмайды. Олар коллапсқа ұшраудан бұрын, нысанның сыртқы бөліктері оның ішкі бөліктерін айналуға мүмкіндік беретін стационар орбиталарға шығады. Оны өзіміздің планеталар, серіктері, астероид және т.б. аспан денелерімен қоршаған Күн жүйесінің қозғалысынан байқауға болады.

Екінші кедергі термоядролық синтезбен байланысты. Мұнда жоғары температуралар мен қысымдарда сутектің жануы кезіндегі гелийдің түзілуі жөнінде сөз қозғалады. Термоядролық жану (сутек ядроларынан гелий ядроларының түзілуі (синтез), сығылуға қарсы әсері бар, γ сәуле мен нейтрино түрінде энергияның бөлінуімен қабат жүреді. Сондықтан, сутегі өте көп мөлшеріне ие жұлдыз, сутек түгел жанып біткенше, яғни қайсыбір кризистік нүктеден жоғары мәндерде гравитациялық коллапсқа ұшырамайды.

Бұл жерде мына жағдай – массалық саны 2-ге тең гелий изотобы (ядросы 2 протоннан тұратын, яғни, нейтроны жоқ) болмайтыны аса маңызды рөл атқарады. Егер, гелий 2 бар болса да, протон мен протон әрекеттесуі нәтижесінде гелий 2+ фотон түзілер еді. Өз кезегінде, гелий 2 ядросы өздігінен дейтронға, позитронға және нейтриноға ыдырар еді. Бұл реакция аса белсенді, қарқынды жүретіндіктен сутек өте тез жанып, түгелдей гелий 2-ге айналған болар еді. Екі протонның ядролық тартылыс күші 20 МВт. кернеумен жүзеге асады. Бірақ бұл күш екі протоннан құралатын байланысқан күйде, яғни, ядролық құрылымын түзуге жеткіліксіз. Есептеулер, бар болғаны гелий 2 ядросын түзуге жарты МВт. жетіспейтінін анықтады. Егер күшті әсер 25 пайызға артық болғанда Күн санаулы минуттарда өзіндегі бар сутегіні түгелдей жағып бітірер еді.

Шындығында, кәдімгі сутек ядролары әлсіз күштің әсерінен өзара реакцияласа отырып, дейтрон, позитрон және нейтрино түзеді. Содан соң, позитрон өзін қоршаған плазманың электрондарымен әрекеттесіп γ – диапазондағы фотондар түзеді. Томсондық шашыраудың әсерінен фотондар Күннің бетіне жету үшін миллиондаған жылдар жұмсайды, сөйтіп оптикалық диапазонда әлемге таралады. Ыдырау және релаксация уақыттары өзара әсерлесу

қарқындылығына кері пропорционал болады. Осыдан протон – протондық реакция шамамен күшті әсерден туындайтын реакцияға қарағанда 10^{18} есе баяу жүреді. Осы себептен Күннің және басқа да жұлдыздар осыған тікелей қатысты. Үшінші кешігу немесе кедергі Жердің дамуында елеулі рөл атқарады. Бұл Жер қойнауындағы радиоактивті элементтер (уран, торий және т.б.) онша көп емес. Сонымен қатар, олар жұлдыздарда түзілмейді (синтезделу процесі ең ауыр стабилді элемент – темірге дейін жүреді), аса жаңа жұлдыздардың жарылысында түзіледі. Мұндай термоядролық детонацияның жүруі, өзінің соңғы даму фазасындағы және массалары «Гандрасенар» шектеуінен жоғары алып жұлдыздар ядролары негізінде сутегі мен оттегінен тұратын өте тез жанып темірге айналады.

Жұлдыздың іші тез жарылады, ал одан бөлінетін энергия жұлдыздың сыртқы қабатын жарады. Уран мен торийдің ядролары беттік керілу күштері мен арасындағы электростатикалық энергияның бәсекелестігі нәтижесінде β – ыдырауға ұшырап, протондар электрондарға және антинейтриноға баяу ыдырауға ұшырайды. Осы кезде аталған ядролардан ұшатын электрондардың қоршаған ортамен үйкелісі Жер қойнауының қызуына әкеледі. Бұл өз кезегінде Жердегі жанартаулардың қызметін жандандырады және атмосфераның жаңаруына, сонымен қатар, Жер бетінде минералдық заттардың молаюына әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Николис Дж., Динамика иерархических систем. М.: Мир, 1989. – 489 с.
2. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. Алматы: ТОО «Полиграфия сервис и $К^0$», 2006. – 169 б.
3. Тарасов Л.В., Современная физика в средней школе. М.: Просвещение, 1990. – 288 с.

Резюме

Н.Ильясов, *к.п.н., профессор,* ***А.Мута,*** *магистрант,* ***Б.Жекеева,*** *магистрант*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

О симметрии и асимметрии

В статье рассмотрены вопросы симметрии, асимметрии и их диалектическая взаимосвязь. Симметрия предполагает неизменность объекта или каких-то его свойств по отношению к каким-нибудь преобразованиям, операция, выполняемым над объектом. Значит, понятие симметрия относится к любому объекту, например физическому закону. Например, то или иное явление можно исследовать в разных местах, в разное время, в разных инерциальных системах отсчета, и всякий раз будем иметь один и тот же закон. Отсюда следует инвариантность законов природы во времени и пространстве.

Различным симметриям физических законов соответствуют определенные законы сохранения. Но в мире существует не просто симметрия, а симметрия и асимметрия. Если симметрия связана с сохранениям необходимым, то асимметрия связана с изменением и случайным.

Ключевые слова: симметрия, асимметрия, инвариантность, барион, импульс.

Summary

N.Ilyasov, *candidate of ped. sciences, professor,* ***A.Muta,*** *master,* ***B.Zhekeeva,*** *master*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

About symmetry and asymmetry

The article deals with questions of symmetry, asymmetry and their dialectical relationship. Symmetry implies the immutability of the object or any of its properties in relation to some transformation,operation performing on the object. So, the concept of symmetry refers to any object, such as a physical law. For example, one or another phenomenon can be studied in different places at different times, in different inertial frames of reference, and every time we have the same law. This implies the invariance of the laws of nature in time and space.Different symmetries of physical laws correspond to certain conservation laws. But in the world there is not just symmetry

and symmetry and asymmetry. If the symmetry is associated with saving necessary, then the asymmetry is associated with the change and accidental.

Keywords: symmetry, asymmetry, invariance, baryon momentum accident

ӘОЖ 378.146+371.26

СИММЕТРИЯНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ӘКЕЛЕТІН ҚҰБЫЛЫСТАР

Н.Ильясов, *п.ғ.к., профессор*
А.Сарсембаева, *магистрант*
Г.Айдарова, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Табиғатта кездесетін көптеген құрылымдар үшін асимметрия тән. Дегенмен, табиғат заңдары аса көп табиғи құрылымдарды сараптау негізінде қорытылады. Көп жағдайда нысанның симметриялық дәрежесі түзілгенде сыртқы факторлар, мысалы бастапқы және шектік шарттардың асимметриясы шешімдердің тарамдалуына, сондықтан құрылымдардың симметриясының бұзылуына, бифуркацияларға әкелетін орнықсыздықтар елеулі рөл атқарады. Сонымен қатар, асимметриялық құбылыстар тудыратын идеал симметриялық заңдар бар. Олардың симметриялық шешімі орнықсыз болып табылады. Мақалада симметрияның бұзылуына әкелетін бірқатар құбылыстар қарастырылады.

Түйін сөздер: жасырын симметрия, бифуркация, лазер, белсенді орта, когоренттілік.

Сызықты емес осциллятор. Симметрия жасырын симметрияға жататын арнайы алғы және шекаралық шарттардың комбинациясы тудыратын орнықсыздықтардың әсерінен де бұзылады. Тез өшетін бейсызық осциллятор симметрияның өздігінен бұзылуының нақты мысалы бола алады. Массасы m ауыр бөлшектің, серпімділік коэффициенті k серіппенің әсерінен тұтқыр сұйықтағы қозғалысын қарастыралық. Ол бірлік уақытта ν жиілікпен соққылансын. Ньютонның 2-ші заңы бойынша массасы тұрақты денеге әсер етуші күш, оның импульсының өзгеру жылдамдығына тең, яғни,

$$\vec{F} = \frac{d\,\vec{p}}{dt} \quad \text{немесе} \quad \vec{F} = \frac{md^2x}{dt^2}.$$

Сондықтан, тұтқыр сұйықтағы серіппенің қозғалысы былай сипатталады:

$$F = \left(-\nu\frac{dx}{dt}\right) - kx\ ,$$

мұндағы ν – бөлшекке бірлік уақытта берілетін соққылар саны. Сондықтан оның қозғалыс теңдеуі мына түрде жазылады:

$$m\ddot{x} + \nu\dot{x} + kx = 0, \tag{1}$$

немесе

$$\ddot{x} + \frac{\nu}{m}\dot{x} + \frac{k}{m}x = 0 \tag{2}$$

Егер $\frac{\nu}{m} = \gamma$, ал $\omega_0 = \sqrt{\frac{k}{m}}$ – өшетін тербелістің меншікті жиілігі деп белгіленсе (2) теңдеу мына түрге келеді:

$$\ddot{x} + \gamma\ddot{x} + \gamma\dot{x} + \omega_0^2 x = 0 \tag{3}$$

$|\gamma| >> 1$ жағдайында инерциалық мүшенің енгізілуін қажет ететін ерекше алғы немесе шекаралық шарттар болмағанда, оны ескермеуге болады. Бұл кезде (3) теңдеу мынадай қарапайым түрде келеді $\dot{x} = -\alpha x$, мұндағы $\alpha = \frac{\omega_0^2}{\gamma}$.

Бөлшекті потенциалдық шұңқырда $U(x)$ қозғалады деп санауға болады. Ал потенциал $U(x)$ күшпен $\vec{F}$ мына қатынаспен $\vec{F} = -\frac{dU(x)}{dx}$ байланысады немесе $-\alpha x = -\frac{dU(x)}{dx}$. Осыдан

$$U(x) = \alpha x^2 / 2 \qquad (4)$$

Бұл жағдайда бір ғана стационар күй орын алады $dx/dt = 0,\ x = 0$ және ол орнықты (1-сурет).

Енді қайтарушы күш Гук заңы орындалатын шекті созылудан асып кеткендіктен немесе серіппенің идеал емес серпімді болмайтындықтан, бейсызық күшке айналсын. Бұл кезде бөлшектің қозғалыс теңдеуі былай жазылады:

$$\dot{x} = -\alpha x - \beta x^3 \qquad (5).$$

Мұндағы β – үйкеліс коэффициенті. Ол $\beta > 0$ нөлден үлкен, олай болса, бұл жағдайда потенциал мынаған теңеледі:

$$U(x) = \frac{1}{2}\alpha x^2 + \frac{1}{2}\beta x^4 \qquad (6)$$

Бұл жерде екі жағдай қарастырылады:



1-сурет. $U(x) = \alpha x^2 / 2$ үшін.



2-сурет. $U(x) = \alpha x^2 / 2 + 3x^4 / 4$ үшін.

1.α>0 , β>0. Бұл кезде жаңа потенциалдың формасы өзгермейді, бұрынғыдай қалады және бұрынғыдай орнықты бірден-бір стационар күй x=0 нүктесі болып қалады. (Бұның тек бір шын, нақты түбірі x=0 болатынын $\alpha x + \beta x^3 = 0$ теңдеуінен α>0 және β>0 шарттарында қорытып шығару қиын емес).

2.α≤0 , β=0. Бұл кезде α_c – кризистік мәннен өткенде потенциалдың формасы симметриялық күйін сақтай отырып, формасын өзгертеді (2 – сурет).

Ал осы екінші жағдайда стационар күйлердің саны үшке теңеледі: яғни, $\alpha x + \beta x^3 = 0$ теңдеуінен α=0 , β>0 шарттарда табылатын үш түбірде нақты. Бірақ бұрынғы симметриялық орнықты күй x=0 орнықсыз күйге айналады және бөлшек тең ықтималды $x = \sqrt{\frac{|\alpha|}{\beta}}$ немесе $x = -\sqrt{\frac{|\alpha|}{\beta}}$ күйлердің біріне ығысады. Бұл мысалдан, жүйенің келесі күйіне қатысты анықталмағандықтың түзілуі үшін еркіндік дәрежесінің көп болуы қажет еместігі көрінеді. Жүйеде бифуркация арқылы стохастылықпен байланысқан болжанбайтын сипат тудыру

үшін бір ғана орнықсыздық болғаны жеткілікті. Бұл үшін жүйеде – бифуркация арқылы көп ретте стохастылықпен байланыстырылатын болғандықтан кездейсоқ ахуал тудыратын бір ғана орнықсыздық болғаны жеткілікті.

Лазер. 1952 ж. Ч.Таунс бірінші рет атомдарды қозған күйге әкелу және оларды сол күйде ұстап тұру мүмкіндігін анықтады. Алғаш рет инверсиялық күй *мазер* деп аталған, микротолқынды қондырғыда алынды. Кейінірек, осы эффектіні, спектрдің көрінетін бөлігінде пайдаланатын қондырғылар лазерлер деп аталды.

3. Оптикалық кванттық генератордың негізі – актив орта. Оны құрайтын бөлшектер (иондар, атомдар және т.б.), қозған энергетикалық деңгейінде салыстырмалы тұрғыда ұзақ уақыт бола алатын қасиетке ие болуы тиіс. Сонда ғана ортаның жоғарғы энергетикалық деңгейінде төмендегіден әлдеқайда көп бөлшектер қоры пайда болады, яғни, онда *инверсиялық күй* орнайды.

1. Эйнштейн атомдардың жарық сәулесімен өзара әсерлесуі нәтижесінде мынадай үш түрлі іргелі процесс жүретінін тағайындады:

- қозған күйдегі атомдар қалыпты күйіне өздігінен (спонтанды) сәуле шығару (фотондар эмиссиясының) нәтижесінде ауыса алады. Бұл өздігінен болатын процестің сыртқы факторларға тәуелсіздігін және кездейсоқтығын, оны басқарудың, реттеудің мүмкін еместігін білдіреді;

- төменгі энергетикалық деңгейдегі атомдар, жоғарғы энергетикалық деңгейге белгілі энергиялы фотондарды жұту арқылы ауыса алады. Атомдардың жарықты жұту процесі және оның ықтималдығы электрмагниттік толқын энергиясының тығыздығына тура пропорционал;

- қозған күйдегі атомдарда түзілетін фотондар эмиссиясын оларға энергиясы дәл сондай жарық кванттарымен әсер ету арқылы көбейтуге болады. Бұл атомдардың еріксіз сәуле шығару процесі. Жарықтың жұтылуындағы сияқты, мұның да ықтималдығы түскен толқынның қарқындылығына (интенсивтілігіне) тура пропорционал. 2. Кез келген әртүрлі заттардан өткенде жарықтың қарқындылығы кемитіні белгілі. Ал оның күшеюі мүмкін бе? Бұл сұраққа жауап беру үшін мынадай мысал қарастырайық:

Бір бөлігі E_1, ал қалғандары E_2 $(E_2 >> E_1)$ энергетикалық деңгейлерде орналасқан атомдар арқылы энергиясы $h\nu = E_2 - E_1$ фотондардан тұратын жарық ағыны өтсін. E_1 энергетикалық деңгейдегі атомдар $h\nu$ энергияға ие бір-бір фотон жұтып E_2-ге ауысады да жарық ағынын әлсіретеді. Керісінше, E_2 энергетикалық деңгейдегі атомдар $h\nu$ энергиялы фотондар шығарып, жарық ағынын күшейтеді. Бұл екі процестің ықтималдықтары бірдей және олар түскен жарық ағынының қарқындылығына пропорционал. Олай болса, ортадан өткен жарықтың күшеюі немесе әлсіреуі төменгі және жоғарғы энергетикалық деңгейлердің қайсысында атомдар санының көптігіне тікелей тәуелді. Егер атомдар E_1 деңгейде көп болса, фотондардың жұтылуы жиі жүреді, ал көпшілігі E_2 деңгейде орналасса, онда еріксіз сәуле шығару процесі жиі байқалады.

Екі жартылай мөлдір параллель айналармен шектелген, цилиндрлік қуыс толтырылған мөлдір денені қарастырайық (3 – сурет).

Күшейткіш ортаның атомдары екі әртүрлі, қоныстанушылығы тепе-тең күйде Больцманның таралуын қанағаттандыратын тар E_1 және E_2 күйлерде бола алады.

$$N_2 \approx N_1 \cdot exp\left(\frac{-E_2 + E_1}{kT}\right)$$

$$E_2 - E_1 = h\nu$$



Сурет 3 – Қарапайым лазер.

Күшейткіш ортаның атомдары жеткілікті $\nu = \left(E_2 - E_1\right)/h$ сыртқы қоздырудың көмегімен қоздырылады (3-сурет). Атомдар төменгі энергетикалық күйден жоғарғы энергетикалық күйге, ал одан өздігінен жиілігі ν бір фотон шығару арқылы түгел төменгі күйге қайта ауысады. Мұнда цилиндрлік қуыста пайда болатын фотондар санының $n(t)$ динамикалық даму сипаты анықталуы тиіс. Фотондар санының әрбір уақыт мезетіндегі өзгеру жылдамдығын dn/dt, оның өсуі (қозған атомдардың төменгі энергетикалық деңгейге ауысуы нәтижесінде қуыстағы фотондар санының артуы) және (қуыстағы фотондар санының цилиндрдің екі жартылай мөлдір қабырғалары арқылы ағып өтуі) шамаларының кемуі түрінде қарастыруға болады.

Бұл өсімше N қуыстағы фотондар санына және бірлік уақытта қоздырылған атомдар санына A пропорционал және сол шамалардың көбейтіндісіне де пропорционал өзгереді. Олай болса, өсімше $N = GAn$. Мұндағы G – күшейткіш ортаның сіңіргіштігі және қоздыру көзінің қарқындылығымен сипатталатын пропорционалдық коэффициент. Ал кему мөлшері N' қуыстағы фотондар санына пропорционал: $N' = \tau n$, мұндағы τ – шағылдырушы айналардың мөлдірлік деңгейін сипаттайтын коэффициент. Осылардан,

$$\frac{dn}{dt} = G An - \tau n. \tag{7}$$

Бірақ фотондар шығарған сайын қозған атомдардың саны кемитіні түсінікті, олай болса $N = N_o - \alpha n$. Мұндағы N_o – бірлік уақыттағы қоздырылған атомдар саны, ал α – күшейткіш ортаның сіңіргіштіне қатысты коэффициент. Осыны ескерсе (7) өрнектен мынадай теңдеу алынады:

$$\dot{n} = G\left(N_0 - \alpha n\right)n - \tau n. \tag{8}$$

немесе

$$\dot{n} = -\left(\tau - GN_0\right)n - G\alpha n^2$$

егер $k_1 = \tau - GN_0$ және $k_2 = G\alpha$ деп белгіленсе (8) теңдеуді былай жазуға болады:

$$\dot{n} = -k_1 n - k_2{}^2 \tag{9}$$

Екі жағдайды қарастырылады: бірінші, $k_1 > 0$ немесе $GN_o < \tau$, яғни, әлсіз қоздыру; Екінші, $k_1 \le 0$ немесе $GN_o \ge \tau$ күшті қоздыру. Бұл динамикалық теңдеудің (9) жоғарыдағы (2) теңдеуге ұқсас екендігі байқалады. Олардағы айырмашылық мынада: біздің жүйеге кубтық емес бейсызық квадратты қайтаратын күш әсер етеді. Сондықтан, біз тепе-теңдік күйден мезеттік ауытқуы $n(t)$ потенциалдық шұңқырмен анықталатын бөлшекке иеміз деген жорамал жасай аламыз.

$$U(x) = \frac{1}{2}\ n_1 x^2 + \frac{1}{2}k_2 n^3 \tag{10}$$

Сонда $k_1 > 0$ – де $x = 0$ – де, потенциалдық шұңқыр бір ғана орнықты стационар күйі бар пішінге ие болады. (сурет – 3а)



3 – сурет

Біздің жағдайда бұл ауысу үдерістері өшкеннен соң қуыстағы стационар күйдегі фотондар саны (яғни, когерентті фотондардың) нөлге тең болатынын білдіреді. Мұндай құрылғы өзін кәдімгі жарық шамы сияқты ұстайды. Бірақ, қоздыру қуаты қайсыбір мәннен $G = \tau / N_0$ артқанда, мынадай теңсіздік $k_1 \le 0$ орнайды. Бұл кезде потенциалдық щұңқыр 3б – суреттегідей пішін алады. Бұл кезде жүйеде орнықты стационар күй түзіледі $x \neq 0$; $x = |k_1| / k_2$ Яғни, құрылғы өзін когерентті толқын көзі ретінде көрсетеді. Когеренттік толқын деп мына түрдегі толқын $e^{j(\omega t-\varphi)}$ алынады. Мұндағы бастапқы фаза тұрақты немесе қайсыбір санақ жүйесімен салыстырғанда шектеледі. Ал когерентті емес толқында фаза кездейсоқ түрде ауытқып отырады. Сонымен, лазер симметрия бұзылуының нақты мысалы бола алады.

Айналмалы маятник. Жұқа қабырғалы екі өлшемді қатты радиусы L тордың ішінде тербелетін массасы m шарды қарастырайық. Шар тордың ішінде үйкеліс сырғанайтын, ал тор ω тұрақты бұрыштық жылдамдықпен 5 – суреттегідей айналсын. Тор айналмаған жағдайда жүйенің екі стационар күйі болады: бірі орнықты (φ = 0 - де), ал екінші орнықсыз ($\varphi \neq^{+} \pi$). Мұндай жүйеге бөлшек қозғалысының жаңа еркіндік дәрежесінің енгізілгені, яғни торойдтың айналған қалай әсер ететінін анықтайық. Айналған жүйенің инерциалды емес санақ жүйесінде шарға мынандай күштер әсер етеді: а) шар салмағының тангенциалды құраушысы және в) центрден тепкіш күштің тангенциал құраушысы.

Шар қозғалысының теңдеуі былай жазылады:

$$mL\frac{d^2\varphi}{dt^2} = -mg\sin\varphi + m\omega L\sin\varphi\cos\varphi \qquad (11)$$

немесе

$$\frac{d^2\varphi}{dt^2} = \sin\varphi\left(-\frac{g}{L} + \omega^2\cos\varphi\right) = \frac{g}{L}\sin\varphi\left(\frac{\omega^2 L}{g}\cos\varphi - 1\right)$$

Мұндағы $\omega^2 L / g = \mu$ - күрделі параметрін енгізіп және $g / L = \omega_0^2$ - деп белгілеп соңғы өрнекті былай түрлендіріп жазамыз:

$$\frac{d^2\varphi}{dt^2} = \omega_0^2\sin\varphi(\mu\cos\varphi - 1) \qquad (12)$$

Егер $|\varphi| << 1$ болса $\cos\varphi \sim 1$, ал $\sin\varphi \sim \varphi$. Сонда (11) теңдеу мынадай қарапайым түрге келеді:

$$\frac{d^2\varphi}{dt^2} = \omega_0^2(\mu - 1)\varphi$$

немесе

$$\frac{d^2\varphi}{dt^2} + \omega^2\varphi = 0 \qquad (13)$$

Мұнда $\omega = \omega_0\sqrt{(1-\mu)}$ - айналмалы санақ жүйесіндегі сызықтық айналған маятниктің меншікті жиілігі.

Сонымен талдаулар арқылы сызықты маятниктің (μ<1-де) айналмалы санақ жүйесіндегі меншікті жиілігі; оның инерциалды санақ жүйесіндегі мәнімен салыстырғанда, яғни

(ω = 0 - де) баяулайды. Ал μ > 1 – де ($\omega^2 \succ g/L$, немесе ω > ω_o - де) сызықты осциллятор айналмалы санақ жүйесінде тербелмейді, тек өшетін периодты емес қозғалыстар жасайды.

Енді (12) теңдеудің шешімдерінің орнықтылығын зерттелік. Стационар күйлер (φ=0) бірмезгілде мынадай теңдіктердің орындалуын талап етеді; яғни,

$$\sin\varphi(\mu\cos\varphi - 1) = 0 \qquad (14)$$

Бұл теңдеуді (1) мына sinφ = 0, $\varphi = \pm kT$ (к = 0,1,2, ...) немесе $\cos\varphi = \frac{1}{\mu}$, $\mu \geq 1$ шарттары қанағаттандырады.

Бірінші шешім $(\varphi = \pm kT)$ «классикалық» айналмайтын стационар күйлерге φ = 0 (орнықты күй) және $\varphi = \pm\pi$ (орнықсыз күй) сәйкес келеді.

Екінші шешім $\left(\varphi = \arccos\frac{1}{\mu}\right)$ әрбір μ>1 мәнінде екі симметриялық бұтақ тудырады. Ал μ = 1 – де φ = 0 – ден 9 – суретте көрсетілгендей үш бұтақ тарайды. Мұнда (11) теңдеудің шешімдері басқарушы параметрдің функциялары түрінде көрсетіледі. $\mu \to \infty$ ұмтылғанда $\frac{1}{\mu} \to 0$, ал $\varphi \to \frac{\pi}{2}$-ге ұмтылады.

Осыдан бұрыштық жылдамдықтың белгілі – бір критикалық мәнінен жоғарыда дәстүрлі санақ жүйелеріндегі орнықты стационар күй орнықсыз күйге, ал жаңа (симметриялы) орнықты стационар күйлер $\vartheta = \arccos\mu^{-1}$ формуласымен беріледі.

Жоғарыдағы талдауларды ауыр бөлшектің потенциалдық шұңқырдағы қозғалысы деп қарастыруға болады, Бірақ, бұл кезде потенциалдық функция қандай түрге ие болады? Жүйеге әсер етуші сыртқы күш $F = \omega^2 \sin\varphi\,(\mu\cos\varphi - 1)$.

Кез келген гамильтондық жүйеде сыртқы күш потенциалмен мына қатынаспен байланысқан $F = -\partial U / \partial\varphi(\varphi)$. Бұдан потенциалдың, периоды 2π периодты функция екендігі шығады:

$$U(\varphi,\mu) = \omega_0^2 \left(\frac{\mu}{2}\cos\varphi - 1\right)\cos\varphi.$$



Сурет 5 – Қарапайым маятник және айналмалы бейсызық маятниктік осциллятор.

Осы функцияның $\mu < 1$ *мен* $\mu \geq 1$ жағдайлардағы графигі 6- суретте келтірілген.



Сурет 6 – Маятниктік осциллятор потенциалының жалпы жүрісі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Николис Дж. Динамика иерархических систем. – М.: Мир, 1989. – 489 с.
2. Акоста В. и др. Основы современной физики. – М.: Просвещение, 1981. – 495 с.
3. Ілиясов Н. Жалпы физика курсы. – А.: Білім, 2004. – 351 б.

Резюме

Н.Ильясов, *к.п.н., профессор,* ***А.Сарсембаева,*** *магистрант,* ***Г.Т.Айдарова,*** *магистрант*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университеті)

Явления, приводящие к нарушению симметрии

Для большинства структур, встречающихся в природе, характерна сильная асимметрия, тем не менее законы природы выводятся на основе тщательного анализа обширных классов естественных структур. Однако можно предположить, что при образовании степеней симметрии объекта существенную роль играют какие-то внешние факторы, например, асимметрия начальных и граничных условий, а также неустойчивости, приводящие к бифуркациям, т. е. ветвлениям решений, и тем самым к нарушению симметрии начального образования или структуры. Кроме того, существуют идеально симметричные законы, но рождающие асимметричные явления не из-за нарушения симметрии за счет вмешательства каких-то внешних факторов, а просто из-за того, что симметричное решение неустойчиво. В статье на основе выше изложенного рассматривается ряд модельных и представительных примеров относящихся как и широтой симметрии, так и к нарушению симметрии.

Ключевые слова: скрытая симметрия, осциллятор, бифуркация, лазер, активная среда.

SUMMARY

N.Ilyasov, *candidate of ped. sciences, professor,* ***A.Sarsembayeva, G.Aidarova,*** *masterts*
(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

The phenomena that lead to the violation of symmetry

For the majority of the structures encountered in nature, characterized by a strong asymmetry, yet the laws of nature are derived on the basis of a thorough analysis of the extensive classes of natural structures. However, it can be assumed that in the formation of degrees of symmetry of the object significant role plays some external factors, such as the asymmetry of the initial and boundary conditions, as well as the instability, leading to the bifurcation, t. e. the branching of solutions, and thereby to the symmetry breaking of primary education or structure. Besides, there are perfectly symmetric laws, but giving birth to asymmetric phenomenon is not due to symmetry breaking due to the intervention of some external factors, but simply due to the fact that a symmetric solution is unstable On the basis of the above stated discusses a number of model and representative examples relating to both the symmetry and the latitude, and to the symmetry breaking.

Keywords: hidden symmetry, the oscillator, bifurcation, laser, the active medium

ӘОЖ 37.026.9:371.212:371.385.3

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Н.А.Сәндібаева, *п.ғ.к.,*
қауымдастырылған профессор м.а.,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)
Қ.Зейдін, *оқытушы*
(Алматы қ., Алматы индустриалды колледжі)

Аңдатпа: Қарастырылған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР стратегиялық даму бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, сонымен бірге мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған. Әрбір жеке тұлға бойындағы мүмкіндіктерді дамыту – шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Шығармашылық іс-әрекет продуктивті процесс ретінде қарастырылады. Сондай-ақ физика сабақтарында оқушылардың эксперименттік тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары қарастырылды.

Түйін сөздер: физика, оқушы, шығармашылық, эксперименттік тапсырмалар, оқыту.

Физика сабақтарында оқушылардың эксперименттік тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған зерттеулер ғылыми идеялар мен практикалық дайындықтың білім беруде оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың көптүрлілігін көрсетеді, бірақ оқушылардың оқу үдерісінде анық қамтылмаған. Осылайша білім берудің теориясы мен практикасындағы қазіргі кездегі жағдайды сипаттауға болады:

- қоғамның мәселелерді жүйелі, тізбекті және сапалы шеше алатын шығармашылық белсенді тұлғаларда қажеттілігі және жеке тұлғалардың шығармашылық дамуына қажетті педагогикалық әдістемелер мен шарттардың жеткіліксіздігі;
- оқушылардың алуға тиіс білім деңгейіне талаптардың жоғарылығы негізгі мектептің оқу процесін қайта өзгертуге және оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін қамтамасыз ете алмайтындықтан қажет деңгейге жеткізу керек;
- оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін дамытудың әлеуметтік қажеттігі және оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік жеткіліксіз қарастырылмағандығы;
- оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін дамытудың объективті бағалану керектігі және оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін дамытудың нәтижелерін бағалаудың педагогикалық тұрғыдан құралдық жеткіліксіздігі.

Осы сынды мәселелерді саралай отырып, қазіргі таңда физика пәнін оқыту барысында да, көптеген ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нұсқаулардың қажеттілігін айқын көре аламыз. Білім беру процесін барынша жандандыру және оқушылардың техникалық пәндерге деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың шығармашылық белсенділігін дамыту мектептің қазіргі кезеңдегі кезек күттірмес мәселелерінің бірі. Физика сабақтарында оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысын арттыруға болады. Қабілеттілік - дегеніміз дамудың нәтижесі болғандықтан, оның туа бітуі мүмкін емес. Оқушы қабілеті дегеніміз, оның педагогикалық ықпал аясындағы білім алу әрекеті.

Жеке тұлғаны дамыту, оқыту оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсер етеді. Әрбір оқушы оқу материалын шығармашылық деңгейде игере алады, яғни шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл үшін оның шығармашылық ойын дамыту негізінде оқуға, яғни

өздігінен білім алуға үйрету қажет. Сондықтан, ең алдымен оқушы даяр білімді мұғалімнің түсіндіруімен алатын дәстүрлі оқыту практикасынан бас тарту керек. Бізде әлі күнге мектепте сабақтағы белсенді бірде-бір тұлға – оқу материалын түсіндіруші мұғалім, ал оқушының рөлі тыңдаумен, оқумен және оны білімді тексеру кезінде қайта айтып берумен шектеледі. Шығармашылық үрдістегі басты мәселе – есептің шартынан оның шешіміне барар жолдағы логикалық алшақтықты түйсік арқылы жеңу. Толғандыратын мәселе (есеп, зертханалық жұмыс, эксперименттік тапсырма, т.б.) оны толық билеп, күші мен назары соған ауады. Оқушы басқа жұмыстармен шұғылданса да, оның сана түкпірінде осы мәселенің шешімі қарастырылып жатады. Оның ұзақтығы шығармашылық қызметтің тәжірибесіне байланысты.

Шығармашылық қызметтен тәжірибе жинақталған сайын есеп бұрынғыдан да тез шығарылатын болады. Шығармашылық қабілеттерін арттыруда эксперименттік тапсырмаларды үйге берудің маңызы ерекше. Экспериментті жүргізудің дидактикалық құрылымы төмендегідей болуы мүмкін: демонстрациялық тәжірибелер, фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, үй жағдайындағы тәжірибелер. Физиканы оқыту әдістемесі эксперимент тұрғысында дамыған. Әсіресе көрнекілік тәжірибелері оқу үрдісінің жалпы бөлігінің елеулі үлесін қамтыған. Соның ықпалы болар, біздің мектептердің де сабақ процесінде оқытудың физикалық эксперименті арнайы дидактикалық мәселелерді шешетін, әдістемелік діңгекті ғылымға айналды. Мектеп физикасының экспериментіне енген, көрнекілік тәжірибелер жинақталған, белгілі оқу жүйесіне байланыстырып, теориялық заңдылықтардың мектеп бағдарламасына қажет деп табылған бөлімдерін математикалық интерпретацияларымен бірге пайдалану орынды. Эксперименттің арасында физиканың теориялық маңызын сезім мүшелерімен қабылдап қана қоймай, оның басқа да пәндермен тығыз байланысы бар екенін оқушылар ұғынады.

Тәжірибені көрнекілеудің көп мақсаттарының бірі – ол жаңа тақырып өту барысында оқушыларды физика пәніне қызықтырумен өтілетін физикалық ұғымдарды дұрыс қабылдап, нақты ғылыми түсінік иемденуіне ықпал етуі. Тәжірибе көрнекілеу сабақта айтылған оқытушының теориялық шарттарын нақтылап түсіндіруге зор ықпалын тигізеді. Бұл мақсаттардың орындалуы үшін оқытушының айтқан қағида-тұжырымдарына тәжірибедегі физикалық заңдылықтар мен құбылыстар көрнекілігі болуы керек.

Мұғалімнің үйге эксперименттік тапсырмалар беруі сирек кездеседі. Дегенмен, оқу процесінде дәл осы тәсілді қолданудың ерекше маңыздылығы, біріншіден, үй жұмысының формасын түрлендіреді (кітапты оқыту, есеп шығару), екіншіден оқушының шығармашылық қабілетін аша отырып,алдына тек қана өздігінен эксперименттік тәжірибе жасау арқылы ғана шешілетін мәселені қояды.

Үй тапсырмасы ретінде эксперименттік тапсырмалар беру оқушының төмендегідей қабілеттері мен шеберліктерін дамытады:

- интеллектуалдық (салыстыру қабілеті, негізгіні ажырата білу, зерттеу, эксперимент нәтижелерін жазу және қорытындылау);

- пәндік (теорияны практикамен ұштастыру шеберлігі, шығармашылық ізденісін, физикалық білімдерін құбылыстарға талдау жасауға қолдану, көптеген үй жабдықтары мен құралдарының жұмыс істеу принципін түсіндіру);

- ұйымдастыру-танымдық (құрал-жабдықтардың функционалдық міндеттерін анықтай білу, техникалық құрылғылармен жұмыс істегенде техника қауіпсіздігі мен құрылғыларды пайдалану ережелерін сақтау);

- еңбек ете білу (үйдегі құралдармен жұмыс істеуді үйрену дағдысы, ұсталық, т.б.).

Физика сабақтарында оқушылардың эксперименттік тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған физикалық эксперименттік тапсырмаларды үйге беру осы пәнге ерекше қызығушылықты тудырады. Өйткені мұнда жергілікті, табиғи және тұрмыстық (техникалық) жағдайлар ескеріледі. Үйге берілетін эксперименттік

тапсырмалар жүйесі құрылған. Бұл жүйе төмендегідей бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған:

- тәжірибелерді физикалық тұрғыдан қарастыру;
- физикалық шамаларды өлшеу арқылы физикалық заңдар мен заңдылықтардағы функционалдық тәуелділікті анықтау;
- физикалық үдерістерді тұрмыстық техника көмегімен басқару мүмкіндігін түсіндіру;
- тұрмысқа қажетті техникалық құрылғылардың параметрлерін өлшеу және есептеулер жүргізу (элекр құрылғыларының – үтіктің, электркыздырғыштың қуатын электр энергиясын есептегіш пен секундтық тілі бар сағат арқылы анықтау және оны осы құралдың құжаттық көрсеткіштерімен салыстыру; егер олар сәйкес келмесе себептерін түсіндіру);
- техникалық білімдерін күнделікті еңбек тәжірибесінде қолдану (май қабатымен жабылған суда картоп тезірек піседі. Мұны тәжірибеде тексеріп, құбылысты түсіндіру керек).

Физикалық құбылыстардың негізін ұғыну, түсініктерді, теорияны игеру процесі әр оқушыда бірдей жүрмейді. Оқыған материалды біреулер тез игереді, енді біреулеріне ой қорытуына және есіне сақтауына көп уақыт қажет. Үйде оқушылар әрқайсысы өз қарқынымен жұмыс істейді. Үй тапсырмасы дұрыс ұйымдастырылса, сабақ кезіндегі алған білімдерін бекітуге және тереңдетуге көмектеседі.

Эксперименттің физика сабақтарында жүйелі орын алуы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мен оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қызықты және белсенділігіне тәрбиелік әсер етуін қалыптастырады. Оқушылар әрбір ұғым дәлелденген пәнге үлкен сыйластықпен қарайды. Сол бойынша олар заттың ашылуын жеңіл қарастырып, сабақтағы тәжірибелерді қызығушылық тудыруына қарай бағалайды. Шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру оқушыларға эксперименттік әдістің маңызын көрсету, теория мен практиканың байланысын ашып көрсету арқылы да жүзеге асырылады. Академик П.Л.Капица «Эксперимент, теория, практика» деген мақалалар жинағында (М. Ғылым, 1974ж 91-96б) теория, эксперимент, практика туралы жаратылыстану ғылымдарының бәрінде осы көрсетілгендердің маңызы туралы айтып өтті. П.Л.Капица «Теория – жақсы дүние, бірақ дұрыс эксперимент мәңгіге қалады», – деді.

Оқыту барысында теориялық және эксперименттік әдістерді қарама-қарсы қою дұрыс емес. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қарастырылу қажет сұрақтар:

1. «Физикалық эксперимент» сөздерімен нені түсінуге болады.
2. Қандай да бір эксперимент біздің физика заңдары туралы түсінігімізді өзгерте ала ма?
3. Физикалық теорияны экспериментсіз құруға бола ма?
4. Қандай эксперимент маңызды?
5. Тақырыпқа сай тәжірибе қоюға бола ма?

Сауалнаманы толтыру арқылы оқушылардың ізденіске көңіл қоюына, ғылыми-көпшілік әдебиетті оқуына, ақпараттар ағымы мен жаңалықтар легінде ізденіп болашақ баяндамалардың маңызын ұғынуына көмектеседі. Қойылған эксперимент Галилей, Гильберттен басталғанымен, тек XVIII ғасырдың аяғында ғана жаратылыстанудың дамуы күрт көтеріле бастады.

«Физикалық тәжірибе» сөздерінің өзі көп ұрпақтың зертханалық эксперимент, табиғаттағы бақылаулар және зерттеулерді қамтиды. Оқушылардың анкета жазылған сөздерін мысалға келтіре отырып, жүргізуші бірнеше қызық және маңызды тәжірибелерді көрсете алады.

Эксперимент – бұл ғылым есігі. Архимед нақты проблемалармен және құбылыстармен шұғылданған ғалым. Архимед өзі құрастырған көпірлерді салды, өзендердің ағысын реттеді, аудан мен көлемдерді өлшеу әдістерін ашты, тіреу нүктелеріне түсірілетін күштерді анықтады, денелердің жүзу шарттарын анықтап берді. Архимед инженерлік практикада өзінің ғылыми тұжырымдамалары мен эксперименттерін қолдаған, алғашқы ойшыл еді.

Табиғи эксперименттер қайта өрлеу дәуірінде дамыды. «Ғылым – қолбасшы, ал практика – әскерлер» – деп еді Леонардо да Винчи.

Физика пәні тәжірибе ғылымы ретінде оқу функцияларын жаңа құбылыстармен таныстыру, жаңа материалды игерудегі көрнекіліктер, құбылыстарды сандық өлшеу, оқушылардың эксперименттік дағдыларын қалыптастыруды міндеттейді. Жаппай тәжірибе жүргізуді түрлендіру аса маңызды. Мысалы, «Температура және оны өлшеу» тақырыбын зерттелетін дененің жылу алмасуы мен термометрді бақылау арқылы бастау керек.

Екі оқушыдан тұратын топта эксперимент жасау керек. Оның әрқайсысы суы бар ыдыс пен термометр алады. Ол өзінің бағалау шегін жасап, өзі жасаған «термометрмен» зерттеулер жүргізеді. Термометрді өз зерттеуіндегі судың температурасын өлшеу арқылы және қасындағы оқушының ыдысындағы судың температурасын өлшеп салыстырулар жүргізеді. Екі оқушы да өз ыдысындағы су температураларын салыстыра отырып, бірқатар зерттеулер жүргізеді. Неге адамның температурасын өлшеуде термометрді 5-10 минут қою керек? Оны одан да жылдам өлшеуге бола ма? Әртүрлі оқушылардың алған нәтижелері бір ыдыста бірдей болып шыға ма? Неге? Елер ыдыстар өте кішкентай болса не өзгерер еді? Осы сияқты біршама сұрақтарға жауап бере отырып, теория мен практикалық білімді қатар алып шығуға болады.

Маңыздысы тәжірибе барысында алынған білімді жұмыстың басқа да түрлерінде тиімді қолданылуы керек. Оқу материалын зерделеуде танымдық қабілетті арттыру үшін, оқушылардың эмоциялық қабылдауына әсер етеміз.

Сонымен бірге, қызықты материалды ұсыну арқылы оқушылардың қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруін қадағалаймыз. «Су тамшысының құпиясы», «Ыстық және суық», «Аномальды құбылыстар» және т.б. ұқсас тақырыптарды оқып, сәйкес материалдармен танысу оқушылардың ой-өрісін сұраққа жауап іздеуге бағытталады. Оқыту барысында жазу мәдениеті, яғни белгілі жүйе, нақтылық және реттілік қалыптасады. Үйдегі тәжірибелерді және бақылауларды баяндау оқушыға көргенін терең ойлауға, негізгіні ажырата білуге үйретеді. Тәжірибелік көрнекілеудің тағы бір ұтымдысы ол оқушылардың зейінділігі мен зерде деңгейін анықтау мақсатында эксперимент арқылы физика пәнін жалпылай ұғыну мүмкіншіліктерін айқындап, әрбір оқушының кемелді тағылымдарға үңіле білуін, ойын айтып жеткізе білу, оқытушы айтқан қағидаларды өзіндік пайымдай білу нышандарын дифференциалды түрде анықтауға мүмкіндік береді. Эксперименттік тапсырмалар оқушылардың ізденісін арттырып, қана қоймай, олардың жаңалыққа құштарлығын оятып, шығармашылық тұрғыдан белсенділігін арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014ж.
2. Paul J Meyer. Management Review by George T. Doran. There’s a S.M.A.R.T. way to write management’sgoals and objectives // Management Review. – Volume 70, Issue 11(AMA FORUM). – P. 35-36.
3. Терминдер глоссарийі
4. А.Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері атты курс материалдарынан. Алматы, 2014.
5. САЙТ: http.//Class-fizika. narod.ru, http://www.pfmesi.com/
6. Н.А.Сәндібаева «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының курс тапсырмаларынан

Резюме

Н.А.Сандибаева, *к.п.н., и.о. ассоц. профессор,*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)
К.Зейдин, *преподаватель (г. Алматы, Алматинский индустриальный колледж)*

Развитие творчества учеников на уроках физики с помощью экспериментов

Развивать творческую деятельность учащихся, можно с помощью *эксперимента*. Большое внимание уделяем учебным экспериментам на разных этапах урока и с различной

целью при постановке проблемы, закреплений знаний, проверке усвоения теоретического материала. А так же экспериментальные задачи. Задавая эксперимент на дом, мы обучаем школьников умению самостоятельно пополнять знания. Это один из самых педагогически эффективных и интересных для учащихся приемов творческой работы. Он способствует осознанному изучению курса, воспитывает самостоятельность и находчивость, развивает индивидуальные творческие способности, мыслительную деятельность, интерес к предмету.

Ключевые слова: физика, ученик, творчество, экспериментальные задачи, обучение.

Summary

N.A.Sandibayeva, *c.ph.cs., about. assoc. professor,*
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)
K.Zeydin, *lecturer (Almaty city, Almaty Industrial College)*

The development of creativity of pupils at the lessons of physics through experimentation

The development of creative activity of students is possible by means of experiment. We pay more attention to the educational experiments at different stages of the lesson with different purpose in the formulation of problems, consolidation of knowledge, checking the assimilation of theoretical material. And also experimental tasks. By setting the experiment at home, we teach students the ability of raising knowledge by their own. This is one of the most pedagogically effective and interesting approaches of creative work for the students. It contributes to conscious learning of the course, brings up the independence and resourcefulness, develops individual creative abilities, intellectual ability, and interest to the subject.

Keywords: physics, student, creative, experimental tasks, training.

ФИЛОЛОГИЯ – PHILOLOGY

ӘОЖ 81'374(574):004

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Т.Абуова, *PhD*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Қазіргі кезде ақпараттық технологиясыз және ғаламторсыз өмірді еслестету мүмкін емес. Сол себептен, білім беру саласында жаңа терминдер мен қысқартулар кең таралуда. Қазіргі түркі халықтары арасындағы ортақ терминология мәселесі, соның ішінде, терминология саласындағы соңғы ақпараттық технология бойынша ортақ терминдерді қолға алу өзекті мәселе болып отыр. Тіл арқылы кез келген халықтың болмысын, сана сезімін, дүниетанымын байқауға болады. Бүгінгі күні бұл мәселені жан-жақты, арнайы қарастырудың маңызы ерекше екені сөзсіз. Әр саланың дербес мақсаты, өз зерттеу объектісі бар. Ұлттық тілге тек тілші ғалымдар ғана емес, сонымен қатар энографтар, психологтар, педагогтар, философтар және техника саласының мамандары да айрықша көңіл бөліп келеді.

Түйін сөздер: ақпараттық терминология, түркі халықтарының ортақ терминологиясы мәселесі, сөзжасам, сөздік, компьютер, ғаламтор.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін жақын және алыс шет елдермен дипломатиялық байланыс құра бастады. Осы орайда, бұрынғы Кеңес Одағының ішіндегі тәуелсіздігін алған түркі халықтары болсын, мейлі шалғайда жатқан Түркия Республикасы болсын, арада барыс-келістермен бірге мәдени байланыстар да қанаттана бастады.

XX ғасырдың басында түркі халықтарының арасындағы үзілген байланыстың зардабын біз тәуелсіздіктен кейін тартып отырмыз. 1926 жылы Баку қаласында өткен Бірінші Одақтық Түркология съезінде барлық түркі халықтарының зиялы қауымдарының басқосуында, қазіргі күнгі өзекті мәселелерге айналған түркі халықтарының ортақ терминология мәселесі көтерілген болатын. Сол кездерде қазақ зиялылары «терминдерді түркі тілдерінен алғанымыз дұрыс, себебі түбіміз бір тіл болғандықтан тез сіңеді, әрі мағынасы түсінікті, бұлыңғыр емес», – деп ортақтасуға жол іздеген [1; 13-17 б.]. Егер де сол кездерден бүгінге дейін біздердің байланыстарымыз үзілмеген жағдайда кім білер еді, қазір біздер бұдан да ауқымды мәселелермен айналысар ма едік? XX ғасырдың басынан XXI ғасырға дейін технология қарқындап дамып, тіліміздің маңына жуытпай келеді. Ал тәуелсіздігін алған түркі халықтары өздерінің тілдеріндегі интернационалды терминдердің құрсауынан толығымен арыла алмай отырған жағдайы тағы бар.

Тіл байлығы сөз санымен ғана емес, оның сапасымен, мағына тереңдігімен, ауқымдылығымен де өлшенеді. Тілдің лексикалық байлығын көне заманнан бері қалыптасып келе жатқан бір буынды және екі буынды түбір сөздер мен олардың негізінде пайда болған мыңдаған туынды түбірлердің жалпы саны мен солардың беретін мағына саны мен мағына ауқымы негізінде өлшеуге болады. Тіліміздегі сөздер ғасырлар бойы өздігінен пайда болмағанын ескерсек, жалпы тіл лексикасының дамуын, ең алдымен, ұғым – түсініктер мен мағынасының дамуы деуге болады. Кезінде орыс тілін ғылым тілі бола алмайды дегендерге қарсы: «Егер белгілі бір ойды өз ана тілімізде дәл бере алмасақ, бұны тіліміздің оралымсыздығынан көрмей, өзіміздің дәрменсіздігімізден көру керек», – деп М.Ломоносов айтқандай, біз де тіліміздің бар мүмкіншілігін сарқа пайдалана алмай жүрсек, оның себебін, ең әуелі, өзімізден іздегеніміз жөн шығар. Өйткені «жасандылық» пен «жасампаздықты» ажырата алмайтын, «басынан бал-бұл ұшты» деп тұрақты тіркестерді қалаған жерден ұшырып, қалаған жерге қондыратын көбейіп кетті.

Тілді жетілдіру – барлық адамзаттың міндеті. Сол тілдің бүгіні мен ертеңі тілді қолданушылардың өз қолында. Сондықтан тіл білімі ғылымының бір саласы ретінде соңғы кездері зерттеле бастаған лингвоэкология ғылымы осы бағытта ерекше орын алады. Себебі, лингвоэкология әлеуметтік, психологиялық, философиялық ғылымдардың тоғысында пайда болған. Бұл ғылымның қазақ тіл білімінде де кең өріс ала бастағаны Нұргелді Уәлиұлының авторефератында көрініс тапқан. Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы [1].

Кез келген термин – сөзжасамдық әрекеттің нәтижесі. Сөзжасамдық құрылымдарға жатпайтын тұлғаларды қолданып, жоқты жонғандай болып, оңай жерден термин жасай қоюды әдетке айналдырып жатқан сияқтымыз. Тілде жаңа сөздің пайда болуы – үлкен оқиға. Ол – сана-сезімдегі сонылықтың, ой-өрістегі өзгерістердің хабаршысы. Бірақ, амал не, қазіргі «жаңалық» дегендеріміздің көбі ойлаған жерден шыға бермейді.

Қазіргі қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасу тарихы бірнеше кезеңдерді басынан өткеріп келеді. Осы кезеңдердің әрқайсысы қоғамымыздың саясаты мен экономикасы, мәдениеті мен тарихы кезеңдеріндегі өзгерістермен тығыз байланысты. Қоғамдық өмірдегі мұндай өзгерістер терминология саласында сөздік қордың дамуына әсер етті.

The article discusses the features of improvisation skills in creativity of Jambul Jabayev, his contribution to the promotion of works and aitys of his mentor, the poet Suyunbay Aronuly. The article deals with new ways of poetry of the great poet-improviser of the Kazakh people, Homer twentieth century Jambul Dzhabayev. The author describes in detail the great bard epic as a poet, as a poet improviser, as well as the civil poet. All the arguments in the article are justified on specific statements of prominent writers and scholars, and zhivschih obschyabschihsya side by side with the poet. Despite a century of age, the poet was an active philanthropist. Life and work Jambul Dzhabayev is a bright golden bridge, connecting the history and culture of the Kazakh people of the century.

Key word: The art of improvisation, Zhambyl Zhabayev, Suyunbay Aronuly toad zhyr, poetry, folk poets.

UDK. 811.111=03=512=161.1

DIFFICULTIES OF TRANSLATION OF ENGLISH PROVERBS AND STATEMENT

G.B.Demeeva, *Senior English teacher*
Zh.K.Zhunisova, *English teacher, master of pedagogical sciences.*
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Annotation: In this article translation is very ancient kind of human activity. As soon as groups of people with different languages were born in human history, bilinguals appeared and they helped to communicate between people of different languages. With development of the written language, written translators join oral ones. They translated different texts of official, religious and business character.

Keywords: Paremiology, alliteration, own-shape form the difficulties of translation, proverbial expressions.

Translation had the man social function at first. It made possible inter-linguistic communication of people. The spreading of the written translation opened to people the wide access to cultural achievements of other nations; it made possible interaction and inter-enrichment of literature and culture. The knowledge of foreign languages let to read original books, but not everybody can learn at least one foreign language.

Our work is devoted to the basic points of theory of translation and the difficulties of translation of English proverbs and statements into Kazakh and Russian. Translations of proverbs and statements from English into Kazakh and Russian have own-shape form the difficulties of translation.

A statement is short, clear expression that usually contains advice or expresses some obvious truth. Many traditional statements are still in general use today. Most of the statements in this section are well-known in English, though some of them come from other languages. There are literally thousands of statements in English and all languages. The term 'statement' conveys the idea of any expression of wisdom or truth, usually handed down by earlier generations. The origin of statement is unknown in many cases. And a lot of English statements came from other languages.

Most statements are effective thanks to their shortness and directness. They use simple, vivid language, often based on everyday domestic situations, making them easy to understand and remember.

Statements may be classified under a number of different terms, of which proverb is probably given the best variants. Other types of saying are adage, maxim, motto, epigram and aphorism, though frankly the distinction between them is often vague: Proverb: a piece of common-sense wisdom expressed in practical, 'home' terms

'A stitch in time saves nine'

'Өнімді іс-ырыс'

' Минута –час бережет'

Adage: is a time –honored and widely known statement

'Where there's a will, there's a way'

'Іздеген мұратына жетеді'

' Где хотенье, там и умение'

A maxim: a general rule of behavior drown from practical experience.

'Dark is no studying, light is study'

'Білмеу-түнек, білу- шуақ'

'Знание- свет, незнание-тьма'

Paremiology. The study of proverbs is called paremiolog y(from Greek 'paroimia', 'proverb') and can be dated back as far as Aristotle. Paremiology, on the other hand, is the collection of

proverbs. A prominent proverb scholar in the US, his named Wolfgang Mieder. He had written or edited over 50 books on the subject, published the journal 'Proverbium', also had written innumerable articles on proverbs, and was very widely cited by other proverb scholars.

A similar form is proverbial expressions ('to bite the dust'). The difference is that proverbs are unchangeable sentences, while proverbial expressions permit alterations to fit the grammar of the context. Another close construction is an allusion to proverb, such as:

'The new broom will sweep clean'

'Жаңа сыпырғыш жаңаша сыпырады'

'Новая метла метет по новому'

Typical stylistic features of proverbs (as Shirley Arora pointed out in her article, the perception of provability 1984) are:

Alliteration. Every culture has its own store of proverbs and statements. Proverbs are the mirror of a nation's soul, a guide to nation's customs and traditions, character and temperament, beliefs and opinions.

The Kazakh people have a great wealth of proverbs and often use them in everyday life. The Kazakh are longtime masters in the art of conversation and the art of the art Kazakh has always been their speech. Among Kazakh does not exist without proverbs in communicate each other. Both young and old people always give advice, to express their opinion, to warn, to cement arguments, to care and curse, to say universal truth. In ancient Kazakhs thought, those proverbs have the influence on life.

Although many of proverbs current in Kazakhstan are translations from Kyrgyz, Uzbek, Arabic and other language of the former Soviet Union, it is estimated that about eight thousand proverbs are purely Kazakh in origin and exclusively the property of Kazakhstan. The works of the poets Asan Khaigly, Dospambet Zhirau, Kaztugan Zhirau, Dulat and others were very real. They mentioned in own works, steppe life, love of the nomads for their homeland, illustrate philosophy of life, condemn such human habits, such as laziness, coward, greediness, also express general truth, relate to the weather, cattle-breeding. It would appear that nothing could be easier than writing down the definition of a proverb. Where did proverb come from? Where can it be used? Proverbs are widely used in the society on the regular basis. Some folk poets and popular writers have claimed review that proverbial language has passed from usage; however it remains an easily proven fact that proverbs are not 'past' and definitely not dead. This form of language helps to express our thoughts more exactly and vividly. Proverbs contain wisdom, humor, and usually fit many purports. A small sentence as proverbs also contains grammar rules and tones of vocabulary that is why We would claim that proverbs could help a great deal to learn a foreign language like English and make the process of learning more interesting. Proverbs contain such grammar rules as: degrees of comparison of adjectives, gerund constructions 'there is', 'there are', formation of noun plurals, formation of present, past and future tenses and etc. We would like to write, that is interesting for us, to analyzing how the proverbs and proverbial phrases are translated. And also we want to say, that in this work we've found a lot of information and synonyms, and most of irregular verbs.

REFERENCES:

1. 500 English proverbs, 2003
2. Kazakh traditions and ways, 2002
3. Kazakh's ancient history, Baipakov A. B.,2011
4. Fase W. Ethnic divisions in Western European education, 1994
5. Wiseman R. Intercultural communication theory, 1995
6. Internet Resources.

Түйіндеме

Г.Б.Демеева, *аға оқытушы,* ***Ж.К.Жүнісова,*** *оқытушы, магистр*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді аударудағы қиындықтар

Бұл мақалада ағылшын тілінен қазақ және орыс тілдеріне аудару қиыншылықтары туралы жазылған. Мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым паремиология, аллетерация терминдерін қолданып, нақты мысалдар келтірілген. Қазақ жырауларының айтып кеткен сөздері, қалай мақал-мәтел болып енгені, мәдени тербелісте және тарихи ағымдарда айшықталып айтылып кеткен. Грамматика тұрғысында мақал-мәтелдердің грамматикалық ережелері сақталғаны туралы да пайымдап кеткен.

Түйін сөздер: пареомиология, аллетерация, өзіндік болмысы бар аударудағы кездесетін қиындықтар, мақал сөз тіркестері.

Резюме

Демеева Г.Б., *ст. преподаватель,* ***Жунисова Ж.К.,*** *преподаватель, магистр*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Трудности перевода английских пословиц и высказываний

В данной статье излагается сложности перевода английских пословиц на казахском и русских языках. Приведены конкретные примеры применения науки – паремиологии, которая изучает поговорки, пословицы, высказывания на разных языках с использованием термина аллетерации. Отражены слова казахских поэтов, процесс внедрения поговорок и пословиц на фоне исторических и культурных течений. Сохранены грамматические основы и правила поговорок и пословиц.

Ключевые слова: пареомиология, аллетерация, своеобразный формы сложности в переводе, выражение пословиц.

УДК 821.512-1

СТИХОТВОРЕНИЯ ПРОЗА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Ержанова С.Б., *д.ф.н., профессор*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)
Ниятова Ш.С., *к.ф.н., доцент*
(г. Алматы, Университет Каспий)

Аннотация: Анализ процесса написания современных поэтических произведений показывает на наличие качественных изменений. В казахском литературоведении такие изменения в поэзии рассматриваются как актуальная проблема, соответственно уделяется большое внимание направлениям развития и методам усовершенствования структуры и размеров поэтических произведений. Например, З. Ахметов отмечает, что наблюдается тенденция соответствия современной казахской поэзии в прозе закономерностям традиционного казахского стихосложения. На грани между прозой и поэзией расположился промежуточный стиль написания стихотворных произведений, а именно стихи в прозе, исследованный в русской литературе. Однако, в казахской литературе эта тема еще далека от полного раскрытия. Практически отсутствуют исследования по данной проблеме за исключением весьма поверхностного упоминания лишь некоторых работах (К.Жумалиев [1], З.Ахметов [2], К.Омиралиев [3], А.Исмакова [4], В.Н.Топоров [5], М.Л.Гаспаров [6]).

Ключевые слова: поэзия, проза, ритм, мера, настроение, лирика.

Стихи в прозе для европейской литературы – явление не новое. Особое внимание уделяется содержанию стихов, и в первую очередь, лирическому настроению автора.

«Стихотворение в прозе – лирическое произведение в прозаической форме; обладает такими признаками лирического стихотворения, как небольшой объём, повышенная эмоциональность, обычно бессюжетная композиция, общая установка на выражение субъективного впечатления или переживания, но не такими средствами, как метр, ритм, рифма. Поэтому не следует путать Стихотворение в прозе с формами, промежуточными между поэзией и прозой именно по метрическому признаку, - с ритмической прозой и свободным стихом. Форма Стихотворения в прозе в европейской поэзии сложилась в эпоху романтизма, опираясь на библейскую традицию религиозной лирики в прозе и на французский обычай прозаического перевода иноязычных стихов; первым образцом Стихотворения в прозе принято считать книгу А. Бертрана «Гаспар из тьмы» (изд. 1842); термин «Стихотворение в прозе» введен Ш. Бодлером в «Цветах зла»; в русскую литературу вошел у И.С. Тургенева в цикле произведений 1878-1882», говорится в Литературном энциклопедическом словаре [7].

В мировой литературе никогда не угасал интерес к стихам в прозе. Например, Даниил Хармс является автором прекрасных сонетов, написанных в форме стихотворения в прозе. Передача сонета в форме стихотворения в прозе, несомненно, требует от автора поиска и мастерства. А.А.Добрицын в своем «Сонет» в прозе: Случай Хармса» анализирует содержание и художественные особенности этого «нового» жанра.

Природа поэзии и прозы, их взаимоотношения всегда были объектом споров в литературной среде. Знаток русской поэзии М.Л. Гаспаров в своем труде «Русская поэзия начала XX века в комментариях» писал, что стихосложение требует ответа на три вопроса, «самый главным и самым трудным вопросом является: в чем различие стихотворения от стихов в прозе?» [6; 197 с.]. «Есть два типа художественного слова – проза и поэзия. В литературоведении до сих продолжаются споры о различиях между ними», – пишет Э.Я.Фесенко [8, 174 с.].

В творчестве казахского поэта Магжана Жумабаева есть произведения, написанные в стиле стихов в прозе. Его стихотворения в прозе «Балапан қанат қақты», «Домбыра» [9, 36, 60 стр.] отличаются своеобразием тематического развертывания, глубоким лиризмом.

«Балапан қанат қақты. Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты. Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар өкпесіне өтті. Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бұрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қанша айналып жүрсе де, қалың ақ кебінін жамылып, тоғай тұрмады».

«Птенец взмахнул крыльями. Он был юн. Его крылья еще не совсем окрепли. Он вынужден был взлететь. Было очень холодно на севере. Холодный ветер пронзил его тело. Полетел он в лес, но вчерашние ласковые деревья не повернули даже головы в его сторону. Полетел он в рощу, но роща, покрытая тяжелом снежным одеялом, не проснулась».

В этом стихотворении в прозе М.Жумабаева красной линией проходит мечта о свободе пространства, мысль о вечности духа.

Стихотворения в прозе поэта Е.Раушанова по своему содержанию и художественной образности достойны отдельного рассмотрения для его стихотворения в прозе «Ымырт» («Сумерки») характерна тематика, актуальная для данного исторического периода, отражающая внутренний, субъективный опыт автора и эмоциональное отношение к миру, а также полнота и цельность впечатления, образность, концентрация и игра смыслов, особая роль означающего; краткость и завершенность формы, бессюжетность, своеобразие тематического развертывания, приемы экспрессивного синтаксиса; структурная и ритмическая упорядоченность за счет использования параллелизмов и повторов на разных языковых уровнях, специфика отражения времени. В основе стихотворения выступают ожившие древнетюркские буквы. Буквы путешествуют по ночному городу. Автор в параллели с древнетюркскими ожившими буквами-путешественниками ищет гармонию между прошлым и настоящим.

На первый взгляд в этом произведении рассказывается об одном происшествии, имевшее место в сумерках, но это персонификация мыслей в сознании является образцом поэтических возможностей «синкретного жанра».

Мы можем с уверенностью сказать, что в современной казахской литературе появился новый жанр, жанр стихов в прозе, в истоке которого стоял Жумекен Нажимеденов. Его первые лирические шаги были восприняты критически как «поэзия в прозе». Однако, сейчас этот вид поэзии становится все популярнее. Ведь стихотворения в прозе – это небольшие прозаические произведения, напоминающие по своему характеру лирические стихотворения, но лишенные стихотворной организации речи и поэтому точнее характеризуемые термином «лирика в прозе». На грани между прозой и поэзией расположился промежуточный стиль написания стихотворных произведений. Стихи в прозе занимают пограничное положение. Этот жанр характеризуется поэтическим содержанием, часто выдержанным размером, однако сам способ их написания крайне близок к прозаической манере изложения – здесь нет ни рифмы, ни ритма, ни четкого деления на строфы. Безусловно, это новое явление для казахской поэзии, где наблюдается процесс сближения поэзии с прозой.

Необходимо отметить, что в стихах в прозе сталкиваемся с характерными чертами лирики. Действительность в нем отражается не столько путем непосредственного изображения объективных явлений, как в эпосе, сколько путем изображения субъективного переживания, вызванного тем или иным явлением жизни. Эта черта лирики присутствует в стихах в прозе. Отсюда и вытекают такие структурно родственные лирике его особенности, как показ характера в его отдельном состоянии, а не в цепи их, краткость и, наконец, специфическая лиричность авторской речи, ее индивидуально-эмоциональная окраска. Речь произведения такого типа характеризуется обилием и эмоциональностью пауз, относительной самостоятельностью слова, зачастую интонационно равного целому предложению. Стих является лишь одной из форм такого рода поэтической речи, формой, в которой указанные особенности сочетаются с ритмом в точном смысле этого слова. Сама же лирически окрашенная поэтическая речь распространена и в прозе, где она дает весьма разнообразные виды, подчас очень близкие к стиху, но не имеющие стиховой ритмической организации и связанных с ней явлений. Так организованная проза может быть вкраплена в общее повествование, но может иметь и самостоятельное значение.

Итак, стихотворение в прозе, которое на самом деле представляет собой не что иное, как лирическую прозу, лирику в прозе, явление в известной мере переходное, как форма развертывания образов, и организации художественной речи в литературе. Нельзя сказать, что стихотворения в прозе часто встречается в казахской литературе, но тем не менее, нельзя умалять роль данного явления в создании новых образцов художественного слова.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Жумалиев К. Теория литературы. – Алматы: Наука, 1962. – С.58.

2. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – С. 408.

3. Исмакова А.С. Поэтика казахской художественной прозы начала XX века (тематика, жанр, стиль): Автореф. д-ра филол. наук: 10.01.08. – Алматы, 1998. – С.60.

4. Өмірәлиев Қ. XY-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Жазушы, 2001. – Б.297.

5. Топоров В.Н. Пространство и текст // Текст: семантика и структура: Сб. ст. – М.: Наука, 1983. –256 с.

6. Гаспаров М.Л. Русский стих начало XX в. Комментариях. – М.: Наука, 2011. – 319с.

7. Литературный энциклопедическии словарь под редакцией В.М.Кожевникова, Николаева П.А. – М.: 1987. – С.425.

8. Фесенко Э.Я. Теория литературы. – М.: Наука, 2005. – 336 с.

9. Жұмабаев М. Көптомдық шығ.жин. – А.: Жазушы, 2005. – 312 б.

10. Раушанов Е. Періштелер мен құстар: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Көркем әдебиет, 2005. – 264 б.

Түйіндеме

С.Ержанова, *ф.ғ.д., профессор*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)
Ш.С.Ниятова, *ф ғ.к., доцент*
(Алматы қ., Каспий университеті)

Қазіргі қазақ поэзиясындағы прозалық өлеңдер

Қазақ поэзиясында соңғы кездері ерекше құбылысқа айналып отырған прозадағы поэзия мәселесі болып отыр. Өйткені прозадағы ырғақтың кездесуі, өлеңдік өлшемнің орын алуы жиі кездеседі. Қазақ классиктерінің бірен-саран шығармаларынан орын алған үлгілер қазіргі прозадағы кейбір үлгілерге айналып келеді. Проза мен поэзия элементтерінің алмасуы сияқты құбылыстар бүгінгі таңда ескеретін, мәнін-мазмұнын ашып, ғылыми сипатын анықтайтын мәселеге айналып отыр. Сондықтан прозадағы поэзия сияқты поэзиядағы проза элементтері де жиі ұшырасатынын айтуға тиіспіз. Ғылыми негізін қайдан алып отырған құбылысқа зер салу бүгінгі күннің міндеті.

Түйін сөздер: Поэзия, проза, ырғақ, өлшем, көңіл-күй, лирика, поэтикалық ұғым, ритм, автор сөзі, диалог, әдебиет, көркем сөз.

Summary

S.Yerzhanova, *doctor of phil. sciences, professor*
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)
Sh.S.Niatova, *c.ph.cs., assosiated professor, (Almaty city, Caspian University)*

Prose poems of the modern kazakh poetry

This article deals with the prose poems of the modern Kazakh poetry. The features of the poems in prose in the Kazakh poetry were known in the second half of the 19th century. The modern samples of the poems in prose are widely spread in new Kazakh poetry.

Keywords: poetry, prose, rhythmic, size, mood, lyrics, dialogue, literature.

ӘОЖ 37.046.12

СӨЙЛЕСУ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТА ОҚЫТУ МЕН АЙТУҒА ЖАТТЫҚТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

С.Б.Ержанова, *ф.ғ.д., профессор*
А.Джамамбетова, *п.ғ.м. оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Тіл дамыту жұмысының нәтижелі болуы оны ұйымдастыруға байланысты. Оны оқта-текте және оның ауыр-жеңілін есепке алмай, мақсатсыз, жүйесіз жүргізуге болмайды. Жұмыстың бұл саласында да жүйелік сақталып, жеңілден ауырға қарай деген дидактикалық принциптің негізінде оның жай түрінен біртіндеп күрделендіріледі. Ол әрбір сыныпта оқытылатын бағдарламалық материалдың көлеміне, ауыр-жеңілдігіне де байланысты болады. Тілдік жаттығу барлық уақытта сөйлеушінің стратегиясы мен тактикасының болуын қарастырады, үнемі қатынасқа қатысушылардың өзара қарым-қатынасының болуын қамтамасыз етеді, әрқашанда сөйлеушінің тілдік белсенділігі мен дербестігін дамытады, сөйлесудің құрылымдық және вербальдық әр алуандылығымен қамтамасыз етілетін жаңа ахуал. Сөйлесу жаттығулары соңғы кезде «қатысымдық жаттығулар» деп аталып жүр. Қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту мәселесіне арналған негізгі

әдістемелік оқулықтарында сөйлесу жаттығуларының мәні өте зор екенін баса айтып, қазіргі заманда екінші тілді оқыту әдістемесі сөйлесуге үйретуді негізге алатынын, олай болса, қазақ тілін басқа ұлтқа оқытуда қазақша сөйлесуге үйрету негізгі мақсат болады да, жұмыстың басым көпшілігі осы мақсатқа сай ұйымдастырылатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: тіл дамыту, әдіс-тәсіл, сөйлеу әрекеті, лексикалық материал, сөйлеу стилі.

Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, туған елінің тыныс тіршілігімен жан-жақты, терең таныстыру, тілдерін дамыту. Тіл дамыту арқылы оқушылардың ақыл-ойы кеңейеді, адамгершілік, эстетикалық тәрбие, бір-бірімен достық қарым-қатынас мәселелері де дұрыс жолға қойылады. Тіл дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты – өзге тілді жастардың өз ойын қазақ тілінде ауызша не жазбаша түрде толық жеткізуге, қазақ тілінде сөйлеген сөзді жақсы түсінуге үйрету. Орыстілді сыныптарда қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде оқушылардың ауызша сөйлесу әрекетін дамытуға баса көңіл аударылады. Тілдік норма жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамыту керек.

Лексикалық материалды оқытуда деңгейлік жаттығулар мен тапсырмалар да үлкен орын алады. Әр деңгейдің талап-тілегін қамтитын түрлі тапсырмалар арқылы оқушының білім көлемінің қай деңгейге сай келетінін анықтауға болады. Оқушылық деңгейде орындалатын жаттығулар: мұғалім түсіндірген білімді оқушының қайталап бере алатынындай болу керек. Алгоритмдік деңгейде орындалатын жаттығулар: өткен материалдармен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізденген болуы керек; ізденімділік деңгейде орындалатын жаттығулар: белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейтін болуы керек (сурет, шығарма, фантастикалық әңгіме, ой толғау, өлең, әзіл өлең жазу, т.б.); ғылыми көзқарасын қалыптастыруға арналған болуы қажет. Оқушылардың сөйлесу әрекетін дамытудағы ең ұтымды әдістер ретінде *жаттықтыру әдісі, сұрақ-жауап әдісі, ойын әдісі, қатысым әдісі, көрнекілік әдісі, саяхат (экскурсия) әдістері* сұрыпталады.

Сөйлесу әрекетін дамытуда *жаттықтыру әдісі* ерекше орын алады. Сабақ тиімділігін арттыруда ойын элементтерін қолдану белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді. Ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдаланамын. Біріншісі – сабаққа қызығушылығын арттыру, тілін дамыту, екіншісі – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу. Адамдар арасындағы қарым-қатынас ешқандай түрткісіз, яғни қызығушылықсыз болуы мүмкін емес. Дегенмен, сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын ояту оңай емес. Сондықтан оқу үдерісінде оқушылар өздігінен сөйлейтіндей жағдай тудыруымыз керек.

Сөйлесу әрекетін дамытуда ертегілердің де атқаратын рөлі зор. Ертегі тілінің көркемдігі және оқиғаларының қызықтылығы баяндалуы баланы еріксіз өзіне тартып, баурап алады. Ертегілерді баланың оқуы не тыңдауы, мазмұнын қайталап айтып беруі сөздік қорын молайтады, байланыстырып сөйлесу әрекетін дамытып, қиялдауға мүмкіндіктер туғызады. Сонымен қоса, сөйлесу әрекетін дамытуда жазбаша диктанттардың үлкен маңызы бар. Диктанттың тиімділігінің көрінісі: оқушылардың сөздік қоры, сөз байлығы дамып, мағыналық реңктеріне қарай сөздерді тілдік қарым-қатынаста сауатты қолдана алуына мүмкіндік туғызады. Сөз мағыналарын түсінумен бірге орфографиялық және орфоэпиялық дағдылар да қалыптасады.

Сөйлесу әрекетіне дағдыландырудың әдіс-тәсілдері көп. Тыңдап-түсіну сөйлеудің бірінші сыңары болса, оның екіншісі – сөйлесу. Сөйлесу әрекетінің бұл түрі арқылы адамдар қатысым жасайды: бір-бірімен түсініседі, басқа адамдардың біліміне, іскерлігіне ықпал етеді, оларға бірнәрсені дәлелдейді, сендіреді. Сондай-ақ айтылып тұрған хабарға өзінің көңіл-күйін қатынасын білдіреді. Ауызша сөйлеу еске, болжауға, ықыласқа сүйене отырып, күрделі ойлау үдерістерін қатыстырады. Ол туралы Н.Оралбаева: «Сөйлеу тілінің ең көп қолданылатын кезі сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей қарым-қатынасы». Оқу тілі орыс

тілінде жүретін сыныптарда тіл дамыту жұмысына мынандай талаптар қойылады: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру; тіліміздегі сөздерді орфоэпиялық ережелерге сай айта білуін қалыптастыру; сөздерді дұрыс байланыстырып, өз ойын дұрыс, жүйелі жеткізе білуге үйрету т.б. Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлесуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек, себебі ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге үйретудің басты шарты – үндестік заңын меңгерту болып табылады. Дыбыстардың өзара тіркесу заңдылықтарын, сөздердің байланысу жолдарын білмей тұрып, сөйлем құрату мүмкін емес. Сонымен қатар біз лингвистикалық әдебиеттерде берілген диалогтың мынадай кезеңдеріне көңіл аударамыз: тілдік қатысымды бастау, тілдік қатысымды жалғастыру, тілдік қатысымды аяқтау және аталған әрбір кезең өзіне тән дайын сөз штамптары мен формулалары қолдануды талап етеді. Лингвистердің еңбектерін талдай келе, біз өз тарапымыздан 5-6 сыныпта оқушыларды диалог сөйлесудің келесі түрлеріне үйретуді қарастырдық: мәнбірлі (фактілі) сипатқа ие болатын, екі жақтан да ақпаратпен қамтамасыз етілетін ақпаратпен алмасу диалогі; бірлесіп әрекетті жоспарлау диалогі; ой, әсер алмасу, түрлі көзқарастарда болу (бірдей немесе екі жақты) диалогі.

Оқушылардға қазақ тілін меңгерту үшін мынадай жұмыстарды ұйымдастыру тиімді:

1. Фонетика, лексика, синтаксис мәселелерін салыстыра отырып, ережелерді меңгерту.

2. Сабақта сұрақ-жауап әдісін жиі қолдана отырып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға тырысу. Әр сыныпта белгілі бір тақырыптар қайта қайталанғанымен оқушылардың жас ерекшелігіне қарай жұмыс көлемі күрделенетіні анық. Осы жұмыстардың ішінде сабақ барысында өте жиі қолданылатыны мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс істегенде әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ сол қолданылатын әдіс-тәсілдердің мақсаты оқушыларға айқын болуы керек. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балаларды қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай келуі керек. Осыған байланысты мәтінмен жұмыс істеуді түрлі әдістермен жүргізуге болады:

3. Мәтінмен жұмыс.

- мәтінді мәнерлеп оқыту;
- түсінуге қиын сөздердің мағынасын ашу;
- мәтіннен жаңа сөздерді тапқызу, олардың айтылуы мен жазылуын, мағынасын меңгерту;
- мәтін бойынша сұрақтар қойып, оған жауап алу;
- мәтінге тақырып қойғызу;
- мәтін бойынша жоспар жасату;
- мәтін мазмұнын әңгімелету;
- мәтін мазмұны бойынша оқушыларға сұрақ дайындату т.б.

4. Жаттығу жұмысы. Жаттығу – грамматиканың теориялық курсы бойынша білімді бекіту мақсатындағы оқушының белгілі бір оқу тапсырмасын орындауы. Сыныпта орындалатын жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Әсіресе, түсірілген сөздерді табу, сөйлемдерді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылту, көп нүктенің орнына тілдік тұлғаларды қою, сурет бойынша әңгіме құрастыру, сөйлемді толықтыру, т.б. жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың қазақша сөйлеу қабілетін дамытуға болады. Мұнда оқушылардың грамматикалық материалдарды бағдарламаларға сай меңгерту, сөздерді ауызша сөйлеу барысында дұрыс қолдануы үшін тілдік тұлғалардың қолданылу заңдылықтарын білуі қажет. Грамматиканың заңдылықтарын меңгеріп, оны сөйлеуде қолдану арқылы тиянақты ойды білдіруге болады. Сөйлемді толықтыру жаттығуларында

берілген сөздерден сөйлем құрату, әр сөздің мағынасын орысша, қазақша түсіндіру, дәптерге, тақтаға жаздыру жұмыстары жүргізіледі.

5. Қайталау – тіл үйретудің негізгі шарты. Сабақ барысында меңгерген сөздерді қазақша көбірек қайталату, сөйлетіп жаттықтыра беру қажет. Сөздерді жиі қайталату сол сөзді ұмытпау үшін керек. Мұндай жұмыс түрінде орыс тілінде жеке сөзді атап, қазақ тіліндегі аудармасын оқушыларға айтқызу арқылы тексеруге болады.

6. Мәнерлеп оқу немесе жаттау. Белгілі бір мәтінді, сөйлемді мәнерлеп оқыту тілді меңгертуге септігін тигізеді. Өлеңдер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар жаттаудың да маңызы зор.

7. Жаңа сөздермен жұмыс тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Оқушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс, оқушылардың тілді белсенді меңгеруі үшін ол сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануы керек. Сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайда байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымды бұған дәлел бола алады.

Сөздік қордың жүйелі болуы тақырыптың дұрыс таңдалуымен тікелей байланысты. Тақырып аясына тиісті сөздерді топтау басқа ұлт өкілдерінің қазақ тіліндегі сөздік қорын арттырып, бір-бірімен осы тілде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Сабақты тиімді де құнды әдістермен өткізу және оны жүйелі де жоспарлы жүргізу сабақ элементтерінің толық қатысуына мүмкіндік береді. Жалпы айтқанда, тіліміздің мәртебесі – еліміздің мәртебесі, сондықтан сауатты, мемлекеттік тілді жетік білетін азамат тәрбиелеу біздің мақсатымыз. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, орыстілді мектептердегі оқушылардың қазақша сөйлеу дағдылары қалыптасып, пәнге деген қызығушылықтары артады.

Сабақ барысында мұғалім шебер қойылған, ізденіске бағыттайтын сұрақтар арқылы оқушыны жетелейді, ойландырады, іздендіреді. Тіл дамыту жұмыстары мынандай бағытта жүргізілсе:

1. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында баламен қарым-қатынас жасағанда әсерлі сөйлеп, тыңдаушысын өзіне қаратып баурап алуы, яғни тіл мәдениетінің өте жоғары болуы шарт.

2. Баланың тілін дамыту үшін өзі қажет деген әдісті пайдаланса.

3. Жеңіл түрде сөйлемдер құрату және ауызекі сөзде қолдана білу.

4. Сөздік жұмысын жүргізу, жаңа сөздерді үйрете отырып, оны іс жүзінде қолдана білу.

5. Баланы әдеби тілде ауызша сөйлетуге және жазбаша сауатты жазуға үйрету.

6. Оқушыға арналған материалдар аса түсінікті болуы керек.

Оқушы + оқушымен + топпен + ұжыммен + мұғаліммен қатынаста болуына жағдай тудыру. Сөйлесу сабағы үстінде тапсырманың жеңілдігімен күрделіге қарай бірнеше іс-әрекет формалары ауысса жүзеге асады. Мысалы: сабақтың басында сөздікпен жұмыс жүргізгенде жұптық немесе бекіту кезінде топтық форманы немесе жеке топтық жұмысты қолдануға болады.

Тілді оқытуда сөздікпен жұмыс оқушының тілін байытуда ерекше орын алады. Бұл жұмыс оқушының сөздік қорын молайтып, тілін, ойлау қабілетін дамытады. Сөйлесу сабағы оқушыларды тек қана қазақ тілінде ауызекі сөйлеуге үйретіп қоймайды, оларды ойлау, талдау, сараптау және қорытындылау қабілеттерін жетілдіреді. Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіңдіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс. Бірақ, оқушының тілін қалыптастыру үшін, мұғалімнің өзі бір құзырлыққа жету керек. Сол үшін оқушы санасына, қазақ тілі ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтыны туралы ұғым қалыптастыру керек. Қазақ тілін оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру ең маңызды жұмыстардың бірі. Оқу орыс

тілінде жүретін сыныптарында оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарын түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйретіледі. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін, біріншіден жүйелі түрде, «оңайдан қиынға принципін» басшылыққа сала отырып күнтізбегін жоспар қажет деп ойлаймын. Содан кейін жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың тілін дамыту үшін әртүрлі тәсілдер арқылы жұмыс жүргізу. Осы мақсатта оқытушы әртүрлі оқыту әдіс-тәсілдерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қолданады. Басты назар аударатынымыз оқу, сөйлеу, талдау, жазу жұмыстарына мұқият көңіл бөлу.

Сөзді, сөйлемді, сөз тіркестерін тақтадан, кітаптан, дәптерден дұрыс оқыта білу – қазақ тілін меңгертіп, сөздің қорларын молайтуға септігін тигізеді. Мәтінді оқыту негізінде көптеген факторларды ескеру қажет.

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру.
2. Сөйлемді дұрыс құрай білуге жаттықтыру.
3. Байланыстырып сөйлеуді үйрету.
4. Еркін оқуға үйрету.

Сөйлеу және оқуды меңгерген соң, жазу тілі қалыптастырылады. Сөз – тілдің негізгі өлшемі. Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты.

Тіл дамыту жұмыстарында жаңа сөзіндік сөздермен жұмыс ерекше орын алады.

1. Тақырыпқа байланысты сөйлем құрастыру.
2. Сурет бойынша әртүрлі мәтін құрастыру.
3. Жаттығу жұмыстарын жазу, кешендік талдау жасау. Осыдан соң жазба жұмыстарын алуға болады.

1. Сөздік диктант.
2. Мазмұндама.
3. Шығарма, шағын әңгімелер.
4. Тест жұмыстары.

Жазу арқылы жүйелі сөйлеуді, сөйлеу стилін үйрету және ауызекі сөйлеуге жұмыс жасатуға болады. Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі – диалог арқылы дамыту. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпта оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып диалог дұрыс құруға тырысады. Бұл оқушының тілін дамытады. Жоғарыда аталған жұмыстарды әр сынып бағдарламасына сәйкес өзгерісіне енуі мүмкін. Себебі, бірінші сынып бағдарламасы, өзге сыныптар бағдарламасының бастамасы ретінде құрылған. Оқушының сөйлегенде асығып-аптықпай немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйрену, өзін дұрыс ұстау мәдениетіне де жаттықтыру жұмыстарын жүргіземін. Сонымен қатар әңгімелеу барысында сұрақ қоя білу, өзіне қойылған сұраққа тиянақты жауап қайтара алуға дағдыландыруға да көңіл бөліп отырамын. Оқушыларды көпшілік алдында сөйлей білуге үйрету қажет. Сынып алдында тыңдаушыларға қарап ойын асықпай-саспай, қысылмай айтып беру шеберлігіне үйрету де тілдерін жетілдіріп, ой ұшқырлығын дамытады, көпшілік алдында өзін ұстай алуға дағдыланатынына көзім жетті. Бірақ төмендегі кестені барлық оқушылар білімін жетілдіру үшін және осы сызбаны жүйелі қолдана отырып, оқушының тілін дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, тіл дамыту жұмысының нәтижелі болуы оны ұйымдастыруға байланысты. Оны оқта-текте және оның ауыр-жеңілін есепке алмай, мақсатсыз, жүйесіз

жүргізуге болмайды. Жұмыстың бұл саласында да жүйелік сақталып, жеңілден ауырға қарай деген дидактикалық принциптің негізінде оның жай түрінен біртіндеп күрделендіріледі. Ол әрбір сыныпта оқытылатын бағдарламалық материалдың көлеміне, ауыр-жеңілдігіне де байланысты болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазбекова Н.Т. Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану. // 12 жылдық білім, 2006. – №1.

2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 139 б.

3. Қараев Ж.А. Педогогическая технология дифференцированного обучения. – Алматы, 1999. – Б. 5-17, 17-21.

4. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту. //Қазақстан мектебі. №10, 2004. –Б. 63-67.

Резюме

С.Ержанова, *д. ф.н., профессор,* ***А.Джамамбетова,*** *м. п.н, преподаватель*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Методы и приемы развивающего обучения

Изучение мотивов осуществляется в неразрывной связи с их формированием. Практическая деятельность преподавателя в этом направлении осуществляется с опорой на следующий алгоритм. Определение и уточнение целей обучения. Анализ в этой связи сущности, содержания, направленности и силы мотивов, необходимых и достаточных для поддержки процесса и успешной реализации намеченных задач. Совершенствование речевых навыков способствует также их успешной учебе по основным предметам. Дети чувствуют себя при ответах в классе более уверенно, они критичны к тому, что слышат от других, и одновременно достаточно объективны, стремятся понять точку зрения другого человека.

Ключевые слова: развития языка, подход, речевая деятельность, лексическая материал, стиль речи.

Summaru

S.B.Erzhanova, *dr. of phil. sciences, professor,* ***A.Djamanbaeva,*** *m. p. h., lecturer*
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Methods and techniques of developing training

The study of motivation is carried out in close connection with their formation. Practical teacher's activity in this direction is carried out based on the following algorithm. Defining and clarifying learning objectives. The analysis in this regard, the essence, content, direction and strength of the motives, the necessary and sufficient to support the process and the successful implementation of the planned tasks. Improving language skills contributes to their academic success in core subjects. Children feel when answering in class more confident, they are critical to what they hear from others, and at the same time sufficiently objective, seek to understand the point of view of another person.

Key words: developmental language, approach, speech activity, lexical material, style of speech.

ӘОЖ 004.519: 338

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Л.А.Ертаева, *аға оқытушы*
(*Алматы қ., Тұран университеті)*

Аңдатпа: Бұл мақалада шет тілін оқытудағы сөйлеу әрекетінің алар орны мен маңыздылығы қарастырылады. Шет тілі оқытушыларын әркез алаңдататын мәселе – шет

тілін тәжірибе жүзінде мүмкіндігінше табиғи түрде қолдану аясын кеңейту. Тілдік орта жоқ жерде сол тілді қолдану аясы тар болатыны әмбеге аян. Бірақ, соған қарамастан, шет тілін оқыту барысында оқытушының өзі үлгі бола отырып үйренушілерді шет тілінде сөйлеуге жетелеуі тіл үйренудегі мақсатқа бастар жолдардың бірі.

Түйін сөздер: қысқа уақыттық жады, ұзақ уақыттық жады, ақпаратты беру, түпнұсқалылық, сәйкестік, лингвистикалық қолдау, жеңіл фразалар, тілдік қатынас.

Теория жүзінде ақпарат мида екі түрлі жолмен сақталады. Қысқа және ұзақ уақытқа сақталу. Біздің ана тіліміздегі ақпарат ұзақ уақыттық жадыда сақталса, екінші немесе басқа тілдегі ақпарат қысқа уақыттық жадыда тұрады. Тез түсіну үшін шет тіліндегі ақпаратты әдетте біз ана тілімізге аударамыз. Алайда бұл мидың жаңа ақпаратты ұзақ уақыттық жадыға қабылдауына бірқатар қиындықтар туғызады.

Жаңа ақпаратты шет тілінен ана тіліне аударғаннан гөрі, тікелей сол тілде сөйлеуге дағдылану шет тіліндегі ақпараттың тез әрі ұзақ уақытқа сақталуына әсер етеді. Тіл үйрену және оны қолдану көптеген бұлшық еттердің жұмыс істеуін, ең маңыздысы мидың, сонымен қатар ауыз бен жақ бұлшық еттерінің жұмыс істеуін талап етеді. Басқа да бұлшық еттер сияқты жақ бұлшық еттері де көп жаттығуды қажет етеді. Жаттыққан сайын тілді қолдану оңайырақ болады. Бұл өз кезегінде тіл үйренушінің сол тілде еркін де жатық сөйлеуіне ықпал етуші бірден-бір фактор. Сонымен шет тілінде сөйлеу үшін жақ бұлшық еттерін қаншалықты жаттықтыру қажет? Егер шет тілінде сөйлеу тек сабақ үстінде ғана мүмкін болса, сабаққа бөлінген уақытты барынша ұзарту қажет. Мүмкін болған жағдайда басқа да ресурстарды қолдануға болады. Мысалы, интернет арқылы немесе тікелей тіл ұстанушымен белгілі бір тақырыпта әңгімелесу.

Түпнұсқалылық пен сәйкестік. Сөйлеу дегеніміз – өз ойыңды, мақсатыңды өзгелерге жеткізу болып табылады. Сөйлеу барысында әр адам тек сөзді ғана емес, сонымен бірге өзінің болмысын да қоса ұсынады. Сондықтан шет тілін үйренуші сол тілді өз табиғатына сәйкес қолданады. Ең жақсы деген кітаптың өзі де тіл үйренушіні әркімнің табиғатына сай жеке ресурстармен қамтамасыз ете алмайды. Тіл үйренушіден тілдің түпнұсқалылығын сақтауды талап ете отырып олардың әрқайсысының жеке мінезі, табиғаты болатындығын ескерген жөн. Тіл үйренушілер тілді неге тәжірибе жүзінде қолданбайды? Тіпті ана тіліміздің өзінде де тілдік шеберлікті меңгеру үшін қаншама жылдар қажет екенін ескерсек, шет тілін үйренушілердің сол тілде сөйлегенде көптеген қателер жіберуі ешқандай да ғажап емес. Сондықтан оқыту барысында оқытушылар шет тілін үйренушілерді қате жасаудан қорықпауға шақырғаны абзал.

Мотивацияның жетіспеушілігі. Тіл үйретуде мотивацияның екі түрі бар: аудитория ішіндегі атмосфера және лингвистикалық қолдау. Біріншісі – топтық жұмыстарда үйренушілердің бір-біріне қолдау көрсетуіне ықпал жасау. Екіншісі – аудитория ішіндегі тілдік қатынасқа қажет сөздер мен фразалар негізіндегі лингвистикалық қолдау көрсету. Яғни оқытушының аудитория ішінде ана тілін емес, тек қана шет тілін қолдануы тіл үйренушілердің сол тілде еркін сөйлеуіне тікелей әсер етіп қана қоймай, олардың сол тілде сөйлеу кедергілерін жеңуге көмектесетін алғы шарт.

Сенімділікті қалыптастыру. Үйренушілерді шет тілін қолданғаны үшін мақтап отыру олардың сол тілде сөйлеуге деген құштарлығын одан әрі арттыра түседі. Сонымен қатар олардың мақсатқа жету мүмкіндіктерінің мол екендігіне сендіру шет тілін үйренудегі алға жетелеуші басты факторлардың бірі болып қала береді.

Мақсаттың қолжетімділігі. Шет тілін оқыту барысында үйренушілерді топтық деңгейге бөліп оқыту ежелден келе жатқан әдіс екені белгілі. Осы жерде көңіл бөлетін нәрсе – шет тілінде сөйлеуге қойылатын талапты үйренуші топтың деңгейіне сәйкестендіре қою. Яғни деңгейі төмен топтан сабақ барысында тек шет тілінде сөйлеуді талап ету мүмкін емес. Деңгейі өте төмен топта бір сабақта бес немесе он минут сөйлеу жеткілікті. Ал тілдік деңгейі жоғары топтарда қай жерде тек шет тілінде, қай жерде ана тілінде сойлеу керек екендігі анықталып көрсетілуі қажет.

Қорыта айтқанда, шет тілін үйренушілердің сол тілде сөйлеуін жүйелі түрде арттырып отыруды қадағалау қажет. Бұл 20%-дан 40-%-ға немесе 0%-дан 0,5 %-ға дейін болуы мүмкін. Яғни оқытушы шет тілін үйренушілерге позитивті ықпал ете отырып сол тілді қолдануға барынша мүмкіндіктерді қарастыруы қажет. Бұл дегеніміз ұстаздарды ұдайы ізденіске шақыратын биікке бастар баспалдақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Philipson R. Linguistic Imperialism - OxfordUniversity Press, 1992.
2. R.Howatt A.P. A History of Language Teaching - Oxford University Press, 1984.
3. Guy Cook Applied Linguistics – Oxford University Press, 2003.
4. http://enu.kz/repository/repository2014/agylshyn-tilin-okytida.pdf.

Резюме

Ертаева Л.А., *ст. преподаватель*
(г. Алматы, Университет Туран)

Роль говорения в обучении иностранного языка

В этой статье рассматривается роль говорения как основного метода в обучении иностранного языка. А также обсуждаются вопросы связанные с принятием индивидуальности ученика. Преподавателей иностранного языка всегда волнует вопрос отсутствия языковой среды и сфера использования языка. Всем известно, что там, где нет языковой среды, сфера применения языка узка. Но, тем не менее, сами преподаватели могут служить примером говоря на иностранном языке в ходе обучения, и это – один из способов решения проблем.

Ключевые слова: длительная память, краткосрочная память, передача информации, аутентичность, обстановка в классе, лингвистическая поддержка, легкие фразы.

Summary

Yertayeva L.A., *senior teacher*
(Almaty, University Turan)

The role of speaking in teaching foreign languages

The article deals with the importance of speaking skill in teaching foreign languages. Also the issues conerning taking personality of a student are discussed in this article. Foreign languages teachers are always worried by the problem of speaking environment and sphere of the use of language. Everyone knows that where there is no speaking environment, the sphere of language is narrow. But, nevertheless, the teachers themselves can be an example while teaching foreign languages, and it is one of the ways of the solution of problems.

Keywords: long-term memory, short-term memory, transfer information, authenticity, classroom atmosphere, linguistic support, easy language.

ӘОЖ 373.016:811.111

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕРМӘДЕНИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІЛІК БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Р.Б.Жусупова, *ф.ғ.д., аға оқытушы*
Л.М.Жүргімбаева, *магистрант*
(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Біздің қазіргі өміріміз жиі өзгерістерге ұшырауда, нақтырақ айтсақ, жаһандану, қоғам дамуының жылдамдығы, постиндустрияландыруға, ақпараттық қоғамға

өсуі, интермәдени қатысымның барынша кеңеюі, әлемдік ортақ мәселелердің пайда болуы мен олардың көбейе түсуі, адам капиталының маңызы өсуі сияқты үрдістермен сипатталады. Осыған орай, айтылған жылдамдықты көтеріп қана қоймай, әрбір жас алдына жаңа мақсат-міндеттер қоя білуі керек. Әрине, білім беру саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Он жыл бұрынғы өзекті болған білім берудің мақсаты, парадигмасы, әдістемесі жаңа, заманауи мақсат, парадигма мен әдістемелермен ауыстырылуы керек. Бұрын оқытудың нәтижесі ұстаздың үйреткен барлық білім, дағды мен қабілеттерді меңгеру болса, қазір оқытудың мақсаты мен соңғы нәтижесі белгілі бір білім аясында құзыретті болатын тұлға тәрбиелеу болып табылады. «Шетел тілі» пәнінің қызметі шетел тілінде қатысымды жүзеге асыруда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды көздейді. Алайда заманауи балалар әлемдік мәдени фондты ана тілдерімен қатар меңгереді (интернет, шетел фильмдері, музыкалық шығармалар, баспалар пен шетелде ата-аналарымен демалыс) және осының өзі интермәдени құзыреттілігінің коммуникативтік құзыреттіліктің ажырамас құрамдас бөлігі екенін анықтай аламыз.

Түйін сөздер: шеттілдік білім беру, оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі», – делінген. Білім, білік, дағдыларды меңгертуден құзыреттіліктерді қалыптастыруда, құзыреттіліктер түрінде күтілетін білім беру нәтижелерін, білім сапасына бақылау жасаудың тәртібі қарастырылады [1]. Білімнен құзыреттілік қағидасына негізделген жаңаша оқыту технологиясы оқушылардың танымдық қызметінің заңдылықтарына, оқудағы құндылық бағдарға, яғни, оқушының зерттеушілік, шығармашылық және рухани адамгершілік қызметтеріне негізделген технологияға айналуы тиіс.

Еліміздің дамуының алғы шарты білім десек, «Үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ?» деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуіміз де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейлінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру, түптеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлылығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін ұстаз ғана мүлтіксіз атқара алады [2].

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастырып, олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік идеясы «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсілді білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын алады. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды. Осыған орай қазіргі таңда еліміздің қоғамдық өміріне сай орын алып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де ықпалы үлкен. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай қаласында болмасын

шет елдермен қарым-қатынас орнаған [3]. Осы қарым- қатынастарды нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілі сабағында оқушылардың интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың өте зор маңызы болып отыр.

Қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік және экономикалық саласындағы интеграциялық процестер мәдениетаралық қарым-қатынастың орнауына үлкен септігін тигізеді. Интермәдени қарым-қатынас әртүрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді. Шетел тілін жасанды тілдік ортада оқыту жағдайында екі немесе үш шетел тілін меңгертетін полилингвалдық тұлғаны қалыптастырудың мүмкіндік деңгейі жеткілікті. Оқушы мұндай қарым-қатынас жасай алу үшін тек шетел тілін жақсы меңгеріп қана қоймай, ол сонымен қатар сол тілде сөйлеушінің тілдік және тілдік емес өзгешеліктерін түсініп, ұғынуы тиіс. Интермәдени қарым-қатынас процесіне қатысушы көптілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, ұлттық менталитетін жете түсінеді [4].

Шетел тілін коммуникативтік-бағдарлап оқыту интермәдени коммуникациясын қалыптастыру мүмкіндіктері мен құралы ретінде қарастырылады. Шеттілдік қарым-қатынасқа үйретуді мәдениет диалогы мәнмәтінінде ұйымдастыру керек. «Интермәдени-коммуникация құзыреттілігі» ұғымы «қатысымдық құзыреттілігін» ығыстыра бастады, ол сонымен шетел тілін оқыту мазмұнының интермәдени компоненті жетекші екенін, ал оқыту материалының аутентті болуы – пән мазмұнына қойылатын талап екенін негіздеді. Шеттілдік авторлармен бірігіп тілі оқытылып отырған ел халқының менталитеті мен өмір сүру стилі, мінез-құлығы, салт-дәстүрі туралы ұлттық мәдени ақпараттарға толы оқулықтар, оқу кешендері мен бағдарламалар жасалуда.

Шетел тілін оқып үйрену оқушылардың өзі сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, сол жат әлеммен ұшырасу нәтижесінде өз әлемін айқынырақ, дәлірек түсініп, анығырақ білуге септігін тигізуі тиіс. Шетел тілін интермәдени коммуникация концепциясына негіздеп оқыту барысында оқушылар өз әлемін тілін оқып отырған елдің әлемімен салыстыруға, жат әлемнің өз әлемінен өзгешелігі, оның қызықтылығы мен тартымдылығы неде, онда нендей құбылыстар түсініксіз, жат екендігі туралы ойлануға, сол туралы сөйлеуге бейімделуі тиіс. Сондықтан оқып үйреніп отырған тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде құзыреттілік біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда, интермәдени коммуникация құзыреттілігін орта мектеп оқушыларында қалыптастырудың, дамытудың алғышарттары мыналар [5]:

1. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін саналы түрде меңгеру, яғни рецептивтік іскерліктер: басқа мәдениет өкілдерінің вербалды мен вербалды емес әрекеттерін түсіне білу;

2. Басқа мәдени орталарда дұрыс әрекеттену әскерлілігін дамыту, яғни өнімді іскерліктер сөз туындылары мен вербалды емес әрекеттерді дұрыс және белсенді түрде туындата білу.

Орта мектеп оқушыларының интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігін шетел тілі сабағында қалыптастырудың үлгілік базалық мазмұны мыналар [6]:

Сөйлеу біліктілігі: Тіл мен сөз әрекетінің ара қатынасы. Сөз әрекетінің түрлері: ауызша және жазбаша. Сұхбаттық және монолог сөз. Сөз мәдениеті: шетел тілінің нормалары. Мәтін: тақырып, негізгі ой, мәтін бөліктері. Мәтін жоспары. Мәтіннің логикалық құрылымы. Монолог сөз түрлері: сипаттау, хабарлама, пайымдау. Монолог сөз түрлерінің тілдік ерекшеліктері. Сөз әрекетінің түрлерін қолдану арқылы монолог құру. Тілдің функционалдық стильдері. Тілдің функционалдық стильдерінің жүйесі. Ауызекі сөйлеу стилі. Тілдің ғылыми стилі. Ресми және іскер стиль. Тілдің публицистикалық стилі. Әдеби стиль. Әдеби мәтінге лингвистикалық талдау жасау. Сөйлеу жанрлары. Сөйлемдер айтқанда қарым-қатынас жағдайын ескеру: қарым-қатынас жасаудың ресми/биресми түрлері, серіктестің жас немесе әлеуметтік ерекшелігі, сөйлеуші мен серіктестің қарым-қатынасының сипаты. Сөйлеу этикеті. Сөз әрекетінің коммуникативтік қасиеттері. Әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндер құру. Іскер әлемде қарым-қатынас жасау, қазіргі қоғамның өзекті

мәселелерін талқылау іскерліктерін дамыту. Әртүрлі тақырыптарда қарым-қатынас жасау біліктері. Тілдің коммуникативтік қасиеттерін жетілдіру.

Тілдік біліктілігі: Қазіргі қоғамдағы шетел тілінің функциялары. Фонетикалық ерекшеліктер. Дыбыстау нормалары мен орфоэпия. Орфография және фонетика. Лексика. Сөз және оның мағынасы. Тақырыптық лексикадағы синонимдік тізбектер мен антонимдік жұптар. Акронимдер. Кірме сөздер. Фразеология. Фразеологияның стилистикалық сипаттамасы. Сөзжасам. Түрлі сөз таптарының сөзжасамдары. Тілдің грамматикалық тізбегі. Морфология. Сөз таптары және олардың орфографиялық сипаты. Синтаксистегі сөз, сөз тіркесі және сөйлем. Сөйлемнің грамматикалық негізі. Жай сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы құрмалас сөйлем. Күрделі сөйлемдегі пунктуация. Әртүрлі стильдегі мәтіндердегі сөйлем түрлерінің қызметі.

Әлеуметтік-мәдени біліктілігі: Тілін оқып жатқан елдің (елдердің) әлеуметтік-мәдени және мәдениаралық ерекшеліктері, ұлттық мәдениет ерекшеліктері: салт-дәстүрлері, этикеті, әлеуметтік топтары, тарихы мен мәдениеті және сөйлеу этикетін мәдениаралық байланыста қолдану. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: оқушылар меңгерілген лексикалық бірліктердің мағынасын, бағалау лексикасын, тілін оқып жатқан елдің мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайтын сөйлеу этикетінің реплика-клишелерін; негізгі сөзжасам тәсілдерін; фразалық етістіктерді, тұрақты сөз тіркестерін; меңгерілген грамматикалық құбылыстардың сипатын білуі тиіс. Сонымен қатар ағылшын тілінің барлық дыбыстарын дауыстылардың қысқалығы мен ұзақтығын сақтай отырып дыбыстауды; меңгерілген материал аясында лексикалық минимумды оқығанда және тыңдағанда ажырата алуды; тақырыптары аясында меңгерілген лексикалық бірліктерді сөз әрекетінде қолдануды; салалас құрмалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді ауызша және жазбаша сөз әрекетінде қолдануды меңгеруі тиіс.

Сөйлеу біліктілігіне сәйкес оқушы мыналарды меңгеруі тиіс: қызықтыратын тақырыптар аясында хабарлама жасау; оқиғаларды, әсерлерін, үміттерін, мақсаттарын сипаттау, болашақтағы жоспарлары мен өз пікірін білдіру; ағылшын тілі ана тілі болып келетін адаммен қарым-қатынасқа еш қиындықсыз түсіп, жылдам сөйлеу; әртүрлі тақырыпта түсінікті, толық хабарламалар жасау; негізгі мәселеге өзінің көзқарасын білдіру, әртүрлі пікірлердің жетістіктері мен кемшіліктерін көрсету; әңгімені бастау, әңгімеге қолайлы сәтте кірісу және әңгімені аяқтау; таныс тақырыптағы әңгімеге қатысу, талқыланып жатқан мәселені түсіну, өзгелерді әңгімеге қатысуға шақыру; серіктестің сауалдарына жауап беру және сұрақ қою, өз пікірін білдіру, өтініш білдіру, серіктестің жасаған ұсынысына келісім беру (келіспеу); таныс тақырып бойынша талқылауға қатысу; өз пікірін білдіру және дәлелдеу; болашақтағы жоспарлары жайлы баяндау, өз қаласы (ауылы), өз елінің және тілін оқып жатқан елдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәлімет беру; қоғамның өзекті мәселелерін талқылау; өзекті мәселе бойынша өз пікірін білдіру және дәлелдеу; меңгерілген тақырыптар аясында оқиғаларды сипаттау, оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі ойын, мазмұнын баяндау, өз пікірін білдіру; ауызша және жазбаша сөз әрекетінде синонимдерді қолдану; әртүрлі ғылыми-практикалық конференциялар, дебаттар, дискуссияларда ағылшын тілінде баяндама жасау.

«Тыңдалым» әрекеті бойынша оқушы меңгеруі тиіс қиын емес түпнұсқалық прагматикалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және өзіне маңызды ақпаратты анықтау; сөз әрекетінің әртүрлі коммуникативтік түрлеріне жататын қиын емес түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну, мәтіннің тақырыбын анықтау, мәтіндегі басты оқиғаларды анықтау; мұғалімнің нұсқауларын, сыныптастарының сөзін дұрыс қабылдау; қабылданған ақпаратты сөз әрекетінде қолдану.

«Оқылым» әрекеті бойынша оқушы меңгеруі тиіс: шетел тіліндегі мәтінді түсіну, тақырыбына қарап мазмұнын болжау; түрлі жанрдағы түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну (тақырыбын анықтау, негізгі ойын, басты оқиғаларды, оқиғалардың логикалық ретін айқындау); түрлі жанрдағы қиын емес түпнұсқалық мәтіндердің негізгі

мазмұнын толық түсіну, оқыған ақпаратқа баға беру, өз ойын білдіру; қажетті немесе қызығушылық тудыратын ақпаратты таңдай отырып мәтінді оқу; нақты немесе жалпы тақырыптағы қиын мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіну.

«Жазылым» әрекеті бойынша оқушы меңгеруі тиіс: сауалнамалар мен бланкілерді толтыру; құттықтаулар жазу, үлгіге сүйене отырып жеке хат жазу, оның өмірі мен қалжағдайын сұрау, өзі жайлы мәлімет беру, сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып алғыс білдіру, өтініш білдіру; қызығушылық тудыратын сұрақтар бойынша толық хабарламалар жазу; өз ойын дәлелдей отырып эссе, баяндама жазу; маңызды болып табылатын оқиғалар мен әсерлерді ерекшелей отырып хаттар жазу.

Әлеуметтік-мәдени біліктілігіне сәйкес оқушы білуі тиіс: тілін оқып жатқан елдің сөйлеу этикетінің нормаларын; тілін оқып жатқан елдің мәдениеті мен тарихын, ұлттық мейрамдары, АҚШ пен Ұлыбританияның мемлекеттік құрылымындағы ерекшеліктері; меңгеруі тиіс: ағылшын тілі ана тілі болып келетін адаммен ауызша және жазбаша сөз әрекетінде өзара түсіністікке қол жеткізу; шет елдегі құрбыларымен мәдениаралық және тұлғааралық қарым-қатынас орнату; ақпаратты жеткізудің шет тіліндегі көздері арқылы әлем мәдениетінің құндылықтары жайлы ақпарат алу; өз елінің және тілін оқып жатқан елдің мәдениеті жайлы монолог сөз айту.

Жоғарыда берілген базалық мазмұн негізінде жеке-жеке біліктіліктерге үйрете отырып орта мектеп оқушыларының интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігін соңғы нәтиже ретінде қарастырып дамытуға мүмкіндік береді. Мұндағы оқытушының басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критериі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан, 2011, 6 тамыз.

2. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007.

3. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2008.

4. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2013 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

5. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі // 2009.

6. 12 жылдық жалпы орта мектептің базалық білім мазмұнын анықтау әдістері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 84 б.

Резюме

Жусупова Р.Б., *д. ф.н., ст.преподаватель*

Жургимбаева Л.М., *магистрант*

(г. Алматы, Казахский Национальный педагогический университет им. Абая)

Учащихся средняя школа-базовое содержание типовых формирования коммуникативной компетенции на уроках иностранного языка

Наш мир сегодня подвержен постоянным изменениям, в числе которых глобализация, ускорение темпов развития общества, переход к постиндустриальному, информационному обществу, значительное расширение масштабов межкультурного взаимодействия, возникновение и рост глобальных проблем, возрастание роли человеческого капитала. В связи с этим миру необходимо такое общество, которое сможет не только выдержать подобный темп развития, но и неустанно ставить перед собой и решать все новые и новые

задачи. Образование играет важнейшую роль в формировании общества нового уровня. Цели, парадигмы, методы, которые были актуальны десять лет назад, должны уступить место новым целям, парадигмам и методам. Если ранее результатом обучения являлся ученик, владеющий всеми знаниями, умениями и навыками, которым научили его учителя, то сегодня результатом обучения является личность, компетентная в конкретной области знаний. Специфика предмета «Иностранный язык» предполагает овладение учащимися коммуникативной компетенцией как общению на иностранном языке. Однако в современном мире дети знакомятся с мировым культурным фондом почти одновременно сродным (Интернет, иностранные фильмы, музыкальные произведения, печатные издания и просто отдых с родителями на зарубежном курорте), и это делает очевидным тот факт, что межкультурная компетенция является неотъемлемой частью коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: иноязычное образование, цель обучения, содержание обучения, интеркультурно-коммуникативная компетенция.

Summary

R.B.Zhusupova, *d. ph.cs, senior lecturer*
L.M.Zhurgimbayeva, *undergraduate*
(Almaty city, Kazakh National Pedagogical University named after Abai)

Exemplary basic contents of the formation of the intercultural and communicative competence of senior pupils at the foreign language lesson

Our world today is subject to constant change, including globalization, accelerating the pace of development of society, the transition to a postindustrial, information society, a significant expansion of the scope of cross-cultural interaction, emergence and growth of global problems, the increasing role of human capital. In this regard, the world needs a society that will not only sustain this pace of development, but also tirelessly to set and deal with more and more tasks. Education plays a critical role in shaping the society of the new level. The goals, paradigms, methods that were current ten years ago, must give way to new goals, paradigms and practices. Previously, learning outcomes are student holding all the knowledge, skills and abilities, who taught his teacher, today is the result of training a person competent in a particular area of expertise. The specifics of the subject «Foreign Language» involves the mastery of the communicative competence of students as a communication in a foreign language. However, in today's world, children are introduced to the world cultural fund almost simultaneously with the native (internet, foreign films, music, print media, and just a vacation with his parents in a foreign resort), and it makes clear that intercultural competence is an integral part of communicative competence.

Keywords: foreign language education, purpose of education, content of education, intercultural communicative competence

ӘОЖ 82.512.122

ПОЭТИКА ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ

М.Д.Касымова, *2 курс магистранты*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада әдеби көркем мәтіннің «кеңістігінде» жазушы бейнелеген өмір шындығын, идеяларын, концепцияларын, мағыналық жақтарын, яғни көркем мазмұн тұрғысынан талдап, зерттелген. Осыған байланысты шығарманың негізгі мәтіні және қосымша мәтіні (тақырыптың атауы, ескертулер, эпиграф, кімге арналғандығы, авторлық алғысөз, жазылу орны мен уақытының көрсетілуі, сонымен бірге драмалық шығармалардағы

қатысушылардың тізімі мен ремаркалар) болатындығы жайында айтылады. Әдеби шығарма негізінде дерек, факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи болған оқиғаға құруы шарт еместігі жайында да айтылады.

Көркем мәтін поэтикасы сөз болғанда нарративтік бағыттың сөз болуы да заңдылық. Қазақ әдебиетіндегі оқырман мен тыңдаушы не естуші немесе жауап беруші арасындағы заңдылықтарды зерттейтін жаңа бағыттың бірі ретінде нарратология көркем мәтінге тікелей қатыстылығы айтылған. Көркем мәтіннің мазмұнында тек іс-әрекет немесе жағдаяттық әрекеттер ғана емес сөз өнеріндегі үштік мәселесі көрінеді, өзінің зерттелу үкімін күтеді деп ойлаймыз.

Түйін сөздер: идея, концепция, эпиграф, драмалық шығармалар, авторлық алғысөз, ремаркалар дерек, факт, мәтін поэтикасы

Қазіргі ғалымдар әдеби-көркем мәтіннің «кеңістігіне» (оның тілінен басқа) жазушы бейнелеген өмір шындығын, идеяларын, концепцияларын, мағыналық жақтарын, яғни көркем мазмұнды енгізіп жүр. Бұндай жағдайларда «мәтін» мен «шығарма» синонимдер болып қалады. Бірақ әдебиеттануда мәтін туралы ұғымға тілдік бірліктердің ұйымдасқан түрде ретімен келуін айту орныққан. Осыған байланысты шығарманың негізгі мәтіні және қосымша мәтіні (тақырыптың атауы, ескертулер, эпиграфы, кімге арналғандығы, авторлық алғысөз, жазылу орны мен уақытының көрсетілуі, сонымен бірге драмалық шығармалардағы қатысушылардың тізімі мен ремаркалар) болады...

Әдеби шығарма негізінде дерек, факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи болған оқиғаға құруы шарт емес. Алайда шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі, ақиқат оқиғалар құрамайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы да қиын. Өткен тарихи дәуір шындығын суреттейтін қазіргі қазақ романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық болмысында тарихи фактінің атқаратын қызметі өте жоғары. Документ, факт жазушыға шындықтың бар болмыс-бітімін, мәні мен мағынасын, сыры мен сымбатын ашып бере алмайды. Өмір шындығы мен өнер шындығы арасында жер мен көктей айырмашылық барын ірі суреткерлердің қай-қайсысы да айтады. Мысалы, Л.Н.Толстой, өзінің бар еңбегі өмірлік құбылыстарды іздеп, жинап, оларды көшіру ғана болса, онда оларды жариялауға ұяты жібермейтінін айтады[1]. В.Г.Белинский тарихи факт дегеннің шебер үшін кірпіш пен тас қана екендігін, олардан сәулетті ғимарат жасау тек суреткердің ғана қолынан келетін ғажайып іс екендігін жазады [2]. Ал К.Паустовский өзінің «Алтын раушан» повесінде жазушы еңбегін зергерлік шеберханалардың шаң-тозаңы арасынан алтын ұнтағының түйіршіктерін бір-бірлеп теріп жинаған, ақырында одан алтын раушан жасаған Шаметтің бейнетімен салыстырады [3].

Өмірдің шындық құбылыстары мен оқиғаларының қалың тасқыны арасынан қажетті, типтік сипаттағы маңызды, мағыналы фактілерді көре білу үшін де зергерлік зерде қажет. Жазушының өмір материалдарының мол тобын іздеп тауып, оны байқап бақылауы да, танып байымдауы да қиындығы мол, қияметі көп жұмыс. Бірнеше емес, бір шығарманың материалдық негізін анықтау, бірнеше емес, бір жазушының өмір шындығын игеру процесіндегі өзі мен өзгелерге ортақ белгілер, сипаттар және өзгелерде жоқ, оның өзінде ғана бар бөлек ерекшеліктерді анықтап байқаудың, бағдарлап пайымдаудың өзі де оңай шаруа емес. Шындығында жазушының өмір материалдарынан өнер туындысын жасау процесінің басты сатыларын, қиын, нәзік иірімдерін, көпшілікке беймәлім қырларын анықтауға талпынып, оның қайсыбір жайларының мәнісін ұққан сайын, шығармашылық өнердің шын сырларының құпия, жұмбақ сипаты айқындалып, арта түседі. Әйтсе де жазушы еңбегінің терең сырларын тану мүмкіншілігін жоққа шығаруға болмайды, бірақ оның барша шетін, нәзік, терең иірімдерін жете білу мүмкін емес. Жазушының тарихи шындықты сұрыптап, екшеу, жинақтауының басты ерекшеліктерін анықтау осы бір өте күрделі, көп сатылы процестің кейбір маңызды негізгі деген қырларын тануға көмектеседі әрі әдеби шығарманың

көркемдік-идеялық бітімін, поэтикалық жүйесін анықтауға жол ашады. Қазіргі қазақ романының мағыналық құрылымын түзеп, оқиға желісін құрап отырған өмір құбылыстарының ерекше бір тобы бар. Ол әдеби көркем үлгілер. Қазақ әдебиетінің өткен дәуірлерде жасалған ескерткіштері сол дәуірлер шындығы туралы шығармалардың ең басты материалына айналды. Тарихи өткен дәуірлерде өмір сүрген көркем және ғылыми творчество өкілдерінің қалдырған әдеби және ғылыми мұралары олардың өмірі мен дәуірі туралы жазылған бүгінгі көркем шығармалардың айырықша сипаттағы «документтік» негізі қызметін атқарып отыр.

Шығармашылық адамдарының бейнесін жасауда жазушы үшін олардың өмірбаяндық мәліметтерінің мәні ерекше жоғары екендігінде сөз жоқ. Сөйткенмен ең толық өмірбаяндық мәліметтің өзі де шығармашылық қайраткер жасап қалдырған мәдени әдеби мұра беретін бай материалдан әлдеқайда төмен, мәнсіз. Өйткені өмірбаяндық фактілер, көбіне адамның өмір жолындағы белгілі кезеңдерді, олардың сәттік суретін ғана көрсетеді. Ал белгілі қайраткердің шығармашылық мұрасы оның бар ішкі жан дүниесін, ойлау, сезіну мәнерін, тіпті жақсы көру, жек көру сипаттарына дейін түгелдей танып-білуге мүмкіндік жасайды. Бұл ретте және де мына бір қағидаға құлақ асқан дұрыс секілді:

«...Көркем шығарма бітімі бөлек бір ерекше айна іспетті. Бұл айнадан екі нәрсе қатар көрінеді: онда бейнеленген өмір шындығы және оны бейнелеген суреткер» [4] деп жазды М.С.Каган. Қазақ ғалымы М.Қаратаевтың пікірі де осы арнадан шығады: «... өнер шығармасы өмір шындығының айнасы болуымен бірге өнер жасампазының да рухани дүниесінің айнасы болып табылады» [5]. Болгар ғалымы С.Василевтің пікірі де осындай [6]. М.Храпченко, М.Бахтин секілді білгір ғалымдардың ойлары да осы арнадан табылады [7].

Көркем шығарманың көркемдік-идеялық деңгейі жазушының шығармашылық ойлау сипатымен, дүниетанымы және суреткерлік шеберлігімен тығыз бірлікте анықталады. Шығармадағы кейіпкер, әрине, автордың шығармашылық еңбегінің жемісі екендігінде дау жоқ. Сонымен қатар кейіпкер мен автор арасында, жалпы көркем шығарма мен автор арасында көзге көріне бермейтін нәзік, бірақ нақты сабақтастық бар. М.Әуезов кейіпкер интеллекті дегеннің өзі жазушы интеллекті екендігін айтады [8]. Айтылған пікірлер бойынша, шығармашылық адамының нағыз бейнесі, өмірі және ол өмір сүрген дәуір табиғаты оның шығармашылығында да барынша толық бейнеленеді. Бұл тек теориялық болжам емес, реалды шындықтың өзі. Бұл тақырыпқа көркем шығарма жазам деген қаламгер алдында олардың өз шығармашылығын жете игеруі, сол арқылы шығармашылық адамының өз бейнелерін айқындап, зерттеу міндеті тұрады. Жазушы жасайтын көркем образ бен ол образ әрекет ететін ортаны осылай ерекше деректерімен үйлестіру қажеттігі туады. Егер жазушы қолында осы материалдардың екі тобы да толық болған жағдайда, бір мәселе профессионалдық шеберлікке, ол шеберліктің бетін белгілейтін суреткерлік тенденцияға келіп тіреледі. Поэтика (грек тілінде poietik fehne – шығармашылық өнер) – әдебиеттанудың пәні, көркем шығарма құндылығын бар болмысымен айқындайтын жүйе туралы ғылым. Поэтика негізгі 3 саланы, мәтіннің дыбыстық, сөздік, образдық құрылымын зерттейді. Поэтиканың басты мақсаты – осы үш саланың толық жүйеленген эстетикалық амалдарын анықтау. Кең мағынасында поэтика әдебиет теориясымен үндес ұғымды білдірсе, ал нақтылы мағынада сол теориялық әдебиеттің бір саласы ретінде қабылданады. Әдебиеттану ұғымындағы поэтика әдеби тек пен түрдің, ағым мен бағыттың, стиль мен әдістің маңызын зерделеп, сондай-ақ көркемдік тұтастық деңгейлерінің ішкі байланыс заңдылықтарын, олардың ара қатынасын зерттейді. Оның өзі негізгі байланысты романтизмнен алып, романның поэтикасы немесе белгілі бір суреткер шығармаларының поэтикасы не көркем шығарма поэтикасы болуы мүмкін. Әдебиеттегі көркемдік құралдарының тілге қатыстылығын ескерсек, онда поэтика көркемдік құралдар тілін зерттейтін ғылым ретінде де танылады (мысалы, көркем әдебиеттің тілі). Поэтиканың мақсаты шығарма құндылығын, эстетикалық әсер қалыптастыратын мәтін көркемдігін айқындап, оны жүйелеу боп

есептеледі (мысалы, лирикалық өлеңдерде ырғақ, ал прозада сюжет басты рөл атқарады). Поэтикалық жүйе нәтижелері мәтінтануға алып келді.

Поэтика жалпы теориялық немесе жүйелік «макропоэтика», жеке баяндау «микропоэтика» және тарихи болып үшке бөлінеді. Жалпы поэтиканың мақсаты – мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын қамтитын әдістердің жүйелі жиынтығын (эстетикалық ықпалды элементтер) жасау болып табылады.

Лексикалық өзгешелік, стилистикалық фигура мен троп ретінде поэтика мен шешендік ертеден зерттелуде, ал методологияның ерекше пәні ретіндегі поэтика соңғы уақытта зерттеле бастады. Шығармадағы кейіпкер мен сюжет поэтиканың бір бағыты болып табылады. Жеке поэтика жоғарыда аталған нысандарда көркем шығарманың табиғатын ашумен айналысады, сол арқылы шығарманың эстетикалық ықпалды қасиетінің дара жүйесін жасайды. Поэтикадағы басты мәселе – шығарма құрылымы, яғни барлық эстетикалық мәні бар элементтердің бір-бірімен үйлесім-үндестігі. Талдау барысында «дүние образы» (көркемдік уақыт пен кеңістік) және «автор образының» үндестігі шығарма құрылымындағы барлық жайды айқындайды. Жеке поэтика «микропоэтика» негізгі шығарма мен зерттеу талабының ерекшелігіне сай топтама шығарманы (топтаманы, бір автордың, әдеби бағыттағы жанрдың, тарихи кезеңнің қатысына қарай) талдап түсіндіреді. Оның тақырыптық, идеялық тұрғыдан қалыптасуы, сөзбен зергерленуіне дейінгі үдеріс (генеративная поэтика) қамтылады. Тарихи поэтика салыстырмалы-тарихи әдебиеттанудың көмегімен эволюциялық қозғалыс бағытында мәдениеттің поэтикалық жүйесінің ортақ қасиеттерін, олардың (генетикалық) қайнар бастауын (типологиялық) ашуға, тануға бағытталған. Сөз өнерінің бастауы ауыз әдебиетінде жатқандықтан, тарихи поэтика өзінің негізін ауызша сақталған сөз өнерінен алады. Тарихи поэтиканың негізгі мәселесі – жанр, жанрлық түрлер тарихи қалыптасқан жағдайға байланысты бірлікте не жеке қарастырылады. Жанр мен жанрдың шекарасы өзгермелі, сондықтан поэтикалық жүйе дәуір ықпалында өзгеріске түседі де, осы өзгерістерді тарихи поэтика зерттейді. Қазақ әдебиеттануында А.Байтұрсынов поэтика ұғымын қисын деп алады [9]. Ол тіл қисыны яки лұғат қисынына сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу деген анықтама береді. Шығарманың өнді, ұнамды болу шарттарын белгілейді: ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды. Көркем шығарма тілінің ажарлылығы, мәнділігі белгілі шамада суреткердің әлгіндей «сөз жарату» әдісімен, оның стильдік ерекшелігімен байланысты. Дарынды сөз шеберлері жеке сөздің метафоралық теңеуін тауып қосақтауда олардың мағынасына, стильдік қызметіне қарай сөз тіркесінің құрамын түрлендіріп отырады.

Демек, көркем мәтін поэтикасы сөз болғанда нарративтік бағыттың сөз болуы да заңдылық. Қазақ әдебиетіндегі оқырман мен тыңдаушы не естуші немесе жауап беруші арасындағы заңдылықтарды зерттейтін жаңа бағыттың бірі ретінде нарратология көркем мәтінге тікелей қатысты. Көркем мәтіннің мазмұнында тек іс-әрекет немесе жағдаяттық әрекеттер ғана емес, сөз өнеріндегі үштік мәселесі көрінеді, өзінің зерттелу үкімін күтеді деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Толстой Л.Н. Собрание сочинение-3 томах. – М.Советский писатель. 1978. – С.48.
2. Белинский В.Г. Собрание сочинение-3 томах. – М.Советский писатель.1978. – С.75.
3. Паустовский К. В русском жанре:из жизни читателя. – М:Наука. 1961. – С. 74.
4. Каган М.С. Поэзия как энергия. – М.: Знамя, 2001. – 162 с.
5. Қаратаев М. Романнан эпопеяға дейін. – Алматы: Ғылым. 1978. –С. 64.
6. Васильев С.Рассуждение о фрагмента. – М., 2002. – 340 с.
7. Храпченко М.К. Проблеме дискурсивных практик русккой прозы. – М., 2005. – С.58.
8. Әуезов М. 50 томдық шығ.жин. – Алматы: Ғылым. 1997. – Б.46.
9. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1991.

Резюме

М.Д.Касымова, *магистрант*

(г. Алматы, Казахский государственный женский педогогический университет)

Проблемы поэтики и художественного текста

В статье автор рассказывает о проблемах поэтики и художественного текста и как описывают реалистической жизни произведениях писатели своих произведениях.

Исходья с этого рассказывается что в произведениях есть основной и вспомогательный текст в произведениях. При этом говорится что не обязательно чтобы персонажи и герои должны быть реаллистическими героями иногда они могут быть и вымышленными. В каждом произведении не всегда должен быть фактические соответствия и исторические доказательство труда. Когда говорим о художественном тексте мы связываем с нарративным направлении. Здесь как раз взаимная связь персонажей текста кто как говорит, слушает или же отвечает. Когда повествуется о проблемах поэтики и художественного текста тут и есть троица, искусства слов, культура речи в художественной литературе. В литературном отражении является важным аспектом научных исследований на сегодняшний день.

Ключевые слова: идея, концепция, эпиграф, драматические произведении, ремарка, факт, повесть, образ-персонаж, речевая характеристика, поэтика, нравственная проблема, диалог, монолог.

Summary

M.Kasymova*, master*

(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Problems of poetics and literary text

In the article by M. D. Kassymova the the auther tells about the problems of poetics and literary text and describe how a realistic life works writers their works. This describes what's in the works there is a primary and secondary text in the works. When they say that this is not a must to have characters and heroes should be heroes sometimes they can be fictitious. In each work don't always have to be the actual matching and historical proof of work. When talking about literary text we associate with narrative. Here the mutual relationships of the characters in the text who says, listens or responds. When tells of the problems of poetics and literary text and there is a Trinity art, words, speech in literature. In the literary reflection is an important aspect of scientific research today.

Keywords: idea, concept, epigraph, drama remark, fact, story, image, character, speech characterization, poetics, and moral problem, dialogue, monologue.

ӘОЖ 821-13: 398 (574)

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ ЭПОСТАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

А.А.Көшекова, *ф.ғ.к., қауымд.проф.м.а.*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)
Ғ.К.Жұмабаева, *мұғалім*
(Алматы облысы, Талғар ауданы, Қызыл Қайрат ауылы, №19 ЖББ мектеп)

Аңдатпа: Мақалада қазақ эпостарының миф пен ертегіден еншісін бөліп алып, енді ғана қалыптаса бастаған алғашқы легі архаикалық эпостар туралы кеңінен айтылады. Эпостардың осы жанрлық тобындағы ат бейнесін талдап-зерделеу үшін алдымен архаикалық эпостарға қандай шығармаларды жатқызамыз, олардың қандай өзіндік ерекшеліктері,

көркемдік-бейнелеушілік құралдары, қалыптасқан жанрлық үлгілері болады деген мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: көркем мәтінді талдау, түсіну, архаикалық эпос, салыстыру, саралау, жіктеу.

Жалпы, ежелгі замандарда жасалған эпостарды атау үшін әрқилы терминдер қолданылуда: Б.Н.Путилов мұндай шығармаларды ертегілік-мифтік эпос десе, В.Я.Пропп мемлекетке дейінгі эпос терминін қолданады, Е.М. Мелетинский мифологиялық эпос, В.М. Жирмунский батырлық ертегі атауларын пайдаланады. Ал, біз осы топтағы шығармалардың бәрін *архаикалық эпос* деп атауды жөн көріп отырмыз. Енді архаикалық эпостарға қандай шығармалар жатады, олар несімен ерекшеленеді деген мәселелерді қарастырып көрелік.

Ә.Марғұлан ең көне замандағы эпостық жырларға «Ер Төстік», «Ақ Көбек», «Құламерген», «Шолпан мерген» сияқты жыр-аңыздарды жатқызады [1, 80 б.]. Ал, Ә.Қоңыратбаев қазақ эпосын шығу тегі мен жанрын есепке ала отырып, он түрге жіктейді:

1. Ертегілік эпос / «Ер Төстік», «Құламерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық-Зарлық»/.
2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос / «Орхон жазулары», «Күлтегін»/.
3. Оғыз эпосы / «Кітаби дадам Қорқыт» жырлары /.
4. Тайпалық эпос / «Алпамыс», «Қобланды», «Қамбар» /.
5. Ноғайлы эпосы / «Ер Тарғын», Мұрын Сеңгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры», т.б. /.
6. Тарихи эпос / «Бекет», «Досан батыр», 1916 жыл поэзиясы /.
7. Лиро-эпос / «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» /.
8. Шығыс дастандары / «Рүстем-Дастан», қиссалар /.
9. Авторлық эпос / «Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Наркыз» /.
10. Совет эпосы / Амангелді, Мәлік, Төлеген жайындағы жырлар / [2, 18 б.].

Көріп отырғанымыздай, автор қазақ эпосының барлық түрлерін барынша толық қамтуға ұмтылған. Бұл жіктеуге қарағанда Ә. Қоңыратбаев архаикалық эпосқа «Ер Төстік», «Құламерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық-Зарлық» шығармаларын жатқызған сияқты. «Зерттеушілердің пікіріне қарағанда қазақтың көне эпостарына «Құламерген», «Жоямерген», «Таласбай мерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Ақ Көбек», «Шолпан мерген», көптеген жанрлық белгілері бойынша ежелгі эпостарға жақындайтын «Мұңлық-Зарлық», т.б. жатқызылып жүр» деп жазады Ш.Ыбыраев [3, 296 б.].

Әрине, бұл аталып өтілген шығармалардың бәрін архаикалық эпосқа жатқызуға болады. Бірақ, біздің пікірімізше, қазақ эпостарының өзіндік ерекшеліктерін есепке ала отырып, архаикалық эпостың бір-бірінен түбегейлі айырмашылықтары бар екі бағыңқы тобын бөліп көрсету қажет деп есептейміз, олар:

а) ежелгі архаикалық эпос;

б) туынды архаикалық эпос.

Бұл екі топтағы шығармалардың бір-бірінен қандай типтік белгілерімен ажырылатынын анықтау үшін ең алдымен архаикалық эпосқа жатқызылып жүрген шығармалардың сюжетіне назар аударып көрелік, себебі бірқатар зерттеушілер архаикалық эпосты сюжетіне, қиял-ғажайып элементтердің, мотивтердің көп болуына қарап ажыратады.

Көлемді, жан-жақты кемелденген жыр деуге болатындай «Дотан батыр» (Б.ж., 2 т. 4. 145 б.) эпосында жапан түзде өмір сүріп жатқан Құбақан деген байдың тоғыз әйелі, одан туған қырық ұлы, қырық қызы болады. Дотан батыр солардың тоқалдан туған ең кенжесі еді. Құбақанның қырық ұлы қалыңдық іздеп жолға шығады. Жолда кездескен бір шал олардың бәріне жол сілтеп, Дотанға:

Сөз айтты ер Дотанға байғұс шалың:
– Сырымды сенен аяр бар ма халім?!
Қулықтан қара көк тай туған еді
Соны ұстап жылқыдағы мінгін жаным, – дейді.

Жолда кездескен жалмауыз кемпір Дотанның ағаларының бәрін жұтып қояды да ұйықтап жатқан Дотанды да жұтпақ болған кезде:

Жұтайын деп баланы келгенінде,

Тай теуіп жалмауызды қалды сонда.

Батырды жалмауыз кемпірден аман алып қалған тай оны теуіп оятады: «Баланы тай теуіп оятады». Яғни, тайдың жай ғана мал емес, қасиетті екені айқын болады. Бұдан әрі жалмауыз кемпір Дотанға Шынтемірдің Күнікей деген қызы бар, соны әкеліп берсең ағаларыңды қайта құсамын дейді, сөйтіп Дотанның уәдесін алған соң, ағаларын қайтадан сыртқа шығарады.

Бұдан әрі Дотан батырға «Ер Төстік» ертегісіндегідей, Тыңдаушы, Аққу атқан мерген, Желаяқ, Көзбайлаушы, Тау балуан сияқты ертегілік кейіпкерлер жолдас болып ереді. Бұлар жеті жыл жүріп, Шынтемір ханның еліне келеді. Шынтемір Дотанды Күнікейді алмақ болып жүрген қалмақ батыры Жазирамен соғысуға жұмсайды. Дотанның Жазирамен жекпе-жегі, қалмақтарды қыруы да дәстүрлі батырлық жырларындағы үлгімен суреттеледі. Дотан уәдесінде тұрмайтын Шынтемір ханды өзінің Тыңдаушы, Аққу атқан мерген, Желаяқ, Көзбайлаушы, Тау балуан сияқты көмекшілерінің жәрдемімен жеңіп, Күнікейді алып кетеді. Соңында тағы да көмекшілерінің жәрдемімен жалмауыз кемпірді құртып, Күнікейге үйленіп, ағаларын үйлендіріп, еліне «ғаделетті» хан болып мұратына жетеді.

Көріп отырғанымыздай, «Дотан батыр» эпосының негізінде – батырлық, қаһармандық эпостарға тән емес – ежелгі ертегілік-аңыздық, мифтік сюжет жатыр.

Ә. Қоңыратбаев эпостың дамуы туралы: «... эпос басында ертегі, аңыз, шежіре түрінде айтылып... бірте-бірте ертегілік сарыннан айырылып, тарихи-реалдық жырларға айналған» деген тұжырым айтады [2, 12 б.]. Б.Н. Путилов эпосты жырлаушылардың фантастиканы тарихи және тұрмыстық шындық деп суреттейтінін, ұқтыратынын айта келіп: «Архаикалық эпиканың фантастикасына барынша тән болған және типтік элементтері ретінде: эпикалық қаһармандар өмір сүріп жатқан әлеммен іргелес жатқан бірнеше немесе көптеген әлемдер туралы түсінік, дүние жасалған алғашқы мифтік дәуір туралы және мәдени қаһармандар – алғашқы бабалар туралы түсінік; алыптар мен құбыжықтар бейнесі, «перілер елі» туралы түсінік, табиғаттың фантастикалық күштеріне, сиқырлықтың күшіне сену» деп атап көрсетеді [4, 31 б.]. .

«Дотан батыр» эпосынан осы аталған элементтердің көбін байқаймыз (жеті жыл жүріп жететін Шынтемір ханның елі – басқа әлем; Дотанға көмектесетін диюлар мен алыптар т.б.). Бұл эпоста В.Я. Пропптың қиял-ғажайып ертегіге, мифке қатысты жасаған схемасы – кейіпкердің қалыңдық іздеп өзге жерге кетуі, оған «сиқырлы» көмекшілердің қосылуы, оның сол көмекшілердің жәрдемімен қиын тосқауылдарды жеңіп шығып, қалыңдыққа үйленуі, билеуші болуы толықтай дерлік жүзеге асып тұр [5].

Жалпы, «Дотан батыр» эпосынан ежелгі полигамиялық қатынастардың (Дотанның қырық ағасының бірден үйленуі), иницация салтының (жалмауыз кемпірдің қырық жас адамды бірден жұтуы), шамандық мифтердің (Дотанның Шынтемір еліне баруы) мотивтері айқын көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда бұл эпос ежелгі архаикалық эпостарға және ертегіге барынша жақын, осы белгілеріне қарап «Дотан батыр» эпосын архаикалық эпоска жатқаруға болады.

Дегенмен, соған қарамастан, «Дотан батыр» шын мәнінде *көне заманнан қалған шығарма емес*, қарасөздері өте аз (ежелгі архаикалық эпоста қарасөздер өте көп, көлемді болып келеді, кейде эпос мәтінінің жартысынан астамын алып тұрады, мұның себебі мұндай шығармалардың ертегіден әлі де толық бөлініп шықпауында), толыққанды, көркем, әрі кемелденген *соңғы заманның эпосы*. Сол себепті де оны архаикалық эпостардың сапына тек шартты түрде (яғни, тек қиял-ғажайып ертегілік, архаикалық сюжетке құрылғаны үшін ғана) қосуға болады.

«Дотан батыр» эпосы бастан-аяқ соңғы дәуірдің жетілген жыршылық дәстүрінің үлгісімен жасалған, айталық, Шынтемір еліне бара жатқандағы Дотанның Тайының шабысы кәдімгі батырлар жырындағы тұлпарлардың шабысының үлгісімен жырланады:

Шу десе тұлпар ағады,
Ауыздықпен алысып,
Шалқая тартып шіреніп,
Ұшқан құспен жарысып,
Маядай мойнын созады.

Дастанның негізгі бөлігі он бір буынды өлеңмен жазылған:

Тартады үшінші күн аттың басын,
Сөзіме тыңдаған жан таңырқасын.
Ер Дотан қара көкке өзі мінді,
Көрінді үш жүз аттан күші басым.
Ат қайтты Сарыжазықтан шұбатылып,
Тұяқтан шыққан шаңы тура атылып,
Сан қолдан жеке дара озып келді,
Дотанның қара көгі ширатылып.

Көріп отырғанымыздай, жыр ескі архаикалық тілмен емес, қазіргі заманғы өте әдемі, шұрайлы тілмен жатық жазылған, әрі ауызша шығарған шығармадан гөрі, асықпай өндеп, буынын дәл сақтап, ұйқасын кемеліне келтіріп, қағазға жазған жыр екені айқын байқалады.

Бұл «Дотан батыр» эпосы шын мәніндегі ежелгі дәуірден келе жатқан архаикалық эпос емес, соңғы жыршылық дәстүрдің әбден дамыған кездері ертегіден не көне мифтен эпоска айналдырылған, яғни төл, тума, көне эпос емес, туынды, кейінгі дәуірде жасалған шығарма екенін көрсетіп тұр. «Дотан батырға» берілген түсініктерден: «Қисса Дутан Құбанақбайұлы әм жалмауыз кемпірдің өлгені. Ертегіден, жыр етіп қисса қылушы Мәшһүр хожа Жүсіпбек. 1900 жылы жазылды» деген сөздерді оқимыз . Демек, бұл эпостың жазылған кезі де белгілі. Оның үстіне, «Дотан батыр» небәрі үш нұсқасы бар (Ежелден келе жатқан жырлар әдетте өте көп нұсқалы болады, мысалы «Қобыланды батырдың», басқа түркі тілді нұсқаларын қоспағанда, тек қазақша 26 нұсқасы белгілі), әрі бұл эпос қазақтан басқа түркі халықтарында кездеспейді. «Дотан батырдың» ең соңғы шумағы:

Басында ертегі еді мұның өзі,
Осындай қып біреудің айтқан сөзі.
Қисса қып шығаруға лайық көріп,
Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі,
– деп аяқталады, яғни эпосты шығарушы өз қолтаңбасын нақты қалдырып отыр.

Сонымен, «Дотан батыр» эпосына қатысты ойларымызды түйіндей айтсақ, бұл шығарма таза, төлтума архаикалық эпоска жатпайды, ол ежелгі заманда жасалған емес, соңғы дәуірде шығарылған. Тек қиял-ғажайыптық сюжетіне және архаикалық мотивтердің молынан кездесуіне қарап бұл эпосты шартты түрде архаикалық эпоска жатқызуға болады.

Біздің пікірімізше, осы типтес шығармаларды (кейінгі тармақтарда баяндалатындай, бұл топқа жататын шығармалар едәуір көп) *туынды архаикалық эпос* деп атап, оны тума, яғни көне заманнан сақталып қалған шынайы *ежелгі архаикалық эпостан* бөліп қарау қажет. Төл архаикалық эпос пен туынды архаикалық эпостың арасында түбегейлі ұстанымдық айырмашылықтар бар. Оны алдағы талдап-сараптау кезінде дәлелдеуге тырысамыз.

Архаикалық эпостардың қатарына жатқызылып жүрген тағы бір шығарма «Құламерген, Жоямерген» эпосының да ертегілік сюжет бойынша жазылған соңғы дәуірдің туындысы екені ақиқат. Бұны эпосты жазып шыққан ақынның:

«Қызыл тіл өнер алды» деген қазақ,
Жазайын тебірендіріп қаламымды-ай,
Қор болып бар өнерім текке жатпа,
Жазайын шамам келсе мұны хатқа, [Б.ж., 3 т. 7. 348 б.]

– деген жыр жолдары да растайды. Бұл эпостың біраз бөлігі 11 буынды, ақсақ ұйқасты шумақпен жазылған, яғни ақын бұл шығарманың едәуір бөлігін ауызша емес, қағазға жазып шығарған деп болжамдауға негіз бар.

Көзіне су жақындап келді сонда,
Одан да асып барады қабағына,
Көрем деп Ділдеш атын көтерілді,
Қимылдап сонда кетті табаны да, [Бұл да сонда, 352 б.]

– деген шумақтағы «келді сонда», «қабағына», «табаны да» деген нақпа-нақ ұйқастар да, буын санының дәл сақталуы да бұл шығарманың кәнігі, майталман ақынның қағазға түсірген дүниесі-ау деген болжамымызды растай түседі.

Архаикалық эпостардың қатарына жатқызылып жүрген тағы бір көлемді шығарма «Құбығұл» эпосы. Бұл жыр 1940 жылы атақты ақын Нұрпейіс Байғаниннен жазылып алынған, көлемі 3500 жол. Жырға берілген түсінікте: «Біздің қолымызда бұл жырдың әзірге осы бір ғана варианты – Нұрпейіс жырлаған нұсқасы ғана бар» деп жазылған (Б.ж., 3 т. 7. 537 б.). Соған қарағанда бұл эпос та көп вариантты емес сияқты. Бұл шығарманы да біз туынды архаикалық эпосқа жатқызамыз. Сонымен, жоғарыда аталып өтілген үш эпосты да («Дотан батыр»; «Құламерген, Жоямерген», «Құбығұл») олардың сюжеттері архаикалық болғанымен, ежелгі дәуірдің емес, соңғы заманның туындылары дедік. Сонда, ежелгі архаикалық эпосқа қандай шығармалар жатады, олардың нендей туа-бітті ерекшеліктері, имманентті қасиеттері бар деген мәселені қарастырып көрелік.

Жалпы, ежелгі немесе төл архаикалық эпостар тым аз сақталған. Олай болатын себебі де түсінікті, қоғамның өзгеруіне, оның жаңа сатыға көтерілуіне байланысты фольклор шығармаларын туындатушы әлеумет те өзгереді. Жаңа толқынның жыраулары ескі шығармаларды жаңаша ұғым-түсініктерге лайықтап, өзгерген әлеуметке түсініксіз, ұғымына жат тұстарын алып тастап, толықтырып, жаңаша жырлайды. Тыңдаушы аудитория да тым қарабайыр түсініктерді, ескі шығармалардың кейіпкерлерінің оғаш қылықтарын, қисынға келмейтін сиқырлы құбылыстарды қабылдай алмайды. Демек, уақытпен бірге эпос өзгеріп отырады. Соған қарамастан, қазақ даласына алғаш келіп фольклор үлгілерін жинай бастаған XIX ғасыр зерттеушілерінің жазбаларынан архаикалық шығармалардың үлгілерін кездестіруге болады. Мысалы, біздің пікірімізше, В.В.Радлов жинаған қазақ фольклоры шығармалары арасынан «Ер Көкше», «Желкілдек» эпостары шынайы ежелгі архаикалық эпостың үлгісі бола алады.

Ежелгі архаикалық эпостың басты ерекшелігі оның мәтінінде, айталық, «Ер Көкше» эпосынан оқиға қара сөзбен баяндалатын бір үзінді қарастыралық: «Бір кемпір онда отырды: «Тәңірі көзің(ді) ашсын» – деді. Сары ат айтты: «қайыра кет!». Сонан соң Қосай манағы көшіне келді, көшке айтты: «Мен озып барайын, ұзын сызған жеріне жүр, дөңгелек сызған жеріне қон». Сонан соң Ер Қосай озып барды жеріне, бір төбенің басына шықты, күндік жерден есітеді екен, түстік жерден болжайды екен» [Е.қ.е.с 7 б.]. Көріп отырғанымыздай, оқиға түсініксіз баяндалған, егер бұрыннан эпостың оқиғасы қалай өрбіп келе жатқанын білмесек, әңгіменің не жөнінде екенін мүлде түсінбес едік. Логикалық қисынсыздықтар да көп – кемпір: «Тәңірі көзің(ді) ашсын» деп не үшін айтып отыр, кім ұзын сызуы, дөңгелек сызуы тиіс және не үшін сызады т.б.

Жалпы алғанда, архаикалық эпостың мәтінінде қазіргі ойлау жүйесіне тән логикаға сай емес, қисынға келмейтін, уәжсіз баяндаулар көп болады. Тағы да «Ер Көкше» эпосынан бір үзінді келтірейік: «Олар енді жүріп кетті. Қараса, Ер Көкше жоқ, Манаша да жоқ. Манаша Ер Көкшеге айтты: «Ер Көкше бүйтіп жатар ер ме едің?» деді. «Бар» деді, «бұлай жау жетті деп шап!» деді. Ер Көкше сонан «жау жетті» деп шапты, бір оқты жағына кезіп, атына жайдақ мініп, жау қайда деп былай бір кетті, бұлай да шапты, жау көрінбеді. Онан соң келіп жығылды, жолдасы сонан соң айбалтамен жер қазып көмді». Бұл эпизодта Ер Көкшенің жаугершілікте жүріп, қаза болғаны, оны жолдасы Манашаның жерлегені туралы айтылады,

әйтсе де, қазіргі ұғымымыздан алшақтау жатқан ойлау жүйесінің сөз құрау үрдістері анық байқалады.

«Желкілдек» атты тағы бір эпоста: «Сол күнде Өзтемір жылқыға келді, қарағайдың ішіне еніп кетті. Топай құл айтты: «Сақалымның ішінде бит жүреді», – деді бит деп жүргенін қараса, Өзтемір хан жүр екен, мінгені қара бедеу бие екен. Сарыбайдың баласы Өзтемір ханды Топай құлға ұстап алып келді. «Сен, – деді, – менің сақалымның ішінде неғып жүрдің, ұрымысың?» деген баяндама қара сөздер бар. Бұл мәтінге зер салып қарасақ, Өзтемір деген хан қарағай орманның ішіне кіріп кетеді, сөйтсе ол орман емес, Топай деген құлдың сақалы болып шығады. Бұл жерде архаикалық сананың жандылар мен жансыздар дүниесінің ара жігін ажыратпайтын, барлық дүниені – тау-тасты, орман-көлді т.б. жанды, тірлік иесі деп ұғатын, сырт өлшемге мән бермейтін, қазіргі логикаға сай келмейтін, синкреттік дүниетанымы жатыр. Ал, соңғы дәуірде жазылған «Дотан батыр» эпосындағы қара сөздер қазіргі ойлау жүйемізге барынша жақын, түсінікті, әрі жатық айтылады: «Менің затым мұсылман, атым Тыңдаушы деген едім. Елімізді жау шауып, мен елсізде жүргелі жеті жыл болды, енді ермексіз болған соң, жер асында бір хан қыз ұзатып, той қылып жатыр еді, соны тыңдап жатырмын, – дейді. Енді мен де сізбен бірге ел табайын, – деп бірге жаяу жүреді» [Б.ж., 2 т. 6. 408 б.].

Ежелгі эпостардың өлең құрауында, жыр жолдарында да үлкен айырмашылықтар бар.

«Ойбай, ием, Ер Қосай!
Жүгенімді алып құлатпадың,
Ерімді алып аунатпадың,
Саған неден разы болайын?»,

– дейді Сары ат Қосайға. Бұл шумақта буын саны да сақталмаған (бірінші тармақта -7, екіншіде -11, үшіншіде – 9, төртінші тармақта -7 буын бар), ұйқастары да («құлатпадың», «аунатпадың») нақты емес, шумақ түрінде келтірілгені болмаса, өлең-жырдан гөрі қара сөзге ұқсайды. «Ер Көкшенің» жыр тармақтарының көбі осы іспеттес. Бұны «Қобыланды» батыр эпосындағы «Тайбурылға тіл бітті, Тайбурыл сонда сөйледі» деп басталатын, 32 тармақтан тұратын Бурылдың үлкен монологындағы:

Қарағай менен бітер тал,
Кімге келмес керімсал,
Наз бедеу атқа бітер жал,
Аямай тарттың қамшыңды
Батыр туған Қобылан нар!,

– деп келетін, ұйқасы да, буыны да нақпа-нақ, тас түйіндей, әрі көркем, әрі мәнді жыр тармақтарымен салыстырсақ, қазақтың жыршылық өнерінің қаншалықты ілгері кеткенін, жетіліскенін байқар едік. Ал, «Желкілдек» атты ежелгі эпостағы:

Осы тайды тоқтатпасам,
Ер салып мінбесем,
Астыма алып жүрмесем,
Желкілдек атым жоғалсын!

– деген жыр жолдарына назар салсақ, тағы да ұйқастарының болбырлығын, буын санының сақталмай, өлеңнен гөрі қара сөзге ұқсап кетуін байқар едік. Кейбір зерттеушілер архаикалық эпостың сапына қосып жүрген, ал шын мәнінде кейінгі дәуірдің шығармасы болған «Құбықұл» эпосындағы:

Кекіл қағып ойнады,
Ат шабысқа тоймады.
Екпінімен Құбықұл
Ұшармын деп ойлады,

– деген шумақтың «Желкілдектегі» жыр тармақтарына қарағанда буыны да, ұйқасы да, айтар ойы да, өлең құрау техникасы да қолмен қойғандай қаланып тұрғаны, шумақтың шымыр, ойнақы екенінің өзі-ақ: «мен соңғы дәуірде жазылған шығармамын» деп тұр емес

пе?! Бұлардың бәрі қазақ эпосындағы ат бейнесін талдамастан бұрын, назарға алынып отырған жырдың қай дәуірде туындағанын анықтаудың өте маңызды екенін көрсетеді деп ойлаймыз, себебі, әр заманның шығармасы бір-бірінен түбегейлі ерекшеліктерімен, өзіне тән имманентті қасиеттерімен оқшауланып тұрады.

Әрине, ежелгі архаикалық эпостардың мәтіні мен жыр тармақтарындағы кемшіліктерге, қисынсыздықтарға қарап, олар көркемдік дәрежесі төмен, нашар шығармалар деп есептеуге мүлде де болмайды. *Керісінше, эпос неғұрлым көне болған сайын, оның ұлтымыздың тарихи мұрасы ретіндегі құны да соғұрлым өсе түседі.* Ежелгі төл архаикалық эпостарда халқымыздың қадім замандағы ұғым-түсініктері, ежелгі тілдік сөйлеу, сөз қолданыс үлгілері, ойлау, ой қорыту әдістері, ырым-жоралғылары т.б. молынан сақталған. Осының өзі-ақ оларды зерттеушілер үшін баға жетпес қазынаға, ал тұтастай алғанда архаикалық жырды халықтық мұраға айналдырады.

Ежелгі эпостарды талдап-зерделеу, түсіну үшін оларға қазіргі заманның ұғым-түсініктерін, этикалық-эстетикалық, моральдық, салттық ұстанымдарын, дүниетанымын апарып жапсыруға болмайды. Ежелгі эпосты түсіну үшін оларға сол дәуірдің адамдарының көзқарастары тұрғысынан қарау керек, көне дүниетанымдық шеңберді қайта тірілтуге, реконструкциялауға тырысу қажет. Ф.И.Буслаев зерттеліп отырған шығармадан тек оның мазмұнына тән мәндерді ғана іздеу қажет екендігін атап өткен еді, яғни әрбір дәуірден «тек ол бере алатын нәрсені ғана талап ету керек. Ежелгі заманға соңғы уақыттың түсініктерін таңбау керек және жалпы, көне мұралардан өзіміз төңірегімізден көріп үйренген нәрселерді іздеудің қажет жоқ» деп жазған болатын [8, 713 б.].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маргулан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Изв. Каз ФАН СССР, сер. историч. 1946, № 2 (27).

2. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Қазақстан, 1975. - 40 б.

3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

4. Путилов Б. Русский и южнославянский героический эпос. Сравнительно-типологическое исследование. – Москва: Наука, 1971. – 316 с.

5. Пропп В. Исторические корни волшебной сказки. – Лениград: Изд. ЛГУ, 1986. – 368 с.

6. Ер қанаты. /Құраст. Ж. Аупбаев/. – Алматы: Қайнар, 1987. – 328 б.

7. Кобланды батыр. Казахский героический эпос. – Москва: Наука, 1975. – 448 с.

8. Буслаев Ф. Сравнительное изучение народного быта и поэзии. – Русский Вестник, 1872, октябрь. – 713с.

Резюме

Кошекова А.А., *к.ф.н., и.о. ассоц.профессора*
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)
Г. К.Жумабаева, *учитель*
(Алматинская обл., Талгарский район, п. Кызыл Кайрат, ООШ №19)

Классификация древних эпосов

В статье казахские эпосы отделены от мифов и сказок, и в ней широко рассказывается об архаических эпосах, первая волна которых только-только стала формироваться. Для анализа и изучения образа коня в группе этого жанра эпоса сначала рассмотрены такие проблемы: какие своеобразные особенности, художественные и изобразительные средства будут сформированными жанровыми образцами архаических эпосов .

Ключевые слова: эпос, архаический, полигамический связ, сказочный миф, синкретическое идеология, мотив, фантастический.

Summary

Koshekova A.A., *candidate of pedagogical sciences, associated professor*
*(Almaty c., Kazakh state women's Teacher training university**)***
G. K.Zhumabaeva, *teacher*
(Almaty region., Talgar district, p. Kyzyl Kairat, OCS №19)

Classification of ancient kazakh epic

In the article Kazakh epos separated from the myths and fairy tales, and it is widely describes the archaic epics, the first wave of which has only just started to form. To analyze and study the image of the horse in the group of the epic genre first discussed such problems: some peculiar features, art and artistic means are formed the samples of archaic genre epics.

Key words: epic, archaic, polygamy, fairy tales and myth, a syncretic ideology, the motive, the fantastic.

UDK 316.614:37113

ESSAY WRITING AT THE UNIVERSITIES

B.R.Kulbekova, *candidate in pedagogical science,*
C.D.Raeva, *senior teacher*
(Almaty city, Egyptian University for
Islamic culture «Nur-Mubarak»)

Annotation: The article is devoted to essay writing. The students come across the difficulties of writing and we make the analyses and underline the role of the teacher. We say of the importance of teaching and learning to read, speak and write in whole and particularly essay writing. Essays are assigned by the teachers as a method of measuring critical thinking skills, understanding of course material and writing skills. Writing essays involves critical thinking – a purposeful and reflective analysis used to reach conclusions.

Keywords: essay, learning, writing, critical thinking, effective academic writing.

Even before students are accepted to the University they have to be able to write essays as part of their applications. Writing is the primary basis upon which their work, their learning and their intellect will be judged – in college, in the work-place and in the community.

Essays are assigned by the teachers as a method of measuring critical thinking skills, understanding of course material and writing skills. Writing essays involves critical thinking – a purposeful and reflective analysis used to reach conclusions. Critical thinking challenges students to scrutinize arguments and positions they may have taken for granted, getting them to develop their points more thoroughly. Also, University essay writers are often required to reference various texts; by engaging with a variety of literature and information, students gain a diversity of perspectives and points of view. Students demonstrate their knowledge of the material through essay writing. Essays serve as a tool to test the student's knowledge by assessing their arguments, analyses and specific examples, as well as the conclusions they draw regarding the material covered in the course. A successful University essay is one that is structured and organized properly. This aspect communicates the student's preparation – whether the student spent sufficient time on the essay or completed it quickly only to pass it, and clarity of thought. It also shows the teacher whether or not the student can distinguish between relevant and irrelevant information. Concerning our University a successful essay mostly depends on the fact if they have the proper experience of writing. We come across the situation when the students don't even know what an essay is, and some don't have enough knowledge of English to write. We begin to analyze small paragraphs from the book «Effective Academic Writing» by Alice Savage and Patricia Mayer. There the students get to know and understand what is the topic sentence, supporting sentences and conclusion. We make

exercises, answer questions and try to write themselves. Analyzing and discussing ready essays we ask questions, and argue as the argument is all around us. The goal of argument is to persuade others to your position and give and take of honest disagreement. The students test their answers, their position, their resolutions by trying to convince others that you are probably right.

The value of learning how to write good essays transcends University learning into real life applications outside. Correct grammar and spelling usage is important to any form of writing. The skill of critical thinking teaches students to be a team player in the professional world.

Writing isn't a product. Writing is a process. Writing provides food for thought, it enables everybody to knead small, half-baked words and sentences to grow great big loaves of satisfying thought that lead to more thought. Writing helps to bring all the activity into consciousness, helps to clarify and direct thinking and generate more thinking. Writing, thinking and learning are parts of the process. Writing essays expresses who you are as a person. Writing helps to move easily among facts, inferences and opinions without getting confused – and without confusing the reader. Writing promotes the ability to pose worthwhile questions. It requires the anticipation of the reader's needs. This ability to do so demonstrates the intellectual flexibility and maturity. Writing ideas down preserves the students so that they can reflect upon them later. Writing out the ideas permits to evaluate the adequacy of the argument. It stimulates to extend a line of thought beyond the first impression. Writing equips the student with the communication and thinking skills they need to participate effectively in democracy. Writing is essential job skill.

What are the benefits that the students can get from essay writing? There are so many things that they can get advantage of from writing an essay. It has benefits that will increase the personality development. Essay writing provides an avenue for thoughts. Even a simple essay can tackle the personal opinion about a specific subject. This will then be written according to how the person perceive things. It is also possible for an essay writing task to develop critical thinking abilities. Writing an argumentative essay definitely require a good sense of criticizing subjects and issues that are considered important to talk about. It is also possible that essay writing will let to discover more knowledge by doing some sorts of researching. Essay writing will later brings to writing proper diploma works, scientific articles and business plans. We can not help underlining the fact that one can write only as well as one reads. Not all readers are writers. Many people read newspapers, novels and never write an original word themselves. But all writers must be readers. One can not write without reading. All writers rely on their skills as readers.

Writing is traditionally taught in terms of examples. The students are asked to read well formed essays (often examples of rhetorical categories such as argument, explanation, and description) and to mimic their structure. Reading can teach some things about the language, but reading good essays enable the students to write better. Seeing how well someone else expresses himself or herself does not mean we will suddenly be able to do the same ourselves. Only when we understand how ideas are expressed we can begin to do the same. From the very first lesson we explain the students that reading is essential to good writing. It is how we learn the vastness of the language and the limits of the grammar – and how to push those limits. The more you read, the greater your understanding of language's potential becomes. Good writing takes practice. Writing well is not a gift reserved for the few but a set of skills that can be learned by anyone. The teacher should encourage the students to write, saying that there is no shame in writing poorly, only in failing to try to do better next time. The students have to be persistent and put the goal of becoming better writers. Today, the written language is dominant, not only because so much of the information that shapes our lives is written down, but because the habits that make us good writers are the same habits that allow us to flourish in the information economy.

Students often believe that conducting research for an assignment equates to finding sources of information and then taking direct quotes from those sources and adding them to paper as a means of creating a response. Finding relevant information is not the end goal for academic writing, instead it's how you use this information to form your own ideas that matters. Before the beginning the process of research it is important to develop a clear understanding of the purpose of each

assignment. This will prevent from spending unnecessary time scouring the online library databases or the Internet for sources of information. The most starting point is to develop an outline and utilize keywords from the assignment instructions.

The students are expected to demonstrate critical thinking and analysis skills with the development of the assignments which includes discussion questions, responses and written process of planning, searching, formulating, organizing and writing. Practical experience tells us that students' ability to secure jobs and advance in their careers depends, to a great extent, on their communication skills, including polished, professional writing. We see that if students cannot think clearly, they will not write well. So, in this respect, writing is tangible evidence of critical thinking – or the lack of it – and is a helpful indicator of how students construct knowledge out of information. Writing is not separate from content in our courses, but can be used as a practical tool to apply and reinforce learning.

We are not sure that all the students can be taught to improve writing, but we are sure that it is one of the most important things we can attempt to teach. We can all emphasize that writing is important in our disciplines. We, teachers, have to agree about the value of writing in daily practice, find ways to weave writing into all our courses, not as busywork but as s meaningful part of the content we teach, asses students' writing and promote it as an essential career skill; and allow students to revise their work. Since revision is the heart and soul of the writing process.

LITERATURE

1. Effective academic writing. Part I and II. Alice Savage, Patricia Mayer. Oxford University Press. 2005.

2. Inside /Outside: International relations as political theory. Walker . 1993.Melbourne.

3. A Guide for Effective Academic writing and research. Dr.Bruce Johnson.

4. Long, M., and J.Norris. forthcoming. Task-based language teaching and assessment. In *Encyclopedia of language teaching*. Ed. M. Byram. London: Routledge.

5. McNamara, T. 1996. *Measuring second language performance: A new era in language testing*. New York: Longman.

Түйіндеме

Б.Р.Кулбекова, *п.ғ.к.,* ***С.Д.Раева,*** *аға оқытушы*
(Алматы қ., Нұр Мүбарак ЕИМУ)

Университетте эссе жазу мәселелері

Мақалада жазу жұмыстарын қалай жазу кезіндегі қиындықтар, оларды қалай жазу керектігі туралы қысқаша мағлұматтар берілген. Жазу барысында туындайтын қиындықтар мен эссе жазуда оқытушының рөлі айтылады. Студенттердің болашақта жұмыстағы табыстары олардың ойлау, жазу, тілдік қабілеттеріне байланысты болатынын естен шығармау керек.

Түйін сөздер: эссе, жазу, оқу, критикалық ойлау, тиімді жазу.

Резюме

Б.Р.Кульбекова, *к.п.н.,* ***С.Д.Раева,*** *ст.преподаватель,*
(г. Алматы, Нур Мубарак ЕИМУ)

Написание эссе в университете

Написание эссе – это неотъемлемая часть обучения в университете. Навыки письма зависят от способности студентов читать, думать и работать независимо. Преподавателям необходимо поддерживать студентов в письме и развитии их навыков, но письмо может быть успешным если студенты много читают. Студенты должны помнить, что их будущая карьера зависит от их способности общаться, думать и писать.

Ключевые слова: эссе, письмо, чтение, критическое мышление, эффективное академическое письмо.

ӘОЖ 371: 791.43

ВИДЕОРОЛИКТЕР МЕН ФИЛЬМДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

А.А.Нуртаза, *магистрант*
Г.К.Рысбаева, *ф.ғ.к., ғылыми жетекші*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Шетел тілін үйрету әдіснамасында бейнежазбалар мен фильмдер арқылы оқыту әдісі кеңінен етек жайып келуде. Осы мақалада бұл әдістің тиімділігі мен оқушылардың жан-жақты қабілеттерін дамытудың жолдары, оқытудың процесі және оның жүзеге асырылуы жайлы жазылды. Сонымен қатар, оқушылардың ынтасы мен қызығушылықтарын арттыруға, мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге септігін тигізетін тәсілге айналып отыр.

Түйін сөздер: бейнежазба, бейнематериал, мотивация, фильм, демонстрация, сюжет, эпизод, дешифровка.

Қазіргі таңда шетел тілін оқытуда көптеген әдістер қолданылады және жаңа әдістер де күн сайын пайда болуда. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процесінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер тез көзге ілініп, оқушылардың визуалды есте сақтауына зор көмек береді, бейне-көріністер оқушылардың қызығушылықтарын арттырады, презентациялар кең көлемді материалды қысқа әрі нұсқа етіп көрсеткенге өте тиімді. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процесінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

С.С.Құнанбаеваның «Современное иноязычное образование: методология и теории» деген еңбегінде «Әдіс деген ол ара-қатынастық, үлкен бір жүйелі бірыңғайлық пен ұйымдастырушылықпен түсіндіріледі. Осы жүйелілік оның негізін құрайтын теориялық концепциямен жүзеге асырылады» деп жазылған, яғни бұл дегеніміз, бейнелер арқылы оқыту тәсілі ұйымдастырушылықты қажет етеді.

Сабақ барысында бейнематериалдарды қолдану білім жүйесінде маңызды компонент, жеке бағытты қадамды жүзеге асыруға бағытталған активті тәсілдер арқылы оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдісі.

Бейнематериалдарды қолдану оқушылардың жалпы және когнитивті қабілетін арттырады. Шетел тілді видеоматериалдарды қолдану кезінде мотивацияның екі түрі дамиды: өзіндік мотивация – материалдың өзі қызықты болу, екіншісі, оқушыларға түсінікті болатын, үйреніп отырған тілді түсіне алуын демонстрация арқылы үйрету мотивациясы. Оқытушы қызықты және есте қалатындай видеоматериалдарды қолдану арқылы ғана емес, сондай ақ алынып жатқан білімге оқушылар қанағаттана алатындай дәрежеге жетуге ұмтылуы керек. Видеоматериалдардың тағы бір оң жағы оқушылардың тәртіпке деген мотивациясы деңгейін көтеруге әсер ететін таңғаларлық және эмоционалдық әсер ету күші болып табылады. Мұндай мақсатқа жету оңай:

1. Бейнематериалдарды жүйелі көрсету.

2. Әдістік ұйымдасқан демонстрацияны қажет етеді.

Сабақта бейнематериалдарды эффективті қолдану үшін мыналарды ескеру қажет:

- Қолданатын бейнематериалдың мазмұны оқушылардың жалпы және тілдік даму деңгейіне сәйкес болуын, тақырып бойынша сабақтар бөлімінің мазмұнымен сәйкес келуін;
- Қолданатын бейнематериалдың ұзақтығы сабақтың этапынан аспауы тиіс;
- Бейнематериалдағы ситуациялар оқушылардың тілдік, сөйлеу, әлеуметтік мәдени компетенцияларын дамытуға мүмкіндік жасайтындай болуы керек;
- Бейнематериалдың мәтіні оқушыларға түсінікті және логикаға толы, конкретті тапсырмаларды шешуге бағытталған нақты инструкциясымен қатар жүреді.
- Бейнеаппараттың алдын ала тексеріліп, дайын болуы.
- Бейнематериалмен оқытушының өзі таныс болуы.

Оқыту бейнеларынан бөлек мынадай бейне түрлерін қолдануға болады:

- Көркем және деректі фильм
- Мультфильм
- Жаңалықтар бағдарламалары
- Музыкалық бейнебаяндар
- Жарнама
- Әлемнің елдері жайлы бейнеэкскурсия

Бейнематериалды қолданудың мынадай пайдасы бар:

- Аяқталған тілдік контексті көрсету
- Мимика мен жест арқылы тілдің коммуникативті жағын көрсету
- Шынай контекстте тыңдалым дағдыларын машықтандыру
- Сынапта рөлдік ойындар ұйымдастыру
- Оқушылардың суреттеу мен мазмұнын айту қабілеттерін машықтандыру
- Дискуссияға стимул жасау

Бейнематериалдың өзіне де қойылатын талаптар бар. Мысалы, бейненің дыбысы анық, сапалы болу, бейнені үлкейтіп, кішірейту функциялары болуы, бейнедағы персонаждың мимикасының анық көрінуі, түрлі ситуацияларды қамтитын көріністер болуы, т.б.Ал, сюжеттің ұзақтығы 10-15 минуттан артық болмауы керек, ал көркем немесе деректі фильмнің ұзақтығы сабаққа бөлінген уақыттан аспауы тиіс.

Ю.А.Комарова және Й.Вехаге бейнематериалдармен жұмыс істеу кезеңдерін былайша жіктеді:

- Демонстрацияға дейінгі кезең (pre-viewing)
- Демонстрация кезеңі (while-viewing)
- Демонстрациядан кейінгі кезең (post-viewing)
- Оқушылардың қабілеттерін дамыту немесе шығармашылық этап.

Осы аталған этаптардың жеке тапсырмалары мен жаттығулары бар. Соларға тоқталып кетейік.

*Демонстрацияға дейінгі этаптың м*ақсаты оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру және мотивацияларын жоғарылату, мәтінді түсінудің оңай жолын жасап, тапсырмаларды сәтті орындап шығуға дайындау болып табылады. Бұл кезеңде мынадай жұмыс түрлері бар:

- Алдын ала талқылау, лексиканы қайталау
- Шығармашылық жұмыс: бейнесюжет қандай болуы мүмкін, не жайлы екендігіне болжамдар жасау.
- Берілген тақырып бойынша жаңа сөздермен жұмыс.

Демонстрация кезеңінің мақсаты оқушылардың сөйлеу,жазу, есту, тыңдау қабілеттерін одан ары дамыту. Бейнероликтерді көру кезінде мынадай жұмыстар істелінеді:

- Бейнені көрсеткенге дейінгі оқушылардың болжамдарын тексеру
- Белгілі бір ақпаратты табу үшін көру, яғни, берілген тапсырма бойынша сюжетті қайталап қосу арқылы ақпарат табу.

- Бөлек сегменттермен жұмыс, яғни мәтінді дешифровкалау (құпия таңбалар мен жазылған жазбаларды оқу).

Кейде тек дыбысты қалдыруға болады. Сюжет бөлектеніп қосылады да арасында оқушыларға кім сөйледі, бұл қимыл іс қай жерде болып жатыр, кейіпкер не істеді, қайда барды, не жайлы әңгімелесті және т.б сияқты сұрақтар қойылады. Оқушылар ақпарат жинап болған соң, тағы да бейнематериалды қайта көріп, интерпретацияларын тексереді.

Prediction. Бейнесюжетте дыбысы мен суретімен көрсетіледі, белгілі бір уақыт бойынша сурет тоқтатылып, пауза кезінде оқушылар персонаждар не айтқанын, келесі кадрда не айтатынын болжайды.

Jigsaw listening and viewing. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сыныптан шығып, екінші топ дыбысы өшірілген эпизодты көреді. Бірінші топ оралып, екінші топ сыныптан шығады. Эпизодты суретсіз дыбысты естиді. Содан соң топтар бірігіп, жұпқа бөлініп, экранда не болғанын, кім не айтқанын талқылайды.

What are they thinking? Бұл жаттығу «адамдар ойындағысын әрқашан айта бермейді» деген идеяға негізделген. Пленка белгілі бір сәтте тоқтатылып, оқушылар сөйлеушінің шынайы ойы қандай болғанын айтады.

Character role-play. Әр оқушыға бір-бірден кейіпкер бөлініп беріледі. Көрсетілім кезде сол кейіпкер өз рөлін қалай ойнағандығына көңіл бөлінеді. Сосын сол оқушы сол кейіпкерді есінде қалған өз сөзімен ойнап береді.

Deducting dialogue from pictures. Екі адамдық сөйлескен диалогы бар сюжет тыңдалынып, қағазға бір ғана рөл жазылады, екіншісінің орнына бос орындар, яғни *the gapped dialogue*, сосын сюжетті бірнеше рет, бірақ дыбыссыз көреді. Соңында сюжет дыбысымен, суретімен көрсетіліп, оқушылардың жасаған жұмыстарымен салыстырылады. Бұл жаттығу оқушылардың бейне образды дыбыссыз қабылдау қабілетін тексереді әрі дамытуға ықпал жасайды.

Video translation. Бұл жаттығуға субтитры бар көркем фильм көрсетіледі. Бұдан екі минутты диалогы бар, қиын лексикасы жоқ сюжет бөлініп алынады. Оқушылардың жұмысы сол субтитрды ағылшын тіліне аудару. Оқушылар дәл сол субтитр сияқты сөзбе-сөз аударуға міндетті емес, шамалары келгенше аударуға болады, соңынан ағылшын тіліндегі субтитрымен тексеріледі. Барлық оқушы аударған субтитрларын талқылайды, және грамматикалық қателері көп болуы да мүмкін, ол қателерді сабақ аяғында ескерту керек.

Демонстрациядан кейінгі этап. Бұл этаптың мақсаты оқушылардың продуктивті қабілеттері мен ауызша, жазбаша қабілеттерін дамытуға бейнематериалдар арқылы жағдай жасау. Жұмыстың мынандай түрлері бар:

- Көрсетілімнен соң сөздерді қайталау, өңдеу
- Фильмде көрген коммуникативті жолдарға пікір айту
- Талқылау
- Рөлдік ойын
- Тақырып бойынша оқу
- Шығармашылық жұмыстар.

Отандық және шетел әдіскерлер бейнематериалдарымен жұмыс жаттығуларын былайша бөледі:

What did they say? Оқушылар бейнені дыбыссыз көріп (ол көрініс мейрамхана, дүкен, қонаққа бару, достардың кездесуі т.б болуы мүмкін) персонаждардың не айтып жатқаны жайлы болжайды, сосын диалог құрып ойнайды. Кейін сюжетті дыбысымен көріп, оқушылар өздері жазған нұсқасымен салыстырады.

What will you say? Оқушылар бейнесюжетті суретінсіз көреді. «Where does the scene take place? How many characters will you see? What are they doing? How are they dressed?» сияқты сұрақтарға жауап табады.

Who said it? Оқушыларға персонаждардың есімдері мен диалогы бар сөйлем беріледі. Оқушылар бейнені дыбыссыз көреді. Көріп болған соң, қай сөз қай персонажға тиісті екенін

табады. *Biographies.* Оқушылар бейнесюжетті дыбыспен көріп, персонаждардың биографиясын жазады: мінез-құлқын, әлеуметтік жағдайын, білімін, сөйлеу мәнерін т.б.

Five Ws and H. Оқушыларға бейнесюжет көрсетілген соң алты бағанға *Who? What? Where? When? Why? How*? сұрақтарына жауап жазады. Бұл әсіресе деректі фильмдер және жаңалық көргенде жасалынады.

Matching. Оқушылар өздеріне алдын ала берілген атаулар мен есімдердің не істеп, не қойғандарын жазады. Сонымен, бейнематериалдар арқылы оқыту оқушылардың сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу қабілеттерін дамытып қана қоймай, оқушылардың ынтасы мен қызығушылықтарын оятады және берілген материалды оңай әрі тез арада игеруге мүмкіндік беретін, оқушылардың сауатын, жан-жақты дамуына септігін тигізетін, сондай-ақ оқушылар мен оқытушылардың уақытын үнемдейтін кеңінен қолданылып отырған тәсіл. Ал, мұғалім оқушылармен бірге жұмыс жасауы қажет, басқа өзінің ісіне алаңдамай, мұғалім бүкіл оқу үрдісін бақылап отыруы керек. Шетел тілін үйрету үрдісінде бейнематериал мен бағдарламаларды көрсетіп тыңдату әдісі жан-жақты тиімді, әрі пайдалы, нәтижесі мол екеніне көз жеткіземіз. Дегенмен, бұл әдістің бір кемшілігі, оқушы материалды көру, тыңдау кезінде сондағы суреттерге қарап, көңілі бөлініп, тыңдалатын сөздерді жіберіп коюы мүмкін. Сол үшін, сабақ басында белгілі бір тапсырмаларды алдын ала дайындап қойған жөн. Сабақтың активті және қызықты болуы оқытушыға байланысты. Оқытушы қандай бейнеларды табады, қандай жоспар құрады, қаншалықты пайдалы амал-тәсілдерді қолданады, сондай-ақ, оқушылар қаншалықты сол тілді үйренуге дайын, қалаулары қандай, оларға осы сабақ тәсілі қаншалықты жағымды, бөлінген уақытқа қаншалықты бәріне үлгеруге болады, осының бәрін міндетті түрде ескеруі қажет. Қазірде, барлық мемлекеттің білім жүйесінде, мектептер, мектепке дейінгі даярлау мекемелерінде, жоғары оқу орындарында, жеке білім беру орындарында бейнежазбалар арқылы оқыту кеңінен және шартты түрде қолданылып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Savignon S.J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. Reading / – MA: Addison-Wesley, 1983.

2. Widdowson H.G. Teaching Language as Communication / – N. York: Oxford University Press, 1990.

3. Современные теории и методики обучения иностранным языкам. / Под ред. Л. М. Фёдоровой, Т. И. Рязанцевой. – М.: Экзамен, 2005. – С.57.

4. Барменкова О. И. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи. //ИЯШ. 1994.

5. Теория и практика применения технических средств в обучении иностранных языков. / Под ред. М. В. Ляховицкого. – Киев, 1978. – С. 68.

6. Рогова Г. В. О повышении действенности урока иностранного языка. // ИЯШ. 1987, № 4.

7. Төлеухан Ж. Ағылшын тілін оқытудағы тиімді әдістер [Текст] / Ж. Төлеухан, А. Құрмет // Шетел тілін оқыту әдістемесі, 2012. № 4. – Б. 6-8.

8. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005. – С. 74.

Резюме

А.А.Нуртаза, *магистрант*

Г.К.Рысбаева, *к.ф.н., научный руководитель*

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Методы работы развития способностей учащихся с помощью фильмов и видеороликов

В методике преподавания иностранным языкам обучение с помощью видеороликов и фильмов широко развивается. В этой же статье написано процесс обучения и его осуществление, эффективность видеометода, также способы развития всесторонних, коммуникативных способностей и навыков учащихся с помощью видеороликов. В том

числе, этот метод дает возможность повысить желание и интерес, сэкономить время обоих преподавателей и учащихся.

Ключевые слова: видеозапись, видеоматериал, мотивация, фильм, демонстрация, сюжет, эпизод, дешифровка.

Summary

A.A.Nurtaza, *undergraduate,*
G.K.Rysbayeva, *candidate of phil. sciences, scientific supervisor*
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Methods of learners' developing skills through the use of video films

This article deals with the learning process and implementation of the method, it's effectiveness in teaching foreign language methodology, teaching by video and films. Also, teaching languages by videos increase the cognitive, communicative skills, and interests of learners. It is possible to save teachers' and pupils' time with the help of this method.

Keywords: video, videomaterial, motivation, film, demonstration, plot, episode, decription.

ӘОЖ 82:81-26; 82:81'38

Ж. ЖАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДІҢ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.М.Рахышова, *магистрант*
(Алматы қ., әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті)

Аңдатпа: Мақалада әдебиеттің көрнекті өкілі, жырдың дүлділі, айтыскер ақын Жамбыл Жабаевтың өлеңдерінің тәрбиелік мәні, ақынның өлеңдеріндегі көркемдік тәсілдерді оқыту ерекшеліктері туралы сөз болады. Зерттеу ақынның көркемдік әлемін тануға бағытталды, сондай-ақ оны тану үшін ақынның қысқаша өмірбаяны берілді. Және мақалаға Жамбыл шығармашылығын оқытуға арналған әдіс түрлері енгізілді.

Түйін сөздер: Жамбыл Жабаев, эстетикалық тәрбие, метафора, теңеу, кейіптеу, сарказм, эпитет.

Екі ғасырдың куәсі Жамбыл жайлы жазушы Ғ.Мүсірепов «Жамбыл дүниеге екі рет келді: тоғыз ай тоғыз күнде ана құрсағынан, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан туылды» деген екен. Екі ғасырды жырлаған Жамбылдың айтыстары, дастандары мен жырлары, өлеңдері болашаққа мұра, жас ұрпақ тәрбиесінің алтын арқауы іспетті.

Жамбыл «20-шы ғасырдың Гомері» деген атпен халық жүрегінде мәңгі қалды. Ақынның туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО шешімі бойынша әлемдік деңгейде мерекеленді. Биылғы жылы Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл толып отыр. Соған орай ақын шығармашылығына арналған конференциялар өткізіліп, әдеби мұрасын жаңа қырынан, жаңа заман көзқарасымен зерттеушілер саны да арытып келеді.

Ақынның қысқаша өмірбаянына тоқталар болсақ, Жамбыл Жабаев 1846 жылы ақпанның екісінде Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Жастайынан өлеңге құштар болып, ақын, жырау, жыршылығымен танымал болды. Анасы Ұлданның бойындағы ақындық талант ұлы Жамбылға берілген болса керек.

Сүйінбайды пір тұтқан ақын көрші қырғыз тілінің де әдеби мұрасына қанып өскен. Қырғыз айылдарын аралап, өлең айтып, күй тартып, айтысқа түскен. Атақты Тоқтоғұл, Мұраталы, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Қатаған сияқты дүлділдермен өнер сайысына түскен, солармен бірге «Манас», «Ер Төштүк» эпостарын жырлаған.

Жамбылдың шығармашылық өмірі, негізінен, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталған. Жамбылды нағыз ақын ретінде байтақ елге танытқан өнері – оның айтыстары. Жамбылдың Сайқал қызбен (1864-1865), Жаныс ақынмен (1866), Бөлектің қызымен (1870),

Бұрым қызбен (1873), Айкүміспен (1874), Сарамен (1875), Сары ақынмен (1875), Шыбылмен (1890), Бөлтірікпен (1890), Майкөтпен (1891), Сарбаспен (1895), Құлмамбетпен (1897), Досмамбетпен (1907), Шашубаймен (1909), т.б. айтыстары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды.

Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Құрмет белгісі ордендерімен марапатталған көрнекті тұлға 1945 жылы 99 жасында көз жұмған.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Жамбылтану саласы Жамбыл шығармаларын жинау, жариялау және зерттеумен айналысады. Ақын шығармашылығына арналған түрлі жинақтар, монографиялық еңбектер, дипломдық жұмыстарда өлеңдері мен дастандары, айтыстары мен жырлары әр қырынан зерттелген. Дегенмен Жамбылдың шығармашылығындағы көркемдік жағы мен педагогикалық қыры әлі де ашылмай келеді.

Ол үшін ең алдымен көркем сөз тудыру тәсілдерін, өлең сөз құрылымына қосқан үлесін, көркемдік шеберлігі мен көріктеуіш құралдарды тудыру ерекшелігін айқындап алуымыз керек. Ал ақынның көркемдік әлемін түсіну үшін ақынның өмір жолын жетік зерттеген дұрыс.

Кез-келген ақынның ақындық ерекшелігін оның әлемін танығанда ғана түсінеміз. Ал көркемдік әлем дегеніміз – ақиқат дүниені қайта жаңғыртып, оның қалыпты күйін мүлде ұқсамайтын дүниелермен теңестіріп, эстетикалық аялық білімін, пәлсапасын, қоршаған ортаға, дүниеге деген көзқарасын, оның эмоциясы мен мінез-құлқын аңғарамыз. Себебі, көркемдік әлем – бұл автор тұлғасының ішкі жан дүниесін танытатын авторлық заңдылықтармен ғана өлшенетін рухани әлем.

Зерттеуші А. Әмірбекова ақынның көркемдік әлемін тануды былай жүйелеп көрсетеді [1,5]:



Сызба 1. Ақынның көркемдік әлемі

Ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен ақын шығармаларында көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін саралаудың маңызы зор. Сол көркемдегіш құралдар арқылы өлең өрнектерінің түрленуінде өзі өмір сүрген орта мен қоғамның сипатын әсерлі бейнелей білуіне көз жеткізе аламыз.

Жамбылдың ақындық шеберлігі мен ерекшелігін белгілейтін, поэзиясының көркемдігі мен суреттілік сырларының тереңдігін, рухани байлығын, қиялының ұшқырлығын, қабылдау қабілетінің жоғары екендігін дәлелдейтін осынау күрделі құбылыстардың шығармаларында керемет көрініс тауып, өзіндік бағыт-бағдар алуы мен көркемдік нақыштар туғызуына негіз болғандығын байқаймыз. Ақынның поэзиядағы көркемдік шеберлігі қай кезеңде болса да айтыскер ақындарға да, жазба ақындарға да үлгі болары сөзсіз.

«Жамбыл жырлары өзіндік ой қорытып толғануға, әсемдік пен әдемілікті сезінуге тәрбиелейді. Отанға деген, халқына деген патриоттық сезімсіз азаматтық, моралдық тұрғыда толыққанды перзент бола алмайтындығын еске салады. Жамбылдың поэтикалық шығармаларының педагогикалық мазмұны Отанға деген сүйіспеншілікке, қаһармандыққа баулу, еңбек үйрету, сонымен қатар өнегелік пен эстетикалық тәрбие беру идеяларынан құралады,» – дейді М.Б.Көккөзова «Жамбыл Жабаевтың педагогикалық идеялары» атты мақаласында [2,102].

Ал әдебиеттегі көркемдік тәсіл әдеби шығармашылық иесінің өз туындысында көздеген мақсатына орай, іріктеп, шеберлікпен пайдаланған бейнелеу құралдарының жүйесі болып табылады. Сондай-ақ автордың қолданған көркемдік тәсілдерін оқытуда да педагог өз мақсаттарын жүзеге асыруға тырысуы керек. Мұндағы мақсат тек көркемдік құралдарды тани білу ғана емес, әдеби шығармашылық иесінің шеберлігін таныта отырып, шығарма арқылы оқушыларға рухани тәрбие беру.

Жыр алыбы Жамбылдың шығармашылығын оқыту – ұстаздар қауымының үлесінде болғандықтан, автордың айтпақ болған идеясын бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиямен оқушының қызығушылығын арттыруға болады. Ақынның шығармашылығын оқытқанда, ең алдымен, оқушылардың патриоттық сезімін оятып, ерлік батырлыққа үйретуді басты назарға ұстаған жөн [3,60].

Дауылпаз ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесіне келер болсақ, Жамбылдың балалар әдебиетіне қосқан үлесі орасан зор. «Балаларға», «Шәкірт балаларға», «Шағым», «Ананың әлдиі», «Бесік жыры», «Жеңіс жырын сайраңдар», «Балама хат», «Жүз жасаған жүректен!» т.б. өлеңдері балалар әдебиетінен өшпес орын алды. Осындай өлеңдері баланың қиялын қияға жетелеп, жанына жаңа қуат беріп, жайсаңдыққа тәрбиелейді.

Әдебиеттанушы Сұлтанғали Садырбаев «Жамбыл өлеңдерінің сұлулығы мен күші – оның бейнелілік (образды) сипатында» деген екен. Ал өлеңнің образдылығы – ақынның шеберлігі, поэзияны троптың әр түрімен келісті кескіндеу, әдемі айшықтау. Ал мұндай образдылық Жамбыл өлеңдерінің жаны іспеттес. Яғни Жамбыл жырлары тропқа толы. Ал *троп* дегеніміздің өзі – «сөз немесе сөз тіркестерінің көркем шығармада тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолдану тәсілі» [4,639].

Ақын жырында көркемдік тәсілдердің ең көп ұшырасатыны – теңеу. 1998 жылы шыққан Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде теңеуге мынадай анықтама берілген: «*Теңеу* – құбылысты басқа нәрселермен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды сөздер, құбылту түрлері де аз емес [5,323].»

Ақынның бала кезінде алғашқы өлеңдерінің бірі – «Шағым». Осы өлеңде:

Шып-шып етіп молданың,
Қолындағы тобылғы.
Қозғалтпайды жон жағым,
Талай дүре соғылды.
Торсылдатып *танадай,*
Жыртар болды тонымды –

деп басталатын алғашқы шумақта молдадан көрген теперішін таяқтың астында қалған танаға теңейді. Егер бөлек-бөлек қарасақ, тана мен бала екібасқа тіршілік иелері. Ал ақын болса, поэзияда екеуінің ортақ ұқсастығынан әсерлі образ шығарады.

Ал табиғаты теңеуге ұқсас көркемдік тәсіл метафора болып табылады. «*Метафора, ауыстыру* (грек. metapora – ауыстырып қою) – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі» [4,140].

Жамбылдың телегей жырларында метафорамен көркемдеу де шексіз. Мысалы, «Балаларға» атты өлеңінде

Балалар аманбысың шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым!
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның –

деп балаларды қарттық мейіріммен «майысып көлге біткен құраққа» балап, көптік мағынадан бөлек, балғын құрақ пен балауса бүлдіршіннің арасындағы әркім байқай бермейтін ұқсастықты көрсетеді.

«Алатау» атты өлеңі

«Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,

Сырласып бұлттармененен болған кептес.
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес» – дегендей әсерлі шумақтардан тұрады. Бұл шумақты әсерлі етіп тұрған көркемдік тәсіл – кейіптеу. Ал *кейіптеу* деген – «әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл» [4,108]. Осы өлеңде ақын Алатаудың табиғаты мен жан-жануарларына жан бітіріп, жарасымды тыныштығын суреттейді.

Жамбыл дүниеқоңыздық, сарандықты сынаған. Сондықтан да оның өлеңдерінің көбі сарказмға толы. Мысалы, «Сарыбайға» деген өлеңде:

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр –

дейді. «*Сарказм* – ащы мысқыл, кекесін, сықақ, келеке» [4,692] дейтін болсақ, бұдан артық келекенің керегі не? Ақын осындай кекесінмен кереғар әдеттерге оқушысының көзін ашады.

Ал эпитетке келсек, «*эпитет* – заттың, яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз, троптың қарапайым түрі» [4,710]. Жамбыл айтыстарында эпитетті зер салғандай қолданады:

Жау ашпаған есігін,
Кеудесін тұнық жаратқан.
Немесе
– Домбыра алған бұл кім? – деп,
Теріс көзбен қарады.

«Жырдың қызыл жолбарысы – Жамбылдың» жаyһар жырларында жоғарыда аталған көркемдік тәсілдерден басқа да троптың түрлерінің қолданылуында шек жоқ.

Сонымен қатар көркемдік тәсілдерді оқытқанда салыстыру, түсіндіру, жинақтау, саралау, бақылау т.б. секілді әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Мұның бәрі оқушыны жеке ізденіске, шығармашылыққа баулиды. Жамбыл Жабаев ұлттық поэзия тарихындағы орны ерекше шығармашылық тұлғасы. Ақынның әдеби мұрасы соңғы көп жылдар бойы әр қырынан талданып, зерделеніп келеді. Дегенмен, Жамбылдың поэзиялық шығармаларында көркемдегіш-суреттегіш құралдардың қолданылуына, көркемдік шеберлігіне қажетті деңгейде барынша назар аудару, зерттеу, тексеру – қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі. Әдеби тұлғаның биылғы мерейтойы қарсаңында жаңа зерттеулер жарияланып, соның ішінде шығармашылығының көркемдік жағы және оның педагогикалық қырының ашыла түсетініне күмәніміз жоқ. Қорыта айтқанда, Жамбыл жырлары арқылы мектеп оқушысын, жас ұрпақты адамгершілік, Отансүйгіштік, еңбекқорлық, бауырмалдық секілді эстетикалық тәрбиелерді үйретумен қатар көркемдік тәсілдерді кеңінен игертуге әбден болады. Оған ақын поэзиясының көлемі де, көркемдігі де жетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әмірбекова А. М. Мақатаевтың бейнелі сөздер сөздігі / жауапты ред. Н.М. Уәли. – Қарағанды: «Экожан» ӨК, 2013. -150 б.

2. Көккөзова М.Б. Жамбыл Жабаевтың педагогикалық идеялары / М.Б. Көккөзова // Казахский национальный университет им. аль-Фараби на пути ускоренной модернизации высшего и послевузовского образования = Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жаңаруы жолында: Материалы XXXVI науч.-метод. конф. ППС КазНУ им. аль-Фараби. Кн. 2: / Каз.нац.ун-т им.аль-Фараби; Отв. ред.: Л.В.Екшембаева, З.К.Сабитова. – Алматы: 2006. – 188 с.

3. Байсейітова С.А. Ж. Жабаев шығармашылығын модульдік технологиялармен оқыту / С.А.Байсейітова // Жамбыл Жабаевтың 160 жылдық мерейтойына арналған «Жамбылтану:

деректер мен дәйектер» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері: 28 ақпан. – Тараз, 2006. - 131 б.

4. Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты. 1999. – 750 бет.

5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.

Резюме

А.М.Рахышова, *магистрант*

(г.Алматы, Казахский национальный университет им.аль-Фараби)

Особенности обучения художественного приёма в стихах Ж.Жабаева

В статье описываются все художественные приемы и воспитательная мораль в стихах великого поэта Жамбыла Жабаева. Исследование было направлено на познание художественного мира поэта, также для осуществления цели было дано его краткая биография. А также в статью вошли виды метода по обучению творческого наследия Ж.Жабаева.

Ключевые слова: Жамбыл Жабаев, эстетическое воспитание, метафора, эпитет, имитации, сарказм, эпитет.

Summary

A.M.Rahyshova, *master*

(Almaty c., Kazakh national university name after aI-Farabi)

Ways of studying of artistic reception of Zh.Zhabaev's poems

This article describes all the artistic touches and educational morality in verses of the great poet Zhambyl Zhabayev. The study focused on the knowledge of the art world of the poet, and to fulfill the purpose was given to a short biography. Also in the article entered types of method for the study of the creative heritage of Zh.Zhabaev.

Key words: Zhambyl Zhabaev, aesthetic education, metaphor, equal, simulation, sarcasm, epithets.

ӘОЖ 378.016:811.111

«ҚҰЗЫРЕТ», «ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» ЖӘНЕ «КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» ҰҒЫМДАРЫ

Н.У.Сайбекова, *аға оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Құзырет – адамның тұлғалық қарым-қатынасын құрайтын құзыреттілікті меңгеруі, игеруі болып табылады. Құзырет – аталған пәндік аймақта тиімді іс-әрекет үшін қажетті болып табылатын білім мен тәжірибенің бар болуы болып табылады. Құзыреттілік белгілі – бір пәндер мен үдерістерге және оларға байланысты болып табылатын сапалы да өнімді іс-әрекетке негізделген жеке тұлғаның өзара байланысқан қасиеттерінің (білім, білік, дағды, іс-әрекет тәсілі) жиынтығын құрайды. Құзырет – аталған пәндік аймақта тиімді іс-әрекет үшін қажетті болып табылатын білім мен тәжірибенің бар болуы болып табылады. Құзырет – білімді қолдана отырып мәселелерді шешуге деген потенциалды даярлық: мағыналық (білім) және процессуальды (білік) компоненттерінен тұрады және мәселенің мәні мен оны шешу білігіне негізделеді; білімді үздіксіз жаңартып отыру, осы алынған білімді нақты жағдаяттарда табысты қолдану үшін жаңа ақпаратты меңгеру, яғни оперативті және мобильді білімді меңгеру. Мақалада «құзырет», «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдары қарастырылады.

Түйін сөздер: құзырет, құзыреттілік, тәжірибе, кәсіби құзыреттілік, білім, білік, дағды.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үдерісінде білімді қолданудың нәтижесі ретінде қарастырылатындықтан, оқыту үдерісіндегі «құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік және интегралдық сипаттама ретінде келесі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады: болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру және зерттеу болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікті болашақ шет тілі маманының дербес сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деп қарастыруға болады. Болашақ шет тілі маманы өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін және тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістер мен жаңа технологияны меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуы қажет. Маманның кәсіби құзыреттілігі – әртүрлі кәсіби бірлестіктерде бейімделуі, өнімді қызмет етуге керекті мәдени, және еңбек ету, сала аралық білім іскерліктері мен қабілеттіліктері болып табылады [1, 53].

Кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жеке түрлері А.К.Маркованың, Э.Ф.Зеердің, В.А.Адольфтың, Е.В. Бондаревскаяның, Н.В.Кузьминаның және тағы басқа да ғалымдардың ғылыми жұмыстарында, сонымен қатар педагогтың кәсіби құзыреттілігінің басқа да аспектілерін К.А.Абдульханова, Н.В.Кузьмина, Л.М.Митина, Л.И.Мищенко, М.В.Прохорова, Е.И.Рогов, Д.С.Савельев, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, А.И.Щербаков және тағы басқа ғалымдар зерттеді [2,78]. Болашақ оқытушылардың даярлығын қалыптастыру кәсіби даярлаудың құрамды бөлігі ретінде көптеген ғалымдардың зерттеулерінің негізі болып табылады. Аталған бағытта Қ.А.Аймағанбетовтың, С.Рахметованың, Б.А.Тұрғынбекованың, Ш.Х.Құрманалинаның, Т.Қ.Оспановтың, Б.М.Қосановтың, Ж.Т.Қайыңбаевтың еңбектерін атауға болады [3].

Д.Дьюн, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби құзыреттілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырады. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратындығын, көзқарасын қалыптастыратындығын, мақсатқа жетуге талпындыратындығын және ортақ пікір алмастыруға деген қызығушылығы пайда болатындығын айтады. Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», – деп тұжырымдаған [4].

Болашақ шет тілдер оқытушыларының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу ерекшелігін С.А.Панина кәсіби құзыреттіліктің жеке түрі, білім, білік, іскерлік пен дағды жүйесі ретінде қарастырып, оқытушының кәсіби әрекеті үшін қажетті педагогикалық нысаналарды пайдаланудағы әдістердің сәйкес келуі деп түсіндіреді [5].

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, инновациялық жаңа үрдістерді дұрыс қабылдауды және күнделікті өзгеріске толы ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Жоғары оқу орнындағы болашақ шет тілі мамандарының кәсіби құзыреттілігін бірнеше топтарға жіктеуге болады. Болашақ шет тілі мамандарының кәсіби құзыреттілігі көп жағдайда оның біліктілігімен және іскерлік сапаларымен тығыз байланыста қарастырылады. Құзыреттілік жеке тұлға құрылысында өзінің мазмұны мен не үшін арналғандығына (коммуникативті, әдістемелік, ұйымдастырушылық және т.б.) байланысты ғана ажыратылмайды, сонымен қатар жеке тұлғаның даму үдерісіндегі рөліне байланысты да жіктелетіндігін атап айтуға болады.

Б.Т.Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау кажет. Кез келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті

болып саналады» – деп, анықтама береді [6]. Білім берудің әртүрлі аспектілеріне қатысты құзыреттілік пен құзыреттің функциялары А.В.Хуторскойдың еңбегінде білім алушының жеке тұлғасына, ББД-ға, білім берудің мазмұны мен құрылымына, іс-әрекет тәсілдеріне байланысты деп айқындалады [7,61].

«Құзыреттілік» пен «білім беру құзыреттілігі» ұғымдарының мәнін ажырата білу қажет. Білім алушы құзыреттілігі – оның болашағының бейнесі, меңгеру нысанасы болып табылады. Оқу үдерісінде онда болашаққа дайындалуға ғана емес, қазіргі уақытта да өмір сүруіне қажетті болып табылатын «ересек» құзыреттіліктер қалыптасады, ол оларды білім беру көзқарасы тұрғысынан меңгереді.

Құзыреттіліктердің дәстүрлі білім беру параметрлерімен байланысын қамтамасыз ету үшін, құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін атай отырып, «білім беру құзыреттілігі» ұғымының мазмұнын ашамыз: атауы, олардың жалпы иерархиясындағы түрлері (тірек, жалпыпәндік, пәндік); құзыреттілікке қатысты ақиқаттың шынайы нысандарының аясы; әлеуметтік-практикалық байланысы мен маңыздылығы (ол не үшін социумға қажет); нысаналарға қатысты оқушының мағыналық бағдары, тұлғаның мағыналық құзыреттілігі (неде және не үшін білім алушы құзыретті болу қажет); шынайы нысандар аясы туралы білім; шынайы нысандар аясына қатысты біліктер мен дағдылар; оларға қатысты іс-әрекет тәсілдері; құзыреттілік аясындағы білім алушының іс-әрекетіне қажетті тәжірибенің аздығы (оқыту сатылары бойынша); индикаторлар – білім алушының (оқыту сатылары бойынша) құзыретінің сатысын (деңгейін) анықтау бойынша мысалдар, оқу және бақылау-бағалау тапсырмаларының үлгісі. Білім беру құзыреттіліктерінің ұғымын, олардың иерархиясын айқындау қажет. Білім беру мазмұнының жалпы метапәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндер немесе білім беру аясының кезеңі үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін) болып бөлінуіне сәйкес, құзыреттіліктердің үш деңгейлі иерархиясы ұсынылады: тірек – білім берудің жалпы мазмұнына (метапәндік) жатады; жалпы пәндік – оқу пәндері мен білім беру аясының белгілі бір саласына жатады; пәндік – оқу пәндерінің аясында қалыптастыру мүмкіндігі мен нақты сипаттамасы бар болып табылатын құзыреттіліктің алдыңғы екі деңгейіне қатысты дербес болып табылады. Сонымен, тірек білім беру құзыреттіліктері оқытудың әрбір сатысы үшін оқу пәндері мен білім беру аймақтарының деңгейінде нақтыланады. Тірек білім беру құзыреттіліктері жалпы білім берудің негізгі мақсатының, тұлғаның тәжірибесі мен әлеуметтік тәжірибесінің құрылымдық түсінігінің, сонымен қатар, өмірдегі дағдылар мен қоғамдағы практикалық іс-әрекетті алуға, әлеуметтік тәжірибені меңгеруге мүмкіндік беретін білім алушының іс-әрекетінің негізгі түрлерінің негізінде анықталады [7,63].

Merriam-Webster сөздігіне сәйкес, «құзыреттілік» терминінің шығуы 1605 жыл болып табылады. Сонымен қатар, И.А.Зимняя құзыреттілік ұғымы грек сөзі «atere» сөзімен бейнеленетін «адам жағдайының мүмкіндігі, тұлғаның ерекше белгісі болып табылатын деңгейге дейін дамытылған және жетілдірілген күш» деп зерттеген Аристотель есімімен байланысты деп санайды [8,155].

XX ғасырдың басынан бастап құзырет ұғымы тұрмыста да, әдебиетте де кеңінен қолданылады. 1907 жылғы «Орыс тілінде қолданысқа енген шетел сөздерінің толыққанды сөздігінде» құзыреттілік «достаточная осведомленность, необходимая для того, чтобы решать вопросы в известной области и произносить основательные суждения по поводу определенного круга явлений» деп қарастырылады [9]. 1933 жылғы «Шетел сөздерінің» сөздігінде құзыреттілікке мекеменің немесе тұлғаның өкілдігінің аясы деген анықтама береді. Алайда, білім беру саласында «құзыреттілік» пен «құзырет» ұғымдары XX ғасырдың 60-70 жылдарында ғана пайда бола бастады.

Aliyev'in 2013 yılında yeniden Başkan seçilmesi dolayısı ile gerçekleşen and içme merasiminde Ermenilerin uzlaşmaz tavrı ve sahte deliller üretmesi ile ilgili şöyle der: «Bu sorunun temel sebebi Ermenistan'ın iki yüzli, riyakar siyaseti ve haklılılık payı olamyan tamamen sahte delillerle üretilmiş olan iddalırındandır. Teesüfler olsun ki, Birleşmiş Milletlerin bu mesele ile ilgilenen şubelerinin lakayd ve tarafgarane tavırlarıdır. Bu nedenlerldir ki, 20 yıldan fazla bir süredir, uluslararası hukuk da çiğnenmekte ve buna göz yumulmaktadır. BMT Güvenlik şurasında bu konu ile ilgili kabul edilmiş dört maddesi icra edilmemektedir. Işgalci konumundaki Ermenista'a her hangi bir baskı uygulanmamaktadır... Azerbaycan'ın toprak bütünlüğünden hiç bir taviz verilmeyecektir. Sorun da ancak bu çerçevede çözülebilecektir. Biz bundan sonra da siyasi ve diplomatik girişimlerimizi devam ettireceğiz. Bu noktada Ermenistan'ın uluslararası camiya tarafından sıkıştırlması için elimizden gelen tüm iktisadi, ictimai, sosyal ve siyasal teşebbüsleri harekete geçireceğiz. Aynı zamanda bu mesele ile ilgili diplomasimiz bu güne kadar karşılıklı anlayış içinde sorunun çözümü için idi. Fakat Ermenilerin şımarıklığını ve dünyanın sessizliği karşısında biz de bundan sonra savunma değil hucum siyaseti ile bu meseleyi ele alacacağız. Çünkü elimizde tarihi, hukuki sağlam deliller vardır» [Əliyev,2013b]. Şüphesiz, bu mesele ile ilgili sadece kendi iç dinamiklerimiz için değil geniş uluslararası camia için de inandırıcı ve kuvvetli delillerle haklılığımızı ıspat yolunda çalışmak mecburiyeti vardır. Bu noktada devletimizin resmi organları ile birlikte akademik çevrelerin medya ve çeşitli kurum ve kuruluşlar vasıtasi ile yapılacak çalışmalar önemlidir. Bu bahse konu kurum ve kuruluşlarına büyük görevler düşmektedir. Bu kapsamda, «*Hocalıya adalet*» kampanyası dünyanın bir çok ülkesinde Ermenilerin Azerbaycanlılara uygladığı katliyamları anlatmak için yürütülen faaliyetlerden birisidir.

Ermenistan sadece Dağlık Karabağ üzerindeki kötü niyetleri ile yetinmeyip Dağlık Karabağın dışında kalan yedi yerleşim birimini de işgal altında tutmaktadır. Bu meselelerinde dünya kamoyu göndemine gelmesi ve olması gerektiği gibi sorunun halli noktasında çalışmalar devam etmektedir. Bu gibi çalışmaların başarıya ulaşabilmesi için Azerbaycan Türk diaspoarsının daha geniş çerçevede ve başka dost ülke ve kurulaşlar da işbirliğine giderek faaliyetlerini yürütmesi önemlidir

Kısaca, bu meselenin özünde arzulanan meselenin sadece dünya gündemine getirilmesi değil meselenin Azerbaycan'ın tarihi ve hukuki haklılıklarının gözönüne alınarak çözülmesidir. Bu bağlamda 1988-1994 yılları arasında işgale uğrayan toprakların işgalden kurtarılmasıdır. Azerbaycan tarafının hiç kimsenin toprağında gözü yoktur. Hatta bugün Ermenistan toprakları içinde bulunan fakat geçmişte Azerbaycan'ın bir parçası olan Erivan ve Zengezur gibi yerlerde bile söz sahibi olabilecekken yeni bir soruna mahal vermemek için ses çıkarmamaktadır. Fakat bu durum, 20-25 yıl önce büyük katliyamlar neticesinde kendisinden koparılan Dağlık Karabağ ve çevresindeki topraklarından vazgeçmiş anlamına gelmemelidir. Azerbaycan bu topraklarından hiç bir zaman da vaz geçmeyecektir. Yalnızca arzu edilen, bu sorunun hukuki ve barışçıl girişimlerle çözülmesidir. Fakat burada uzun bir zaman geçmesine rağmen büyük devletlerin bu soruna sessiz kalmaları ve Azerbaycan'ın tezlerine kullak vermemelinin yegane iki sebebi olduğu ortaya çıkmaktadır. Birincisi milli ikincisi ise manevi olarak Azerbaycan'ın İslami karaktere sahip bir ülke olmasındandır. Hatta sadece batı dünyası değil bazı İslam ülkelerinin de bu sorunu görmezden gelerek Ermenistanla ciddi işbirliğine gitmesi, Azerbaycan tarafında ciddi rahatsızlık yaratmaktadır.

Azerbaycan için ise bu mesele hem siyasi, hem tarihi, hem de ekonomik olarak en mühim meseleleren biridir. Gelecek kuşakların özgürce ve başı dik yaşayabilmesi için bu meselenin Azerbaycan'ın haklılığını ıspat ettiği şekilde çözümlenmesi şarttır. Aynı zaman da bütün bölgenin de huzuru için gereklidir.

KAYNAKÇA

1. (2006), *Qarabağnamələr,* Şərq-Qərb, Bakı, I K., 216 S.; II K. 288 S.; III K., 248 S.

2. (2012), *Azərbaycanlıların Soyqırımı: Tarixin Qanlı Salnaməsi:* C. 2, Azərbaycan Bakı, I C., 448 S.; II C., 422 S.

3. Anayasa Kitabı, (1978), *Sovet Sosialist Respublikaları İttifaqının Konstitusiyası* (Əsas Qanunu). Azərnəşr, Bakı, 56 S.

4. Cavadov, Q.C (2000*), Azərbaycanın Azsaylı Xalqları Və Milli Azlıqları (Tarix Və Müasirlik),* Bakı: Elm, 2000, 440 S.

5. Əhmədov, E.İ (2012), *Ermənistanın Azərbaycana Təcavüzü: Təhlili Xronika (1987-2011),* Letterpress, Bakı, 912 S.

6. Əliyev, (2015), *İ.H. Nazirlər Kabinetinin 2015-Ci İlin Birinci Yarısının Sosial-İqtisadi İnkişafının Yekunlarına Və Qarşıda Duran Vəzifələrə Həsr Olunan İclasında Yekun Nitqi,* "Xalq Qəzeti", Bakı, 14 İyul

7. Əliyev, H.Ə (1997-2013), *Müstəqilliyimiz Əbədidir. Çıxışlar, Nitqlər, Bəyanatlar, Məktublar, Müsahibələr, Məruzələr, Müraciətlər, Fərmanlar: 1-46-Cı Kitablar*. Azərnəşr, Bakı.

8. Əliyev, İ.H (2013), 2013-*Cü İl Oktyabrın 19-Da Andiçmə Mərasimində Nitqi*. "Xalq Qəzeti", Bakı, 20 Oktyabr.

9. Əliyev, İ.H. (2013), "*Azərbaycanın Milli Bayramı – Respublika Günü Münasibətilə Keçirilmiş Rəsmi Qəbulda Nitqi",* "Xalq Qəzeti", Bakı, 28 May

10. İsimsiz, (2010), *Qarabağ Xanlığı*, Sabah, Bakı, 330 S.

11. İsmayılov, F.C (2001), *Qarabağ Konflikti ABŞ-In Qlobal Siyasəti Kontekstində,* AME NPB, Bakı, 150 S.

12. Mahmudov, Yakup(Baş Red.) (2007-2008), *Azərbaycan Tarixi*:, C. 7, Elm, Bakı, I C., 520 S.; II C., 608 S.; III C., 592 S.; IV C., 504 S.; V C., 696 S.; VI C., 568 S.; VII C., 608 S.

13. Mehdiyev, R.Ə (2010). *Gorus – 2010: Absurd Teatrı Mövsümü*, Şərq-Qərb, Bakı, 96 S.

14. Mehdiyev, R.Ə (2014), *İkili Standartların Dünya Nizamı Və Müasir Azərbaycan*, Şərq-Qərb, Bakı, 127 S.

15. Mehdiyev, R.Ə (2015), *Avropa Strukturlarının Deqradasiyasının Mənbələri Haqqında Və Ya Azərbaycana Münasibətdə İkili Standartlar Siyasəti*, "Xalq Qəzeti", Bakı, 29 Oktyabr

16. Mehdiyev, Ramiz (Baş Red.)(2010), *Qafqazda "Erməni Məsələsi"* 1724-1914: Rusiya Arxiv Sənədləri Və Nəşrləri Üzrə: C. 3, Elm, Bakı, I C., 713 S.; II C., 616 S.; III C., 345 S.

17. Məmmədov, Ə. M (1999). *Müstəqil Azərbaycan Dövlətinin Bərpası Və Möhkəmləndirilməsi Uğrunda Mübarizə (80-Ci İllərin Sonu–1997-Ci İl)*, Elm, Bakı, 360 S.

18. Məmmədov, İ.M (2013), *Azərbaycana Qarşı Sumqayıt Təxribatı–"Qriqoryanın İşi",* Təhsil, Bakı, 336 S.

19. Григориу, А. А. Полное Выступление В Парламенте Армении,

20. https://www.Youtube.Com/Watch?V=Bpbwmcodqea/ 01/02/2016.

Түйіндеме

Саяуыш Гасымов, *проректор*

(Әзірбайжан, Баку Еуразия университеті)

Ұлттық мүдде және Қарабақ мәселесі

Қазіргі заманда әлемнің барлық жерінде әртүрлі мәселелер болып тұрады. Осы мәселелер, кейбір ішкі мәселелер, ал, олардың кейбіреулері халықаралық мәселеге айналып отыр. Кавказ облысындағы ірі мәселелердің бірі – Таулы Қарабақ қақтығысы Арменияның агрессивті саясаты нәтижесінде пайда болады. Әзірбайжан тарихи және ғылыми зерттеулері бойынша сұрақты түсіндіруге тырысады, бірақ Армения мәселені шешу үшін, олар шовинистік жолмен мәселені шешуге кедергі жасайды. Шын мәнінде, екі ел үшін бұл мәселе әлеуметтік және стратегиялық маңызы бар аймақ болып табылады, алаңдаушылық болып табылатын бар аймақтың тарихы көптеген елдердің назарын аударады. Біз осы мәселені

қараған кезде осы мемлекеттердің Арменияға жалған және негізсіз талап қоюы бойынша әрекет ету және мәселені шешуге мүдделіміз. Осыған байланысты, Түркия Әзірбайжанмен тарихы, діні және жалпы ұлттық сезімдері мен сипаттамалары бар және әрдайым осы елге қолдау көрсететін жалғыз ел болып табылады.

Түйін сөздер: Әзірбайжан, Таулы Қарабақ қақтығысын шешу, мүдделері.

SUMMARY

Sayawış Gasimov, *Vice-President*
(Azerbaijan, Baku University of Eurasia)

National interests and karabakh issue

Various problems almost everywhere in our contemporary world. While some of these problems are internal issues, some of them have become an international problem. In the region of Caucasus, one of the biggest problem is the Nagorno-Karabakh conflict emerged as the result of aggressive policy of Armenia.

While Azerbaijan is trying to clarify the question according to the historical and scientific research, but Armenia approaches the problem through a chauvinistic way, they obstacle to solve the problem.

Essentially, the history of the region that the problem exists in which two countries are concerned about, for it is the region that is of social and strategic importance involves many countries' attention. When we look through the states that are involved in this problem, they act according to the false and baseless claim of Armenia and are interested in delaying the problem.

In this regard, Turkey is the only country, which has common feelings and characteristics in history, religion and nation with Azerbaijan and always supports this country. We are trying to assess to the problem of that Azerbaijan puts forward ways of solution in the basis of the existing condition in the line of national and international law in the research.

Key words: Azerbaijan, Nagorno-Karabakh conflict, interests.

ӘОЖ 316.624:616.89

ҚОҒАМДА СУИЦИДАЛЬДІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Д.Ғ.Жармағанбетова, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада қазіргі қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отырған өзіне-өзі қол жұмсау, яғни, суицидальды мінез-құлық жайлы жазылған. Ғылыми әдебиеттерде суицидальды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп айтылады. Ғылыми теориялық әдебиеттерге көз салсақ, адамзат тарихында суицид әрекеті әртүрлі бағаланады. Еуропа халқында өзін-өзі өлтіретін адамдар вампирға айналады деген. Ал көне Грекия, Спарта, Афинада өзін-өзі өлтірген адамдардың мәйітін өртеп жіберген. Орта ғасырда Австрия, Пруссия, Францияда өзін-өзі өлтіруші адамдарды діни көзқарас бойынша – қылмыскерлер деп санаған. Суицидогенді жағдайлар тұлғаның ерекшелігіне, оның өмірлік тәжірибесіне, интеллектісі және мінез-құлығымен анықталады. Суицидогенді қақтығыс шынайы себептер арқылы жүзеге асады.

Түйін сөздер: «Суицид», «суицидология», «суицидогенді қақтығыс», суицидальды мінез-құлық, психологиялық күйзеліс, әлеуметтік көмек.

Қазіргі кезде социология, психология, медицина, демография, психиатрия ғылымдарының тоғысында суицидология деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыт қалыптасты.

Суицидтік әрекетке баратын тұлғаның психологиялық, әлеуметтік әрекеттері мен оның себептерін зерттейтін бұл ғылыми сала адам психологиясымен тығыз байланысты.

Суицидтің көп тіркелу себебі қоғамның өзгеруінен ғана емес, біріншіден, қатаң нарықтық талаптардың адам психологиясына әсер етуі болса, екіншіден бұл жеке адамның өз тағдырымен де тікелей байланысты, сондай-ақ адамды рухани аздыруға әкеліп соқтыратын қазіргі заманауи фильмдер мен БАҚ арқылы таралып жатқан ақпараттар да өз ықпалын тигізіп отыр. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, қоғамда өзіне-өзі қол салушылардың саны жүрек-қан тамырлар ауруымен ауыратындардан әлдеқайда көп. Бүгінгі таңда өзіне-өзі қол салу проблемасы мемлекеттік деңгейде шешілуі керек. Әсіресе, жастар арасындағы суицидке баса назар аударуға тиіспіз. Себебі, жыл өткен сайын өзіне-өзі қол салушылар саны артып барады.

Өзін-өзі өлтірудің себептері әртүрлі. Көп жағдайда өзін-өзі өлтіруге себеп болатын нәрсе өмір жағдайының шынайы қиындылығы және өмір оңалмайды деп есептеу. Күйзелісті жағдайлар салдарынан тығырыққа тірелген адам одан шығудың жолы өз-өзіне қол салу деп түсінеді. Суицид қарттарға, нашақорларға, жазылмайтын аурумен ауыратындарға, қылмыскерлерге тән әрекет. Балалардың өзін-өзі өлтіруі ашық қарсылық білдіру түрінде, көбінесе ата-аналарына қатысты жағдайларда кездеседі. Суицидтің себептері мен салдарларын көбінесе әлеуметтік психологиялық тұрғыдан қарастыруымыз керек.

Ғылыми теориялық зерттеулерде өзіне-өзі қол жұмсау әртүрлі негіздер бойынша жіктеледі. Мысалы: қорытынды суицид (өзін-өзі өлтірер алдында өз әрекеттеріне есеп беретін, бірақ кінәсіз қиын жағдайдаға түскен, ойлану нәтижесінде болашақтың жоқтығына көзі жеткен адамдардың өзін-өзі өлтіруі, қаржының жоқтығы, жазылмайтын ауру және т.б.);

Ашық қарсыласу түріндегі суицид (бақытсыз махаббат, ажырасу т.б. себеп болатын жан күйзеліс әрекет); Аяқ астынан суицид (жаман хабар алғаннан кейін, отбасындағы не жұмыстағы ойда жоқта пайда болған қиыншылықтан кейін өзін-өзі өлтіруге аяқ астынан бел буу); Психикалық ауырған кезде өзін-өзі өлтіру [1].

БӘДСҰ (Бүкіл әлемдік денсаулықты сақтау ұйымы) берген мәліметтерге сүйенсек, дүниежүзінде жыл бойы 500 мың адамдар өз өмірлерін қияды екен. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, өзін-өзі өлтіру дерегі дамыған елдерде де кездеседі. Мысалы: ең жоғарғы суицид көрсеткіші ол ФРГ, ГДР, Австралия, Швейцария, Венгрия, Чехославакияда болса, ең төменгі көрсеткіш ол Болгарияда, Ирландияда және Үндістанда. АҚШ-та суицид деңгейі 100 мың адамға орташа алғанда 25-29 адамнан келеді [2].

БӘДСҰ-ның соңғы мәліметтері бойынша 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында суицид екі есе артып кетті. Ол мемлекеттегі экономикалық жағдайларға байланысты. Мәселен Францияда соңғы 10 жылда суицидттен өлген балалар саны үш есе артқан. Енді бұл өлімдер жол апатынан қайтыс болған адамдар санымен теңеліп отыр. АҚШ-та 15-19 жас аралығындағы өзін-өзі өлтіру саны 1 жылда 5000-ға дейін көтерілді. Қазіргі кезде АҚШ-та ең маңызды өлімдердің арасында суицид 10-шы орында тұр. Онда 1978 жылда 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 29000 суицид тіркелген. Бұнда соңғы 30 жылда суицид 15-19 жас аралығындағы қыздар арасында 200%, ал бозбалалар арасында 300%-ға дейін көтерілген [3].

Ғылыми әдебиеттерде суицидалды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп айтылады. Ғылыми теориялық әдебиеттерге көз салсақ, адамзат тарихында суицид әрекеті әртүрлі бағаланады. Еуропа халқында өзін-өзі өлтіретін адамдар вампирға айналады деген. Ал көне Грекия, Спарта, Афинада өзін-өзі өлтірген адамдардың мәйітін өртеп жіберген. Орта ғасырда Австрия, Пруссия, Францияда өзін-өзі өлтіруші адамдарды діни көзқарас бойынша – қылмыскерлер деп санаған. Суицидальді мінез-құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму кезеңдері, тәуекел факторлары болады. Суицидальді мінез-құлыққа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының әртүрлілігі де әсер етеді. 5 жасқа дейінгі балаларда суицид әрекетіне бару өте сирек кездеседі. Жанұялық қақтығыстарға байланысты 9 жасқа

дейін 2,5%, ал 9 жастан кейін 80% суицид әрекетіне барады екен. Жеткіншек кезеңінде суицидальді әрекеттің себебі болып көбінесе ата-анасымен, мұғалімдерімен және өз қатарластары арасында ортақ тіл табыса алмауынан болады. Жастар арасындағы суицид көбіне жауапсыз махаббат салдарынан, яғни, өздерін тек қана бір адамды сүйем деп сендіруден болады.

Қазіргі кездегі ғылымы мен технологиясы дамыған озық елдердің бірі болып саналатын Жапонияда тек 1986 жылы ғана 25524 жағдай тіркелген. Швейцарияда әскер қатарына шақырылған бозбалаларды психологиялық тексеруден өткізген кезде олардың 2% өзін-өзі өлтіруге барған, ал 24%-да суицидальді ойлар айқын көрінгені мәлім болған. Сондай-ақ Польшада соңғы 10 жыл ішінде 12-20 жас арасындағы суицидтен өлген балалар саны 4 есеге көтерілген, ал оның 21% қыздар алса, қалған 79% ұлдар құрайды екен [4].

Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тірелген кезде немесе ол бейімделген орта не болмаса әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін-өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, ол келесі суицид түрлерін бөліп көрсетті: эгоисттік және альтруисттік. Тағы да психопаталогиялық жағдай негізінен балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтендіру деңгейімен қоғамда алатын орнына байланысты да болады. Психоанализдік зерттеулер барысында суицид ол жеке тұлғаның сексуалды бұзылысына байланысты деген тұжырымдарға келді [5].

Суицидогенді жағдайлар тұлғаның ерекшелігіне, оның өмірлік тәжірибесіне, интелектісі және мінез-құлығымен анықталады. Суицидогенді қақтығыс шынайы себептер арқылы жүзеге асады. Ол тіпті сау адамда кездесуі мүмкін. Өмірдегі кездесетін әлеуметтік – психологиялық қиындықтарды кез келген адам жеңе бермейді, моральдық тоқырау адамдардың күйзеліске ұшырауына әкеледі. Сол проблемалардың шешілмеуіне байланысты адамдар өз-өздеріне қол жұмсауы мүмкін. Қазіргі кездегі жастардың суицидке бару себебі олардың алдарына қойған мақсаттарына жете алмауынан және өмір қиындықтарын шешудің жолдарын іздестірудің орнына жасөспірімдер өмірмен қоштасуға бейім келеді.

А.Г.Амбрумова суицидальді мінез-құлқы бар 770 балалар мен жасөспірімдерді зерттей келе пубертантты жасқа дейінгі балалар арасында (13 жасқа дейін) – 14,4%, пубертанты жастағы балалар арасында (13-16) – 51%, пубертантты жастан асқандар арасында (17-18) – 33,8% кездеседі. Өз-өзіне қол жұмсауға барған көптеген жасөспірімдер ішінде қыздар дәрі ішіп уланып өлуге бейім болса, ұлдар асылып немесе тамырларын кесіп өледі. Жастар арасында жыныстық қатынас туралы сауатты оқытудың болмауына байланысты қыздардың басым көпшілігі аяғы ауыр болып қалғандықтан өзіне-өзі қол жұмсауға барады. Осы жасқа байланысты Железова бұл балалардың көбінің мінез-құлқында ауытқулары бар және олардың 70% шизофрениямен ауыратын балалар құрайды деген.

А.Г.Амбрумова және В.А.Тихоненко суицидальді әрекеттің екі негізгі типін көрсетеді: шынайы әрекет және демонстративті-шантажды. Демонстративті-шантажды әрекетте өміріне сондай қауіпті емес әрекеттерге барады; денеде ірі веналар жоқ жерлерді кескілеу, онша қауіпті емес дәрілерді ішеді. А.Е.Личко мен А.А.Александров 14-18 жастағы жасөспірімдерді зерттей келе олардағы суицид мінезі көбінесе аффект жағдайында және ол балалардың осы жаста өте сезімтал болатындығына байланысты жиі кездеседі деген тұжырымдарға келді. Шынайы суицидальді мінез-құлық деп тұлғаға деген шынайы немесе қиын проблемалары шешілмеген кезде өзін-өзі өлтіруін айтамыз. Ал жалған шантажды мінез-құлық деп ол адам өзі ойлаған ойын жүзеге асыру үшін, оны қоршаған адамдарға қысым көрсеткен кезде және басқалардың сезімін манипуляциялаған кезде бұл әдісті қолданады. Ол көбінесе оны ренжіткен адамның алдында жасалады. Бұнда олар өздерін өлтірмейді, тек өзінің өлгісі келетіндігін демонстрациялайды. Шантажды мінез-құлық көбінесе бала кезден пайда болады [6].

И.П.Павлов өзін-өзі өлтіруді «мақсат рефлексін» жоғалту деп түсіндірген. Осыған байланысты ол: «Мақсат рефлексі әр адамның өмір мәні және энергия көзі. Өмір қызығы бір мақсатқа жетуге талпыну, егер сол мақсатқа жете алмаса басқа мақсатты көздеп, соған қол

жеткізу, қызығу, ұмтылу. Соған байланысты біздің өміріміз гүлденеді және мәндене түседі. Егер адамның өмірінде мақсат жоғалса, оның өмірі мәнсіз болады. Сол себепке байланысты біз өлген адамдар артынан қалған қағаздардан олардың өмірлерінің мәні жоғалғанына байланысты олар өз-өздерін өлтіруге мәжбүр болғандарын ұғынамыз. Бірақ адам өміріндегі мақсаттар саны шексіз...» деген [7].

Суицидальді мінез-құлықтың 5 типі бар:

1) Қарсылық көрсету

2) Жанашырлыққа шақыру

3) Қайғыдан қашу

4) Өзін-өзі жазалау

5) Өмірден бас тарту.

Медициналық психологиялық зерттеулерге қарасақ, адамдардың бір жартысын ақыл-ойы кеміс адамдар, бірін жүйке жүйесі тозған адамдар, бірін мазасыз адамдар десе, енді бірін өз эмоцияларын басқара алмайтын адамдар құраса, қалған бөлігін ешқандай психикалық ауытқуы жоқ адамдар құрайды екен [8].

Суицидальді мінез-құлықтың тұрмыстық жағдайда жиі кездесетін ортасы балалар үйінде және толыққанды емес отбасында өскен балаларда байқалады. Сонымен қатар отбасы аралық қақтығыс, әке-шешесінің айырылысуы басты себептер болып табылады.

Суицидальді мінез-құлық көбінесе депрессия кезінде, алкогольдік токсикомания, психопатия және аффект кезінде жиі кездеседі. Өзін-өзі өлтіруге көбінесе индивидуалды проблемалар итермелейді. Қазіргі кезде жастар өздерінің өмірлерін бағалай алмайды. Егер бір проблеманы шеше алмай жатса, олар өз өмірлерін қиюға даяр болады, өйткені олардың ойларынша олар тек осылай ғана тыныштық, уайым-қайғысыз өмір және махаббат табатын сияқты. Көбінесе жасөспірімдер мен балалар жерлеу рәсімін көз алдарына елестетіп, ата-аналарының жылағандарын елестетіп, олардан өш алмақ болады [9].

Адам өліміне әлеуметтік жағдайлар, жалғыздық та үлкен әсерін тигізеді. Бірақ кейбіреулер ұрсысып өзін-өзі өлтіретін болса, енді біреулері түрмеде отырып бостандықты аңсайды. Сондықтан қоғамда өмір нашарлаған сайын суицид те көбейе түседі. Біздің пайымдауымызша мектеп қабырғасындағы, тіпті, бастауыш сынып оқушыларының бойында оптимистік көзқарасты қалыптастыру керек. Қиындықтардың бәрі уақытша, ертеңгі күн бұдан да жарқын болады деген сенімділікке үйретуіміз керек. Табиғи ауысып отыратын жыл мезгілдері сияқты адам өміріндегі қиындықтар да әртүрлі болатынын балаларға жеткізуіміз керек. Сондай-ақ балаларға кез келген қиындықтың түйінін тарқатудың жолдарын іздеу, сол үшін күресу басты қажеттілік екенін санасына сіңіруіміз керек.

Қорыта келе, халықтың психикалық мәдениетін арттыру үшін алдымен суицид мәселесі жөнінде кешенді әлеуметтік-профилактикалық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, имандылық, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып отыру керек. Сонымен қатар, суицидтік әрекетке бейім адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін қоғамдық ұйымдардың санын кеңейту керек. Осындай қоғамдық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтып отыру шарт. Ең алдымен біліктілігі жоғары – психолог, әлеуметтік педагог, дәрігер, психиатр мамандарын дайындау қажет. Сондай-ақ діни тұрғыдан имандылыққа тәрбиелейтін өсиеттерді айтып отырған абзал. Мысалы, Ислам дінінде өзіне-өзі қол салып қайтыс болған адамды ақ өліммен өлген жоқ деп есептеген. Кейбір деректерде өз өмірін қиған адамдардың мәйіті бөлек жерленген. Осындай іс-шараларды әлеуметтік тұрғыдан түсіндіру мақсатында отбасы, мектеп, ЖОО бірлестікте жұмыс жүргізгенде ғана қоғамда бұл мәселенің алдын алуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ефремов В.С. Основы суицидологии. – СПб.: Диалект, 2004. – С.69.

2. Орлова И.Б. Самоубийство – явление социальное // Социологические исследования. – 1998. – 90 бет.

3. История социологии в Западной Европе и США: Учебник для вузов. – М.: Норма; ИНФРА, 1999. – С.45.

4. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаушылық әрекеттерінің алдын алу // Алтын ұя, 7 мамыр 2009ж.

5. Дюркгейм Э. Самоубийство. Социологический этюд. – М.; мысль, 1994. – С.114

6. Бородин С.В., Михлин А.С. Мотивы и причины самоубийства // Актуальные проблемы суицидологии. – М., 1999. – С.31.

7. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы. – Алматы, 2008. - 115бет

8. Жүсіп Қ. Суицид әлемнің бас ауруына айналып барады // Заң газеті 2010. – 19 қазан

9. Төлегенов Н. Суицид XXI ғасырдың ең қауіпті дерті // Алматы ақшамы 2010 жыл 4 қараша

РЕЗЮМЕ

Д.Г. Жармаганбетова, *магистрант*

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Появление суицидального поведение в обшестве

В статье сказано о самоубийстве, то есть, суицидальном характере, который, является одним из актуальных проблем современного обшества. В научных литературах говорится, суицидальный характер – это тип характера личности, сознательно идущий на самоубийстве. Смотря на научно теоретической литературе в истории человечества оценивали различные попытки самоубийства. Люди в Европе считали если кто-то покончит жизнь самоубийством то станет вампиром. А в Древней Греции, Спарте, Афинах, сожгли тело одного из тех, кто покончил с собой. Середина века Австрия, Пруссия, Франция, люди, которые совершают самоубийство, религиозной точки зрения считается преступниками. Суицидогенные конкретные обстоятельства человека, его жизненного опыта и интеллекты определяется поведением. Суицидогенные конфликты осуществляется истинных причин.

Ключевые слова: Самоубийство, суицидология, суицидитический конфликт, суицидальное поведение, психологический стресс и социальная поддержка.

SUMMARY

Zharmaganbetova D.G. *undergraduate*

(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

The appearance of suicide in society

The article states about suicide, that is, the suicidal nature, which is one of the urgent problems of modern Società. In the scientific literature says, suicidal character - this is the type of character of the person, deliberately going to the suicide. Looking at the scientific theoretical literature in the history of mankind has been evaluated various attempts to suicide. People in Europe consider if someone commit suicide it will become vampires. And in ancient Greece, Sparta, Athens burned the body of one of those who committed suicide. Mid-century Austria, Prussia, France, people who commit suicide, a religious point of view is considered to be criminals. Suitsidogen i particular circumstances of the person, his life experience and intelligence determined by behavior. Suitsidogen conflicts carried out the true causes .

Key words: «suicide», «suicidology», «suicidal conflict», suicidal charakter, psychological depression, help of community (society).

ӘОЖ:94 (574)

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА

Қ.Қ.Жылқышыбаева, *т.ғ.к., доцент*
Г.Е.Бакаева*, тарих магистрі, оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Бұл мақалада көрнекті қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Д.А.Қонаевтың өмірі мен еңбек жолы қарастырылған. Сонымен қатар, Д.А.Қонаевтың өз заманының білікті саясаткері бола білгені жөнінде де айтылады. Ол кісі билік басында болған уақытта елдің экономикасын, әлеуметтік жағдайын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамытуға зор үлес қосқандығы баяндалады. Д.А.Қонаев туралы Н.Ә.Назарбаевтың және С.Әбдірайымұлының естеліктері де берілген. Д.А.Қонаевтың Қазақстан алдында сіңірген еңбегі үшін «Д.А.Қонаев мұражай-үйі», қайырымдылық қор құрылғандығы, бюсті орнатылғандығы туралы да жазылған. Ол кісінің бастамасымен бой көтерген мәдени орындар, мейрамханалар, цирк және көптеген ғимараттар Қазақстан Республикасының визиттік карточкасы болып қалатындығы айтылады. Бұл мақалада жас ұрпақтың алдына ата-бабадан қалған жер байлығына ие болу, бірлікті болу, рухани дүниелерді қадірлеу секілді бірқатар міндеттер қойылады. Д.А.Қонаевтың үлгілі өмірі кейінгі ұрпақтың мәңгі есінде сақталатындығы да айтылған.

Түйін сөздер: Д.А.Қонаев, тарих, мұражай, ұрпақ, ғылым, мәдениет.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912-1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, КСРО шет ел ордендері мен медальдерінің иегері. Д.А.Қонаев өз заманының білікті саясаткері бола білді. Ол кісі билік басында болған уақытта қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықта болғанымен елдің экономикасын, әлеуметтік жағдайын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне ерекше еңбек сіңірді. Д.Қонаев түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ.

С.Әбдірайымұлы Д.А.Қонаев туралы былай дейді: «Димаш Ахметұлы – тарихи тұлға, өз заманының ұлы перзенті. Қазақстан үкіметі басшысының орынбасарлығы қызметіне келген күннен бастап есептесек, ол кісі табан аудармастан республиканы қырық екі жыл басқарыпты. Үкімет басшысы, Ғылым академиясының президенті және билік басында коммунистік партияның республикалық ұйымының бірінші хатшылығын былай қойғанда, кезінде айдарына жел есіп, ұлы держава атанған Кеңес Одағын ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында ұстаған ат төбеліндей Саяси Бюро құрамында ширек ғасыр болу екінің бірінің маңдайына жазыла бермеген бақ...» [1].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағлымы терең, ой өрісі биік жан екенін көрсетті. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің естелігінде: «…Бұл өткен заманды аңсау емес, тауқыметі мол болса да, өзіңе етене өз тарихыңды қастерлеу. Д.А.Қонаев Қазақстан тарихында ірі тұлға болып қалары даусыз»- деген болатын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылдың 24 ақпанында «Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында» қаулысы шықты. Онда Д.А.Қонаевтың Қазақстан алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін Алматы қаласында «Д.А.Қонаев мұражай–үйі» құрылсын делінген. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл қаулысы біздің тарихымызды ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру, оны білуге ұмтылған адамдарға және Д.А.Қонаев пен оның серіктестерінің өмірі мен қызметі туралы білуге қажетті шешімдердің бірі болды [2].

2002 жылы 12 қаңтарда Д.А.Қонаевтың туғанына 90 жыл толуы қарсаңында Д.А.Қонаев мұражай-үйі салтанатты түрде ашылды. Оған Алматы қаласының әкімдігі, мәдениет басқармасының көмегі зор болды. Сондай-ақ, Д.А.Қонаевтың қызметтес әріптестері мұражай ашылуына үлкен үлес қосты. Мұражайдың тұңғыш директоры болып Б.З. Батталханов тағайындалды. Оның қаулысы қабылданып, штат саны мен қызметкерлер орны белгіленді. Мұражай жәдігерлер жинау барысында Д.А.Қонаевтың туыстары мен әріптестерінің үлесі молынан болды [3].

Д.А.Қонаев орта мектепті бітіргеннен кейін, 1936 жылы Мәскеудегі түсті металдар институтын тәмәмдап, тау-кен инженері деген мамандық алды. Институтты бітіргеннен кейін «Прибалхашстройға» жіберіледі, бұрғылау станогы машинисінен Қоңырат руднигінің директорына дейінгі жолдан өтеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында «Алтайполиметалл» комбинатының бас инженерінің орынбасары және техника бөлімінің бастығы, сондай-ақ Ленинагор кен басқармасының Риддер кенінің директоры болады [4]. 1942 жылдан 1952 жылға дейінгі аралықта Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері, ғалым, таукен инженері, 1952 жылдан Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі, ал 1968 жылдан бастап техника ғылымының докторы [5]. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып екі рет тағайындалған (1955-1960 және 1962-1964 ж.ж). 1960-1962 жж. және 1964-1986 жж. Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 20 жылдан аса уақыт СОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі. Д.А.Қонаев 25 жыл бойы КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, 27 жыл бойы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі, СОКП XIX-XXVII съездерінің делегаты, 3-тен 11-ге дейін шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаты болды. Қазақстанның қуатты аграрлы-индустриалды мемлекет ретінде қалыптасуында Д.А.Қонаевтың сіңірген еңбегі ерекше. Д.А.Қонаевтың қайраткерлік мезгілінде Өскемендегі қорғасын-цинк және титан-магний, Соколов-Сарыбай, Лисаков, Балқаш, Жезқазған таукен-металлургия комбинаттары құрылды және дамыды. Оның көмегімен химия металлургия институттары ашылды [6].

Қазақстандағы ВАСХ-НИЛ, Ақмоладағы Бараев институты әлеуметтік тапсырыс пакеттерін алды, ядролық физика саласындағы интенсивті жұмыстар бастады. Орта Азиялық әскери округ, әскери-инженерлік база құрылды. Алматыдағы құрылыс пен жағдайластыруда да ол аз нәрсе жасаған жоқ. Оның бастамасы бойынша бой көтерген Республика Сарайы, Достық даңғылындағы тұрғын үйлер, «Медеу» спорт кешені, Балуан шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы, Республика алаңы, «Қазақстан», «Жетісу», «Алматы», «Алатау» мейрамханалары, цирк, аэровокзал, аэропорт және көптеген құрылыстар мен мәдени орындар Қазақстан Республикасының визиттік карточкасы болып қалды. Д.А.Қонаев республика мәдениетін бағалады және қолдады. О.Сүлейменовтың «АЗ иЯ» атты зерттеуінің философиялық мәнін түсінді, оны орталықтың «жаласынан» арашалады. Өнерді тоталитаризмнің идеологиясынан қорғай білді [7].

Д.А.Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен зерттеудің теориясы мен тәжірибесінің маңызды мәселелеріне арналған. 1948 жылы кандидаттық, ал 1968 жылы докторлық диссертация қорғады. 1952 жылдан Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық мүшесі, 100-ден аса ғылыми еңбектері бар. 1992 жылы оның «Менің кезім жөнінде» атты естелік кітабы жарық көрді. 1994 жылы ол «Сталиннен Горбачевқа дейін» деген атпен қайта басылды. Д.А.Қонаев сіңірген еңбектері үшін Ленин орденімен және тағы басқа орден, медальдармен марапатталған. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері. 1994 жылы Д.А.Қонаевтың есімімен колледж, тау-кен ісі институты, көше аталды. 1978 жылы Алматыда бюсті орнатылды. Д.А.Қонаев атында қайырымдылық қоры құрылған.

1986 жылы СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы болып Колбиннің келуіне байланысты Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатылды [8]. Орталықтың жүргізіп отырған әділетсіз саясатына қарсы республика жастары өз қарсылықтарын білдіріп алаңға шықты. Бұл әйгілі Желтоқсан

оқиғасына ұласты. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар, білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең сезініп, қолдай білді. Осы қазақ 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін, көп ұзамай өзінің көк туын желбіретіп, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Осыдан былай қазақ өзінің саяси және экономикалық мәселелерін өзі шешіп, жеке ұлттық мемлекеттер қатарына қосылып, басқалармен тең жағдайда өмір сүруге құқығы бар халық болды. Дінмұхамед Ахметұлы тәуелсіздікті жеңіп алған халқының алдында балаша қуанып: «Ту жығылмасын, Туды ұстаған ұл жығылмасын!» деп тәңіріне сыйынған халқымен бірге масаттанып, бойына қуанышпен бірге күш-қуат кіріп, бір серпіліп қалды. Дінмұхамед Ахметұлы ұрпақтарына аянбай еңбек етуді, өздерінің санасын жоғарылатуды, келешегі мол өскелең ұрпақ болып қалыптасуын тіледі. Ата-бабаларымыздың «Құлын көбеймей жылқы өспес, ұрпақ көбеймей ұлтың өспес» деген асыл сөздерін естен шығармауды міндеттеді [9].

Қорытындылай келе, осы мақаланы жазуда Д.А.Қонаевтың өшпес асыл сөздерін, өмір жолын, тарихын оқи отырып, қазіргі мемлекетіміздің негізін қалаушы жастардың алдына мына міндеттерді қоямыз:

1. Ата-бабадан қалған жер байлығы мен рухани байлыққа ие болу;
2. Қазақтың өзара бірлігі мықты болуы керек. Ұлттық бірлікті рулық бірлікпен шатастырушылармен күресе білу;
3. Надандықтың ең жаман түрі болып саналатын зиялыларды танымау, таланттармен табыса білмеу, оларды қадірлемеушілермен күрес жүргізу;
4. Қазақ жұртына тағдырдың сыйға тартқан мүмкіншіліктерін қалт жібермей ұлт пайдасына жарату;
5. Жастарды ұлттық рухта, ұлағатты дәстүрге тәрбиелеу;
6. Талантты, ойлы, зерделі маман ұлт қадірлілері айтқан пікірлеріне әрқашан құлақ салып, олардың айтқан ақылдарын елемеушілік сияқты қылықтарды дер кезінде тойтарып тастау;
7. «Өз халқымды сүйемін» деген желеу сөзге бой алдырмай, халқын жақсы көріп сүюді тек іс жүзінде көрсеткен жағдайда ғана сеніп, халық тарапынан бақылау жүргізіп отыру;
8. Өз халқының жақсыларын місе тұтпай, әлдекім кездейсоқтарға табынушылықты болдырмау;
9. Ата-бабаларымыздың және ақылды ұлы адамдардың жақсы қасиеттеріне ие болумен қатар, оны алға қарай жылжытуға үлес қосуға ұмтылу;

Д.А.Қонаевтың үлгі өмірі кейінгі ұрпақтың мәңгі есінде сақталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елу жыл ел ағасы. Құрастырған: С.Әбдірайымұлы. – Алматы, 2002 . –Б. 452
2. Мерекеева С.К. Қазақстан музейлері. – Алматы, 2009. –Б. 25
3. Д.А. Қонаев және Алматы. (У истока большого мегаполиса). – Алматы, 2008. – Б. 398.
4. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. – Алматы, 1992. – Б.74.
5. Көмекова Р. Ұлы адамнан ұлағат. – Семей, 2004. – Б.3-7.
6. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейділбекұлы А. Елтұтқа. – Астана, 2001.–Б.38-37.
7. http://sachok.kz/referat/show/972
8. Алматы. 1986. Желтоқсан. – Алматы, 1991. – Б.20.
9. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 2009. – Б.375.

Резюме

Жылқышыбаева К.К., *к.и.н., доцент,* ***Бакаева Г.Е.,*** *магистр истории, преподаватель (г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

Динмухамед Ахметович Конаев – великая личность XX века

В этой статье рассмотрена биография и трудовой путь видного общественного деятеля, трижды героя социалистического труда, академика АН Казахской ССР, доктора технических

наук Д.А.Кунаева. Вместе с тем, в статье говорится каким квалифицированным, для своего времени, политиком был Д.А.Кунаев. Так же в статье описываются времена, когда Д.А.Кунаев был во главе правительства, то какой вклад он оставил в развитие экономики страны, национальной культуры, науки и ее социальное положение. В статью так же включены воспоминания Н.А.Назарбаева и С.Абдыраймулина об этом человеке. Вместе с тем, в статье говорится, об открытии «музея имени Д.А.Кунаева» за его заслуги перед Казахстаном, создании благотворительного фонда и установлении его бюста. Так же в статье указано, что многие культурные места, рестораны, цирк и многие здания, построенные под началом этого человека, являются визитной карточкой нашей страны. В этой статье имеются напутствия и обязательства молодому поколению нашей страны, такие как беречь богатства, оставленные нашими предками, быть едиными, ценить духовное наследие. Так же здесь говорится о том, что подающая пример жизнь Д.А.Кунаева навсегда запомнится в памяти следующих поколений.

Ключевые слова: Д.А. Кунаев, история, музей, поколения, наука, культура.

Summary

Zhylkyshybaeva K.K., *candidate of historical sciences,associate professor*
Bakaeva.G.E., *master of history, lecturer*
(Almaty city,Kazakh State Women's Teacher Training University)

Dinmuhamed Akhmetovich Kunaev - the great personality of the twentieth century

This article deals with life and career of a prominent public figure, three times Hero of Socialist Labor, academician of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Doctor of Technical Sciences D.A.Kunaev. However, the article states how qualified, for its time, was a politician D.A.Kunaev. Also in the article describes the times when D.A.Kunaev was head of the government, what kind of contribution he left in the country's economy and national culture, science and its social position. The article also includes memories of Nursultan Nazarbayev and S.Abdyraymulina about this man. At the same time, the article says, about the opening of the «D.A.Kunaev's museum» for his services to Kazakhstan, creating a charitable foundation and the establishment of his bust. Also article states that many cultural sites, restaurants, circus and many buildings constructed under the authority of the man, the hallmark of our country. There are parting word, and commitment to the young generation of our country, such as to protect the wealth left by our ancestors, to be united, to appreciate the spiritual heritage. As it says here that sets an example the life of D.A.Kunaev forever be remembered in the memory of future generations.

Key words: D.A.Kunaev, history, museum, generation, science, culture.

ӘОЖ 366-648.2(563)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРДАГЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

К.Ж.Жайшибекова, *соц.ғ.к.*
Ж.Д.Қожахметова, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілгендей Қазақстан халқының дамуына, адамдардың ұзақ өмір сүруіне, қауіпсіздігіне, жайлы өмір сүруіне арналған құжаттарды атай келе, олардың мән-мағынасын ашып көрсетеді, сонымен қатар ардагерлерді ерекше әлеуметтік топ ретінде қарастырып, оларға тиісті мемлекет тарапынан көрсетілетін түрлі қамқорлық іс-шараларға тоқталады. Автор ардагерлерге көрсетілетін әлеуметтік жұмысқа және әлеуметтік

қызметкерлердің қамқорлығындағы адамдарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтің алуан түрлерін атап өтеді. Сонымен қатар қараусыз қалған ардагерлерге арнайы салынған ардагерлер үйлері туралы және олардың саны жылдан-жылға өсіп келе жатқаны туралы толық ақпарат берілген. Мақалада зейнетақының мөлшері жыл сайын өсуі нақтыланып, ардагерлердің баспана мәселесі, медициналық көмек көрсету және басқа мәселелері жақсы шешімін табуда екенін дәлелді фактілермен көрсетеді.

Түйін сөздер: ардагер, зейнетақы, тұрғын үй, әлеуметтік көмек, қолдау, қорғау.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Салауатты өмір салтының орнығуы, медицинаның дамуы қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын 80 жасқа дейін арттырады. Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз – дамыған елдің негізі.....» деп атап айтқан болатын [1].

Адам құқықтарын қалыптастыру және оларды қорғау – демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамның даму процесінен көрініс табады. Еліміз тәуелсіз даму жылдарында бірқатар халықаралық құжаттарға қосылып үлгерді. Бірақ Қазақстанның қосылмай келе жатқан халықаралық келісімдері де жеткілікті. Конституциямен және өзге де нормативті актілерде белгіленген негізгі құқықтардың тәжірибеде нақты іске асырылуы республикадағы адам құқықтарын қорғаудың процедуралары мен механизмдерінің оңтайлы жетілдірілуін әрі нығайтылуын қажет етеді. Адам және азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, олардың алдын алу және болдырмау шараларын қабылдау, заңды бұзған тұлғаларды дер кезінде жауапкершілікке тарту, құқықтың бұзылғандығы туралы арыз-шағымдарды уақытында әділетті қарау, заңсыздықтар мен құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу – әр мемлекет пен азаматтық қоғамның ең басты міндеті болып саналады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау құралдары еліміздің заңнамасында нақты түрде бекітілген. Осы құралдарды белгілеп отырған заңнама актілерінің негізін құрайтын құжат, әрине, Конституция.

Қазақстан Конституциясының бірінші бабынан бастап адам құқықтарына деген мемлекеттің ерекше көзқарасы белгіленген. 1-ші баптың 1-ші тармағында «мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы болып адам, оның өмірі, құқықтары мен міндеттері» табылады делінген. Белгілі қазақстандық заңгер-ғалым Г.Сапарғалиев бұл жөнінде былай дейді: «Саяси ілімде демократияны өзіндік құндылық ретінде, мемлекеттік құрылыста бекітілетін жалпы адами құндылықтардың нақты көрінісі ретінде қарастырады».

Олардың қатарына адам, оның өмірі, құқықтары мен міндеттері жатады. Осылардың ең жоғары құндылық деп тану мемлекет үшін адам және адамның материалдық игілігінен артық нәрсе жоқ деген сөз. Адам қалыпты өмір сүру үшін мемлекет барлық қолынан келетін жағдайды жасауы керек. Мемлекет адамның өмірін қолсұғушылықтан қорғауға міндетті. Конституцияда бекітілген және күнделікті заңнамада нақтыланған адамның құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына мемлекет ең алдымен көмектесуі керек деген сөз [2].

Жеке адам қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жұртшылыққа танылғанда ғана ардагер болады. Қазіргі кезде еңбек ардагері, соғыс ардагері деп атаймыз. Өз өмірлерін қиып, бізге азаттық таңын сыйлап кеткен сарбаздарды ұмыту мүмкін емес. Біз бәрін жадымызда сақтауға міндеттіміз! Өткенді ұмыту – Отан үшін, келешек ұрпаққа тастап кеткен бейбіт аспан үшін күресіп, жандарын қиғандарға деген естелікке опасыздық жасау деген сөз. Ардагерлердің үлесі Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) есептеуінен асып (6% деп саналған) 10%-ға жетіп отыр. Қалыптасып отырған осындай жағдайға орай медициналық, биологиялық, әлеуметтік-экономикалық жүйелі зерттеулермен айналысатын ғылыми қауымдастықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұйымшылдық танытуы – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Ардагерлермен әлеуметтік жұмыстың басым бағыты – орта ұйымдастырушысы оларды игеруге сол арқылы, ардагерлерді үнемі осы ортамен өзара іс-әрекет жолдарының болуы.

Таңдау еркіндігі қорқынышсыздық, ертеңгі күнге сенімділік, өзінің және басқаның өміріне жауапкершілік сезімін оятады.

Қазақстан Республикасының ардагерлерді қолдау мақсатында қабылдаған заңдарын айтатын болса, олар:

- ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы» заңы;
- ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңы;
- ҚР «Өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері туралы» заңы;
- ҚР «ҚР-дағы арнайы мемлекеттік жәрдемақылар туралы» заңы;
- ҚР «Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» заңы.

2014 жылдан бастап әлеуметтік қызмет көрсету мен әлеуметтік қамсыздандыру жыл сайынғы республикалық бюджет шығысы 2015 жылға жоспарланған шығыстарды қоса қанда, 190 миллиардтан 392 миллиардқа дейін, яғни екі есеге дейін өсті [3].

Әлеуметтік қызмет көрсету кезінде жалғызілікті ардагерлерге көмек ұйымдастыру ерекше орын алады. Әлеуметтік қызметкерлер үйде көмек көрсете отырып, адаммен қарым-қатынастың жетіспеушілігін білдіртпейді. Жалғызілікті, қозғалуға шамасы келмейтін ардагерлерге баратын әлеуметтік қызметкерлер мәжбүр еткен жалғыздықтан арылады. Әлеуметтік қызметкерлердің қамқорлығындағы адамдарға қызмет көрсетуі аса маңызды.

1457-2005 ҚР Стандартына сәйкес үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері мынадай әлеуметтік қызмет көрсетеді:

- ардагерлер күтімі бойынша қызмет көрсетулер;
- кереуеттен тұруға, киінуге, жуынуға, тамақтануға, дәретхананы пайдалануға, үйде жүріп-тұруға көмек;
- хат жазуға және оқуға көмектесу;
- тамақ өнімдерін, ыстық түскі асты, бастапқы қажетті өнеркәсіптік тауарларды, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу және үйге жеткізу;
- тамақ дайындауға жәрдемдесу;
- жеке үйлерде су әкелу, пеш жағу, орталық жылу жоқ үйлерде тұратын адамдар үшін отынмен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- заттарды кір жууға, химиялық тазартуға, жөндеуге тапсыру және оларды кері қарай жеткізу;
- киімдерді жууға көмектесу;
- тұрғын үй және коммуналдық қызмет көрсетулерді төлеуге жәрдемдесу;
- әдет-ғұрыптық қызмет көрсетулерді ұйымдастыру;
- денсаулық жағдайын бақылау (температурасы мен қысымын өлшеу);
- дәрігердің тағайындауына сәйкес медициналық рәсімдерді (дәрі қабылдау, тамшы тамызу, компресс қою, өңдеу, тазарту клизмаларын орындау) жасау;
- психологиялық көмек көрсету, соның ішінде әңгімелесу, тыңдау, сергіту, белсенділікке ықылас қою, өмірлік тонусын психологиялық қолдау;
- шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсету;
- госпиталдандыруға жәрдемдесу;
- медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесу;
- тиесілі кепілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды алуға жәрдемдесу [4].

Тізбеден көрініп отырғандай, әлеуметтік қызметкер бастапқы, физиологиялық сипаттағы өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет көрсетеді, психоәлеуметтік қызмет көрсетулерді ұсынуға тырысады. Әлеуметтік қызметкер қамқорлығына алған адамдарға кесте бойынша келеді. Кесте ардагерлер мен мүгедектердің тілегі ескеріліп жасалады. Оны меңгеруші бекітеді. Әлеуметтік мекемелердің жұмысында үлкен жастағы халыққа әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламасын орындайтын кәсіпқойлардың оқытуы маңызды орын алуы тиіс. Ардагерлермен жұмыс істеуде негізгі қағидаттардың бірі жеке адамды құрметтеу болып табылады. Әлеуметтік қызметкерлер ардагерлерде туындайтын

көптеген психологиялық, психопатологиялық, моральдық-этикалық проблемаларды түсіну, күнделікті практикалық жұмыста және қызмет көрсетілетін халық топтарымен қарым-қатынас кезінде олардың күш-жігерін жеңілдететін және көмектесетін әдістер мен технологияларды игеру қажет. Әлеуметтік қызметкерлерден әрбір қарт адам үшін нақты қажеттіліктерді шешуде жеделдік, бастамашылық, зеректік талап етіледі. Осыған байланысты ардагерлерге қызмет көрсетуде бірінші кезектегі міндеттерді шешу үшін білікті кадрлардың болуы қажет.

Әлеуметтік қызметкерлердің штат санының нормативтері 1457-2005 ҚР Стандартына сәйкес айқындалған. Соған сәйкес қалаларда 8-10 адамға және селолық елді-мекендерде 4-6 адамға 1 әлеуметтік қызметкерден келуі тиіс. Қазақстан Республикасында барлығын 329 үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі жұмыс істейді және 33 мыңнан астам жалғызілікті ардагерлерге қызмет көрсетіледі. БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, 1950 жылы әлемде 200 млн. шамасында 60 және одан жоғары жастағы адамдар болса, 1975 жылға дейін олардың саны 550 млн-ға өскен. Болжам бойынша, 2025 жылы 60-тан жоғары жастағы саны 1 млрд. 100 млн. адамға 5 есе өседі, ол кезде планета тұрғындарының саны 3 есе өседі.

Адамдардың өмірлерінің әлеуметтік шарттары ең алдымен олардың денсаулық жағдайымен анықталады. Денсаулық жағдайының көрсеткіштері сапасында өзіндік байқау бағалану кеңінен қолданылады. Өзіндік бағалаулар қатты ерекшеленеді [5]. Денсаулық жағдайының тағы бір көрсеткіші – белсенді өмір қызметтілігі ардагерлерде хроникалық аурулар күшінде төмендейді, естудің, көрудің нашарлауы, ортопедиялық проблемалар пайда болады.

Ардагерлердің ауру деңгейі жастарға қарағанда 6 есе жоғары. Денсаулық таласа алатын жалғыз проблема – материалдық жағдай. Ардагерлер өздерінің материалдық жағдайларының төмендігіне, инфекция деңгейіне, медициналық көмектің жоғары тұратынына қиналады. 1998 жылы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс нәтижесінде зейнетақыны көбейту мәселесі өзекті болды. Көптеген ардагерлер материалдық қажеттіліктен жұмыс істеуді жалғастырады. Өткізілген әлеуметтік зерттеуге сәйкес, зейнеткерлердің 60%-ы жұмыс істегісі келеді екен.

Ардагерлердің ішінде өз үйінде және қарттар үйінде тұратындар арасында едәуір айырмашылық бар. Кейбір бағалаулар бойынша қарттар үйінде тұратындардың 56%-ының психикасында хроникалық тежелулер болса, 16%-ы психикалық аурулардан зардап шегеді. Үй жағдайында өмір сүретіндердің 5-6%-ы қартайғандағы ақыл әлсіздігімен ауырады, стационарлық мекемелерде олардың үлесі әлдеқайда жоғары. Сонымен бірге, ардагерлерге арналған интернат үйлерінде психиатр, психолог, әлеуметтік педагог тегін қызмет көрсетеді .

Барлық ел үкіметтеріне ардагерлерге әлеуметтік қолдау облысында келесі шараларды жасау ұсынылады:

1) ардагерлерге қатысты ұлттық саясатты жасап, сол арқылы заман арасындағы байланысты нығайту;

2) қайырымдылық ұйымдарын мадақтау;

3) ардагерлерді экономикалық күйзелістен қорғау;

4) ардагерлерге арналған арнайландырылған мекемелерді өмірге бейімдеп қамтамасыз ету;

Өзара көмек тобы – бұл белгілі бір жерге бауыр басқан мүшелерінің проблемалары ортақ (бір-біріне айта отыратын қажеттіліктерді) бір-біріне көмектесетін кіші топ. Мұндай топтар бір-біріне жақын тұратын 5-7 адамнан тұрады. Мұндай топтар кейде аяқасты пайда болады, бірақ көбіне оларды оның болашақ белсенді мүшесі немесе оларға тұрмыстық көмек көрсететін әлеуметтік жұмысшы ұйымдастырылады. Топтың әр қатысушысы өзінің ресурстарын дамыта және өзектелендіре отырып көмекті қабылдап қана қоймай, оны жасайды, өмірдің бұрынғы нормаларын толығымен жоққа шығару емес, позитивті өмірге дағдылануға ақырындап үйрету.

Өзара көмек топтарының пайда болу себептері:

1) өзіндік реализация және жеке тұлғаның дамуы;

2) кризисті ситуация немесе қайғы;

3) әлеуметтік жағдайдың нашарлығы, денсаулық жағдайы, мүгедек болуы;

4) аздаған және тағы басқа топтар жататындығы.

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдар бірінші кезекті тәртіппен қабылданады. Бюджеттен тыс қаражаттың есебінен қызмет көрсету үшін адамдардың қабылдауына рұқсат етіледі.

Ардагерлерге әлеуметтік қызмет көрсетуге мынадай құжаттардың негізінде қабылданады:

1. Өтініш;
2. Уәкілетті органның жолдамасы (бюджет қаражатының есебінен қызмет көрсету кезінде);
3. Жеке куәлік;
4. Тұрғылықты жері туралы анықтама;
5. Денсаулық жағдайы туралы медициналық карта (белгіленген үлгіде);
6. Амбулаторлық картадан үзінді көшірме;
7. Зейнеткерлік куәлік (зейнет жасындағы адамдар үшін);
8. Мүгедек, ҰОС ардагерлері және соларға теңестірілген адамдар мәртебесін растайтын куәлік (мүгедектер, ҰОС қатысушылар мен соларға теңестірілген адамдар үшін);
9. Мүгедектігі туралы анықтамадан үзіндінің көшірмесі;

Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасынан үзіндінің көшірмесі.

2015 жылдың бірінші қаңтарынан бастап республикада он бес аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Оның құрамында үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі және жартылай стационарлық күндізгі бөлімше бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында ардагерлер мен мүгедектерге 65 орынды Булаев аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жұмыс істеді. Аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының қажеттілігіне байланысты олардың санын көбейтіп, осындай орталықтарды республиканың әр облысында құру қажет [6].

Аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары туралы ақпарат, 2015 ж. 1 қаңтар

	Барлығы
Орталықтардың саны, бірлік	19
Олардың ішінде стационарлар бар	14
Орындардың саны, БАРЛЫҒЫ	965
соның ішінде:	
тұрақты және уақытша тұру үшін	95
күндіз болу үшін	915
Тұрақты немесе уақытша тұратындардың саны, адам	85
Тегін тұру шартымен қабылдаған адамдардың саны	0
Бір жыл ішінде ардагерлермен және мүгедектермен өткізілген күндердің-адамның саны барлығы: соның ішінде	98927
бес күн болу	9948
соның ішінде ақылы шартпен	0
Есеп беру кезеңіндегі ұстау шығындары, БАРЛЫҒЫ, мың.теңге, соның ішінде	78766,5
ағымды ұстауға	89766,5
күрделі жөндеуге	0
Ақылы қызметтерден қаражат түсті, мың.теңге	1009

Әлеуметтік қызмет көрсету кезінде жалғызілікті ардагерлерге көмек ұйымдастыру ерекше орын алады. Әлеуметтік қызметкерлер үйде көмек көрсете отырып, адаммен қарым-қатынастың жетіспеушілігін білдіртпейді. Жалғызілікті, қозғалуға шамасы келмейтін ардагерлерге баратын әлеуметтік қызметкерлер мәжбүр еткен жалғыздықтан арылады. Әлеуметтік қызметкерлердің қамқорлығындағы адамдарға қызмет көрсетуі аса маңызды.

Қазақстан Республикасында барлығы 629 үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі жұмыс істейді және 66 мыңнан астам жалғызілікті ардагерлерге қызмет көрсетіледі.

Қазақстанда 2015 жылдың 1-сәуірінен бастап зейнетақы көбейді. *Ұлы Отан соғысына қатысқан Кеңес Одағының Батырларына және үш дәрежелі «Даңқ» ордендерінің иегерлеріне* арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 229,190 теңге болып бекітілді. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері – 56,445 теңге, Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек еткен тыл ардагерлерінің арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері – 55526 теңге болады. ҰОС қатысушысы немесе ҰОС мүгедегі қайтыс болған жанұяға — 72542 теңге төленеді.

2010 жылы Алматы қаласында тұруға жайлы жағдай жасалған 650 орынды «Ардагерлер үйі» пайдалануға тапсырылды. 2011 жылы онда 392 соғыс және еңбек ардагері, 2012 жылы – 437 ардагер, 2013 жылы – 540, 2014 жылдың 1 шілдесінде үйде 650 ардагерлер тұрады.

Ардагерлер тұрғын үймен қамтамасыз етіліп жатыр. 2014 жылы Алматы қаласында тұратын ардагерлерге 54 пәтер бөлінсе, биыл ардагерлерге көппәтерлік үй пайдалануға берілмекші. Жер телімдері мен пәтер алуға барлығы 103 ардагер кезекте тұрса, соның 62-сі соғысқа қатысқандар.

Алматы қаласында әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қызметке мұқтаж жалғызілікті ардагерлер, мүгедектер, зейнеткерлер мен зейнет жасындағы ерлі-зайыптылардың тұрақты тұруы үшін 94-пәтерлі әлеуметтік тұрғын үй құрылды. Әлеуметтік үйде тұратындардың барлығында бұрын өз пәтерлері болған. Мемлекетке тапсырып, орнына үйден жаңа пәтер алды. 2010 жылы үйде 80, 2011 және 2012 жылдары – 87, 2013 жылы 94 зейнеткер тұрды. Үйде дәрігер мен үш медбике бар, медициналық қызмет тегін көрсетіледі. Әр пәтерде қалалық нөмірлермен телефон орнатылған. Үйде шаштараз, кір жуатын, демалыс бөлмелері бар. Демалыс бөлмесінде тұрғындар фильмдер көре алады. Үйдегі барлық қызмет көрсетулер тегін. Үйдегі лифтілер жұмыс істейді, тамақ өнімдері аулаға әкелінеді. Үйдің жанында бірнеше дүкен, дәріхана бар. Ардагерлер кеңесі, кіреберіс бойынша жауаптылар да бар. Дегенмен де проблемалар да кездеседі. Әлеуметтік үйде тұратын тұрғындар тұрмыстық жағдайларға кезікті. Жуынатын бөлмелерде жарық жоқ, үйдің шатырынан су ағады, яғни тиісті стандарт деңгейіне сай келмейді. Әлеуметтік үйдің шатырды жөндеуге өз ақшасы жоқ. Әкімдіктің қаражатына жүргізілген жөндеу жұмыстары сапасыз болған.

Қорыта келгенде, жеке адам қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жұртшылыққа танылғанда ғана ардагер болады. Ардагерлер жолы – жылдар жаңғырығы. Онда терең тағылым, өлшеусіз өнеге жатыр. Біздің міндет – соны өскелең ұрпақ санасына сіңіру. Сонымен қатар, Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауында ел болашағы саналатын жастарға зор сенім артты. Ал, біздер жастар мақсат жолындағы бағыты мен бағдарын аға ұрпақтың саналы соқпағынан іздесек керек. Ардагерлер жас ұрпаққа өмірлік тәжірибесі мен жылдар жемісі саналатын ұлағатын аманаттауға дайын. Ол – өмір мектебінің қайнауында құрыштай шыныққан ардагерлер. Ардагерлердің үлесі Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) есептеуінен асып (6% деп саналған) 10%-ға жетіп отыр. 9 мамыр – сұрапыл соғыстың сұм жолдарын бастан кешіп, қан майданда от кешкен қаһарман жауынгерлеріміздің Ұлы Жеңіске қол жеткізген күні, тарих беттеріндегі ерекше тебіреніске, қайғы мен қуанышқа бірдей толы күн. Осы жылдарды бастан кешкен алдыңғы аға буын өкілдерінің төзімділігі мен ержүректілігі бүгінгі және келешек ұрпақ санасында нағыз адамдықтың, отансүйгіштіктің үлгісі болып қала бермек. Ақтаңдақ жылдар енді ешқашан қайталанбасын деп тілеп, сондағы айбарлы аға-әпкелеріміздің жан аямас жаужүректілігі мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектеріне құрметпен бас иеміз. Толғанысқа толы күнде еліміздің түкпір-түкпірінде Мәңгілік алау жанында мыңдаған адамдар елі үшін күресте қаза тапқандарға тағзым етуге келері анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 14 желтоқсан, 2012. – 56 б.

2. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы: 2011, 9 сәуірдегі №481 қаулысымен бекітілген. – 9 б.

3. Мусин-Мазнова Г.Х. Әлеуметтік геронтология: теория және тәжірибе». Оқу құралы. – Астрахань. 2012. – 192 б.

4. Альперович В.Д. Социальная геронтология / В.Д.Альперович. – Р-н/Д: Феникс, 2010 г. – 557 с.

5. Атаулы көмек: оның бүгіні мен болашағы // Егемен Қазақстан. 2012 жылғы 10 қазан.

6. Ардагерлерге аса көмек түрлері көрсетіліп жатыр // Егемен Қазақстан, 2014 жыл, 15 наурыз.

7.http\\malimetter.kz\kartayu-kubylysy-zhane-kart-adamdardyn-omir-sanasyndagy-aleumettik-problemalar\ сайты

Резюме

Жайшибекова К.Ж., *к.с.н.,* ***Кожахметова Ж.Д.,*** *магистрант,*

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Социально-правовые основы госзащиты ветеранов в республике Казахстан

Как сказано в Стратегии «Казахстан–2050», выдвинутой Президентом РК Н.А.Назарбаевым о дальнейшем развитии казахстанского общества, о продлении продолжительности жизни, о безопасности и улучшении условий жизни казахстанцев, государство принимает неотложные меры по выполнению этих стратегических задач и, как отмечено в статье, много новых нормативных документов принято в отношении ветеранов страны. Ветераны Великой отечественной войны, ветераны труда являются особой социальной группой, требующей ежедневного внимания. Автор подробно останавливается на льготах, предоставляемых им государством, в том числе и на пенсионном обеспечении. Для ветеранов организована специальная социальная служба на дому, льготное медицинское обслуживание, льготный проезд на транспорте, налоговые и коммунальные льготы и другая помощь. Кроме того, все ветераны пользуются льготами на получение жилья. Последние годы в каждом регионе страны открылись дома ветеранов, где ветераны живут на полном гособеспечении. В статье также даны материалы по ежегодному увеличению пенсионных выплат и пособий.

Ключевые слова: ветераны, пенсия, льготы, социальный помощь, поддержка, защищать.

Summary

K.Zh.Zhaishibekova, *candidate of social sciences,*

Zh,Kozhakhmetova, *master,*

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Social and legal basis of state protection of veterans of the republic of Kazakhstan

As stated in the Strategy «Kazakhstan-2050», put forward by the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev on the further development of Kazakhstan's society, to extend the life expectancy of safety and improving the living conditions of Kazakhstan, the State takes immediate action to implement these strategic objectives and, as noted in the article, a lot of new regulations adopted in relation to the country's veterans. Veterans of the Great Patriotic War, veterans of labor are a particular social group, which requires daily attention. The author elaborates on the benefits provided by the state to them, including on pensions. For veterans organized a special social services at home, subsidized medical care, preferential travel in transport, public utilities and tax benefits and other assistance. In addition, all veterans have benefits for housing. In recent years, nursing home opened in every region of the country where veterans live on full state support. This article also are given materials on the annual increase in pensions and benefits.

Key words: veterans, pension, privileges, social help, support, to protect.

ӘОЖ 94 (574) "18/19": 325

ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАР (XIX Ғ. II ЖАРТЫСЫ - XX Ғ. БАСЫ)

А.М.Манатова, *2 курс магистранты*
(Алматы қ., әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеті)

Аңдатпа: Мақалада Отандық тарих ғылымында аса күрделі мәселелердің бірі XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы қазақ тұрғындарының өміріне көшпенді шаруалардың әсер етуі жайлы айтылады. Зерттеуші «Қоныс аударушылар мен қазақтардың қарым-қатынасы: өзара ықпалдастық және қайшылықтар (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басы)» атты мақалада аталмыш аймақтағы қазақ-орыс қарым-қатынасын қарастырады. XIX ғасырдағы қазақтар мен қоныс аударушылардың қарым-қатынасы ынтымақтастыққа және қақтығысқа, соның ішінде қарулы қақтығысқа толы болған. Мұрағат құжаттары негізінде екі ұлт арасындағы өзара ынтымақтастық және қарсыластық қарым-қатынастарын сипаттайды. Әсіресе, қақтығыстардың әлеуметтік сипат алғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, шаруашылық негізде қақтығыстар болғандығын да атап өтеді. Қақтығыстардың тағы бір себебі барымта (баранта) – мал-мүлкін күшпен тартып алу болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, бірлескен өмірде қоныс аударушылар мен қазақтар бір-бірінен шаруашылықты, кәсіпті жүргізуді және тұрмыстық жағын игеруде оң әсер еткендігін жазады.

Түйін сөздер: қоныс аудару, орыс шаруалары, қазақ ауылдары, өзара ықпалдасу, тартыс, қарым-қатынас сипаты

Еліміздің көп этносты елге айналуы бірден бола қойған жоқ. Ол патша және кеңес өкіметінің жүйелі де мақсатты жүргізген саясатының нәтижесінде қалыптасты. Республика халқының полиэтникалық құрамының қалыптасуына әсер еткен көші-қон үдерісінің бастапқы кезеңі – XVI ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейін, осы кезеңде қазақ жеріне көбінесе Ресейден әскери топ пен казактар ғана қоныс аударып келсе, ғасырдың екінші жартысынан бастап, басып алған жерлерді ресейлік басқару жүйесіне енгізу мақсатында бірқатар әкімшілік реформалар жүзеге асырылды. Қазақ жеріне ішкі Ресейден шаруаларды қоныстандыру қолға алынды. 1889 жылы қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныс аударуына ешқандай кедергі келтірмейтін жол ашылды.

Әлеуметтік-экономикалық себептермен Еуропалық Ресейден шығарылған қоныс аударушылардың қазақ даласында пайда болуы, олардың жағымды имиджінің қалыптасуына жағдай жасамады. Қоныс аударушы өзінің ауыл шарушылық әдістерін табиғи-климаттық жағдайға бейімдеуге дайын емес еді, сонымен қатар кәсіпкерлік рухы да жеткілікті болмады. Әрине, шаруа өз отанында үйренген жағдайды іздейді, таппаған жағдайда, қажетті білімінің, шешімділігінің, материалдық қаражатының болмауы есебінен, тез шыдамдылығы мен сенімін жоғалтып, өзін аз уақытқа байлаған жерлерін тастап кете берген. Жергілікті басқару, қоныс аударушылар қысымымен, рұқсатсыз жер иемденуді мойындауға және олардың жер құқықтарын ұйымдастыруға мәжбүр болады. Әсіресе, орыс шаруаларының өңделген жерлерді өз еріктерімен иемденіп алуы көп дау туғызды. Семей облысында да осындай жағдай орын алған еді [1].

Дала облысында алғашқыда бірнеше орыс шаруаларының отбасы ғана болса, кейін ауыл жаңадан қоныс аударушылар есебінен көбейді. Қоныс аударушылар саны жергілікті тұрғындар санынан асып түскенде, орыс шаруалары толық жер иелері болып шықты. Бірақ орыс шаруалары жерді қазақтардан жалға алды. Бұл жерлерде орыс ауылдары көбейе бастағанда, шаруалар өз әдістерін өзгертті. Олар жалға төлеуді тоқтатып, уездік басқармаларға өздерінің бастан кешкен қиыншылықтары мен кедейшіліктері туралы

өтініштер жазып, қазақтармен дауласты. Ұзақ тартыстан кейін, шенеуніктерді және қазақ кенттік билеушілерін параға сатып алған орыс шаруалары өз мақсаттарына қол жеткізді. Әкімшілік қазақтардың өздері кінәлі екендігін мәлімдейді, себебі, қоныс аударушыларға жер өңдеуге ғана емес, үй құрылысын тұрғызуға да мүмкіндік берген, енді оларды тұрғылықты орнынан жылжыту, шаруалардың кедейленуімен тепе-тең деп есептелген. Бұл шаруалар арасында биліктің міндетті түрде олардың жағында болатындығына және жазаға тартылмайтындықтарына сенімін туғызды [2]. Енді жерді тартып алу ғана емес, қазақтардың жаңа жерлерге немесе Ресей империясы аумағынан тысқары жерлерге ығысуға алып келген, малды тартып алу көріністері байқалды. «Обмануть киргиза, подстрелить его – самое обыкновенное для переселенца дело», – деп жазды Е.Шмурло [3].

Орыс шаруалары қазақтардан пайдалы дағдыларды алғандығын атап өту қажет. Атап айтқанда, шаруалар қыста малды ұстау үшін қоралар мен шөп жеткілікті болмаған кезде, қазақтар сияқты малды тауда жаюды үйренді.

Қазақ даласына қоныс аудару, жаңа тілдік орта, орыс шаруаларының өздерінің «сипаты» («русскость») мен православиелік сенімдеріне ауыр сынақ болды. Жаңа еңбексүйгіш, гүлденген қазақ мұсылман ортасына түскен орыс шаруасы, қалыптасқан ортаға әсер ете алмады және де өзінің мәдени құндылықтарын сақтап қалуға тырыспады. Басқа этникалық ортаға түскен орыс шаруалары жергілікті халықтың өмір салтын қабылдайды. «Мұсылмандандыру» орыс шаруалары арасында қазақ атаулары мен тектерінің пайда болуының бір себебі болды. Осылайша, орыс ұлты өкілдері арасында түрік тектері болды: «Азанов (азан), Акарин (аксара, ак-сары), Булаков (булак), Салаков (салак), Таукин (таук) и т.д.» [4].

XIX ғасырдағы қазақтар мен қоныс аударушылардың қарым-қатынасы ынтымақтастыққа және қақтығысқа, соның ішінде қарулы қақтығысқа толы болды. Бірлескен өмірде қоныс аударушылар мен қазақтар бір-бірінен шаруашылықты, кәсіпті жүргізуді және тұрмыстық жағын игерді. Сонымен қатар, шаруашылық негізде қақтығыстар болып тұрды. Қақтығыстардың тағы бір себебі барымта (баранта) – мал- мүлкін күшпен тартып алу болды. 14 қазан 1863 жылы қазақтар орыс шаруасы С.Ширковтың шаруашылығына шабуыл жасап, 10 жылқысын ұрлаған. 20 қазан орыс шаруалары қазақ ауылына шабуыл жасап, бір қазақты өлтіріп жылқыны қайтарған. 23 қазан қазақтар Д.Фоминдер иелігінен 5 орыс шаруасын күшпен алып кеткен. 29 қазан 40 адам іздеуге шығып, 70 қазаққа кезігіп, тағы 23 орыс шаруасын алып кеткен. Тек 9 қарашада ғана олар ауылдарына оралды [5].

Осындай оқиғалар Сырдария облысының әр уезінде болып жатқан. Олардың соңы, бір жерде қарулы қақтығыспен аяқталса, екінші бір жерде жергілікті қазақтардың қоныс аудару басқармасына арыз-шағым жазумен, кейде үлкен жиналыстармен және мәслихаттар өткізумен аяқталып отырған. Ғ.А. Меңлібаев өзінің кандидаттық диссертациясында ҚР ОММ мен Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің қорларында сақталған құжаттардан мысал келтіреді. «1905 жылы наурыз айында Сырдария облысының Әндіжан уезінде мынадай бір оқиға болды. Қоғарты болыстағы, Қотыма бөлімшесі № 2 ауыл қазақтарының жерінде орыс мұжықтары рұқсатсыз жер жыртқан. Осы кезде өз жерін қорғамақ болған Жұмақұл Айбашевті орыс мұжықтары атып өлтіріп, оның жанындағы Бегәлі Әбдікәрімовты ауыр жарақаттаған. Бұл оқиғадан кейін тексеру комиссиясына орыс мұжықтары жалған түсініктеме жазып, «400 – ге тарта жергілікті қазақтар ұрып-соға бастаған соң амалсыз мылтық атуымызға тура келді» деп сендірген» [6].

Алайда, орыстар, қазақтардың адалдылығы мен әділдігін атап өтті. Негізінен қақтығыстар әлеуметтік сипат алды. Әсіресе, жиі қақтығыстар шаруалармен болып отырды. Шаруалар, жергілікті басқару орындарын елемей, жер мәселесін басып алу арқылы шешті. 1860 жылы шаруалар Жоғары Бұқтырмада Талов және Медведев ауылдарының негізін қалады. Олар жер құқығын қазақтарды ығыстыру арқылы, қатал қақтығыста дәлелдеді. Қоныс аударушылар молданың үйін, бес үй және қыстақтарды өртеп жіберген. 1875 жылы бұқтырма шаруалары генерал – губернатор Н.Г.Казнаковтың бұйрығымен қытай тарапынан

көшіп келіп жатқан қазақтарды ығыстырып жіберген. Олар 115 киіз үйлерді, қыстақтарды өртеп, тұрғындарды ұрып олардан төлем ақы алған [3].

Қоныс аударушы шаруалар ортасында өз сенімдерінен бас тартып, басқа дінді, соның ішінде исламды қабылдаған адамдар да болды. Бұл қадамдар әртүрлі себептерге байланысты туындаған, бірақ, біздің ойымызша, қолданыстағы жүйеге қарсы наразылық тұрғысынан болды.

Сондай-ақ, ерекше құқықтары мен мүмкіндіктері бар патша әкімшілігінің лауазымды тұлғалары қазақтарға немқұрайлы қарап, ислам дінін ұстағандарды қудалап, дінді бұзу саясатын жүргізді. Мәселен, Зайсанның жергілікті тұрғындары бірнеше рет мешіт салу туралы өтінішпен Дала генерал-губернаторына шағым береді. Бірқатар бас тартулардан кейін, мешіт пен дұға үйін салу үшін рұқсат алады, бірақ «сыртқы келбеті қарапайым үйлерге ұқсауы керек» деген талап қойылады. Зайсанға сапары барысында генерал-майор Карпов жеке өзі «дәл осы қаулының орындалғанын» анықтау мақсатында дұға үйін аралаған [7].

Уәде берген игіліктерге сенген қазақтар басқа дінді қабылдауға көшкен. Кейбіреулері басқа дінді қабылдауға мүлдем қарсы шықса, басқалары, белгілі бір жағдайларда, шоқындыру рәсімінен өтіп, содан кейін істеріне өкініп, қорытынды жасай отырып, қайтадан ескі сенімдерін қабылдаған. Бейсенбин, шоқындырылғаннан кейін Василий Ложников православиелік сенімді «ойланбастан, лажсыз жағдайда, 1902 – 1903 жылдардағы аштық кезінде» қабылдағанын мойындады. Православие сенімін игеруге қабілеті жетпегендігін және де «тәлімгерлерім мені үйретуге тырысқан да емес, ал олардың мақсаты сандық көрсеткіш үшін ғана болды» деп мойындайды. Шоқынса да, жүрегінде мұсылман болып қалып, барлық мұсылман діні салттарын орындаған [8, 34 б]. Көптеген қазақтар православиелік сенімді қабылдағандықтарына қарамастан, жүрегінде мұсылман екендігін мойындайды. Олар өздерінің әкелері мен аталарының дінінен бас тарта алмайтындықтарын, кері ислам дініне өту туралы рұқсат сұраған. Діни қызметкерге келіп «иланудыы» қаламаған, пайдасыз және қажетсіз мәселе деп есептеген [8, 140 б]. Кейбір шоқынғандар қартайған шақтарында өз сенімдеріне ауысқан. Мұсылманша Сүйменді Алпысқызы, шоқынғаннан кейін Пелагея Петровна 70 жасқа толған шағында ислам дініне оралуды сұраған. Шоқынуға итерген жағдай, бойжеткен кезінде әкесі егде адамға тұрмысқа берген. Бірақ, өзі жақсы көретін адаммен қашып, қуғыншылардан құтылғаннан соң, екеуі бірдей шоқынудан өткен екен. Діни қызметкердің үгіттеуі сәтті болған жоқ, бұл шешімді өзі қабылдаған [8, 71 б]. Мұндай өтініштер Семей губернаторы атына түрлі болыстардан шоқынғандардан келген 30 өтініш қағаздары жолданды. Көп жағдайларда, шоқынғандар православтармен жақындастыруға әртүрлі мән-жайлар итермелеген. Христиан атанғаннан кейін, олар екі жақты өмір салтын ұстануға мәжбүр болды. Қос сенім, сайып келгенде, оларға жан тыныштығын әкелмеді, тіпті рухани күйлеріне көп әсер етті. Бұдан былай осындай ауыртпалықты көтере алмай, олар бұрынғы сенімдеріне оралуды сұраған. Алайда, шоқынған қазақтардың нақты санын анықтау қиын міндет болып табылады. Тұрақты және нақты санақ жүргізілмеген. Діни қызметкерлер мен азаматтық әкімшілік орындарында кездескен толымсыз деректер сенімсіз болып табылады. Осы қиын жағдайларға бұрынғы сеніміне қайтып оралу фактілері қосылады.

Қорыта айтқанда, көріп отырғанымыздай қоныс аударушылар мен қазақтардың қарым-қатынасы үнемі достық жағдайда болды деуге болмайды. Бір жақта заңға, жақсы қаруланған әскери күшке, өз қолдарындағы қару-жарағына арқа сүйеген қоныс аударушылар болса, екінші жақта әділдік, шындық іздесе де, қолдарында ешқандай қару- жарағы жоқ жергілікті қазақтар тұрды. Сонымен қатар, бірлескен өмірде қоныс аударушылар мен қазақтар бір-бірінен шаруашылықты, кәсіпті жүргізуді және тұрмыстық жағын игеруде оң әсер еткен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ОММ, 15-қ, 1-т, 146-іс, 15 б.

2. ҚР ОММ, 15-қ, 1-т, 1865-іс, 40 б.

3. Шмурло Е. Русские поселения за южным Алтайским хребтом на китайской границе // Записки ЗСОИРГО. – Омск, 1898. Кн. 25. – 63 с.

4. Суперанская А.В. Имя через века и страны. – М.: Наука, 1990. – 95 с.

5. ҚР ОММ, 64-қ, 1-т, 1322-іс, 1 б.

6. Меңлібаев Ғ.А. Қоныс аударушылар мекендері мен қазақ ауылдры арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелері (1867-1917 ж.ж. Сырдария облысы бойынша).: т.ғ. кандидаты ғылыми дәрежесін алу дисс. – Алматы, 1995. – 120 б. – Б.95-96.

7. ҚР ОММ, 64-қ, 1-т, 3155-іс. – Б. 19 – 20.

8. ҚР ОММ, 15-қ, 1-т, 403-іс. – Б. 30 - 209.

Резюме

А.М.Манатова, *магистрант 2 курса*

(г. Алматы, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби)

Взаимоотношение переселенцев и казахов: взаимодействие и противостояние (вторая половина XIX - начало XX веков)

В статье упоминается один из самых сложных вопросов в истории Отечества XIX века воздействия переселения на жизнь крестьянского населения в казахской степи. Исследователь в статье «Взаимоотношение переселенцев и казахов: взаимодействие и противостояние (вторая половина XIX – начало XX веков)» рассматривает вопросы казахско-русских отношений в данном регионе. Взаимоотношения казахов и переселенцев в XIX веке включали как сотрудничество, так и столкновения, вплоть до вооруженных. На основе архивных материалов описаны формы взаимодействия и противостояния казахского и прошлого русского населения. В частности, конфликты носили социальный характер. В то же время, на хозяйственной почве происходили столкновения. Еще одна причина для конфликтов баранта – угон скота. Кроме того, автор дает описание о ходе совместной жизни переселенцев и казахов. И делает выводы, что взаимоотношение двух народов имели как положительное так и отрицательное воздействие.

Ключевые слова: переселенческая политика, русские крестьяне, казахские деревни, взаимодействие, противостояние, характер отношений.

SUMMARY

A.M.Manatova, *master*

(Almaty city, Al-Farabi Kazakh National University)

The relationship of the settlers and kazakhs : interaction and confrontation (second half of xix - early xx centuries)

The article mentions one of the most difficult issues in the history of the Fatherland of the XIX century the impact of migration on the life of the peasant population in the Kazakh steppe. A researcher in his article «The relationship of the settlers and the Kazakhs: cooperation and confrontation (the second half of XIX – early XX centuries)» considers issues of Kazakh-Russian relations in the region. Relations between the Kazakhs and the settlers in the XIX century included both cooperation and conflict, down to armed. On the basis of archival materials described forms of interaction and confrontation of the past of Kazakh and Russian population. In particular, conflicts were a social character. At the same time, on the basis of economic clashes. Another reason for the conflict baranta – cattle rustling. In addition, an author gives description of the motion of life together of migrants and Kazakhs. And in conclusion draw attention , that interrelation of two people had both positive and negative influence.

Keywords: migrant politics, Russian peasants, the Kazakh villages, cooperation, opposition, character of relations

ӘОЖ 316.7

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.А.Назарбек, *магистрант*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада Қазақстандағы деструктивті және тоталитарлық секталардың және топтарды топтастырудың әдістері және секталардың жастардың санасына кері әсер ету жағдайына қарсы тұру мәселелері зерделенген. Дәстүрлі діндер мен деструктивті және тоталитарлық діндер арасындағы жанжалды жағдайларға көңіл аудару керектігі айтылған. Діни бірлестіктерді діни ұйымдар мен діни топтарға бөліп қарастыру керектігі туралы тұжырым жасалады. Автор деструктивті діни ұйымдар өкілдерін және экстремистік ұйымды қуаттайтындардың жеке басына қатысты әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін мақаланың басты мақсаты ретінде қояды.

Түйін сөздер: бірлестік, деструктивтік, дәстүрлі емес діни ұйым, діни экстремизм, идеология, культ, конфессия, секта, ұйым, экстремизм.

Діни бірлестіктер діни ұйымдарға және діни топтарға бөлінеді. «Діни ұйым» ұғымы «діни бірлестіктен» формальды-құқықтық қызметімен ғана ерекшеленеді. Діни ұйым діни бірлестік ретінде мемлекеттік тіркеуден өтіп, заңды тұлға құқығын иеленеді. Діни топ ешқандай тіркеуден өтпесе де діни ұйым болып есептеледі. Ал, дәстүрлі емес діни ағымдарды топтастыруда қиындықтар көп. Себебі дәстүрлі емес діни ұйымдар – күрделі, көп қырлы және қиын анықталатын құбылыс, сонымен қатар қазіргі таңда олардың ортақ топтамасы жоқ. Алайда зерттеушілер дәстүрлі емес діни ұйымдарды әртүрлі негіздермен анықтайды.

Дәстүрлі емес діни ұйымдарды топтастыру үшін келесідей өлшемдердің болуын атап көрсетуге болады:

- қабылданған идеалдық, сыйынатын объектінің мінездемесіне;
- тұлғаға қатынасына, сол ілімде тұлға қандай құндылықты иеленетіндігіне байланысты;
- негізін салушыға;
- әулиелікті мұрагерлікке беру мәселесіне байланысты;
- діни ғибадат, рәсім, құлшылық, қызметтерінің ерекшеліктеріне байланысты [1, 38 б.].

Алайда, зерттеушілер бұл өлшемдердің жалпы топтастыру жасағанға ғана мүмкіндік беретінін, сонымен қатар дәстүрлі емес діни ұйымдардың қазіргі кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік қаупіне, яғни деструктивтік деңгейіне топтама жасау қажеттігін айтады. Ал, экстремизмге келетін болсақ, жаңа дәстүрлі емес діндер тарапынан да көрініс беруі әбден мүмкін. Олардың ішінде кейбірін бекерге деструктивті діндер деп атамаған болар. Діни ілімдері мен діни ғибадаттарында адамгершілікке тәрбиелеу мен рақымшылыққа шақыру сияқты дәстүрлі діндерге тән жақсылыққа уағыздаудан гөрі, олардың басым көпшілігі харизматикалық басшыға бағынып, соның ілімін дәріптеуге, қоғамнан бөлектенуге шақырады.

Американдық психолог Э.Берннің пайымдауынша «Дәстүрлі емес культтердің өзіндік ерекшеліктері бұл ұйымдарда көп жағдайда харизмалы көшбасшының, көсемнің қатаң авторитаризмі болады. Оларға ресми құндылықтар мен мақсат-мұраттарға, әрі соларды ұстанатын шіркеулік ұйымдарға қарсылық сипат тән. Олардың бойында әсіресе «біз сезімі» күшті дамыған. Қауымдастықтың ішкі өмірін олар жарғылар мен ережелер арқылы реттейді. Онда қауымға кіру және қауым алдында міндетті болу ережелері де көрсетілген» [2, 89 б.]. Сонымен бірге дәстүрлі емес ұйымдардың қатарында институционалды құрылымы жоғы да

жетерлік. Деструктивтік сипат алған қоғамға қауіпті секталар өздерінің қатарларына адамдарды тарту үшін психотехнологиялар, психтерапия әдістерін пайдаланады.

Діни экстремистік ұйымдардың классификациясын жасағанда басты нәрсені ұмытпауымыз керек. Діни экстремистік ұйым қатарына енушілер негізінен орта топтан шыққан жастар. Олар жоғары білімді, әл-ауқатты жандар болғанымен, олардың ішкі рухани дүниесі тарылып, өзара әлеуметтік байланыстары бұзылған жандар деп мінездеме береді зерттеушілер. Қазақстанда да әлеуметтік қарама-қайшылықтың түрлі формаларынан түңілген, үйреншікті өмірлік жол арнасынан адасып қалған адамдар үшін дәстүрлі емес діни ұйымдар бас сауғалар қонысқа айналды. Яғни, қандай да болмасын экстремистік діни ұйым өздеріне жаңа мүшелерді тартып қана қоймай, олардың ақыл-ойын қадағалап, бағыттап отырады деген де пікір жоқ емес. Ағылшын профессоры Айлин Барнердің ойынша олардың жаңа мүшені өздеріне тартуда «миды тазартумен» (промывка мозгов) айналысатындықтарын немесе «санаға бақылау» (НЛП) жасау сияқты әдістерді пайдаланатындықтарын теріске шығаруға болмайды [3, 16 б.]. Мұндай діни ортаға түскен адамдардың психикалық ауруға шалдығуы әбден мүмкін, сөйтіп денсаулығынан айрылып, өзін-өзі сыйлаудан кетеді дейді ағылшын ғалымы Айлин Баркер.

Діни экстремистік ұйымдардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ:

- әлеуметтік тұрғыдан өзара көмек және қолдау көрсету;
- кішіпейілділік және тәуелсіздік сияқты құндылықтарды қолдай отырып, өз көзқарастары мен идеологияларын таратуға тырысу;
- кез келген мұқтаждық, жұмыссыздық, сауатсыздық және панасыздық сияқты әлеуметтік және экономикалық мәселелерді пайдалану;
- жергілікті халықтарды, олардың басынан кешіріп отырған қиын жағдайларды пайдалана отырып, өз қатарларына тартуға тырысу;
- әлеуметтік жағдайы нашар, ұлттық және рухани құндылықтарынан хабары жоқ жастарды өздері үшін мақсатты түрде дін таратушы миссионерлерге айналдыру;
- мемлекеттік төңкеріс, қайта құрулар болып жатқан елдерде жан-жақты ұйымдасу жұмыстарын жүргізу және т.б.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда осындай экстремистік ұйымдарды «секта» деп те атайды. «Секта» – бұл өзіңді үнемі қайшылықта ұстау деген сөз. Дәстүрлі діндер бойынша «секта» – адамның ақылын адамдық және сектанттық тұрғыда жаулап алу. Бүгінде секталар алдау-арбау жолымен өздеріне мақсат қойып алған – жұмыс жасауға деген құлшыныстан алдымен адамдардың жан-дүниесін, бірте-бірте барлық ұлтқа қожалық етуге ұмтылу.

«Секта» сөзі латынның «sekta» сөзінен шыққан, алғашқыда ол екі мағынада қолданылды: а) бір заттың бөлігі б) сана образы, оқу. «Sekta» сөзінің шығуына байланысты латын тілінде «secare» – кесіп тастау (бүтіннің бөлігі) және «sequi» – ізіне түсу (қандайда болсын оқудың артынан ілесу) [4, 20 б.]. Сектаның классификациялық жағынан оны екі типке бөліп қарастыруға болады. Олар харизматикалық және деструктивтік. Бүгінде ғалымдар, көбіне «тоталитарлық секта» деген ұғым қолданылады.

Сондай-ақ, дәстүрлі емес діни сенімдердің бірінші түріне секталар мен культтер жатады. Бұл күшті ұйымдастыру жүйесі бар, тұрақты мүшелері бар институт, сонымен қоса әлем мен адам болмысының барлық салаларын қамтитын, жан-жақты дамыған діни ілімі бар ұйымдар. Секталар мен культтер діни бағытты ұстана отырып, адамдарды өздерінің қызметіне толығымен тартады. Бұл ұйымдағы адамдардың сыртқы ортамен қатынасы толығымен немесе жартылай ажыратылады.

«Секталар өздерінің пайда болу ерекшелігіне байланысты культтерден өзгешеленеді. Секталар бір діни топтың (сектаның) басқа (діннен, деноминациядан, сектадан, культтен) бөлініп шығуынан пайда болады. Культтер жаңа діни сенім нәтижесінде мақсатты түрде ұйымдастырылған немесе діни топтың лезде ұйымдасуымен пайда болады. Культтер қоршаған діни кеңістікке қарама-қайшы ой-пікірді таратады және өзіне дейінгі ешқандай діни ұйымдарға тәуелді болмайды.

Бірақ, осындай көп діни ағымдардың ішінде қызметтері қазіргі зайырлы қоғам заңдарына қарама-қайшы келетіндері, тіпті ілімдерінде ашық түрде зорлық көрсетуге шақыратындары да аз емес (*Аум Синрике, Белое братство, Шайтан шіркеуі және т.б.*). Сондықтан соңғы он жылда ғылыми қолданысқа кіргізілген тоталитарлық секталар немесе деструктивті культтер – жаңа терминдер қолданылып жүр.

«Тоталитарлық секта» – бұл өзіне тән (ашық және құпия) құндылықтары, қағидалары бар ерекше әлеуметтік топ. Топ басшылары ресми уағыздап жүрген іліммен қоса, құпия доктриналарына сай ұйымның адептері мен неофиттеріне агрессиялық манипуляция әдісі (санаға бақылау жасау, зиян келтіру) қолданылады, нәтижесінде жеке тұлға немесе топ жартылай не толығымен бір тұлғаға немесе топқа тәуелді болады. Бұл ұйымдарда жеке тұлғаның рухани және материалдық жетістіктерінің нәтижесі азғантай ғана топтың мүддесіне айналады. Секта адептерінің өмірінің барлық саласы бақылауда болады, олар өздерін ашық түрде, көбінесе құпия түрде басқа әлеуметтік топтарға, қоғамға, мемлекетке қарсы қояды [5, 62-65 бб.].

Діни қозғалыстың негізгі сенушілері болғандықтан әлеуметтанушылар сенушілердің классификациясын жасауға бірнеше рет талпыныс жасады. Солардың бірі Габриел Ле Бранның классификациясы. Бұл зерттеу Франциядағы католик шіркеуінің материалдары бойынша жүргізілсе де, зерттеудің ғылыми тұжырымдарын дінтанушылар барлық христиандық конфессияларға қолдануға болады деп қабылдап отыр. Габриел Ле Бран дінге сенушілерді төрт топқа бөліп қарастырады:

- *бірінші топтағылар* – шіркеуге қатысты «бөтендер» (бұл адамдар шіркеуден толық кеткен немесе ешқашан ешқандай дінді ұстанбағандар);
- *екінші топтағылар* – «маусымдық конформистер» (шіркеуге тек жасына байланысты (маусымдық) жасалатын ғұрыптарды: шоқыну, некеге отыру, жаназа шығаруды орындау мақсатымен келеді);
- *үшінші топтағылар* – «тәртіпті діндарлар» (қалыпты түрде жексенбілік Құдайға арналған діни қызметті атқарып отырады: күнәні мойындау (исповедь), нан үзу рәсіміне қатысады);
- *төртінші топтағылар* – «екіжүзділер» немесе жаугер діндарлар (бұл адамдардың діндарлығы діни міндеткерліктің шеңберінен шығып кетеді).

Бір діни ілімді мойындайтын және соған байланысты ғұрыптарды орындайтын дінге сенушілердің бірлестігін діни қоғам деп атайды. Діни қоғамдардың бірлестігі діни қауымдастықты немесе бірлестікті құрайды. Діни бірлестіктер біртіндеп қоғамдық тәртіпке икемделіп, өзінің ұйымдасқан жүйесін жасап алып, әлеуметтік институт ретінде шіркеуге айналады [6, 165 б.].

Батыстық елдердің тәжірибесінде діни экстремистік ұйымдарды деңгейіне қарай топтастыру кездеседі. Олар негізінен ұйымдардың радикалды белгілерін ескере отырып жасалады:

- сананың тұрақсыздығы;
- шамадан тыс қаржылық талаптар;
- бұрынғы ортадан бөлінуге мәжбүрлеу;
- денсаулыққа зиян келтіру;
- балаларды белгілі бір ұйымға тарту;
- қоғамға қарсы сөйлеу;
- қоғамдық тәртіпті бұзу;
- қауіпті қылмыспен тергеуге түсу немесе сотқа тартылу;
- экономикалық қызмет нормасын бұзу (пайда көзі мен мүліктерді жасыру);
- мемлекеттік басшылық жүйелеріне кіруге талпыныс және т.б.

Осы аталған белгілердің біреуі жаңа діни ұйымдарға тән болса, онда ол ұйымды экстремистік деп атауға ресми негіз бар.

Ал, ресейлік зерттеушілердің тәжірибесінде де дәстүрлі емес діни ұйымдар деңгейі бойынша топтастырады. Дінтанушы И.В.Куликов төмендегідей топтардың тізімін береді: сатанистік ориентациялаудағы деструктивтік діни ұйымдар; «рух экологиясы оккультизм және оккультік емшілік» санатына жататын деструктивтік діни ұйымдар және діни топтар; жаңа пұтшылдық топтар; шығыстық бағыттағы діни топтар; батыстық бағыттағы діни топтар; коммерциялық топтар [7, 112 б.].

Исламдық сипаттағы діни ұйымдарды сипатына қарай классификациялау қазіргі кезде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе шектен шыққан экстремистік әрекетке баратын ұйымдар тарапынан. Себебі бұндай классификация діни ұйымдардың ілімдері мен сенімдеріндегі ашық жақтарын ғана емес, олардың жасырын ұстанатын діни ғұрыптары да ескеріледі. Бүгінгі күні діни ұйымды нақтылы бір топқа жатқызу үшін ол ұйымның діни ілімін әртүрлі атап айтқанда дінтанулық, теологиялық, психологиялық т.б. сараптамалардан өткізу қажет.

Енді діни ұйымдарды классификация бойынша топқа бөліп қарастырайық:

Бірінші топқа, «жетілген» діни ілімдері бар діни ұйымдар. Олар қоғаммен, мемлекетпен, барлық әлеуметтік институттармен тығыз қарым-қатынаста болады. Бұл топты дәстүрлі діндер құрайды.

Екінші топқа, ілімдерінде нақтылы экстремистік қағидалары жоқ, бірақ, сыртқы қызметтен қашатын және өздерімен-өздері тұйықталған культтер жатады. Мысалы, ескі ғұрыпқа сенетіндер.

Үшінші топқа, ілімдерінде экстремистік қағидалардың барлығы болатын, бірақ, әртүрлі себептермен өте сирек немесе мүлде қолданбайтын ұйымдар жатады. Олардың көшбасшылары ауысқанда, ілімдерінде экстремистік жаңаша түсінік пайда болғанда, әлеуметтік-саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты деструктивтік әрекеттерге көшуі мүмкін.

Төртінші топтың ілімдерінде экстремистік қағидалар болады және оларды тәжірибеде қолдануға ұмтылады. Бұндай ұйымдарға сатанистік типтегі топтар жатады.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың әртүрлілігіне байланысты діни экстремистік ұйымдардың да топтамалану жолдары ұсынылды. Біздің ойымызша оларды синтездеу әдісін қолданған дұрыс сияқты. Осындай әдісті қолданудың негізінде діни экстремистік ұйымдардың пайда болуы, этномәдени, тарихи және этнографиялық белгілері қарастырылады. Осыған орай еліміздегі бүгінгі дәстүрлі емес діни ұйымдарды топтастырып көрейік:

Бірінші топқа, шет елде пайда болған, бірақ ілімдері басқа мәдени дәстүрді таратушы синкреттік ағымдар. Олардың түп тамыры ежелгі діни дәстүрлердің ілімдеріне сәйкестіріледі. Мысалы, корейлік христиандық, батыстық христиандық ағымдардан өзгешеліктері;

Екінші топқа, батыстық оккультік дәстүрден пайда болған ұйымдар. Бұл топтағы ұйымдар Батыста негізінен АҚШ-та пайда болып, Ресей арқылы Қазақстанға келген ұйымдар: Бірігу шіркеуі, Саентология шіркеуі, Христос шіркеуі тағы сол сияқты.

Үшінші топқа, Қазақстан жерінде евангелизация саясаты арқылы жаңа христиандықты таратушы ағымдар. Бұған әртүрлі атпен тіркелген батыстық протестанттық діни бірлестіктерді алуға болады. Бұл ағымдардың харизматикалы көшбасшылары бар және олар иерархиялы жүйедегі шіркеулік құрылымда жұмыс жасайды.

Төртінші топқа, Қазақстанға Орта Азия елдерінен келген исламдық бағыттағы діни ағымдар жатады. Олар ислами қоғамдық-саяси ұстанымдарын қоғамдық өмірге қолдануды және теократиялық мемлекет құру үшін күресуді уағыздаушы ағымдар. Мемлекет тарапынан ресми түрде бұл ұйымдарға тыйым салынғандықтан бұл саяси партиялар мен ұйымдардың қызметтері тоқтатылды, әйтсе де олардың діни идеологиялары толық жойылып кеткен жоқ.

Бесінші топқа, Қазақстанның өзінде пайда болған «исламдық» қайта өрлеу идеясын таратушы топтар, «Исламдану үрдісінің жаңа кезеңі», әсіресе, исламдық ағымдардың

белсенді іс-әрекеттерінде көрініс алып отыр. Мәселен, сунналық жамағаттар мен тариқаттардың кеңінен таралуы мен белсенділігі бүгінгі күні суфизм және фундаментализм және тағы басқа мәселелер арасында қарама-қайшылықтар тудыруда.

Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамаларының шет елдерден айырмашылығы – елімізде діни ағымдар мен топтардың, олардың экстремистік бағыттағы қызметін көре тұра, «секта» ұғымының қандай да бір белгісіне анықтама бермеуінде. Дегенмен, азаматтарды өз қатарына күштеп тарту және алаяқтық жолмен физикалық және психологиялық қысым көрсететін діни ұйымдардан азаматтарды қорғау мақсатында соңғы жылдардағы азаматтық қоғамның дамуы жөніндегі Концепцияда қолданылады.

Экстремистік діни ұйымдар (миссия, діни бірлестіктер) – бұл сананы әртүрлі әдістер арқылы бақылай отырып, тұлғаның физикалық және психикалық жағдайының бұзылуына әкеп соғатын, сондай-ақ, отбасының, қоғам мен мемлекеттің жойылуына ықпал жасайтын тоталитарлық ұйым. Экстремистік діни ұйымдар жеке тұлға деңгейіне де аса қауіпті, яғни ағым тұлғаның психикасын іштен улап, өздеріне тәуелді етіп алады. Экстремистік діни ұйымдар отбасына да қауіпті, осының салдарынан отбасылардың ойрандауы жиі кездесетін құбылыс. Экстремистік діни ұйымдар мемлекеттік деңгейде де қауіпті, өйткені ағым өзінен-өзі бір мемлекет ішінде тағы да өз заңымен өмір сүретін және өте әлсіз, бірақ, өмір сүріп тұрған жүйеге дұшпандық көзқарастағы мемлекетін құра алады.

Қазіргі Қазақстандағы радикалды сипаттағы экстремистік діни құрылымдардың орны мен қызметі күрделі мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты бүгінгі күні дін мәселесіне байланысты елімізде ұлттық қауіпсіздікті және мемлекеттік бірегейлікті қамтамасыз етудің басты бағыттары мен құралдарын анықтау қажеттілігі тұр. Бұл өз кезегінде діни қатынастарды реттеу мен діни әрекеттерді болжаудың әдіс-тәсілдерін, формаларын жасақтайтын іргелі ғылыми ізденіс жұмыстарын талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Борбасова Қ.М. Қазақстандағы жаңа діни бірлестіктер және ұлттық қауіпсіздік мәселесі: автореф. ...филос.ғыл.док.: 09.00.13. – Алматы, 2010. – 38 б.

2. Берн Э. Лидер и группа. О структуре и динамике организаций и групп. – Екатеринбург: Литур, 2000. – 308 с.

3. Айлин Баркер. Новые религиозные движения. – СПб.: Издательство Русского Христианского гуманитарного института, 1997. – 16 с.

4. Белов А.В. Секты. Сектанство. Сектанты АН СССР (Москава). – М.: Наука, 1978. 20 с.

5. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. – Нижний Новгород: христианская библиотека, 2006. – 236 с.

6. Гараджа В.И. Социология религии. – Москва, 2006. – 201 с.

7. Куликов И.В. Новые религиозные организации России деструктивного и оккультного характера: Справочник Миссионерский Отдел Московского Патриархата Русской Православной Церкви. Информационно-аналитический вестник. – Белгород: Изд-е 2-е, переработ, и дополн., 1997. №1. – 459 с.

Резюме

Ж.А.Назарбек, *магистрант,*

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Нетрадиционные религиозные организации и их социально-психологические особенности

В статье говорится о деструктивных и тоталитарных сектах и группировках в Казахстане, о проблемах борьбы с сектами и их влиянии на сознание молодежи. Обращается внимание на конфликтные ситуации, которые складываются между деструктивными тоталитарными сектами и традиционными религиями. *Религиозные объединения* могут создаваться в форме *религиозных групп* и *религиозных организаций*. Автор ставит перед

собой цель рассмотреть опыт социально-психологического исследования особенностей личностных характеристик экстремиста и *приверженца деструктивных* религиозных *течений.*

Ключевые слова: объединение деструктивный, нетрадиционные религиозные организации, религиозный экстремизм, идеология, культ, конфессия, секта, организация, экстремизм.

Summary

Zh.Nazarbek, *master,*

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Nonconventional religious organizations and their social and psychological features

The article is about destructive and totalitarian sects and groups in Kazakhstan, about problems of fight against sects and their influence on consciousness of a youth. The attention is paid to conflict situations which develop between destructive totalitarian sects and traditional religions. Religious associations can be created in the form of religious groups and the religious organizations. The author sets before himself the purpose to consider experience of social and psychological research of features of personal characteristics of the extremist and adherent of destructive religious trends.

Keywords: association, destructive, the nonconventional religious organizations, religious extremism, ideology, cult, faith, sect, organization, extremism.

ӘОЖ 9(с)77 С 52

ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ПОЛЬША ҮКІМЕТІНІҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ГЕНЕРАЛ СИКОРСКИЙДІҢ САЯСАТЫ (1939-1943 жж.)

А.М.Сманова, *т.ғ.к., доцент*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Бұл мақалада эмиграциядағы Польша мемлекетінің премьер-министрі Владислав Сикорскийдің қызметі жан-жақты баяндалады. В.Сикорский 1918 жылы кәсіби әскери қызметкер болады. Ал 1920ж. кеңес-поляк соғысы кезінде Варшавадағы аудандардың бірінде Қызыл Әскерге қарсы поляк армиясының бір бөлімшесін басқарды. Бұл екі жақтың да басшыларының есінде қалды. 1939 жылы 1 қыркүйекте Гитлер Польшаға шабуыл жасаған кезде В.Сикорский өз еркімен армияға қосылады, бірақ жұмысқа тағайындалып үлгере алмады: бір айдың ішінде Польша құлап, артынша Кеңес Одағы мен Германия арасында бөліске түседі. Францияға қашып барған Сикорский сол жерде поляк армиясын жасақтауға жергілікті үкіметтен қолдау алды – поляк Қарулы күштерінің басқолбасшысы болып, көп ұзамай эмиграциядағы үкіметтің премьер-министрі болды. Кейін де-юре одақтастар арасында мойындалды. 1940 жылы француздар тізе бүккеннен кейін поляк үкіметі британдықтардың шақыруымен Лондонға барып орналасты.

Түйін сөздер: эмиграция, Рига келісімшарты, пролетариат, Речь-Посполитая, коалиция, генерал-полковник.

Соғысаралық жылдары Кеңестік Ресейдің, одан соң КСРО мен Польшаның арасындағы қарым-қатынастар «салқын» жағдайда қалып қойды. Алайда ол кезде (екі ел арасындағы 1919-1920 жылдардағы соғыс әкелген зардаптар жайында алакөздік, не болмаса бір-біріне айып таққан әрекеттер) осы бір өшпенділіктің бастамасы еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде енгізілген Еуропалық «тәртіпке» екі мемлекеттің де өзіндік принципті түрдегі қояр талабы болды. Германия рейхы секілді Кеңес Одағы да екінші Речь Посполитаяның

тұтастығы мен тәуелсіздігіне кепілдік берген Версаль жүйесінің әлсіреуін, тіпті, толықтай құрып кетуін көкседі.

Соғысаралық жылдары Кеңестік Ресейдің, одан соң КСРО мен Польшаның арасындағы қарым-қатынастар «салқын» жағдайда қалып қойды десе де болады. Алайда ол кезде (оған себеп екі ел арасындағы 1919-1920 жылдардағы соғыс әкелген зардаптар жайында алакөздік, не болмаса бір-біріне айып таққан әрекеттер) осы бір өшпенділіктің бастамасы еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде енгізілген Еуропалық «тәртіпке» екі мемлекеттің де өзіндік принципті түрдегі қояр талабы болды. Германия Рейхы секілді Кеңес Одағы да Екінші Речь Посполитаяның тұтастығы мен тәуелсіздігіне кепілдік берген Версаль жүйесінің әлсіреуін, тіпті, толықтай құрып кетуін көкседі.

Кеңестік басшылық 1921 жылы наурыз айының 21 күнгі «Рига қатынастарының келісімшарты», – [1] деп аталған келіссөздер барысында Польша мен Ресейдің өзара «нығаюы» немесе «дамуына» берген уәделері кеңестік басқару жүйесі мен большевиктік революцияның нысанасынан ешбір ауытқып кете алмады. Ондағы мақсат большевиктік революция мақсатындағы стратегияны да ресейліктер жүзеге асырудан бас тартпады. Мәскеудің көзқарасынша, Польша батыстық неғұрлым дамыған капиталистік елдердегі жұмысшы табы мен пролетариаттар деп есептелген революцияландырылғандармен табиғи жалғастыратын көпір іспеттес еді .

1939 жылы қыркүйек айының 30 күні Францияда құрылған генерал Владислав Сикорскийдің үкіметі [2] тәуелсіз Польша мемлекетін қайта қалпына келтіруді алдына мақсат етіп қойды. Генерал Сикорскийдің үкіметі 1939 жылы қыркүйек айының 17 күнгі оқиғаны ескере отырып, Польша тек Германиямен ғана емес, сонымен қатар Кеңес Одағымен де соғыс өртінің тұтанып тұрғанын қуаттап берді. Мұнда 17 қыркүйек күні Кеңес үкіметі Қызыл Армияға Екінші Речь Посполитаяның шығыс шекарасын бұзып өтуге бұйрық берген кезде, поляк мемлекеті осыған дейін-ақ «күйзеліп қаусырады» деп, біржақты мойындаса да генерал Фелецин Слава-Складовкий үкіметі немқұрайлы түрде болса да кеңестерге соғыс жариялауға батылы жетпеді [3]. Дегенмен, Польшаның КСРО-ға қарсы соғысты бастап кетуге мүмкіндігі болмаса да, 1939 жылы қыркүйек айының екінші жартысындағы жағдай соған әкелген-ді. Бұл жағдай генерал Сикорскийді Кеңес Одағымен келісімге келуге итермеледі (Ұлыбритания мен Франция да бұған атсалысты), бірақ бұл тек 1941 жылы маусым-шілде айларында, Германия Кеңес Одағына соғыс ашар алдында ғана жүзеге асты [4].

Бұл саясат генерал Сикорский басқарған үкіметтің сол кездегі жағдайын мейлінше анықтауға әсерін тигізді. Сондықтан, ресми түрдегі «қос дұшпан» теориясын ұстанған Сикорскийдің үкіметі іс жүзінде фашистік Германия және Кеңестік Ресеймен байланысты өз пиғылдарын бірнеше рет басқаша жүргізуге мәжбүр болды. Немістердің Польшаға агрессиялық шабуылы және қыркүйек науқанының барысында мұның себептеріне талдау жасай келе, шекараны Польшаның пайдасына шешу қажет екендігі ескеріліп, соған сәйкес жоба дайындалды.

Генерал Сикорскийдің үкіметі Орталық-Шығыс Еуропадағы, бірінші кезекте поляк-чехославак конференциясын, одан соң кейінірек барлық Балтық мемлекеттері мен Венгрияны қоса отырып кеңейту арқылы жаңа саяси ұйым құру жөніндегі британдық концепцияны қолдап, өз негіздемесін одан әрі тереңдете түсті. Еуропаның осы бөлігі, Балтық, Қара және Адриат теңіздерінің ортасында құрылатын саяси ұйым Германияның Шығысқа көрсеткен қысымының жолын кесіп, оны Ресейден бөліп тастау міндетін алдына қояр еді. Өз кезегінде Кеңес Одағы эмиграциядағы премьер-министр Сикорскийдің үкіметін мойындамады және ол үкіметтің ешбір мәлімдемесін де қабылдамай тастады [5].

Сонымен 1940 жылы маусым айында Франция фашистік Германиядан жеңілген соң Еуропада стратегиялық жағдай өзгерді. Енді Ұлыбритания Кеңс Одағымен қарым-қатынастарды жақсартуға ұмтылған пейілге көшті. Осы 1940 жылы Францияның жеңілісі генерал Сикорскийдің өткендегі саяси концепцияларының бәрін де шыңырау түбіне түсірді.

Ол шешуші сәтте Германияны жеңуге, Франция жерінде қиындықпен құрылған поляк армиясының жартысы құрып кетті [6].

1940 жылы Францияның жеңілісінен кейін Еуропадағы қалыптасқан жаңа саяси және әскери жағдайлар Лондондағы поляк эмигранттық үкіметіне сыртқы саясаттың мән-жәйін қайтадан елеп-екшеп алуды талап етті. Франция жеңіліске ұшырағанына қарамастан генерал Сикорскийдің сыртқы саясат жөніндегі мақсаты принципті өзгере қоймады. 1940 жылы тамыз айының 15 күні сыртқы істер министрі В.Залесскийдің дипломатиялық көзқарастағы нұсқауында: «үкіметтің басшылыққа алған қимылдарында, күткеніміздің өзі осы, Францияның бірлігіне қарамастан, Ұлыбританиямен тізе қоса отырып, елді азат ету үшін және түбегейлі жеңіске жетуге дейін күресе беру. Кеңес Одағымен қарым-қатынастарға келетін болсақ, нұсқауда атап көрсеткендей, «жағдай барысында Ресей Ұлыбританияның одақтасы ретінде» Германияға қарсы күресетін болса, біздің екі ортадағы жағдайымызды шешіп, кеңестік басып алу жөніндегі бұрыннан алакөздікке әкелген дау-жанжалды кейінге қалдыра тұру қажеттігі де туады» [7] деген ой ортаға салынды.

1940 жылы қараша айында британ дипломатиясы КСРО-мен қарым-қатынас жөніндегі іс-қимылдарын қайтадан жалғастырды. Сонымен қатар, бертіндегі, буыны қатая бастаған гитлершілдікке қарсы топтасқан бірлікке (коалиция-А.С) алдағы уақытта Кеңес Одағының да қосылуы мүмкін екендігіне орай екі жақты қарым-қатынасты реттеу туралы ұсыныстар жасалды. Осының нәтижесінде министр А.Залесский КСРО-ға қатысты «поляк мәселесіне» британдықтардың орынсыз араласуына: «Ресейдегі мәселеге аса мүдделі және қазіргі кезде сол елмен соғыс жағдайында тұрған бірден-бір мемлекет ретінде» өз наразылығын білдірді. Министр Галифакске бұған түсініктеме жасап, жазбаша кепілдік етуге келісімін берді. Қараша айының 27-сі күні қабылданған Ұлыбритания Сыртқы істер министрінің үндеуінде Мәскеуде баяндалған британдық ұсыныстарында «соғыс басталар алдында Қызыл Армия орналасқан аумақтарда кеңестік бақылау болғанын мойындау» туралы сөз болғанына келіседі. Бұдан әрі Британ министрі бұл мойындаудың ел дербестігіне ешбір нұсқан келтірмегенін де қуаттады. Осыған сәйкес, Галифакс 1940 жылы қыркүйек айының 1 күнгі Қауымдастықтар Палатасындағы премьер-министр Черчилльдің декларациясына назар аударды. Онда былай делінген: «екі жақты мүдделердің келісім және ерік-жігеріне қарамастан тілесті шешім таппаған жағдайда болмаса соғыс барысында орын алған қандайда бір аумақтық өзгерістерді мойындау ойымызда да жоқ» [8].

1940 жылы жаз айынан бастап 1939 жылы қосылып алынған елді мекендерге және осы жерлерден көшірілген «контингентке» қатысты саясат тағы да өзгеріске ұшырады. Халықаралық аренадағы кеңестік саясатқа өзгергені жайында куәліктер табуға болады. Польша жағынан мысалы, Кеңес Одағы саясатындағы екіжүзділікті ғана емес, сыртқы саясат қызметінің одан әрі бағытында, Германияға әлде Ұлыбританияға ілесеміз бе деген «жоғарғы орындағы» күресті де әрекет жасап байқауға мүмкін болады. Осы кездегі кеңес-поляк қатынасы өзіне 1939 жылы қыркүйек айының 17-сі күнгі Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерлерінен жер аударылғандармен сараптама жасау міндеті тұрды. Бұған байланысты поляк қоғамында кеңестерге қарсы наразылық өріс алды. Шындығына келсек, Франция құлаған соң жағдай өзгере бастады. Түрлі кеңестік элеметтерді айыптағанның өзінде негізінен коммунистік солшыл социалистік радикалдар партиялары «Лондон лагерінің» басым көпшілігі ерте ме, кеш пе Польша қалай болғанда Ұлыбританияның одақтасына қосылады, яғни Кеңес Одағымен де одақтасады деген ой түйді [9].

Генерал Сикорский үкіметінің алдында тұрған сыртқы саясат міндеті қандай дегенге келсек, ең бастысы: 1939 жылдың қыркүйек айына дейінгі шекара мен мемлекеттік дербестікті қалпына келтіру және Ұлыбританияда эмигранттық үкіметтің билігін қамтамасыз ету. Үкімет бағдарламасы геосаясат факторлардан айналып өте алған жоқ. Келесі кезек қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Шығыс Пруссияны жою, оның аумағын Польшадағы Крулевец-Кеннигсбергке қосу талаптары да басталды. Бұл Солтүстік жақ, Оңтүстік аймақта Чехославакия мен конфедерация негізінде келісімшарт жасауға қол жеткізу. 1940 жылдың

жазында жазылған үкімет бағдарламасында Польшаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты «Жаңа Еуропаны» ұйымдастырушылармен славян мемлекеттерінің ынтымақты одағын құру саясаты көзделді. Балтық, Қара және Адриат теңіздері арасындағы мемлекеттермен тығыз және келісілген ынтымақтастықты «орнату» деген көңіл аударарлық жолдар жазылды, одан әрі «Шығысқа шабуыл жасайтын Германияға тойтарыс беру және Германияны Ресейден бөліп тастау» деген ойлар қойылды. 1940 жылдың жазында Польша «славян үндес» мемлекеттермен федерацияға бірігуге маңыз бере бастады.

Польша өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында тағы қандай бағыт ұстады дегенге келер болсақ, бұл бұрыннан бар Балтық елдері мен тату көршілік қатынастар жөніндегі саясаты, аймақтағы өзінің беделін арттыру. Литва, Латвия және Эстонияның КСРО құрамына кіруіне қарсы шығатын топтармен байланыс орнату, сонымен қатар, гитлершілдікке қарсы изоляцияны да ұстады. КСРО туралы барлау ақпарларын жинап, оларды Кеңес Одағындағы ағылшын және жапон дипломаттары арқылы Балтық елдерімен Батыс Украина және Батыс Белоруссияға жөнелтіп отырды. Мұның өзі поляк-кеңес қатынастарындағы жаңадан пайда болған шиеленістерді туғызды. Генерал Сикорскийдің кеңес жағымен байланыс жасауы 1940 жылдың аяғында белгіленді. Осы 1940 жылы наурыз айы шамасында Сикорскийге Кеңес Одағында поляк легионын жасақтауға ризашылығын білдіретіндігі хабарланды. Осыдан кейін күтпеген жағдай болды. 1940 жылы наурыз айының 14 күні БКП (б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының шешімімен Кеңес Одағында сәуір және мамыр айларында, 1939 жылы қыркүйек айында НКВД тарапынан тұтқындалған 15 мың поляк әскери қызметкерлерінің көзі құртылды. Әрине, офицерлерсіз легион болмаса армия жасақтай алмайтыны белгілі. КСРО-да поляк армиясын құруға кім қарсы шықты? Польша эмигранттық үкіметімен байланыс жасауға кім кедергі келтірді? Және осы үкіметке Ұлыбританияда баспаналауға кім көмектесті? Осындай сан түрлі сауал туады. Егер 1939 жылы Ұлыбритания, Франция және Кеңес Одағы секілді үш держава келісімшартқа қол қойғанда соғыстың да болуы екі талай еді, Польшаның бөлінуіне де жол бермес еді.

Поляк кабинетінде КСРО мен келісімшарт жасау үшін қажетті негіздер қарастыру мүмкіндігі қозғалды. Бірақ басым көпшілік министрлер егер, Кеңес Одағы немқұрайлы түрде бұрынғы «Рига шекарасын» (1921 жылы қабылданған) мойындап, кеңес жерлеріндегі поляк әскери соғыс тұтқындарына кешірім (амнистия-А.С) жарияласа және кеңестік аумақта поляк армиясын құруға келісімін берген жағдайда ғана жүзеге асырылатын шаруа деп есептеді [10]. Бірнеше министрдің осындай принципті позициясы әсіресе, шекараға байланысты кейіннен поляк үкіметіндегі жағдайды асқындыра түсті.

Генерал Сикорский өз тезистерінде 1940 жылы маусым айының 19 күні Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі Галифакске тапсырылған үндеуге сүйенді. КСРО жерінде поляк армиясын жасақтауға байланысты ойын әлі де болса қуаттай түсті. 1939 жылы тамыз айының 31 күні белгіленген кеңес-поляк шекарасын Кеңес Одағының мойындауына, кеңес аумағында еркінен айырылған поляк азаматтары мен поляк әскери соғыс тұтқындарын босатуға байланысты шаралар жүзеге асырылғанда ғана келісімшарт жасауға жол ашық. Генерал Сикорский сондай-ақ, өз әскери өкілін Мәскеуге жіберіп, британ елшілігіндегі қызметкерлер арасында жоғарыда айтылған бағдарламаны жүзеге асырудың техникалық мүмкіншіліктеріне қатысты жобаны да қайта қолға алды [11].

Көп уақыттан бері күткен герман-кеңес соғысының басталуын Лондондағы поляк саясатшылары мен әскери топ қанағаттанғандық сезіммен қабылдады. Польшаның халықаралық аренадағы жағдайы мен позициясы принципті түрде өзгерді деп үміттенді. Польша жерлері осы уақытқа дейін оқиға болып жатқан аймақтан тысқары болса да екінші дүниежүзілік соғыс кезінде стратегиялық маңызы бар басты аймақтың біріне айналды. Германияның Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасауы поляк-кеңес дипломатиялық қатынастарын реттеу мәселесін күн тәртібіне қойды.

Лондондағы Польша эмигранттық үкіметі, дәлірек айтқанда, генерал Сикорский және Батыстағы эмиграцияда жүрген тағы да басқалар «Сикорскийдің қанатты» позициясын

ұстанған. Өйткені қазіргі сәтте ауыр әскери жағдайда тұрған Кеңес Одағымен келісімшарт жасасу өте қажет болды. Сонымен қатар, ол даулы мәселелерді толықтай шешеді деген бақай есеп те болды. Олар «Рига шекараларына» сәйкес Мәскеу тарапынан немқұрайлы түрде келісімін алу, соғыстан кейін де КСРО-ның тағдыры қандай болғанына қарамастан пайдалы болатындығын қуаттады [12].

Герман-кеңес соғысы басталғаннан кейін іле-шала генерал Сикорский шарттарды дайындауға кірісті. Егер, поляк-кеңес дипломатиялық қатынастары қайта қалпына келе қалған жағдайда Кеңес Одағында поляк армиясын ұйымдастыруға дайындық жүргізбек. Сонымен, генерал Сикорский жаңа саяси және әскери жағдайға байланысты Мәскеуден оралған британдық елші Криппспен және бір арнайы келіссөз жүргізді [13]. Маусым айының 25 күні Сикорский британдықтардың Мәскеудегі әскери миссиясының бас хатшысына хат жолдап, онда Криппспен келісе отырып, ол бірнеше жоғары шенді офицерлер мен бейбіт қызметтегі лауазымды адамдарды жедел босатып алуға тырысу қажеттігін, олар кеңестік аумақта «осы, болмаса басқа сипатта» поляк мүддесіне ұсынылатындығы айтылған [14].

Герман-кеңес соғысының басталуы поляк халқының өкілдерін жау қолында қалған Речь Посполитаяның Шығыс аумағынан КСРО-ның шалғай аудандарына жер аударуға тағы да себеп болды. Қосымша қоныс аударуға герман-кеңес соғысы басталған кезде саяси тұтқындарды НКВД ұйымының жаппай қырып-жоюы қамтылды. Луцк, Тернополь, Дубна, Ровно, Киев, Смоленск, тағы басқа да қалалардан поляк, еврей, украин, белорусь және литва тұтқындарын қоныс аударар алдында НКВД қызметкерлері олардың көзін құртып жіберетін болды. Басқа тұтқындар Кеңес Одағының шалғай аудандарына көшіріліп бара жатқанда жол апатынан немесе өздерін күзеткен солдаттардың оғынан қаза тапты. Тағы бір бөлігі немістердің бомбылауы кезінде қаза тапты. Жаппай қырып-жою қашуға әрекет жасаған тұтқындар үшін ғана емес, тобырға ілесе алмай, жолда құлап түссе де солдаттар сол сәтінде атып тасталды. Вилейкадан Борисовкаға дейін Минск, болмаса Львов арасындағы жол үсті қанға боялды [15]. Күні бүгінге дейін кеңестік ақпарат көздеріне рұқсатсыз жағдайда толық айқындау мүмкін емес. Герман-кеңес соғысы Кеңес Одағындағы түрмелер мен лагерьлерде отырған поляк әскери соғыс тұтқындары мен кеңестік шалғай аудандарға қуғын-сүргінге ұшыраған поляк азаматтарының қайғылы тағдырын басқа жаққа бұрды.

Владислав Сикорский – әскери қолбасшы және саясаткер, генерал брони (генерал-полковник), эмиграциядағы Польша үкіметінің төрағасы.

Владислав Сикорский 1881 жылы 20 мамырда Австро-Венгрия территориясындағы Галицияның Подкарпат воеводствасындағы Тушов-Народовы ауылында дүниеге келген. Жешувте білім алып, Львовта гимназияны тамамдайды. 1902 жылы Львовтың саяситехникалық институтының «жол және көпір» факультетіне оқуға түседі. Ал 1908 жылы В.Сикорский львовтық Белсенді Күрес Одағын құрушылардың бірі болады, сосын 1910 жылы жергілікті «Стрелец» поляк азаматтарының әскериленген одағының төрағасы болады. 1914 жылдан бастап галициялық Халық комитетінің мүшесі, 1916 жылдан бастап оның әскери бөлімінің бастығы болды. Осы кезеңде В.Сикорский мен Ю.Пилсудский арасында күшті шиеленіс басталады: Пилсудскийден айырмашылығы, Сикорский поляк мемлекетін Австро-Венгрияның қамқорлығында қайта құру үшін күресті. 1916-1918 жж. Сикорский австриялық армиядағы поляктарды жинаумен айналысты.

1918 жылы қарашадан бастап Владислав Сикорский Поляк Әскерінің құрамына кіреді: Галициядағы «Восток» әскери тобының штаб бастығы, «Бартатув» және «полковник Сикорскийдің тобы» әскери топтардың бас қолбасшысы болды.

1919-1921 ж.ж. кеңес-поляк соғыс кезінде В.Сикорский 9-шы жаяу әскери дивизияны және Киев науқаны кезінде Полесск әскери тобын, Варшава науқаны кезінде 5-ші армияны, Замостье үшін болған шайқаста 3-ші армияны басқарды. Варшава үшін болған шайқаста Сикорскийдің қолбасшылығындағы әскери бөлімше поляк астанасының солтүстігінде үлкен тойтарыс беріп, бұл Пилсудскийге үлкен жеңіс соққысын беруге мүмкіндік берді. Осы Варшава үшін болған шайқаста Сикорский Польшаның ең жоғарғы әскери орденімен

марапатталады – «Virtuti Militari». 1921 жылы сәуірде В.Сикорский Поляк армиясының Бас қолбасшысы және Бас Штабты басқарып, Ю.Пилсудскийдің орнын алмастырады.

1922 ж. 16 желтоқсанда елдің президенті Габриэл Нарутович өлтірілгенннен кейін Сеймнің төрағасы Мацей Ратай Поляк армиясының Бас қолбасшысы В.Сикорскийге Министрлер Кеңесінің Төрағасы орнын ұсынады, бір уақытта Сыртқы істер министрлігін де басқарды. В.Сикорскийдің үкіметі ішкі тұрақтылықты қалпына келтіріп, Батыс елдерінің Польшаның шығыс шекараларын мойындауына қол жеткізеді.

1923-1924 жылдары В.Сикорский жаяу әскердің бас инспекторы, 1924-1925 жж. – В.Грабскийдің үкіметінде әскери министр, 1925 ж. Львовтағы поляк Әскерінің 6-шы бөлімшесін басқарды. 1926 ж. Мамыр төңкерісі кезінде Сикорский Львовтағы әскери бөлімшені басқарды, бірақ үкіметке ешқандай көмек көрсеткен жоқ, дегенмен Ю.Пилсудскийдің басшылығындағы бүлікшілердің міндетін айтарлықтай жеңілдете түсті.

1928 ж. Францияға эмиграцияға кетіп, сондағы поляк үкіметіне қарсы оппозицияға қосылады. Францияда Жоғарғы әскери мектепте оқыды, Сикорский 1939 жылға дейін елде ешқандай лауазымды орынды басқарған жоқ.

1939 ж. 1 қыркүйекте Германия Польшаға соғыс ашқан кезде В.Сикорский елдің маршалы Эдварда Рыдз-Смиглыдан майданға жіберуді өтінеді, бірақ жауап алған жоқ. Қайтадан Францияға барып, ол жерде 28 қыркүйектен бастап эмиграциядағы поляк армиясын жасақтайды. 1939 жылы 30 қыркүйекте В.Сикорский эмиграциядағы поляк үкіметінің премьер-министрі болады (бұл орынды 1943 жылы өзі қаза болғанға дейін басқарды). 1939 жылы 7 қарашада Поляк Республикасының Президентінің Жарлығы бойынша В.Сикорский Қорғаныс күштерінің Бас инспекторы (Бас қолбасшы) болып тағайындалады. Оның Францияда құрған армиясы 84 мың адамды құрап, немістер Францияға соғыс ашқан кезде француз, ағылшын әскерлерімен бірге белсенді соғыс қимылын жүргізеді. Дегенмен Франция тізе бүккеннен кейін поляк бөлімшелері Англияға қарай бет алып, 1940 ж. 5 қыркүйекте Ұлыбританияның Қорғаныс күштерінің құрамына кіреді.

Немістер КСРО-ға соғыс ашқаннан кейін, 1941 ж. 30 шілдеде В.Сикорский Англиядағы кеңестік елші И.М.Майскиймен Кеңес үкіметімен дипломатиялық байланысты қайта орнату және елдің Шығысында поляк армиясын құру туралы келіссөз жүргізеді. 1941-1942 жж. Ол Ресейдің Бузулық ауданында жасақталған генерал Андерстің поляк армиясын жасақтау операцияларына қатысады. Генерал В.Сикорский қызы Софьямен бірге 1943 ж. 4 шілдеде Гибралтарға жақын маңда әуе апатынан қайтыс болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Внешняя политика Советского Союза. Сборник документов. –Т.III. – М.: Наука, 1947. – С. 71.

2. Документы и материалы по истории советско-польских отношений 1939-1943. – М.: Наука, 1973.– С. 198.

3. Sprawa polska w czasie drugiej wojny swatowej na arenie miedzynorodowoj . Zbior dokumentow. – Warsawa, 1965. – S. 119.

4. Dokumenty i materialy do historii stosunkiw polsko-radzieckich. – T. YII-YIII. – Warsawa, 1973. – S. 179.

5. Dokumenty i materialy do historii stosunkiw polsko-radzieckich. – T. YII-YIII. – Warsawa, 1973. – S. 184.

6. Slusarczyk J. Stosunki polsko-radzieckie 1939-1945. – Warszawa, 1991. – S. 86.

7. Майский И.М. Вспоминания советского посла. Война 1939-1943. – М.: Наука, 1965. – 338 с. – С. 51.

8. Парсаданова В.С. О некоторых аспектах внешней политики польского правительства в эмиграции в 1940-1941 гг. //Международные отношения и стран Центральной и Юго-

Восточной Европы в период фашистской агрессии на Балканах и подготовки нападения на СССР (сентябрь 1940-июнь 1941). – М., 1992. – С.125.

9. Внешняя политика Советского Союза. Сборник документов. – Т.III. – М.: «Наука», 1947. – С. 102.

10. Парсаданова В.С. О некоторых аспектах внешней политики польского правительства в эмиграции в 1940-1941 гг. //Международные отношения и стран Центральной и Юго-Восточной Европы в период фашистской агрессии на Балканах и подготовки нападения на СССР (сентябрь 1940-июнь 1941). – М., 1992. – С.125. .

11. Zaron P. Armia Polska w ZSRR, na Bliskim Wschodzie i Srodkowym Zochodzie. – Warszawa, 1981. – S. 107.

12. Бұл да сонда, 107 б.

13. Парсаданова В.С. О некоторых аспектах внешней политики польского правительства в эмиграции в 1940-1941 гг. //Международные отношения и стран Центральной и Юго-Восточной Европы в период фашистской агрессии на Балканах и подготовки нападения на СССР (сентябрь 1940-июнь 1941). – М., 1992. – С.127.

14. Семиряга М.И. Тайны сталинской дипломатии, 1939-1941. – М.: Высшая школа, 1992. – С. 192.

15. Лебедева Н.С. Катын: преступление против человечества. – М.: Политздат, 1994. – С. 174.

Резюме

Сманова А.М., *к.и.н., доцент*

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Политика премьер-министра польского правительства генерала Сикорского в Великобритании (1939-1943 гг.)

В этой статье расмотрена биография и трудовой путь видного деятеля Польши В.Сикорского. Владислав Сикорский стал профессиональным военным в 1918 г. Во время советско-польской войны 1920 г. командовал одной из польских армий, осуществившей контрудар в районе Варшавы против Красной Армии. Надо полагать, что это запомнилось руководителям обеих стран. 1939 г. 1 сентября, после нападения Гитлера на Польшу, Сикорский добровольно вступил в армию, но не успел получить назначение: в течение месяца Польша пала, а затем была разделена между Германией и СССР. Бежав во Францию, Сикорский – опять-таки с одобрения французского правительства – стал командующим польскими вооруженными силами и вскоре сформировал правительство в качестве премьер-министра эмигрантского правительства, которое было де-юре признано союзниками. Летом 1940 г. в преддверии французской капитуляции польское правительство по приглашению британских властей переехало в Лондон.

Ключевые слова: эмиграция, «Рижский договор», пролетариат, Речь-Посполитая, коалиция, генерал-полковник.

Summary

A.M.Smanova, *PhD Associated Professor*

(*Kazakh State Women's Teacher Training University)*

Policy of the prime minister of the polish government of general Sikorski in the uk (1939-1943)

This article is devoted to the biography and career of the prominent figure in Poland Wladyslaw Sikorski who became a professional soldier in 1918. During the Soviet-Polish war of 1920 he commanded one of the Polish Army, carried out the counter-attack in the center of Warsaw against the Red Army .Must be assumed that it is remembered by the leaders of both countries. 1939 September 1 after Hitler's attack on Poland, Sikorski volunteered to join the army, but did not get an appointment: for a month Poland fell, and then was divided between Germany and the USSR. He fled to France, Sikorski - again with the approval of the French government – became the commander of the Polish armed forces and soon formed a government as prime minister of

emigrant government, which was de jure recognized by the Allies. In the summer of 1940, on the eve of the French capitulation of the Polish government at the invitation of the British government he moved to London.

Key words: emigration, «Treaty of Riga», the proletariat, Speech-Commonwealth, coalition, Colonel-General.

ӘОЖ 342.7 (574)

ӘРКІМНІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУҒА – ЖҰМЫС, КӘСІП ТҮРІН ЕРКІН ТАҢДАУҒА ДЕГЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ: МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

Г.М.Тлебаева, *з.ғ.к., доцент,*
Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы кафедрасының меңгерушісі
М.Абай, *магистрант*
(Тараз қ., М.Х. Дулати атындағы ТарМУ)

Аңдатпа: Мақалада мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының әркімнің жұмыспен қамтылуға деген конституциялық құқықтарының қамтамасыз етілу саласындағы қызметі, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша әркімнің жұмыс пен кәсіп түрін еркін таңдауына, жұмыссыздықтан қорғалуына деген құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: жұмыс, жұмыскер, мемлекеттік бақылау, сыбайлас жемқорлық, өтініш.

Қай салада болмасын мемлекет тарапынан барлық қоғамдық қатынастардың қатаң бақылауда болу қажеттілігі дау тудырмайтындығы баршаға мәлім. Олардың қатарында әркімнің жұмыссыздықтан қорғалуы тиіс. Қоғамның, мемлекеттің алдына қойылған міндет – еліміздің экономикалық, инновациялық-индустриалдық қуаттылығын арттыра отырып түйткілді әлеуметтік мәселелерді шешу, сәйкесінше, мемлекеттік басқару қызметін жетілдіру болып табылады.

Еңбек құқығының тұжырымдамасының айқындалу қажеттілігіне байланысты белгілі ғалым Е.Н.Нұрғалиева келесідей өзінің пікірін білдіреді: «әрбір мемлекеттің экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты, қоғамдық өмірдің болмысын ескере отырып, еңбекті қолдану саласындағы қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттеуге бағытталған жаңа тәсілдердің енгізілуі әр кезеңге тән заңдылық жағдаят» [1, 16-бет].

Әркімнің жұмыспен қамтылуға, кәсіп, жұмыс түрін еркін таңдауға деген құқығы кең мағынада айқындалып, оның құқықтық аспектіде қамтамасыз етілу механизмдері дұрыс бекітілуге тиіс. Заңнамалық тұрғыда берілетін ұғым не термин әркімнің қандайда бір конституциялық құқығының дәл және дұрыс айқындалуына, қамтылуына бағытталуға тиіс.

Конституцияға сәйкес, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық бағыттағы мақсаты мен міндеттерін айқындауға байланысты осы бағыттағы мемлекеттік ұстанымның маңызын ашуда белгілі ғалым З.Ж.Кенжалиев келесі өзінің теориялық ой-толғамдарын білдіреді: «Конституция еліміздің негізгі заңы ретінде мемлекеттің орнын, мәнін, негізгі ұстанымдарын, халықтың мәртебесін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылатындығын білдіретін, билікті жүзеге асырудың негізгі қағидаттарын, республикада қолданылатын құқық жүйесін, саяси жүйені, қоғам мен мемлекеттің экономикалық негізін айқындайды» [2, 76-бет]. Осы мәтіндегі пікірін жалғастыра отырып З.Ж.Кенжалиев келесідей қорытынды жасайды: «табиғатпен, адамзат қоғамымен және мемлекетпен жасалған барлық құндылықтардың ішінде нақ адам, оның өмірі, құқықтары мен

бостандықтары ең қымбат қазына болып айқындалады. Бұдан оның басымдылық түрде қорғалу қажеттілігі туындайды және ол мемлекеттің ең бірінші парызы болып табылады» [2,77-бет].

Конституцияның 24-бабының 1-тармағына сәйкес, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Осы мәтіндегі әркімнің құқығы келесідей белгілерімен сипатталады: еңбек ету жасында болуы, денсаулық жағдайының жарамды болуы; жұмыспен қамтылуға ниет білдіруі; қалауы бойынша мамандығына, кәсібіне сай келетін жұмыс орнының болуы және негізсіз жұмыспен қамтылуға деген құқығының шектелуіне жол берілмейтін құқықтық механизмдердің бекітілуімен айқындалуға тиіс.

Нарықтық қатынастардың даму үдерісін ескеріп, еңбек құқығының жаңа бағыттағы ұстанымдарын айқындаумен байланысты белгілі ғалым Е.Н.Нұрғалиева келесідей өзінің пікірін білдіреді: «еңбек құқығының даму үдерісіндегі байқалатын құбылыс бұрынғы «социалистік еңбекті ұйымдастыру» жүйесінің бүгінгі еңбек саласына толық қолданылуының мүмкін болмауында. Кеңестік дәуірдегі еңбек құқығының кейбір қағидаттары бүгінде қолданылады, ал басқалары жаңа мазмұнда, экономикалық тұрғыда дамыған елдердің тәжірибесі, заңнамалық болмысы ескеріле отырып жаңа ұстанымдар ретінде айқындалуда олардың қатарында қызметкерлердің өмірін, денсаулығын сақтау және олардың еңбек жағдайының үнемі жақсартылуы» [1, 24-бет].

Мемлекет деңгейінде қабылданатын әрбір шешім дер кезінде іске асырылуға, сол шешімдер негізінде айқындалатын іс-шаралардың қатаң бақылауда болуы – түпкілікті қажеттілік болып табылады. Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен бекітілген 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясында – қазақстандықтардың өмір деңгейінің сапасын түпкілікті көтеру, адам капиталын дамыту, заңның үстемдігін қамтамасыз ету міндеті ауқымды алғышарт болып айқындалды [3].

Жан-жақты жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде белгілі ғалым Г.С.Сапаргалиев келесідей тұжырым жасады: «Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаттарын, идеяларын және нормаларын талдау нәтижесінде, конституцияның, мемлекетімізде азаматтық қоғамның орнығуына байланысты құқықтық кеңістіктің қалыптасуын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын, құқықтың үстемділігінің бекітілуін, барлық мемлекеттік биліктің тарамдарының келісімді қызмет атқаруын қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың саяси және құқықтық жауапкершіліктерін айқындауды қамтамасыз ететіндігін анықтаймыз» [4, 14-бет].

Қоғамдық қатынастарды сапалы реттеу мәселесіне қатысты заңнаманың үстемдігін қамтамасыз ету міндеті барлық уәкілетті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына, ұйым басшыларына, лауазымды тұлғаларға жүктелген. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңының күші жойылып, жалпылық мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы ережелер Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексіне енгізілді [5]. Құқық бұзушылықтың алдын алудың басымдығына үстемдік беру қағидаты құқықтық қағидат – құқық нормасы болып, осы Кодексте бекітілді.

Мәселен, әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде прокурорлық қадағалау қызметінің сапалық талаптарына сәйкес болуы, жан-жақтылық зерттеу және бұзылған (не бұзылуға қаупі бар) құқықтарды толық көлемде бұрынғы қалпына келтіру міндеті барлық деңгейдегі прокурорлардың міндеті болып табылады – тексеру жұмысы тексеру өндірісі жөніндегі қаулы негізінде жүргізіледі. Келіп түскен өтініш (арыз, шағым, сұрау, хабарландыру) жан-жақты зерттелуге, сол қаралатын (тексерілетін) өтініштің пәнін құрайтын мәселе бойынша барлық мән-жағдайлар толық айқындалуға тиіс. Мысалы,

бұзылған құқықты қалпына келтіру жөніндегі өтінішті қарауда сол құқықты қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар келтірілген зиянды өндіру, кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту, кейін ала сондай құқықбұзушылықтың орын бермеуі жөніндегі талаптар прокурорлық актіде көрсетілуге тиіс. Прокурорлық тексеру жұмыстары үш түрге бөлінеді: 1) бастамашылдық; 2) заңды тұлғалармен қатар жеке тұлғалардың өтініштері негізінде; 3) Бас прокурордың тапсырмалары бойынша.

Еңбек қатынастарында жұмыс берушімен заңнаманы дұрыс қолдану қызметіне қатысты декларация жүргізу туралы ережелер, мемлекеттік еңбек инспекциясының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 191-200 баптарында айқындалған (бұдан әрі – ҚР ЕК) [6].

Бүгінгі таңда Кәсіпкерлік кодекстің 153-бабына сәйкес, тексеру жүргізу нәтижесінде, тексерілетін субъектінің заңнамамен белгіленген талаптарды бұзу фактісі анықталған болса, бақылау және қадағалау органының лауазымды тұлғасы, заңнамада көзделген өкілеттігі шегінде, анықталған заң бұзушылықтарды жою, олардың алдын алу, адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға, жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне ықтимал зиян келтіруді болғызбау жөніндегі шараларды іске асыруға, сондай-ақ заң бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаларды заңнамамен белгіленген тәртіпте жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы және Елбасы, Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы – Ұлт жоспары шеңберінде [7] 59 заңнамалық актілер қабылданып, басқа нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ұлт жоспарына сәйкес келесідей атқарылатын іс-шаралардың шеңбері айқындалды: мемлекеттік қызмет жүйесін меритократия қағидаты негізінде құру; әрбір орган мен лауазымды тұлғаның қызметі мен өкілеттілігін бөлу және нақты айқындау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты орнықтыру; мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту; мемлекеттік аппарат жұмысын ақпараттандыру; сыбайлас жемқорлық көріністерін жою мақсатында шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыста болуына шек қою; халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін көтеру.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығына сәйкес [8], сыбайлас жемқорлықпен байланысты көріністерге жол бермеу туралы заңнамалық актілер болып Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы [9] және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы [10] айқындалған.

Ұлт жоспарының 13-қадамында жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және жаңа заңнаманы әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің құрылымында сыбайлас жемқорлықтың көріністері бар құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін арнайы бөлім құру міндеті қойылған болатын. Осы мақсатта, барлық мемлекеттік органдардың, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру үшін арнайы өкілетті орган – Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлігі, оның құрамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы құрылды.

Ұлт жоспарының 10-қадамында мемлекеттік қызметшілерді мансаптық жоғарылату үшін конкурстық негізге көшу, «Б» корпусының жоғары лауазымдарға ауысуы төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметшілер қатарынан конкурстық негізде іске асырылатындығы, соған байланысты жоғары лауазымға ауыстыруда меритократия қағидатының қолданылатындығы айқындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен келген мүліктерді тәркілеу, мемлекеттік лауазымға тағайындалатын азаматтарға шектеу қою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізетін басшылардың арнайы жауапкершілігін күшейту туралы нормалармен толықтырылды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында «Мүдделер қақтығысы» мәтініндегі түсінік алғаш рет берілді. Бұл ретте, жауапкершілікті күшейтумен қатар, мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге таралатын әлеуметтік кепілдіктерді күшейту, олардың мәртебесін көтеру мәселесі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып табылады.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясы шеңберінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың, барлық заңды тұлғалар басшыларының мақсаты – еңбек қатынастарында мүдделердің шиеленісуін, шиеленісу деректерінің қасақана өрлеуін болдырмау, еңбек заңнамасы нормаларын дұрыс қолдану қызметіне бақылау және қадағалау жүргізуді күшейту болып табылады. Аталмыш Стратегия шеңберінде, барлық мемлекеттік органдармен жұмыскерлерге төленбеген жалақыны өндіру, ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуын бақылау, еңбек дауларын сотқа дейін шешу жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясының үшінші бөлімінде – жаңа экономикалық саясаттың бағытын анықтау мәселесіне қатысты бүгінгі көзқарастарды өзгерту, соған байланысты жаңа бағыттар бойынша жүзеге асырылатын қызмет түрлері айқындалған. *Біріншіден,* экономикалық және басқару жөніндегі шешімдерді түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдау. *Екіншіден,* Қазақстан толыққанды бизнес-серіктестік ретінде қатыса алатын жаңа нарықтық тауарларды айқындау, экономикалық дамудың жаңа тіректерін құру. *Үшіншіден,* экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал құру. *Төртіншіден,* экономиканың тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту: экспортты мемлекеттік ынталандыру, шағын және орта бизнестің дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.

Аталмыш Стратегия қабылданғанға дейінгі бекітілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, мемлекеттің даму жолындағы міндеттердің кейбір бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында айқындалған болатын. Осы мақалада айқындалған стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы [11], Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдеде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Өкімі қабылданды [12].

Соңғы жылда қабылданған барлық заңнамалық актілер еңбек қатынастарын сапалы реттеу, халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздықтың деңгейін бәсеңдету және еңбек дауларының туындауына негіз болатын жағдаяттардың ұйым деңгейінде шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Еңбек кодексінің нормалары барлық жұмыскерлерге, олардың қатарында – азаматтық және мемлекеттік қызметшілерге тікелей таралады. ҚР ЕК-нің 8-бабының 3-тармақшасына сәйкес, жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін құқықтық реттеудің ерекшеліктері осы Кодекпен және өзге де заңдармен айқындалады. Егерде мемлекеттік қызметшілердің қатысымен туындайтын қандай да бір қатынастар мемлекеттік қызмет туралы заңнамалық актілермен тікелей реттелмесе, сол қатынастар ҚР ЕК-мен реттелуге тиіс.

Конституциямен айқындалған әркімнің жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтары мен бостандықтары әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы құқықтары мен бостандықтары болып танылады. Жалпы, құқықтар мен міндеттердің бірлігі әрбір құқық саласына тән қатынастардың мазмұнын құрайды. Конституцияда бекітілген нормаларды талдай отырып, «Адам және азамат» бөлімінде айқындалған құқықтар мен міндеттердің азаматтық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси сипатта жіктелетіндігі, соған сәйкес, әркімнің жұмыс пен кәсіп түрін еркін таңдауына, жұмыссыздықтан қорғалуына, қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуіне деген құқығының әлеуметтік-экономикалық сипатта танылатындығы айқындалған. Конституциямен айқындалған негізгі құндылық – адамның және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі Конституцияның 1-бабында бекітілген [13]. Әркімнің, сонымен қатар, уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланыстылығы Конституцияның 12-бабының 1-тармағына және басқа да баптарына сәйкес айқындалатындығын атап өтуіміз қажет.

Қай салада болмасын қандай да бір құқықтық қатынасқа түсу, не туындаған келіспеушіліктерді, дауларды шешу белгіленген тәртіпте өтінішті беру, оны тіркеу, сол өтінішке қатысты шешім қабылдау тәртібінде іске асырылады.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар еңбек тәртібін күшейту, бекіту, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру мәселесіне қатысты қабылданатын шешімдер белгіленген тәртіпте берілетін, енгізілетін өтініштерді қарау негізінде іске асырылады. Мысалы – құрылым бөлімше басшысының бастамашылдығымен енгізілетін ұсыныс не баяндамалық жазба ұйым басшысымен қаралып, сол ұсыныс не баяндамалық жазба негізінде қандайда бір шешім қабылданады. Өтініштер негізінде адамның құқықтары және бостандықтарын қамтамасыз ету, әрекет пен қызметтің үйлесімділігін анықтау, қарама-қайшылықтар мен шиеленістердің алдын алу жүзеге асырылады. Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңнама нормалары мемлекеттік қызмет және экономиканың барлық салаларына тең жағдайда таралады.

Петиция – латын тілінен аударғанда (petitto) уәкілетті органдарға жазбаша түрде берілетін ұжымдық өтініш ретінде айқындалған. Осы ұғымның (терминнің) мазмұнын, сипатын анықтауда негізге алынатын негізгі белгі – әркімнің өз құқығы шеңберінде, өзінің жігерлі әрекетімен, өзіне тиесілі өтініш жолдау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде айқындалуында. Халықаралық стандарттарға сай өтініш жолдау құқығымен, жеке тұлғалармен қатар, жеке тұлғалардың өкілдік органы (өкілі) тең жағдайда иемденеді. Яғни, өтінішті беру – адамның жігерлі әрекеті және адамның құқығын қамтамасыз етудің бірден-бір тәсілі ретінде танылады. Д.Сон осы мәселеге байланысты өзінің келесідей пікірін білдіреді: «Көп жағдайда лауазымды тұлғалардың заңға қайшы әрекетке баруы, сонымен қатар, өрескел заңды бұзуына себеп болатын жағдай – халықтың жігерлігінің, құқықтық сауаттылығының төмен болуымен байланысты» деп өзінің пікірін білдірген [14, 33-бет].

Өтініштерді қараудың құқықтық рәсімін, шегін анықтау – құқықтық қатынас субъектілерінің арасындағы байланысты нығайтуда, құқықбұзушылықтың алдын алуда маңызды орын алады және жұмыскерлердің, қызметшілердің қоғамдық қатынастарға белсенді қатысуына мүмкіндік тудырады. ҚР Конституциясының 18-бабының 3-тармағы мен 20-бабының 2-тармағында айқындалған әркімнің ақпаратты алу, оны тарату, өтініш беруге деген құқығын іске асыру механизмдері тиісті заңнамалық актілермен айқындалған (айқындалуға тиіс). Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тиісті халықаралық шарттар, олардың қатарында 2005 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Парламентімен 1966 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Халықаралық Пакт бекітілді [15]. Келесі халықаралық шарт – «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пактіге 2003 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентімен қол қойылды және ол бекітілгеннен кейін 2006 жылдың 24

сәуірінде күшіне енді [16]. Құқық қолдану қызметінде жоғарыда көрсетілген халықаралық шарттар әрқашан басымдықпен қолданылады. 1993 жылдан бастап Халықаралық Еңбек Ұйымының 24 Конвенциялары Қазақстан Республикасының Парламентімен ратификациядан өткізілді.

ҚР ЕК – нің 3 бабының 1-тармағына сәйкес, еңбек заңнамасының мақсаты – еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу, тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төменгі кепілдіктерін белгілеу болып табылады. Аталған баптың 2-тармағымен, еңбек заңнамасының міндеттері айқындалған – тараптардың мүдделерінің теңгерімін айқындау, экономикалық өсуге қол жеткізу, өндірістің тиімділігі мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайларды жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

Өтініштің бір түрі «хабарлама» ҚР ЕК-нің 1-бабы 1-тармағының 81) тармақшасында берілген. Хабарлама – жұмыскердің немесе жұмыс берушінің жазбаша өтініші не өзге тәсілмен (курьерлік пошта, пошта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы) берілген өтініш мәтінінде айқындалған. Негізінде, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес өтініштердің жеті түрі айқындалған: 1) электрондық құжат; 2) бейнеконференцбайланыс; 3) бейнеөтініш нысанындағы ұсыныс; 4) арыз; 5) шағым; 6) сауал; 7) үн қосу.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы №510 «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есептер туралы» Заңның қабылдануына байланысты 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрығымен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерін бекіту туралы» және Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және оны толтыруға байланысты №1–ОЛ формадағы нұсқаулық бекітілді [17].

Аталған Бұйрықпен ҚР Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есеп бойынша Комитетке есептік мәліметтер беру (өтініштерді қарауға құқығы бар субъектілермен) және өтініштерді есепке алу ережелері анықталды. Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес барлық өтініштер есепке алынуға жатады және солар бойынша статистикалық, бақылау-қадағалау органдары құқықтық статистикалық талдау жұмысын жүргізеді. Бас Прокуратура жанындағы аталмыш Комитет құқықтық статистикалық ақпаратты жинау және өңдеумен ғана айналыспайды, сонымен қатар, өтініштерді қарау тәртібін сақтау, қадағалау аясында прокурорлық қадағалау қызметін жүзеге асырады.

Өтініштерді қарау мәселесіне қатысты ҚР ЕК-нің кейбір баптарын мысал ретінде қарастыруымызға болады: ҚР ЕК-нің 159-бабының 4-тармағына сәйкес келісу комиссиясына келіп түскен өтініш, сол комиссиямен, берілген күні міндетті түрде тіркелуге тиіс. Осы баптың 5-тармағына сәйкес келісу комиссиясы, жекелеген дауды, өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Аталмыш комиссияның шешімі (оның көшірмесі) қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде тараптарға берілуге тиіс. Осы баптың 6-тармағына сәйкес келісу комиссиясының шешімі онда белгіленген мерзімде тараптармен орындалуға тиіс.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметі жөніндегі заңнама нормаларын қолдануда ескерілетін жағдай – әркімнің құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуіне прокурорлық қадағалау қызметі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 «Прокуратура туралы» Заңымен [18], бөлек еңбек инспекциясына қатысты ҚР ЕК-нің 191-198-баптарына және Кәсіпкерлік кодекстің 129-157-баптарына сәйкес еңбек қатынастарында тексеру жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктері айқындалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

1. Нургалиева Е.Н., С.А. Бухарбаева. Принципы трудового права. – Алматы, 2004. – 160 б.

2. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы/ Ред. басқарған З.Ж.Кенжалиев. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 120 б.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана,// Егемен Қазақстан, 2014, 17 қаңтар, 15 желтоқсан 2012.

4. Сапаргалиев Г.С. Становление конституционного строя Республики Казахстан (1990-1996). Правовые проблемы становления суверинитета Республики Казахстан. – Алматы: Жеті-жарғы, 1997. – 136 с.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексі // Егемен Қазақстан, 03 қараша 2015 жыл №210 (28688).

6. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі// Егемен Қазақстан, 25 қараша 2015, №226 (28704).

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» Бағдарламасы // Егемен Қазақстан 20 мамыр 2015 жыл № 92.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығы.

9. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 20 қараша 2015 жыл №223 (28701).

10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 25 қараша 2015, № 226 (28704). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі №961 «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы.

11. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдеде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Өкімі.

12. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (2011 жылға дейінгі енгізілген өзгерістер және толықтырулармен). – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 37 бет.

13. Сон Д. Участие институтов гражданского общества в борьбе с преступностью и коррупцией. К обществу без коррупции. Информационно-аналитический журнал, №4 (21) декабрь, 2004. – С.47.

14. Қазақстан Республикасының Парламентімен 2005 жылдың 21 желтоқсанында бекітілген 1966 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Халықаралық Пакт.

15. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пакт 2003 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентімен қол қойылды және ол бекітілгеннен кейін 2006 жылдың 24 сәуірінде күшіне енді.

16. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 30 қаңтар 2006 жыл №23 (24600). Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709

«Прокуратура туралы» Заңы, 1995 жылы № 24, 156-құжат Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.

Резюме

Тлебаева Г.М., *к.ю.н., доцент,* ***Абай М.,*** *магистрант*
(г. Тараз, ТарГУ им. М.Х. Дулати)

Правовые механизмы по обеспечению конституционных прав каждого на трудоустройство – на свободу выбора работы, вида деятельности: характеристика деятельности государственного контроля и надзора

В статье рассмотрены вопросы по деятельности органов государственного контроля и надзора по обеспечению конституционных прав каждого на трудоустройство, также обеспечение прав и свобод каждого на свободный выбор работы и вида деятельности, защита от безработицы согласно законодательству Республики Казахстан.

Ключевые слова: работа, работник, государственный контроль, коррупция, заявление.

Summary

Tlebayeva G.M., *candidate of sciences law, associate professor,*
Abay M., *master degree student*
(Taraz, Taraz State University named after M. H. Dulati)

Legal mechanisms on providing constitutional rights of everyone for employment – for freedom of work choice, kind of activity: the characteristics of activity of the state control and supervision

The article considers the issues on activities of bodies of state control and supervision on provision of constitutional rights of everyone for employment, also ensuring the rights and freedom of everyone for free choice of work and kind of activity, protection against unemployment according to the legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: work, worker, state control, corruption, statement.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY

ӘОЖ 378

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГ-КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Г.А.Абаева, *п.ғ.к., доцент,*
Э.Т.Мукажанова, *п. ғ. магистрі*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: ҚР-дағы инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың заңнамалары мен білім беру мекемелерінің қажетті мамандармен қамтамасыз етілуі және мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыратын педагогикалық кадрлардың деңгейі қарастырыла отырып, мүмкіндігі шектеулі және қалыпты деңгейдегі балалармен жемісті және толыққанды білім беру үрдісін жүзеге асырудың бірнеше жолдары ұсынылды.

***Түйін сөздер*:** инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, педагогикалық қолдау, кәсіби даярлау, арнайы оқу бағдарламасы.

Қазіргі таңда Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі баланы барлығымен теңдей білім алуға құқылы болуына кепілдік беретін нормативті-құқықтық құжаттар мен заңдар қарастырылған: «Бала құқықтары туралы Конвенция» (1989) және «Мүгедектердің құқықтарының тепе-теңдігін қамтамасыз ету туралы ережелер» (1993), білім алуда ерекше қажеттіліктері бар

балаларға арнайы білім беру және жағдайын реттеу үшін «Саламандық декларация» (1994), 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы. Инклюзивті білім беру жүйесі барлық дамыған мемлекеттерде жүзеге асырылуда.

Жалпы білім беру мекемелерінде біріктіріп оқыту үрдісін белсенді жүргізу үшін, аталған мекемелерді жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету қажет: мұғалім-дефектолог, тәрбиешілер, психологтар, логопедтер, әлеуметтік педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, емдік дене шынықтыру бойынша мамандар, еңбектерапевт, дәрігерлер (психоневролог, отоларинголог, офтальмолог, кинезитерапевт).

Бұл дамуында ауытқуы бар баланың әлеуметтік және білім беру саласындағы қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, әлеуметтік-психологиялық, медициналық қолдау көрсетудің бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаға қолжетімді және толыққанды білім алу үшін білікті маманның қажеттілігін, көптеген шетелдік және отандық ғалымдар өзіндік пікірлері мен зерттеу жұмыстары негізінде дәлелдемелер жасаған. Мысалы, О.Газман педагогикалық қолдау көрсету – бұл баланың психикалық және дене дамуына байланысты жеке проблеманы шешуде, оған жедел түрде көмек көрсетуге бағытталған мамандардың қызметі деген анықтама береді [2]. Р.П.Дименштейн, П.Ю.Кантор, И.В.Ларикованың көзқарасы бойынша, мұғалімнің сыныпқа енгізілген психикалық және дене дамуында ауытқуы бар баламен жұмыс жасап, түрлі категориядағы балаға оқу материалын түсіндіру мен туындаған проблеманы шешуге қабілетті болғанда ғана жоғары бағаланатынын айтқан. Сондықтан түрлі деңгейдегі балаларды біріктіріп оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибенің жемісті болуы, мұғалімнің құзыреттілігі мен дайындық деңгейіне байланысты [3]. Демек, біріктіріп оқыту жүйесінде мұғалімнің жұмыс жасай алу қабілеттілігін арттыру үшін педагогикалық кадрлардың қайта даярлануы мен біліктілігін көтеру курстарынан өтуі талап етіледі. Жалпы білім беру жүйесіндегі мұғалімдерге дефектологиялық ағартушылық жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігінің нәтижелері Е.Аржанова, Т.Мухина, И.Бгажнокова мен О.Кукушкинаның зерттеу жұмыстарында атап көрсетілген [4].

Отандық зерттеушілерде инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалімнің дайындық деңгейі маңызды рөл атқаратыны көрсетілген. А.А.Айдарбекова жалпы білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі баланың жемісті оқыту мен тәрбиеленуі, көбінесе мекеме басшыларының құзыреттілігіне, жалпы білім беру мекемесіндегі педагогикалық кадрлардың дайындық деңгейіне тәуелді деп санайды. Э.О.Жекееваның «Зарубежный опыт: мнение Американских учителей об эффективности инклюзивного образования» атты мақаласында мұғалімдердің инклюзивті білім берудің мәнін қаншалықты деңгейде түсінудің көрсеткіштері айқындалып, инклюзивті білім беруге анықтама берілген [5]. Инклюзивті білім беру – бұл мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру жүйесіне қысым көрсетумен енгізу емес, керісінше жалпы білім беру жүйесін барлығына теңдей етіп құру. Сонымен қатар біріктіріп оқытуды ұйымдастыру, мамандар мен мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеруді талап етеді.

Жоғарыдағы ой-пікірлерді қорытындылай отырып, талдау жүргізуді жөн көрдік. Мәселен, Түзету педагогикасы ұлттық-ғылыми практикалық орталығының басшылығымен Қазақстан Республикасының облыс және аудандарында мектепте педагог-кадрлардың дайындық деңгейі анықталды. Инклюзивті білім берудің оңды нәтижеге жетуі – бұл мұғалімдердің біліктілігі мен арнайы (түзете) білім беру саласындағы арнайы дайындығына және ақпараттану деңгейіне тәуелді. Инклюзивті статусқа ие болған жалпы білім беру мекемелеріндегі педагогикалық кадрларды мүмкіндігі шектеулі баланың жас ерекшелігіне, дамуына және білім алуындағы қажеттіліктеріне сәйкес, әр балаға жеке оқыту амалдарды қолдануды қамтамасыз ететін оқытудың арнайы технологияларын, әдіс-тәсілдерін меңгеру қажет. Сондықтан, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін арнайы психология негіздері мен коррекциялық педагогиканы меңгертуге бағытталған арнайы курстардан өткізу қажет.

Жалпы білім беру жүйесіне енгізілген оқушылармен жұмыс жасайтын педагогикалық кадрлардың дайындығы туралы мәлімет төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Жалпы білім беру жүйесіне енгізілген оқушылармен жұмыс жасайтын педагогикалық кадрлардың дайындығы туралы мәлімет

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдар	МШБ-дың білім алуына үлес қосқан педагогтар саны (тәрбиешілер, мұғалімдер)	Арнайы жоғары білімі бар мамандар (дефектологиялық)	Арнайы педагогика бойынша кәсіби қайта даярлау курстарынан өткен	Инклюзивті білім проблемасы бойынша біліктілік курстарынан өткен
Балабақша	826	287	395	391
Жалпы білім беретін мектеп	4102	1891	582	1684
Барлығы	4928	2178	977	2075

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде 5 мың педагогикалық қызметкерлер қамтылған. Оның 2178-і (41%) кәсіби даярлықтан (жоғары арнайы педагогикалық (дефектологиялық) білімі бар), 977-і (19%) арнайы педагогика бойынша қайта даярлау курсынан, 2075-і (40%) қысқа мерзімді біліктілікті көтеру курстарынан өткен [6]. Оны төмендегі сызбадан көруімізге болады.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы өзекті мәселелердің бірі ретінде, кәсіби қызметтің жаңа түріне педагогикалық кадрлардың даярлығының болмауы алынады. Бұл бір жағынан, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің жауапкершілікке дайын болмауы, екінші жағынан – инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін арнайы педагогикалық кадрлардың даярлықтан өткізілмеуі. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мұғалімдермен қатар мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарылатуды талап етеді.



Сызба 1 – Мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыратын педагогикалық кадрлардың деңгейі

Сондықтан біз жалпы педагог-кадрлардың инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі және қалыпты деңгейдегі балалармен жемісті және толыққанды білім беру үрдісін жүзеге асырудың бірнеше жолдарын ұсынамыз:

- мұғалімдердің жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби педагогикалық мәдениетін арттырудың мүмкіндіктерін анықтау;
- интеграциялық білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің даму механизмдері мен шарттарын, теориялық негіздерін құрастыру;
- шет елдердің инклюзивті статусқа ие болған мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерімен таныстыру;
- жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті сыныпта жұмыс жасайтын мұғалімдердің кәсіби педагогикалық даярлығы (мұғалім) және арнайы кәсіби біліктілік

компонентіне (біліктілікті көтеру курсы немесе педагогикалық кадрларды қайта даярлау) ие болуын қадағалау;

- инклюзивті білім беру жүйесіне арнайы мамандарды даярлауда жоғары білім беру жүйесінің *оқу бағдарламаларына* «Дефектология негіздері», «Арнайы педагогика негіздері» атты арнайы пәндерді енгізудің қажеттілігі;

- мұғалімнің инклюзивті құзыреттілігін дамытудың оқыту–ұйымдастырушылық формалары айқындалды: арнайы дәріс; семинар; тренинг; дөңгелек үстел өткізу; біліктілікті арттыру курсы; қайта даярлау курстарын өткізу. Осыған орай, төмендегідей үлгіні ұсынамыз.

«Мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектепте білім алуын ұйымдастыру» курсы бойынша оқытудың тақырыптық жоспары
(Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне)

Тақырыптың атауы	Сағат
I. Мүмкіндігі шектеулі балалар туралы жалпы түсініктерге шолу	6
1.1. Қалыпты және қалыпсыз жағдайда бала дамуының негізгі заңдылықтары	1
1.2. Мүмкіндіктері шектеулі балалар категорияларын топтастыру	1
1.3. Арнайы мектептегі сабақты ұйымдастыру ерекшеліктері	1
1.4. Арнайы педагогиканың ғылыми негізі мен теориясы	1
1.5. Арнайы педагогиканың принциптері мен арнайы білім берудегі оқыту әдістері.	1
1.6. Арнайы мектептегі сабақты ұйымдастыру ерекшеліктері	1
1.7. Қазіргі арнайы білім берудің жағдайы және болашақ даму тенденциялары. Ерте жастан көмек көрсету жүйесі (скрининг әдістемесін талдау)	1
1.8. Ерекше қажеттілігі бар балалардың білім беру жүйесінің даму перспективасы	1
1.9. Жалпы және арнайы білім беру: интеграция және дифференциация	1
II. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білімнің дамуы	8
2.1. Қазіргі таңдағы арнайы білім беру жүйесі	1
2.2. ҚР-ның білім беру заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар	1
2.3. Инклюзивті білім беру жүйесіне тарихи шолу	1
2.4. Шет елдерде инклюзивті білім беру жүйесі	1
2.5. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесінің даму бағыттары	1
2.6. Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың бағыттары мен жүйелері	1

«Мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектепте білім алуын ұйымдастыру» курсы бойынша оқытудың тақырыптық жоспары
(Арнайы білім беретін мектеп мұғалімдеріне)

Тақырыптың атауы	Сағат
I. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың теориялық негіздері	*5*
1.1. Білім берудің арнайы міндеттері және оны жүзеге асырудың жолдары мен құралдары	1
1.2. Арнайы мектептегі оқыту процесінің ерекшеліктері	1
1.3. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеудегі оқыту мен тәрбиелеудің, түзетудің, еңбектің алатын орны.	1
1.4. Қазіргі таңдағы арнайы білім берудің даму тенденциясы	1
1.5. Қазақстан Республикасындағы білім беру заңындағы толықтырулар мен өзгерістер	1
II. Қазіргі арнайы білім берудің жағдайы	*6*
2.1. Кемтар балаларға ерте көмек көрсету жүйесі	1
2.2. Инклюзивті білім беру жүйесіне тарихи шолу	1
2.3. «Инклюзивті» және «Интеграциялық» білім беру жүйесі	1
2.4. Шет елдердегі біріктіріп оқыту мен инклюзивті білім беру	1
2.5. Қазақстандағы инклюзивті білім берудің даму бағыттары	1
2.6. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуындағы инклюзивті білім берудің ерекшеліктері мен типтері	1

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Газман О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема // Новые ценности образования. 1995. №3. – С. 60.
3. Шевчук Л.Е. Интегрированное обучение учащихся с особенностями развития в общеобразовательном учреждении // Дефектология. 2004. №6. – С.28-31.
4. Актуальные проблемы становления профессиональной культуры педагогов интегрированного образования. Матер. Межд. науч.-практ. конф. – Волгоград, 2010.
5. Айдарбекова А.А., Хакимжанова Г.Д. Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы. – Алматы. 2001. – С.30.
6. Доклад Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики: Теоретическое обоснование внедрения инклюзивного образования. – Алматы, 2013.

Резюме

Абаева Г.А., *к.п.н., доцент,* **Мукажанова Э.Т.,** *маг.пед.наук*

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Пути подготовки и переподготовки педагогических кадров в условиях инклюзивного образования

В статье предлагаются пути реализации результативного и полноценного образовательного процесса в работе с детьми с ограниченными возможностями и детьми с нормальным развитием, также рассматриваются проблемы уровня педагогических кадров, осуществляющих процесс обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями и обеспечения необходимыми специалистами образовательных учреждении, закономерности реализации инклюзивного образования в РК.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, педагогическая поддержка, профессиональная подготовка, специальная учебная программа.

Summary

Abaeva G.A.,PhD, *candidates degree in pedagogical sciences,*

E.T.Mukazhanova *master of pedagogical sciences*

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Ways of training and retraining of pedagogical shots in conditions of inclusive education

The article suggests ways of realization efficient and high-grade educational process in working with children with disabilities and children with normal development are also considered problems of the prior of pedagogical shots engaged in the process of training and education of children with disabilities and to ensure the necessary expertise of educational institutions, patterns of implementation of inclusive education in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: inclusive educational, children with disabilities, pedagogical support, professional training, a special training program.

УДК 615.8

ВОЗДЕЙСТВИЕ ПЛАВАНИЯ В ЛЕЧЕНИИ СКОЛИОЗА

М.Б.Атыканова, *преподаватель*

(г.Алматы, ГУ «Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики»)

Аннотация: В статье описаны физические упражнении, эффективно влияющих на лечение сколиоза позвоночника детей посредством плавания. Жизненно важные навыки плавания улучшают здоровье, также имеют воспитательное, оздоровительно-гигиеническое,

лечебное, эмоциональное и прикладное значение. При комплексном лечении детей, страдающих сколиозом рекомендуется плавание. Задачи лечебных и физических упражнений в воде и на суше – это коррекция плоскостопии, улучшение функции дыхательных путей и сердечно-сосудистой системы, учение плаванию, психологическая подготовка к дальнейшему лечению. По степени сложности сколиоза делается отбор плавательных упражнений.

Лечебно-оздоровительные упражнения проводится в бассейне по этапам: подготовительный, основной и последний этап. При любых ситуациях рекомендуется и другие физические оздоровительные упражнении, которые комплексно влияют на организм ребенка.

Ключевые слова: плавание, позвоночник, сколиоз, физические упражнения, лечебно-оздоровительные, плавательные упражнение, закаливание.

Плавание способствует укреплению здоровья, привитию жизненно важных навыков, воспитанию морально-волевых качеств. Оно имеет большое воспитательное, оздоровительно – гигиеническое, лечебное, эмоциональное и прикладное значение.

Эмоциональное значение заключается в снятии психологической напряженности у больных детей, создании оптимистического настроения в многолетнем лечении.

Оздоровительно-гигиеническое значение его состоит не только в воздействии физических упражнений на организм ребенка, но и в благоприятном воздействии на него воды. Вода очищает и укрепляет кожу, оказывает положительное влияние на нервную систему, активизирует обмен веществ, улучшает деятельность сердечно-сосудистой и дыхательной систем. Пребывание в воде совершенствует теплорегуляцию, закаливает организм. Давление воды на грудную клетку вызывает усиленную деятельность мускулатуры. Ритмичное и глубокое дыхание при плавании способствует повышению подвижности грудной клетки и увеличению жизненной емкости легких.

Лечебное значение плавания особенно наглядно прослеживается в комплексном лечении сколиоза у детей. Оно является одним из важных звеньев комплексного лечения. При плавании происходит естественная разгрузка позвоночника, исчезает ассимметричная работа межпозвонковых мышц, восстанавливаются условия для нормального роста тел позвонков. Самовытяжение позвоночника во время скольжения дополняет разгрузку зон роста. Одновременно укрепляются мышцы позвоночника и всего скелета, совершенствуется координация движений, воспитывается чувство правильной осанки.

Показания и противопоказания к лечебному плаванию.

Плавание рекомендуется всем детям со сколиозом, независимо от тяжести сколиоза, его прогноза, его течения и вида лечения.

Основные задачи лечебных и физических упражнений на суше и в воде заключаются в следующем:

1.Разгрузка позвоночника – создание благоприятных физиологических условий для нормального роста тел позвонков и восстановления правильного положения тела;

2. возможное исправление деформации;

3. воспитание правильной осанки;

4. улучшение координации движений;

5. увеличение силы и тонуса мышц;

6. коррекция плоскостопия;

7. постановка правильного дыхания;

8. улучшение функции сердечно-сосудистой и дыхательной систем;

9. закаливание;

10. приобретение навыков плавания – освоение плавания;

11. развитие волевых качеств и создание психологического стимула для дальнейшего лечения;

12. эмоциональная разрядка больных детей, профилактика психологической перегрузки.

Принципы лечебного плавания:

Существуют общие принципиальные положения, обеспечивающие эффективность воздействия лечебных физических упражнений, как на суше, так и на воде:

– они должны сопровождать все фазы лечения сколиоза;

– лечебная физкультура и плавание, изолированно используемые от комплекса терапевтических мер, не дают эффекта в лечении прогрессирующих форм сколиоза;

– вместе с тем, какие бы лечебные физические упражнения ни применялись, они не будут эффективными, если проводятся без учета функциональных возможностей сердечно-сосудистой, мышечной и других систем организма ребенка. Для получения благоприятного эффекта от лечебной физкультуры и плавания, необходимо наличие достаточных резервных сил в самом организме, ибо перегрузка расходует ресурсы организма и наступает состояние общего переутомления. Поэтому, дозирование нагрузки обязательно должно идти под контролем силовой выносливости мышц и других функциональных проб.

Непосредственно при проведении плавания с детьми, больными сколиозом, необходимо учитывать следующие требования:

– подбирать плавательные упражнения и стиль плавания строго индивидуально;

– обращать особое внимание на постановку правильного дыхания;

– учитывать при подборе исходного положения и индивидуальных специальных корригирующих упражнений тип сколиоза, степень искривления, изменения позвоночника в сагиттальной плоскости (кифозирование спины или лордоз грудного отдела), состояние мышечной системы и уровня физической подготовленности, наличие сопутствующих заболеваний других органов, не являющихся противопоказанием к плаванию;

– предварительно осваивать элементы каждого упражнения на суше, учитывая нарушения координации у больных сколиозом;

– исключить упражнения, вращающие позвоночник с колебаниями вокруг продольной вертикальной оси туловища;

– исключить упражнения, мобилизующие позвоночник, увеличивающие его гибкость;

– обеспечивать контроль строгой стабилизацией позвоночника в положении коррекции;

– исключить использование приспособлений для пассивного вытяжения позвоночника;

– добиваться увеличения паузы скольжения с самовытяжением позвоночника;

– осторожно применять деторсионные упражнения в воде в связи с тем, что их выполнение технически очень сложно и неправильное выполнение принесет вред, заключающийся в увеличении торсии и нестабильности позвоночника.

Исходя из этих требований, основным стилем плавания для лечения сколиоза у детей, является брасс на груди с удлиненной паузой скольжения, во время которой позвоночник максимально вытягивается, а мышцы туловища статически напряжены. При этом стиле плечевой пояс располагается параллельно поверхности воды и перпендикулярно движению, движения рук и ног симметричны, производятся в одной плоскости. Возможности увеличения подвижности позвоночника и вращательных движений корпуса и таза, крайне нежелательные при сколиозе, при этом стиле минимальны.

При плавании стилями кроль баттерфляй и дельфин во время гребковых движений рук, возникают вращательные движения в позвоночнике и движения в поясничном отделе в переднезаднем направлении, увеличивающие мобильность позвоночника и скручивающий момент. Поэтому, в чистом виде эти способы не могут применяться в лечебном плавании детей со сколиозом.

При плоскостопии полезно использовать движение ногами стилем кроль (для усиления воздействия на мышцы стопы – плавание в ластах). При плоской спине, когда вместо физиологического грудного кифоза у ребенка имеется уплощение – лордоз грудного отдела позвоночника, можно ввести в комплекс работу стилем баттерфляй, в пол – гребка, без

выноса рук из воды. Не следует забывать, что стили баттерфляй и дельфин различаются лишь работой ног. В стиле баттерфляй ноги работают брассом, а в стиле дельфин ноги соединены вместе, поэтому при толчке ногами происходит активное сгибание – разгибание в поясничном отделе позвоночника. В связи с этим, стиль дельфин недопустим при сколиозе. При выраженном увеличении грудного кифоза рекомендуется 40% времени занятий отводить плаванию стилем брасс на спине.

Подбор плавательных упражнений учитывает степень сколиоза. При сколиозе I степени используют только симметричные плавательные упражнения: брасс на груди, удлиненная пауза скольжения, кроль на груди для ног, проплывание скоростных участков под контролем функциональных проб.

При сколиозе II – III степени задача коррекции деформации вызывает необходимость применения асимметричных исходных положений. Плавание в позе коррекции после освоения техники брасс на груди должно занимать на уроке 40-50% времени. Это значительно снимает нагрузку с вогнутой стороны дуги позвоночника.

При 4 степени сколиоза на первый план выдвигается задача не коррекции деформации, а улучшения общего состояния организма, функционального состояния сердечно-сосудистой и дыхательной систем. В связи с этим используют, как правило, симметричные исходные положения. Особое внимание уделяют дыхательным упражнениям. Однако, для тренировки сердечно-сосудистой системы и повышения силовой выносливости мышц необходимо индивидуально вводить под строгим контролем проплывание коротких скоростных отрезков. Чрезвычайно важно совершенствовать технику плавания особенно у тех больных, у которых почти постоянным симптомом является нестабильность позвоночника. Большая разница между угломискривления позвоночника, определяемым по рентгенограмме в положении лежа стоя, требует максимального исключения при плавании движений позвоночника в переднезаднем направлении и вращений позвоночника.

Для детей со сколиозом подбирается исходное положение коррекции строго индивидуально и в зависимости от типа сколиоза. Так, при грудном типе сколиоза с вершиной на 8-9 грудном позвонке для снижения компрессии с вогнутой стороны дуги применяют асимметричные исходные положения для плечевого пояса: рука с вогнутой стороны сколиоза выносите при плавании вперед (при стоянии – вверх). При поясничном типе (вершина дуги на 2-3-м поясничных позвонках) и грудопоясничном типе (вершина дуги на 12-м грудном или 1-м поясничном позвонках) сколиоза для коррекции дуги могут быть использованы асимметричные исходные положения для тазового пояса: при плавании нога с выпуклой стороны поясничной дуги отводится с фиксацией таза на доске. При комбинированном типе сколиоза с двумя первичными дугами (грудной и поясничной) особое внимание уделяется коррекции грудной дуги. При подборе плавательных упражнений учитывается и деформация позвоночника в сагиттальной плоскости (лордоз или кифоз).

Занятия в бассейне проводятся в урочной форме, включая подготовительную, основную и заключительную части. В подготовительной части занятия обычно используются общеразвивающие упражнения, стоя у бортика, в ходьбе, повторяются упражнения на освоение с водой и на изучение техники плавания. В основной части занятия проводятся непосредственно плавание, специальные упражнения у бортика и в плавании (в том числе лечебными способами), подвижные игры, несложные упражнения у бортика и на расслабление, дыхательные упражнения. Таким образом, в процессе выполнения физических упражнений в воде для оценки реакции организма больных на физическую нагрузку, эффективности проведения занятий методисту постоянно приходится следить за состоянием здоровья занимающихся, определять по внешним признакам степень утомления, интересоваться их субъективными ощущениями, частоту дыхания и др. Поэтому по возможности используется индивидуальный метод проведения занятий.

Несмотря на всестороннее оздоровительное воздействие плавания на организм ребенка, для достижения наибольшего реабилитационного эффекта лечебно-оздоровительное плавание (как и любые формы лечебной физкультуры) рекомендуется применять в комплексе с другими средствами физической реабилитации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бородич Л.А., Назарова Р.Д. Занятия плаванием при сколиозе у детей и подростков. – М.: Просвещение, 1988. – С. 13-18.

2. Казьмин А.И., Кон И.И., Беленький В.Е. Сколиоз у детей. – М., 1983. – С.45.

3. Кон И.И., Назарова Р.А. Двадцатилетний опыт лечения сколиоза у детей. Актуальные вопросы ортопедии, травматологии. – М., 1984. – С.88.

4. Белозерова Р.Н. Дифференцированный подход к лечению физическими упражнениями детей, больных сколиозом, в условиях школы-интерната// Актуальные вопросы профилактики и лечения сколиоза у детей. – М.,1984. – С.102.

5. Булгакова Н.Ж., Морозова С.Н., Попов О.И., Морозова Т.С. Оздоровительное, лечебное и адаптивное плавание. Учебное пособие. – М.: Академия. 2008. – С.226-227.

Түйіндеме

Атыканова М.Б., *оқытушы*

(Алматы қ, «Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» мемлекеттік мекемесі)

Жүзудің арқа омыртқасының қисаюын емдеуге әсері

Мақалада суда жүзу арқылы балалардың арқа омыртқасының қисаю ауруын (сколиоз) емдеуге тиімді әсер ететін физикалық жаттығулар туралы баяндалған. Денсаулықты жақсартуда суда жүзудің өмірлік маңызды дағдылары: тәрбиелік, сауықтыру-гигиеналық, емдік, сезімталдық және қолданбалы маңызы зор. Арқа омыртқасының қисаюымен ауыратын балаларға кешенді емдеуге жүзудің маңызды ерекшеліктері негізделген. Емдік және физикалық жаттығулардың суда және құрғақта жүргізу барысында физиологиялық, майтабандылықты түзету, жүрек-қан тамырларының және тыныс алу жүйесінің функцияларын жақсарту, шынықтыру, суда жүзуді үйренуге, әрі қарай емделуге өзін-өзі психологиялық дайындау негізгі міндеттері болып табылады. Арқа омыртқасының қисаюының деңгейіне қарай жүзу жаттығуларын таңдау, емдік-сауықтыру жаттығулары дайындық, негізгі және соңғы бөлімдер бойынша хауызда жүргізіледі. Кез келген жағдайда баланың ағзасына, емдік-сауықтыруда жүзудің тигізетін әсері кешенді, басқа да физикалық оңалтуды қолдану ұсынылады.

Түйін сөздер: жүзу, арқа омыртқасы, арқа омыртқасының қисаюы, физикалық жаттығу, емдік-сауықтыру, жүзу жаттығулары, шынығу.

Summary

M.B.Atykanova, *teacher of Physical culture and sports chair*

(Almaty c., National scientific center of practice and correctional pedagogics)

Impact of swimming in treatment of scoliosis

In article described physical exercise which effectively influence to the treatment of scoliosis of a backbone of children through swimming. The vital skills of swimming which improves health: educational, improving and hygienic, medical, emotional and applied value. Swimming is recommended to children which have scoliosis in complex treatments. Tasks of medical and physical exercise in water is the improvement of function of airways and cardiovascular system, the doctrine of swimming, psychologically preparing for further treatment. On degree of complexity of scoliosis are chosen swimming exercise. Medical and improving exercises to be carried out in the pool on preparatory, main and last stages. It is recommended also others physical improving exercise which in a complex influence to the child's organism.

Keywords: swimming, backbone, scoliosis, physical exercise, medical improving, swimming exercise, hardening.

ӘОЖ 378

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Е.Ж.Бекболғанов, *п.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*
М.Е.Бекболғанова, *ғ.ғ.м., оқытушы, (Алматы қ., Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті)*

Аңдатпа: Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі қолданылатын жаңа технологиялар қарастырылған. Әрбір жаңа педагогикалық технологияның білім сапасына, білім алушылардың дамуына, оқу үрдісінің тиімділігін жетілдіруге тигізер әсері баяндалған. Әрбір технологияның артықшылықтары көрсетілген.

Түйін сөздер: технология, педагогика, жүйе, оқушы, инновация, мектеп, сабақ, білім стандарты, дидактика.

Бүгінгі таңдағы оқу орындары алдында тұрған мәселе – білім алушыларды дамыта оқыту, яғни білім алушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Сондықтан оқытушының алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр білім алушының қабілетін танып біліп, дамытып, адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек.

Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, жаңа көзқарастар пайда болды. Әрі білім беру құрылымында жаңа технология өмірге келді. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы оқытушыларсыз инновациялық экономика құра алмайтындығымыз жайлы еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында ерекше аталып өтіліп, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай білім керектігіне назар аударылған болатын [1]. Ал бәсекеге қабілетті елдің әрбір азаматы бәсекеге қабілетті болуы тиіс деп есептеймін. «Технология дегеніміз қандай да болсын істегі шеберлікті, өнердегі адамдардың, ал педагогикалық технология педагогикалық мақсатқа қол жетудегі қолданылатын барлық қисында ілім амалдарымен әдістемелік құралдардың жүйелі жиынтығы» – деп түсіндіреді В.Кларин [2].

Педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал педагогикалық жүйе – дара тұлғаны қалыптастыруға бағыт алған белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өлшем, байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы. Олай болса, дәл қазір бізге осы педагогикалық технологияны дамыту үшін, оны тәжірибеде пайдалану қажет болады.

Педагогикалық жүйенің табысты жүзеге асуы үшін оны құрайтын барлық нәрселердің тыңғылықты ойластырылуы қажет. Кез келген педагогикалық технология педагогикалық ғылым мен іс-тәжірибе жетістіктерінің жиынтығынан, бұрынғы тәжірибенің дәстүрлі түрлерін қосатын және қоғамның дамуы, демократизациялау нәтижесінде пайда болған нәрселерден тұрады.

Бірдей технология түрлі орындаушының қолында әр кезде басқа болып көрінеді. Бұл жерде ұстаздың педагогикалық шеберлігіне жеке тұлғалық қасиеттеріне, білім алушылардың ерекшеліктеріне, олардың жалпы көңіл-күйіне, топтағы психологиялық ақуалға көңіл бөлу керек. Бір технологияны қолданған әртүрлі педагогтардың жеткен нәтижесі де әртүрлі болады, бірақ осы технология көрсететін орташа көрсеткішке жақын болады.

Яғни, педагогикалық технология жеке тұлғаның қасиеттерімен орташаланады, бірақ онымен анықталмайды. «Педагогикалық технология» деген түсінік «оқыту әдісінен» кеңірек болып табылады.

Технология – оқыту мақсатына осы жүйенің меңгерілуіне қалай жету керек деген сұраққа жауап береді. Технология – алдын ала жоспарланған жүйені тиімді іске асыруға бағытталған іс-әрекеттердің барысы және оның нәтижесіндегі көрсеткіші.

Педагогикалық технологияны жоспарлау педагогикалық технологияның нақты шарттарын таңдау болып табылады. Ол тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерттеуді және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін іс-қимылды, сондай-ақ олардың дайындығының шарттарын таңдауды талап етеді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі. Осы орайда білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттырумен қатар ақыл-ой шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін жеке пәндерді оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіру, қазіргі білім беру саласының алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

«Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті», – деп көрсетілген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында [1]. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы – жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет. Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым.

Ұлы данышпан әл-Фараби «Тәрбиесіз берген білімнің күні қараң» деген сөзі осының дәлелдесе керек. сондықтан бүгінгі ұрпақтарға, білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игерудің маңызы зор. Себебі, бүгінгі бала ертеңгі ата-ана, бала тәрбиелеуші, халық өкілі, ел намысын қорғаушы, ата-бабалардың ісін жалғастырушы мәңгілік күш, сол себепті еліміздің оқу орындарында бұл мәселені жолға қою, яғни егеменді елімізге қазақ қоғамын қалыптастыру – басты міндет болып табылады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияның түрін, қолдану ерекшелігін ендіруді міндеттеп отыр. Ал инновация дегеніміз – белгілі бір жүйедегі ішкі өзгерістер болып табылады. Педагогикалық инновация дегеніміз – педагогикалық жүйедегі жаңашылдық.

Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі. Демек, әрбір сабақ – оқу үрдісіндегі шешуші буын, сондықтан ол оқытуды жетілдіру, қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыратын орталық, сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамуды керек ететін, даму үстіндегі сапалы оқуды іздестіретін үрдіс. Осыған орай, оқыту барысында әртүрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп практикасына енгізілуде, олар:

- Іскерлік ойын технологиясы;
- Проблемалық және интеграциялап оқыту;
- Шаталовтың қарқынды оқытуы;
- Дьяченконың ұжымдық технологиясы;
- Эрдниевтің блоктап оқытуы;
- Деңгейлеп оқыту;
- Модульдеп оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы және т.б.

Ал енді жоғарыда айтылған оқытудың педагогикалық технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне біртіндеп енгізетін болсақ, онда білім сапасын арттыруға, білім алушылардың дамуына бақылау жасауға, оған сәйкес бағалауға, басқару тиімділігін жетілдіруге мүмкіндік болатыны дәлелденіп отыр. Сондықтан да бірқатар мектептерде жүргізіліп жатқан

тәжірибелердің басты міндеті дәл осындай оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып отыр. Сабақта қолданылатын ойындар – топта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қандайда түрі болмасын өзіне тартады топтағы білім алушылардың ойлау қабілеттері бірдей болмайды. Сондықтан да әр топтағы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай және білім деңгейіне сай сабақтың түрін тауып, сол тақырыптарды игеруді мақсат ету керек. Бұған білім алушылардың қызығушылығын арттырудың бір көзі ойын элементтерін қолдану болып табылады. Бұл айтып отырған мәселе оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырады. «Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – деп В.Ф.Сухомлинский айтқанындай, ойын ақылды, ойды, тапқырды алғырлықты дамытады [3].

Сабақта ойын элементтерін пайдалану білім алушылардың ой-өрісін, танымдылық белсенділігін арттырады. Теорияны тәжірибемен ұштастыруға жол ашады. Алайда ойынды үнемі оқу үрдісінде қолдануға, ұзақ уақыт созуға болмайды. Ойын белгілі бір уақытта жүзеге асырылып, сабақ кездерінде нұқсан келтірмейтіндей жымдасып жатуы тиіс.

Ж.Қараев оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөліп қарастырады:

1. Репродуктивті деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар білім алушылардың алдыңғы сабақта алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда білім алушылар оқытушылардың түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Білім алушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырманы орындауда білім алушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Білім алушы өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім алушылар жаңа тақырыпты шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі қажет [4].

Бұл әдісті сабақта қайталау, қорытындылау, жинақтау сабақтарында тиімді қолдануға болады. Әсіресе, білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттырумен құнды деп есептейміз. Білім алушылар тапсырмаларды орындау барысында өзара бәсекелесе отырып жұмыс істейді. Іс-әрекеттің ең өнімдісі – 3, 4 деңгей, яғни эвристикалық, шығармашылық сатылары. Бұл технология бойынша білім алушының осы шығармашылық сатыға жету жолдары тек оқытушы арқылы емес, білім алушының өзі, іс-әрекеті арқылы жүзеге асырады. Технологияның негізі де, тиімділігі де осында.

Білім алушының білімін оқушы деңгейінен шығармашылық деңгейге жетелеуде дамыта оқыту мен проблемалық оқытудың орны да ерекше. Дамыта оқыту технологиясын қарастыратын болсақ, ол ең алдымен «Нені дамыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздестіруіміз керек.

Модульдік оқыту технологиясының артықшылықтарына мына төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Оқу мазмұнының, мақсатының алдын ала қойылуы, нақтылануы оқу нәтижесін бағалаудың объективтілігін арттырады;

2. Білім алушының пәндер бойынша барық топтағы оқу-танымдық қызметінің мазмұны мен құрылымын анықтайтын оқу үрдісінің жобасы жасалады;

3. Дидактикалық үрдістің бүтіндей берілуі іске асырылады;

4. Педагогикалық қызметтегі оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасының, өзара түсіністігінің жаңа жүйесі қалыптасып, интерактивтік әдістеме жүзеге асырылады;

5. Инновациялық қызметтің ұйымдастырылуының жаңа формасы мен оның негізгі принциптері жасалады;

6. Бұл жүйе білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын тұрақтандыруы, тіпті оны көтеруі де мүмкін;

7. Оқу пәнін танып-білу, білім алушылардың танымдық-шығармашылық қызметінің белсенділігін арттыратын дидактикалық модуль жасалады;

8. Оқытушы шығармашылық жұмысқа ақпараттық дамытушы модуль жасауға төселеді.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Мектеп керектері» деген еңбегінде былай деп жазған: «...мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығады. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім». Педагогикалық технологияның негізі болып педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік ғылым жетістіктері, сонымен қатар алдыңғы қатарлы педагогикалы тәжірибеде, халықтық педагогикада, отандық және шетелдік педагогиканың озық тәжірибесінің жиыны болып табылады. Қазіргі білім ордасына оқыту мен тәрбиенің соңғы тәсілдерін игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, сондай-ақ интегративті ойлауға қабілетті ойшыл оқытушы қажет. Сонымен педагогикалық технология оқытудың ұтымды жолдарын зерттейтін ғылым ретінде жұмыс істейді және оқуда қолданылатын тәсілдер жүйесі ретінде, оқытудың шынайы үрдісі ретінде де қарастырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2010 жылғы 29 қаңтар.

2. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – М., 2004. – Б.8.

3. Сухомлинский В.А. Разговор с молодым директором / В.А. Сухомлинский // Избр. педагог. соч.: в 3 т. – М.: Педагогика, 1979–1981. Т. 3: 1981.

4. Караев Ж.А. Теоретические основы развития школьного образования в Казахстане. – Алматы: РИК, 1999.

Резюме

Бекболганов Е.Ж., *к.п.н., ст.преподаватель*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)
Бекболганова М.Е., *м.г.н., преподаватель*
(г.Алматы, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана)

Пути эффективного использования новых технологий в повышении интереса обучаемых к предмету

В статье рассматривается использование новых технологий в современном учебном процессе. Использование новых педагогических технологий позволяет улучшить качество обучения и развития обучаемого, освещенного в данной статье. А также показаны преимущества педагогических технологий.

Ключевые слова: технология, педагогика, система, ученик, инновация, школа, урок, стандарт образования, дидактика.

Summary

Bekbolganov E.Zh. *c.ped.sci., senior lecturer*
(Almaty city, the Kazakh State Women's Teacher Training University)
Bekbolganova M.E., *m.g.sci.,*
(Almaty city, Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylaikhan)

The effective use of new techologies in increasing of the students' interest to the subject

The article discusses the use of new technologies in the modern educational process. The use of new teaching technologies can improve the quality of education, and the development of the student. As well as the advantages of educational technology are covered in this article

Keywords: technology, education system, student, innovation, school, class, standard of education, didactics.

ӘОЖ 373.016:811.111

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕРМӘДЕНИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІЛІК БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Р.Б.Жусупова, *ф.ғ.д., аға оқытушы*
Л.М.Жүргімбаева, *2 курс магистранты*
(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Біздің қазіргі өміріміз жиі өзгерістерге ұшырауда, нақтырақ айтсақ, жаһандану, қоғам дамуының жылдамдығы, постиндустрияландыруға, ақпараттық қоғамға өсуі, интермәдени қатысымның барынша кеңеюі, әлемдік ортақ мәселелердің пайда болуы мен олардың көбейе түсуі, адам капиталының маңызы өсуі сияқты үрдістермен сипатталады. Осыған орай, айтылған жылдамдықты көтеріп қана қоймай, әрбір жас алдына жаңа мақсат-міндеттер қоя білуі керек. Әрине, білім беру саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Он жыл бұрынғы өзекті болған білім берудің мақсаты, парадигмасы, әдістемесі жаңа, заманауи мақсат, парадигма мен әдістемелермен ауыстырылуы керек. Бұрын оқытудың нәтижесі ұстаздың үйреткен барлық білім, дағды мен қабілеттерді меңгеру болса, қазір оқытудың мақсаты мен соңғы нәтижесі белгілі бір білім аясында құзыретті болатын тұлға тәрбиелеу болып табылады. «Шетел тілі» пәнінің қызметі шетел тілінде қатысымды жүзеге асыруда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды көздейді. Алайда заманауи балалар әлемдік мәдени фондты ана тілдерімен қатар меңгереді (интернет, шетел фильмдері, музыкалық шығармалар, баспалар vен шетелде ата-аналарымен демалыс) және осының өзі интермәдени құзыреттілігінің коммуникативтік құзыреттіліктің ажырамас құрамдас бөлігі екенін анықтай аламыз.

Түйін сөздер: шеттілдік білім беру, оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі», – делінген. Білім, білік, дағдыларды меңгертуден құзыреттіліктерді қалыптастыруда, құзыреттіліктер түрінде күтілетін білім беру нәтижелерін, білім сапасына бақылау жасаудың тәртібі қарастырылады [1]. Білімнен құзыреттілік қағидасына негізделген жаңаша оқыту технологиясы оқушылардың танымдық қызметінің заңдылықтарына, оқудағы құндылық бағдарға, яғни, оқушының зерттеушілік, шығармашылық және рухани адамгершілік қызметтеріне негізделген технологияға айналуы тиіс.

Еліміздің дамуының алғышарты білім десек, «Үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ?» деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуіміз де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейлінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру, түптеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлылығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін ұстаз ғана мүлтіксіз атқара алады [2].

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастырып, олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік идеясы «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсілді білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын алады. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Осыған орай қазіргі таңда еліміздің қоғамдық өміріне сай орын алып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де ықпалы үлкен. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай қаласында болмасын шет елдермен қарым-қатынас орнаған [3]. Осы қарым- қатынастарды нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілі сабағында оқушылардың интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың өте зор маңызы болып отыр.

Қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік және экономикалық саласындағы интеграциялық процестер мәдениетаралық қарым-қатынастың орнауына үлкен септігін тигізеді. Интермәдени қарым-қатынас әртүрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді. Шетел тілін жасанды тілдік ортада оқыту жағдайында екі немесе үш шетел тілін меңгертетін полилингвалдық тұлғаны қалыптастырудың мүмкіндік деңгейі жеткілікті. Оқушы мұндай қарым-қатынас жасай алу үшін тек шетел тілін жақсы меңгеріп қана қоймай, ол сонымен қатар сол тілде сөйлеушінің тілдік және тілдік емес өзгешеліктерін түсініп, ұғынуы тиіс. Интермәдени қарым-қатынас процесіне қатысушы көптілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, ұлттық менталитетін жете түсінеді [4].

Шетел тілін коммуникативтік-бағдарлап оқыту интермәдени коммуникациясын қалыптастыру мүмкіндіктері мен құралы ретінде қарастырылады. Шеттілдік қарым-қатынасқа үйретуді мәдениет диалогы мәнмәтінінде ұйымдастыру керек. «Интермәдени-коммуникация құзыреттілігі» ұғымы «қатысымдық құзыреттілігін» ығыстыра бастады, ол сонымен шетел тілін оқыту мазмұнының интермәдени компоненті жетекші екенін, ал оқыту материалының аутентті болуы – пән мазмұнына қойылатын талап екенін негіздеді. Шеттілдік авторлармен бірігіп тілі оқытылып отырған ел халқының менталитеті мен өмір сүру стилі, мінез-құлығы, салт-дәстүрі туралы ұлттық мәдени ақпараттарға толы оқулықтар, оқу кешендері мен бағдарламалар жасалуда.

Шетел тілін оқып үйрену оқушылардың өзі сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, сол жат әлеммен ұшырасу нәтижесінде өз әлемін айқынырақ, дәлірек түсініп, анығырақ білуге септігін тигізуі тиіс. Шетел тілін интермәдени коммуникация концепциясына негіздеп оқыту барысында оқушылар өз әлемін тілін оқып отырған елдің әлемімен салыстыруға, жат әлемнің өз әлемінен өзгешелігі, оның қызықтылығы мен тартымдылығы неде, онда нендей құбылыстар түсініксіз, жат екендігі туралы ойлануға, сол туралы сөйлеуге бейімделуі тиіс. Сондықтан оқып үйреніп отырған тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде құзыреттілік біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда, интермәдени коммуникация құзыреттілігін орта мектеп оқушыларында қалыптастырудың, дамытудың алғышарттары мыналар [5]:

3. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін саналы түрде меңгеру, яғни рецептивтік іскерліктер: басқа мәдениет өкілдерінің вербалды мен вербалды емес әрекеттерін түсіне білу;

4. Басқа мәдени орталарда дұрыс әрекеттену іскерлілігін дамыту, яғни өнімді іскерліктер сөз туындылары мен вербалды емес әрекеттерді дұрыс және белсенді түрде туындата білу.

Орта мектеп оқушыларының интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігін шетел тілі сабағында қалыптастырудың үлгілік базалық мазмұны мыналар [6]:

Сөйлеу біліктілігі: Тіл мен сөз әрекетінің ара қатынасы. Сөз әрекетінің түрлері: ауызша және жазбаша. Сұхбаттық және монолог сөз. Сөз мәдениеті: шетел тілінің нормалары. Мәтін: тақырып, негізгі ой, мәтін бөліктері. Мәтін жоспары. Мәтіннің логикалық құрылымы. Монолог сөз түрлері: сипаттау, хабарлама, пайымдау. Монолог сөз түрлерінің тілдік ерекшеліктері. Сөз әрекетінің түрлерін қолдану арқылы монолог құру. Тілдің функционалдық стильдері. Тілдің функционалдық стильдерінің жүйесі. Ауызекі сөйлеу стилі. Тілдің ғылыми стилі. Ресми және іскер стиль. Тілдің публицистикалық стилі. Әдеби стиль. Әдеби мәтінге лингвистикалық талдау жасау. Сөйлеу жанрлары. Сөйлемдер айтқанда қарым-қатынас жағдайын ескеру: қарым-қатынас жасаудың ресми/бейресми түрлері, серіктестің жас немесе әлеуметтік ерекшелігі, сөйлеуші мен серіктес қарым-қатынасының сипаты. Сөйлеу этикеті. Сөз әрекетінің коммуникативтік қасиеттері. Әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндер құру. Іскер әлемде қарым-қатынас жасау, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін талқылау іскерліктерін дамыту. Әртүрлі тақырыптарда қарым-қатынас жасау біліктері. Тілдің коммуникативтік қасиеттерін жетілдіру.

Тілдік біліктілігі: Қазіргі қоғамдағы шетел тілінің функциялары. Фонетикалық ерекшеліктер. Дыбыстау нормалары мен орфоэпия. Орфография және фонетика. Лексика. Сөз және оның мағынасы. Тақырыптық лексикадағы синонимдік тізбектер мен антонимдік жұптар. Акронимдер. Кірме сөздер. Фразеология. Фразеологияның стилистикалық сипаттамасы. Сөзжасам. Түрлі сөз таптарының сөзжасамдары. Тілдің грамматикалық тізбегі. Морфология. Сөз таптары және олардың орфографиялық сипаты. Синтаксистегі сөз, сөз тіркесі және сөйлем. Сөйлемнің грамматикалық негізі. Жай сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы құрмалас сөйлем. Күрделі сөйлемдегі пунктуация. Әртүрлі стильдегі мәтіндердегі сөйлем түрлерінің қызметі.

Әлеуметтік-мәдени біліктілігі: Тілін оқып жатқан елдің (елдердің) әлеуметтік-мәдени және мәдениаралық ерекшеліктері, ұлттық мәдениет ерекшеліктері: салт-дәстүрлері, этикеті, әлеуметтік топтары, тарихы мен мәдениеті және сөйлеу этикетін мәдениаралық байланыста қолдану. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: оқушылар меңгерілген лексикалық бірліктердің мағынасын, бағалау лексикасын, тілін оқып жатқан елдің мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайтын сөйлеу этикетінің реплика-клишелерін; негізгі сөзжасам тәсілдерін; фразалық етістіктерді, тұрақты сөз тіркестерін; меңгерілген грамматикалық құбылыстардың сипатын білуі тиіс. Сонымен қатар ағылшын тілінің барлық дыбыстарын дауыстылардың қысқалығы мен ұзақтығын сақтай отырып дыбыстауды; меңгерілген материал аясында лексикалық минимумды оқығанда және тыңдағанда ажырата алуды; тақырыптары аясында меңгерілген лексикалық бірліктерді сөз әрекетінде қолдануды; салалас құрмалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді ауызша және жазбаша сөз әрекетінде қолдануды меңгеруі тиіс.

Сөйлеу біліктілігіне сәйкес оқушы мыналарды меңгеруі тиіс: қызықтыратын тақырыптар аясында хабарлама жасау; оқиғаларды, әсерлерін, үміттерін, мақсаттарын сипаттау, болашақтағы жоспарлары мен өз пікірін білдіру; ағылшын тілі ана тілі болып келетін адаммен қарым-қатынасқа еш қиындықсыз түсіп, жылдам сөйлеу; әртүрлі тақырыпта түсінікті, толық хабарламалар жасау; негізгі мәселеге өзінің көзқарасын білдіру, әртүрлі пікірлердің жетістіктері мен кемшіліктерін көрсету; әңгімені бастау, әңгімеге қолайлы сәтте кірісу және әңгімені аяқтау; таныс тақырыптағы әңгімеге қатысу, талқыланып жатқан мәселені түсіну, өзгелерді әңгімеге қатысуға шақыру; серіктестің сауалдарына жауап беру және сұрақ қою, өз пікірін білдіру, өтініш білдіру, серіктестің жасаған ұсынысына келісім беру (келіспеу); таныс тақырып бойынша талқылауға қатысу; өз пікірін білдіру және

дәлелдеу; болашақтағы жоспарлары жайлы баяндау, өз қаласы (ауылы), өз елінің және тілін оқып жатқан елдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәлімет беру; қоғамның өзекті мәселелерін талқылау; өзекті мәселе бойынша өз пікірін білдіру және дәлелдеу; меңгерілген тақырыптар аясында оқиғаларды сипаттау, оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі ойын, мазмұнын баяндау, өз пікірін білдіру; ауызша және жазбаша сөз әрекетінде синонимдерді қолдану; әртүрлі ғылыми-практикалық конференциялар, дебаттар, дискуссияларда ағылшын тілінде баяндама жасау.

«Тыңдалым» әрекеті бойынша оқушы меңгеруі тиіс қиын емес түпнұсқалық прагматикалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және өзіне маңызды ақпаратты анықтау; сөз әрекетінің әртүрлі коммуникативтік түрлеріне жататын қиын емес түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну, мәтіннің тақырыбын анықтау, мәтіндегі басты оқиғаларды анықтау; мұғалімнің нұсқауларын, сыныптастарының сөзін дұрыс қабылдау; қабылданған ақпаратты сөз әрекетінде қолдану.

«Оқылым» әрекеті бойынша оқушы меңгеруі тиіс: шетел тіліндегі мәтінді түсіну, тақырыбына қарап мазмұнын болжау; түрлі жанрдағы түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну (тақырыбын анықтау, негізгі ойын, басты оқиғаларды, оқиғалардың логикалық ретін айқындау); түрлі жанрдағы қиын емес түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын толық түсіну, оқыған ақпаратқа баға беру, өз ойын білдіру; қажетті немесе қызығушылық тудыратын ақпаратты таңдай отырып мәтінді оқу; нақты немесе жалпы тақырыптағы қиын мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіну.

«Жазылым» әрекеті бойынша оқушы меңгеруі тиіс: сауалнамалар мен бланкілерді толтыру; құттықтаулар жазу, үлгіге сүйене отырып жеке хат жазу, оның өмірі мен қал-жағдайын сұрау, өзі жайлы мәлімет беру, сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып алғыс білдіру, өтініш білдіру; қызығушылық тудыратын сұрақтар бойынша толық хабарламалар жазу; өз ойын дәлелдей отырып эссе, баяндама жазу; маңызды болып табылатын оқиғалар мен әсерлерді ерекшелей отырып хаттар жазу.

Әлеуметтік-мәдени біліктілігіне сәйкес оқушы білуі тиіс: тілін оқып жатқан елдің сөйлеу этикетінің нормаларын; тілін оқып жатқан елдің мәдениеті мен тарихын, ұлттық мейрамдары, АҚШ пен Ұлыбританияның мемлекеттік құрылымындағы ерекшеліктері; меңгеруі тиіс: ағылшын тілі ана тілі болып келетін адаммен ауызша және жазбаша сөз әрекетінде өзара түсіністікке қол жеткізу; шет елдегі құрбыларымен мәдениаралық және тұлғааралық қарым-қатынас орнату; ақпаратты жеткізудің шет тіліндегі көздері арқылы әлем мәдениетінің құндылықтары жайлы ақпарат алу; өз елінің және тілін оқып жатқан елдің мәдениеті жайлы монолог сөз айту.

Жоғарыда берілген базалық мазмұн негізінде жеке-жеке біліктіліктерге үйрете отырып орта мектеп оқушыларының интермәдени-коммуникативтік құзыреттілігін соңғы нәтиже ретінде қарастырып дамытуға мүмкіндік береді. Мұндағы оқытушының басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде қарау, зерттеу бүгінгі күн талабы болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан, 2011, 6 тамыз.

2. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007.

3. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2008.

4. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2013 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

5. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі // 2009.

6. 12 жылдық жалпы орта мектептің базалық білім мазмұнын анықтау әдістері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 84б.

Резюме

Р.Б.Жусупова, *д.ф.н., ст.преподаватель*

Л.М.Жургимбаева, *магистрант 2 курса*

(г. Алматы, Казахский Национальный педагогический университет им. Абая)

Модельно-базовое содержание формирования интеркультурно-коммуникативной компетентности учащихся средней школы на уроках иностранного языка

Наш мир сегодня подвержен постоянным изменениям, в числе которых глобализация, ускорение темпов развития общества, переход к постиндустриальному, информационному обществу, значительное расширение масштабов межкультурного взаимодействия, возникновение и рост глобальных проблем, возрастание роли человеческого капитала. В связи с этим миру необходимо такое общество, которое сможет не только выдержать подобный темп развития, но и неустанно ставить перед собой и решать все новые и новые задачи. Образование играет важнейшую роль в формировании общества нового уровня. Цели, парадигмы, методы, которые были актуальны десять лет назад, должны уступить место новым целям, парадигмам и методам. Если ранее результатом обучения являлся ученик, владеющий всеми знаниями, умениями и навыками, которым научили его учителя, то сегодня результатом обучения является личность, компетентная в конкретной области знаний. Специфика предмета «Иностранный язык» предполагает овладение учащимися коммуникативной компетенцией как общению на иностранном языке. Однако в современном мире дети знакомятся с мировым культурным фондом почти одновременно сродным (Интернет, иностранные фильмы, музыкальные произведения, печатные издания и просто отдых с родителями на зарубежном курорте), и это делает очевидным тот факт, что межкультурная компетенция является неотъемлемой частью коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: иноязычное образование, цель обучения, содержание обучения, интеркультурно-коммуникативная компетенция.

Summary

R.B.Dgusupova, *doctor philological sciences, senior lecturer*

L.M.Zhurgimbayeva, *undergraduate*

(Almaty city, Kazakh National Pedagogical University named after Abai)

Exemplary basic contents of the formation of the intercultural and communicative competence of senior pupils at the foreign language lesson

Our world today is subject to constant change, including globalization, accelerating the pace of development of society, the transition to a postindustrial, information society, a significant expansion of the scope of cross-cultural interaction, emergence and growth of global problems, the increasing role of human capital. In this regard, the world needs a society that will not only sustain this pace of development, but also tirelessly to set and deal with more and more tasks. Education plays a critical role in shaping the society of the new level. The goals, paradigms, methods that were current ten years ago, must give way to new goals, paradigms and practices. Previously, learning outcomes are student holding all the knowledge, skills and abilities, who taught his teacher, today is the result of training a person competent in a particular area of expertise. The specifics of the subject «Foreign Language» involves the mastery of the communicative competence of students as a communication in a foreign language. However, in today's world, children are introduced to the world cultural fund almost simultaneously with the native (internet, foreign films, music, print

media, and just a vacation with his parents in a foreign resort), and it makes clear that intercultural competence is an integral part of communicative competence .

Keywords: foreign language education, purpose of education, content of education, intercultural communicative competence

ӘОЖ 378

МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ ПЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

С.С.Қоңырбаева, *п.ғ.к., қауымд.проф.*
К.Д.Бейсембаева, *п.ғ.магистрі, аға оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі шығармашылық жеке-даралық ерекшеліктерінің көрініс табар аясы мен педагогикалық шеберлікті меңгерудегі қабілеттілік пен кәсіби қалыптасудағы ізденіс жолдары қарастырылған. Педагогикалық қызметте нәтижелі еңбекке жетудің басты факторы – педагогикалық шығармашылық. Қазіргі мұғалімді шығармашылық жұмыссыз елестету мүмкін емес. Шығармашылық, бұл қарапайым сөзбен айтқанда: айнала қоршаған орта, қайнаған тіршілік, талмай ізденіс, толассыз әрекет, адам бойындағы күш-қайрат пен эмоция, мінез-құлық пен мәдениет. Кез келген білім беру мекемесі – тәлім-тәрбиенің алтын ордасы. Осындай ордаларда педагогикалық кәсібін өнер деңгейінде меңгерген шығармашыл педагогтердің оқу бөлемелері жанынан шеберханалар жұмыс істеп, педагогикалық шеберлік мектебі кең тарала насихатталуы тиіс.

Түйін сөздер: Шығармашылық, педагогикалық шеберлік, жеке-даралық, бағыттылық, педагогикалық іс-әрекет, әртістік қабілеттер, жаңашылдық, оқыту технологиялары.

Қазіргі педагогикалық заманауи технологиялар дамыған кезеңде білім беру қызметі субъектінің ағартушылық әдісінен, шығармашыл тұлғаның даму механизміне, қабілеті мен дарыны арқылы шеберлік деңгейіндегі даралық үлгісіне айналуы қажет. Өзін-өзі жасай білетін қабілеті бар тұлға, өзінің өмірлік ұстанымдарын айқындап, өзгере алады. Бұл мақсатты жеке шығармашылығы жоқ педагогпен жүзеге асыру қиын. Осы деңгейден көрінуге деген әрекеті нәтиже беруі үшін оның эрудициясы, әдістемелік біліктілігі, білім беру технологиясын сәтті таңдауы жеткіліксіз. Ең бастысы, оқушының педагогті қайталанбас жарқын бейне деп қабылдауы. Бұл үшін мұғалім ерекше жан ретінде танылуы тиіс.

Педагогика өнер ретінде қалыптасып, ғылым ретінде дамығанын білгендігімізбен, мұғалімдік мамандыққа өнер иесіне тән қабілет пен жеке-даралық қажеттілігіне мән бере бермейміз. Мұғалімнің бойындағы жеке-дара қасиеттер мен қабілет шығармашылық арқылы шыңдалып, шеберлік деңгейінде мойындалуы үшін педагогикалық қызметте үздіксіз ізденісте болуы шарт.

Педагогикалық процестегі мұғалімнің негізгі қызметіне: мақсаттылық, зерттеушілік, құрастырушылық, танымдық, қарым-қатынастық, реттеу, ұйымдастыру, бақылау-бағалау, болжау, т.б. іскерліктер мен кәсіби дағдылар кіреді. Осындай кең арналы қызметте білім мен білік арқылы ғана нәтижеге жету аздық етеді. Сократ мұғалімдерді – «ой тудырушылар» (акушеры мысли), ал «педагогикалық шеберлік» түсінігін «ойдың кіндігін кесу өнері» деп атаған. Осындай өнер болып танылған педагогикалық шеберлік осы заманғы педагогтердің пайымдауынша төмендегіше сипаттарымен ерекше. Педагог шеберлігінің компоненттері:

- педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімділігі;
- өз пәнін еркін де терең игеруі;

- мұғалім мамандығына бейімділігі мен қабілеттілігі (өзіне сенімділігі, шебер сөйлеуі, әділ бағалауы, т.б.;
- кәсіби көрегендігі;
- балаларға деген мейірімі мен сенімі;
- ұйымдастырушылық әлеуеті;
- ахуалды сезінуі, сезімталдығы;
- толеранттылығы (өзгемен серіктес рухта болуы, өзгемен санаса, төзімділік таныта білуі);
- альтруизмі (басқаның бағыт-бағдарына шын көңілімен кірісуі);
- оқу-тәрбие үдерісіндегі кездесетін қиындықтарды жеңе білуі;
- шешімді уақтылы және дұрыс қабылдай алуы 1,5-б.] бұрыннан белгілі жағдайды жетілдіріп, қайтадан жасау;
- іс-әрекет өнімінің қайталанбас нәтижелі ерекшелігі;
- өзінің жеке ізденімпаздығы мен педагогикалық шығармашылықтың байланыстылығы, яғни, үнемі шығармашылықта жүретін адам өзі де жан-жақты дами береді.

Демек, шығармашылық іс-әрекет жаңа ақпарат пен өнім арқылы аз күшпен уақыт жұмсап, жоғары нәтижеге қол жеткізетін көрсеткіш. Шығармашыл мұғалім дегеніміз, ғалымдардың пікірінше: зерттеуші, ғылыми, психологиялық-педагогикалық ойлау жүйесі қалыптасқан, авторлық бағдарламаларды жасаушы, баламалы технологияларды пайдалана білуші [1,5-б.].

Педагогикалық қызметте нәтижелі еңбекке жетудің басты факторы – педагогикалық шығармашылық. Қазіргі мұғалімді шығармашылық жұмыссыз елестету мүмкін емес. Шығармашылық, бұл қарапайым сөзбен айтқанда: айнала қоршаған орта, қайнаған тіршілік, талмай ізденіс, толассыз әрекет, адам бойындағы күш-қайрат пен эмоция, мінез-құлық пен мәдениет.

Философиялық тұрғыдан алып қарағанда шығармашылық – шаттандыратын объективті заңдылық пен шынайы іс-әрекетке негізделген адам қажеті мен мақсатына байланысты қайтадан құрып, жасайтын адамдардың іс-әрекеті. Теоретик-ғалымдар мен тәжірибеге тікелей қатысты мұғалімдердің еңбегінде педагогикалық шығармашыл ұстаз іс-әрекетінің нәтижесі есебінде қарастырады [бұрыннан белгілі жағдайды жетілдіріп, қайтадан жасау; іс-әрекет өнімінің қайталанбас нәтижелі ерекшелігі; өзінің жеке ізденімпаздығы мен педагогикалық шығармашылықтың байланыстылығы, яғни, үнемі шығармашылықта жүретін адам өзі де жан-жақты дами береді.

Демек, шығармашылық іс-әрекет жаңа ақпарат пен өнім арқылы аз күшпен уақыт жұмсап жоғары нәтижеге қол жеткізетін көрсеткіш. Шығармашыл мұғалім дегеніміз, ғалымдардың пікірінше: зерттеуші, ғылыми, психологиялық-педагогикалық ойлау жүйесі қалыптасқан, авторлық бағдарламаларды жасаушы, баламалы технологияларды пайдалана білуші [3,18-б.]

Педагогикалық басылымдарда «педагогтің жеке шығармашылығы» деген терминдер жиі кездесіп, бұрынғы кең тараған «шығармашыл жеке тұлға» деген сөз тіркесін ығыстыруда. Мүмкін, бұл мектепті жаңғыртудың негізгі факторы тек мұғалім тұлғасы ғана емес, оның шығармашылық әрекетке дайындығы, өзіндік тұлғаның ерекшелігі мен қайталанбас даралығы. Педагогикалық шығармашылық тұлғаның жеке-даралық сипатынсыз тіршілік ете алмайды. «Жеке-даралық» ұғымын түрлі көзқарастар арқылы шығармашылық терминімен тең түсіндіруіне сай келеді.

Шығармашылық әрекет жаңаның жасалуына бағытталған шындықты түсіну формасы ретінде қабылданады. Педагогикалық кәсіпті де шығармашылық қатарына жатқызуға болар еді, себебі, білім беру саласындағы таптаурындықты терістейтін түрлі әрекеттер, проблемаға сай білім беру мен тәрбиелеу, мұғалім мамандығының әлеуметтік рөлінің төмен бола тұра талаптардың жоғарылығы, кейде шектен тыс қағазбастылық, кейде қағаздан көрініс таба бермейтін ұйымдастыру жұмыстары, мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламаларында

қарастырылмаған түйткілді мәселелерді шешу, мектептен тыс қоғамдық жұмыстарды игертуге мәжбүрлік, т.б. мәселелердің бәрі мұғалімнің импровизаторлығы мен шығармашылық қабілетінің іске қосылуына ұдайы түрткі болады.

Соңғы жылдары, жаңашыл-мұғалімдер өздерін көрсете бастағанда, көп мөлшердегі инновациялық мектептер мен тәжірибе алаңдары пайда болды, оқытушылардың авторлық бағдарлама мен кітаптар жазуға құзыреттілігі артты, үздіксіз білім беру мәселелері белсенді түрде қолданылды, педагогикалық әрекеттерді бағалаудағы таптаурындарды ығыстыру үрдістері пайда болды. Десек те педагогикалық еңбек шығармашылық па әлде олай емес пе деген сұрақты аяғына дейін шешілген мәселе деп кесіп айтуға болмас. Педагогикалық практикада ғылым мен өнердің бірегейлігі К.Д Ушинскийдің уақытынан, бүгінгі күнге дейін созылуда. Педагогиканың мәнін түсінудің қазіргі замандағы сипаты екі арнаның тоғысы (ғылым және өнер) ретінде қарастырып, бірақ үштік қосынды ретінде (ғылым, өнер және технология) дамытуды ұсынады.

В.И. Загвязинский бұл туралы былай деп жазады: «Мұғалім педагогикалық шығармашылықпен айналысады (дегенмен оның педагогикалық идеялары мен пайымдаулары әрекет етудің басқа аумағында жүзеге асады – әдебиеттік, техникалық, ғылыми), оқушы – пәндік (сурет, әдеби-көркем, техникалық т.б.), маңыздылығы, әрекет сипатының сәйкестігі (заттардың толық сәйкес келмегендігінде) бірлескен шығармашылық, рухани жақындық, жалпы іске қатысы барлық, мұғалім мен оқушы арасындағы тәжірибе алмасудың қажеттілігі мен мүмкіндігі сияқты бірлесіп жұмыс істеуді тудырады» [4, 66-б.].

Шығармашыл адам өз шығармасының құндылығын өзі анықтайды, ол мақтауды және басқаның сынын да қажет етпейді. Педагогтің шығармашылық жеке-даралығы – бұл ерекше қасиет, жалпы тұлға дамуының жоғары деңгейі, сондықтан да оған бір жақты анықтама беру мүмкін емес: оның мәні тұлғаның барлық өзіне тән ерекшелігі (ішкі жағы), ешнәрсеге ұқсамайтындығы, тұлғаның барлық көріністерінің барлық ауқымдылығы мен ерекшелігі және мұғалім әрекеті (сыртқы жағы), өмірлік және педагогикалық мақсат пен мәселенің жеке қойылуымен анықталады, әрекеттің өз бетіншелігі, таусылмайтын өмірдің мәнін іздеу және өмірлік құндылық пен табылған идеалдардың бастан өткізіп аяғына дейін дайындық әрекеті болып табылады. Педагогтың шығармашылық жеке даралығы оның тұлғасының мынадай мазмұнында көрсетілгендей, бағыттылығы (құндылықтар, мотивация, ұстанымдар), тұлғалық қасиеттер (психикалық қасиеттер мен процесстердің жеке көріністері), когнитивтік ауқымдар (мазмұны, ойламның деңгейі мен орындалуы).

Мұғалімнің бағыттылығы – шығармашылық жеке-даралықтың айқын көрінісі – құндылықтардың, сенімдер мен идеялардың барлығын сипаттайтын тұлғаның ішкі ұстанымы мен педагог әрекеті;

- гуманистік тұлғалық мақсат басымдылығы; адам дамуының жоғары миссиясы өз әрекетінің мақсаты іспеттес;
- ерекше жанның көңіл-күйі; барлығының, кәсіби әрекеттің ауқымындағы терең тұлғалық мәнімен толықтырылуы;
- зор мағыналы дәрежеде өзін кәсіппен бірдей қою, оптимистік, өзіндік өзектілікке тырысу;
- шығармашылық мотивацияның жоғары деңгейі мен қызығушылық ауқымы.

Шығармашылық жеке-даралықты сипаттайтын тұлғалық қасиеттерге жағдаят барысын эмоционалды сезіне білу, ойлаған нәтижеге жетуде өз идеясын жүзеге асыру, педагогикалық қабілеттің барлығы, әртістік қабілет, экспрессивті қабілеттер, сүйкімділік, эмпатия, ерік және мақсаттылық, ашықтық, шынайылық, мұғалім психикасының когнитивтік ауқымы болып табылатын мәнді факторлар: мұғалімнің жеке-даралық шығармашылығының маңызды жағы – қандай да бір қабылданған мәселенің дәлелдеу сипатын анықтайтын оның интеллектуалды ерекшеліктері болып табылады. Шығармашылық шешімдер сипатының маңыздылығы – педагогтің оны қалай дәлелдейтіндігінде. Бұл жерде дәлелдеудің екі түрін айтуда: логикалық (немесе аналитикалық) және интуитивті-образды. Қандай да бір әрекеттің табыстылығы,

оның нәтижесі, субъектінің жеке әрекет стилінің қаншалықты толыққанды қалыптасуында, немесе адам тұлғасының жоғары жүйке әрекет типімен негізделіп, қаншалықты тиімді мақсатты түрде адам тұлғасының нақты ерекшеліктері пайдаға асуында болады. Педагогтың жеке стиль әрекеті деп мұғалімнің таңдап алған әдістері, ойламының түрі, қарым-қатынас мәнері, қойылған талап пен мәселелерді шешу әдістері.

Педагог әрекетінің шығармашылық жеке стилі жалпы (педагогикалық бағыттылықты, педагогикалық қабілетті, психолого-педагогикалық заңдылықтарды пайдалану біліктіліктері, психологиялық мейірімділік, байқампаздылық, педагогикалық такт; осылайша арнайы, көп жағдайда қайталанбайтын. Әртістік қабілет – бұл жаңа жасампаздықтың ерекше эмоционалды бейнелі тілі; педагог пен оқушының біріккен стилінің біте қайнасуы, басқамен түсіністік пен диалог, жанды сезім, білім мен тәрбиенің әрекеттік тұрғыдағы көрінісін суырыпсалмалықпен жеткізу, шығармашылық нәтиже. Әртістік қабілет – бұл тек сыртқы факторлар емес (қимылдар, ым-ишара, дауыс ырғағы), дегенмен оларда сабақ ахуалын жасаудағы мәні зор. Әртістік қабілет – бұл жаңа жағдайларға тез бейімделе алу қабілеті, жаңа бейнеде болу, идеялармен өмір сүре білу, сабақ үстінде оқушыларға бере алатындай шынайы өмір сүре білу. Бұл тұлғалық сипаттың көрінісі, мәселені шешу мен қойылым жолының образдылығы, қиял ойыны, мәнерлілік, шабыттылық, ішкі еркіндікті сезіну. Педагог типінің жеке-даралығы жүйке жүйесінің ерекшелігіне, темпераментке, оның әрекетінің логикалық және интуитивтілігіне, қабілеттің қосылған сипаты даму дәрежесіне (гностикалық, конструктивті, қолданбалығы т.б.) байланысты; тәрбиеленушіге бағытталуы (центрация), процесстің жағдайы мен сипаты, жеке тұлғалығы, басқарушының еңбекті бағалауы т.б.); темперамент пен эмоционалды қозуынан, алдын ала жоспарлау арақатынасы мен тез ойдан шығарушылық және де басқа факторларға байланысты болады [4, 102-б.].

Инертті типтегі мұғалімдерге олардың табиғи ерекшеліктеріне тән қайткен күнде ойына алғанын жүзеге асыру, олар үшін үйреншікті таптаурын сабақтарды ұйымдастыру болып келеді, Бірақ та мұғалім әрекетінің стилі оның табиғи ерекшеліктеріне үнемі байланысты деп айта беру де дұрыс емес. Тәжірибелік өтілі мен көп жылғы еңбек өтілі бар мұғалімдер өздерінің таланттарының көрінісін бақылап реттей алады. Педагогикалық әрекеттің практикасында келесі қарама-қайшылықтар туындаған болатын: бір жағынан, мұғалім қызметі қоғамның тапсырысы, ол өзінің талабын айтады, ол өз алдына ұстанымдар бағытына қарай өседі, мұғалім әрекетін «нормаға сай» жасау, мұғалімдердің бір қалыптылығы мен шаблонға лайықтығы болып табылады. Екінші жағынан, қазіргі қоғамдық ой-сана жас мұғалімдерді педагогикалық қызметте жеке қолтаңбасын қалыптастыруға міндеттеп отыр. Педагогикалық шығармашылықтың жалпылама қажеттілігі қойылған мәселенің «күрделілігімен және көптүрлілігімен негізделеді. Мұғалімнің жеке-даралығы қалыптасуының бастапқы кезеңі өзін-өзі тәрбиелеу, педагогті өзінің ерекшелігі мен мәнділігін қоштау, олардың гуманистік ұстанымдарды қабылдауы (ең алдымен өзін және өзгені қабылдауы), қиялдың дамуы, шығармашылыққа қажеттілік пен қабілеттілік. Бұл әдеттегі әрекеттің қалыптасқан таптаурындарын жеңуге көмектеседі, танымның еркіндігін қалыптастырады. Өз өмірінің белсенді субъектісі болудың түпкілікті қажеттілігі жасалады: өзін жасампаз деп сезіну, басқаларға ұқсамау, тәрбиеленушілер мен білім алушылар үшін мәнді болу.

Осылайша, мұғалімнің шығармашылығының жеке-даралығы туындайды, олардың балалармен рухани-эмоционалды қарым-қатынасының мазмұндылығы дамиды. Практик-мұғалімнің мақсаты өзінің шығармашылық жеке-даралығын анықтап, сезінуге тырысуы, өз тұлғасының қайталанбас ерекшелігін, өзінің педагогикалық қолтаңбасының артықшылығын түсінуі қажет. Дәл сол педагогикалық жеке-даралық шығармашылығын анықтап және дамытуы, үлгіге ұқсамайтындығы, педагогикалық әрекет әдісінің жеке ерекшелігі, нәтижеде табысқа жетуі, мұғалім қызметінің тиімділігін қамтамасыз етеді, оқу-тәрбие мәселелерін нәтижелілікпен шешуге мүмкіндік тауып және өз еңбегіне қанағаттанады. Шығармашылық іс-әрекеттің дайын алгоритмін дайындап беру мүмкін емес. Көптеген ғалымдардың пікірлері

мен ұсыныстарын, модельдерін қарап, талдау арқылы кез келген технологияның тұтастай құрылым екенін байқауға болады.

Мұғалім шығармашылығының қалыптасуын 2 жақты қарастыруға болады

1) мұғалім шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдайлар жасау, қалыптастыру;

2) өзінің тәжірибесін қалыптастыру арқылы шығармашылыққа жету;

Біріншіден, мұғалім шығармашылығын дамытуды бірнеше бөліктерге бөлуге болады:

I топқа – дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолданатын, өте қиын емес іс-әрекеттері диалектикасында жаңаша жасайтын мұғалімдер кіреді (жаппай шығармашылық).

II топқа – қиын оқыту технологияларын құрастыруға, жаңа әдіс-тәсіл құрылымын жасап шығаруға бағытталған шығармашыл жандар жиналады.

III топқа – оқыту технологиясының құрылымын жасап шығарушылар.

Мұғалімнің жоғары деңгейдегі шығармашылық іс-әрекетін оның ізденістері мен тәжірибесінен жинақталған шығармашылық зертханасы арқылы бағалауға болады. Шығармашыл мұғалімнің жеке-даралығын айқындайтын, өзіндік қолтаңбасын көрсететін шеберлігі шығармашылық зертханасында қалыптасуы тиіс. Қазіргі тәжірибеде үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогикалық шеберлікті жетілдіруді насихаттау үшін түрлі әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін өткізіп жүр: ашық сабақтар байқауы, шығармашылық есеп, пікірсайыс, дөңгелек үстел, ғылыми-практикалық конференция, бірлестік мәжілістері, «үздік пән мұғалімі», «жыл тәрбиешісі», «жыл мұғалімі», «ЖОО үздік оқытушысы», «жыл мектебі», «Үздік оқу орны» т.с.с. үздік сабақ, үздік тәрбие сағаты, үздік баяндама, жаңа технологиялар байқауы, педагогикалық оқулар, т.с.с. Шындығында, педагогикалық шеберлікке ие болатындар: кәсібилік сапа жағынан білімді, білікті, кәсіби дағдылары қалыптасқан, шығармашылығы жағынан сезімтал, сергек, ізденістен жалықпайтын, жаңалыққа жаны құмар, адам ретінде ақ жарқын, жаны жайсаң, кемел ойлы, әзілдеу мәдениеті жоғары, парасат иесі. Кез келген білім беру мекемесі – тәлім-тәрбиенің алтын ордасы. Осындай ордаларда педагогикалық кәсібін өнер деңгейінде меңгерген шығармашыл педагогтердің оқу бөлемелері жанынан шеберханалар жұмыс істеп, педагогикалық шеберлік мектебі кең тарала насихатталуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сұлтанова Ғ. Педагогика: студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы, 2007. – Б 89.

2. Поташник, М. М. Педагогическое творчество: проблемы развития и опыт: пособ. для учителя. – Киев: Радянська школа, 1988.

3. Кочетов А.И. Культура педагогического исследования. – Минск,1996.

4. Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. – М., 1987.

Резюме

Конырбаева С.С., *к.п.н., ассоц.профессор,*

Бейсембаева К.Д., *магистр п.н., ст. преподаватель*

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Творческая индивидуальность и возможности педагогического мастерства в деятельности учителя

В статье рассматриваются вопросы профессионального развития и формирования педагогического мастерства и личностной творческой деятельности учителя.

Ключевые слова: Творчество, педагогическое мастерство, индивидуальность, направленность, педагогическая деятельность, артистические способности, новаторство, обучающие технологии.

Summary

Konyrbaeva S.S., *candidate of pedagogical sciences,*
Beysembaeva K.D., *master of pedagogical sciences*
(Almaty city, Kazakh State Women' s Teacher Training University)

Creative individuality and possibilities of pedagogical skill in activities of the teachers

The article focuses on the development and formation of professional teaching skills and personal creative activity.

Keywords: Creative, pedagogical skills, individuality, directionality, pedagogical activity, artistic ability, innovation, educational technology.

ӘОЖ 378.156.7

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСНАМА НӘТИЖЕСІНДЕ ТАҢДАЛЫП АЛЫНҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛІК МАЗМҰНДАУ ӘДІСІ, ТОПТЫҚ ПІКІРТАЛАСТАР ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІ БАҒАЛАУ

А.А.Куйкабаева, *оқытушы,*
М.А.Борибаева, *оқытушы*
Э.М.Зульбухарова, *оқытушы*
(Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті)

Аңдатпа: Есептеулер мен өңдеу нәтижелері салыстырылып тұрғызылған гистограммалардың және өңдеулердің көмегімен кейс-стади әдісін білім беруде қолданудың тиімді екені анықталды. Н.В.Кузьминнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі, А.К.Маркованың кәсіби құзыреттілік элементтері, В.Шадриков, В.И.Байденко, Е.Фролов, Д.А. Макхотинның құзыреттілікке берген анықтамаларына сүйене отырып дискінің инерция моментін анықтауға бағытталған жұмысты орындау барысында магистранттардың бойында қалыптасатын инновациялық құзырет түрлері жобаланып, зерттеу нәтижесі бағаланды.

Түйін сөздер: Кәсіби құзыреттілік, интерактивті әдіснама, бағалау талаптары, жобалау қызметі.

Кәсіби құзыреттілік жөніндегі сұрақтар өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы әдебиеттерде талқыланған. Жеке тұлғаның бойында құзыреттіліктің дамуы білім беру үрдісінде жүзеге асырылады. Соған сәйкес, Н.В.Кузьминнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті бес элемент арқылы немесе құзыреттіліктің түрлері ретінде қарастыруы келесі 1-суретте көрсетіледі.

А.К.Маркова [1, б.15] кәсіби құзыреттілікті келесідей элементтерге бөліп көрсетеді («Техникалық физика» мамандығы бойынша білім алушы магистранттардың бойында педагогикалық практикадан өту барысында қалыптасатын):

- кәсіби-психологиялық және педагогикалық білім;
- кәсіби-педагогикалық дағдылары;
- кәсіби психологиялық жағдайы, оған мамандық талап ететін оқытушыны таңдау;
- оқытушыға лайықты кәсіби білім мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің болуы.

Сурет 1– Н.В. Кузьминнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті беске бөлуі [1]

Соңғы жылдары мамандардың сондай-ақ, оқытушылар тарапынан құзыреттіліктің анықтамасы мен құрылымы хақында кеңінен талқылану үстінде. Құзыреттіліктің ең негізгі көп тараған үш түрлі тобы бар. *В.Шадриков* пайымдауынша: жалпықәсіптік, әлеуметтік-жеке, арнайы құзырет. *В.И.Байденко* пайымдауынша: жалпы, кәсіптік, академиялық. *JG Tatura* бойынша 3 құзыреттілік 2-суретте келтірілді.

Сурет 2 – JG Tatura бойынша құзыреттілік түрлері

Педагогикалық кәсіпке қатысты құзыреттіліктер Е.Фролов, Д.А.Макхотин [3,4] бойынша:

- жалпы мәдени;
- әдістемелік;
- объектілі-бағдарланған базалық, арнайы .

TUNING Education Structuresin Europe жобасы негізінде [5] әмбебап құзыреттіліктер белгіленді (GenericCompetences) және пәндік құзыреттіліктер (білім беру) педагогикалық білім беру саласына қатысты (SubjectSpecificCompetences), математика, физика және басқа да анықталды.

Профессор В.А.Козырева мен профессор Н.Ф.Радионованың редакциясымен жазылған ұжымдық монографияда жалпықәсіби (негізін қалаушы) құзыреттіліктің қалыптасуы іс-

әрекет субъектісінің кәсіби міндеттердің 3-суреттегідей бес тобын шешуі арқылы жүзеге асады [2]. Ю.В.Фролов пен Д.А.Махотиннің пікірлері бойынша [3], жалпы кәсіби құзыреттілік жалпы жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік білім беру стандартының екінші буынының жалпы кәсіби блогының пәндерін игеру процессінде қалыптасады. Дискінің инерция моментін анықтау жұмысы негізінде «Техникалық физика» мамандығы бойынша білім алушы магистранттардың бойында қалыптасатын құзыреттілікті бағалау нәтижесі өңделді.

Сарапшы ұстаздар мен магистранттардың бойындағы қалыптасқан құзырет түрлерін бағалау мақсатында құзыреттіліктің сегіз түрі таңдалып алынды. Бұл мақалада тек екі түрі келтірілді:

1. Магистрант жұмыстың интерактивті әдіснама нәтижесінде таңдалып алынған инновациялық бағалаудың мәселелік мазмұндау әдісі, топтық жұмыс әдісі, пікірталастар әдісін қолданып, теориялық қысқаша түсінік дайындауы;

2. Жобалау қызметі саласындағы құзыретті бағалау;

Бұл зерттеу жұмысында төрт білікті ұстаз, «техникалық физика» мамандығы бойынша екінші курста білім алушы алты магистранттың құзыреттілік деңгейлерін әр кезеңде бағалап отырды. Бағалау шкаласы әр құзырет үшін алдын ала дайындалды. Бағалау көп қиындық тудырмау үшін бес балдық жүйемен жүргізілді.



Сурет 3 – В.А. Козырева мен профессор Н.Ф.Радионованың жалпыкәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы іс-әрекет субъектісінің кәсіби міндеттер тобы

Магистрант жұмыстың интерактивті әдіснама нәтижесінде таңдалып алынған инновациялық бағалаудың мәселелік мазмұндау әдісі, топтық жұмыс әдісі, пікірталастар әдісін қолданып, әр магистранттың дайындаған теориялық қысқаша түсініктерін бағалау талаптары төменде көрсетілді.

Мәселелік мазмұндау әдісі. «Өте жақсы», 5 балл қою талаптары. Қатты дененің айналмалы қозғалысы моменттер теңдеуімен сипатталатынын, қатты дене бекітілген өстен айналып қозғалса, онда осы өстен денені айналдыруға күш моментінің тек қана өске параллель құраушысы әсер ететінін түсіндіре алады. Моменттер теңдеуінің айналу өсіне проекциясын қарастырады. Қатты дененің берілген өске қарасты инерция моменті дененің формасына, сызықтық өлшемдеріне, массасына және массаның айналу өсіне қарасты таралуына, әрі денеге қарағанда айналу өсінің орналасуына байланысты анықталатын формуланы жазады. «Жақсы», 4 балл. Қатты дененің айналмалы қозғалысы моменттер теңдеуімен сипатталатынын, қатты дене бекітілген өстен айналып қозғалса, онда осы өстен денені айналдыруға күш моментінің тек қана өске параллель құраушысы әсер ететінін түсіндіре алады. Моменттер теңдеуінің айналу өсіне проекциясын қарастырады. Қатты дененің берілген өске қарасты инерция моменті дененің формасына, сызықтық өлшемдеріне, массасына және массаның айналу өсіне қарасты таралуына, әрі денеге қарағанда айналу

өсінің орналасуына байланысты анықталатын формуланы жазуда қиналады. «Қанағаттанарлық», 3 балл. Дәрісте берілген материалдарға сүйеніп, қозғалыстың моменттер теңдеуімен сипатталатынын түсіндіргенмен формулалардың көмегінсіз тез жаза алмайды.

«Нашар», 1 балл. Дәрісте берілген материалдарды мүлдем қолдана алмайды. Моменттер теңдеуін жатқа біледі. Тәжірибедегі маңыздылығын түсіндіре алмайды.

Топтық жұмыс әдісі. «Өте жақсы», 5 балл. Мақсатқа жету үшін қажетті міндеттерді жылдам анықтайды. Топта жұмыс жасауда еш қиналмайды.

«Жақсы», 4 балл. Мақсатқа жету үшін қажетті міндеттерді жылдам анықтайды. Топта жұмыс жасауда қиналыңқырайды.

«Қанағаттанарлық», 3 балл. Топта өзін қалай ұстау керектігін білмей қиналады. Білгенін айтуға қорқақтайды.

«Нашар»,1 балл. Топтағы басқа магистранттардың ойларын тыңдамайды. Өзінің дайындаған теориялық мәліметтері дененің инерция моментін анықтау тақырыбына сай емес.

Пікірталас әдісі. «Өте жақсы», 5 балл. Айналмалы қозғалыс динамикасының моменттер теңдеуін тақтаға жазып, Қатты дененің берілген өске қарасты инерция моменті дененің формасына, сызықтық өлшемдеріне, массасына және массаның айналу өсіне қарасты таралуына, әрі денеге қарағанда айналу өсінің орналасуына байланысты формуланы қорытады. Ойын еркін жеткізіп басқалардың қатесін түсіндіре алады.

«Жақсы», 4 балл. Айналмалы қозғалыс динамикасының моменттер теңдеуін тақтаға жазып, Қатты дененің берілген өске қарасты инерция моменті дененің формасына, сызықтық өлшемдеріне, массасына және массаның айналу өсіне қарасты таралуына, әрі денеге қарағанда айналу өсінің орналасуына байланысты формуланы қорытады. Ойын еркін жеткізгенмен басқалар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап бергенде нақты пікірді ұстап тұра алмайды. «Қанағаттанарлық», 3 балл. Айналмалы қозғалыс динамикасының моменттер теңдеуін тақтаға біреудің көмегінсіз жаза алады. Пікірін түсіндіреді. Дәрісте меңгерген мәліметтерін түпкілікті түсінбегендіктен қалай қолданудың ебін таба алмайды.

«Нашар», 1 балл. Айналмалы қозғалыс динамикасының моменттер теңдеуін тақтаға біреудің көмегінсіз жаза алмайды. Пікір таласқа қатысу үшін дәрісте меңгерген теориялық мәліметтерді қолдануда ойының шашыраңқылығынан қиналады. Осы бағалау талаптарына сай 4 сарапшы ұстаз, 6 техникалық физика мамандығы бойынша білім алушы магистрант мәселелік мазмұндау әдісінің қорытындысын кестедегі балдар ретінде қойды.

1-кесте. Мәселелік мазмұндау әдісінің қорытындысы

№	*Магистрант аты-жөні*	*1 ұстаз*	*2 ұстаз*	*3 ұстаз*	*4 ұстаз*
1	Шаймардан Р.	*4*	*5*	*4*	*4*
2	Бимбетов М.	*4*	*4*	*4*	*4*
3	Әбдиева З.	*5*	*5*	*5*	*5*
4	Елубаева Б.	*4*	*5*	*4*	*4*
5	Жайлаухан А.	*4*	*4*	*4*	*4*
6	Нұржұма Г.	*5*	*5*	*5*	*5*

Бағалау талаптарына сай 4 сарапшы ұстаз, 6 техникалық физика мамандығы бойынша білім алушы магистранттың топтық жұмыс әдісіне бейімділігін бағалады. Бағалау нәтижесінде әр магистрантқа әр ұстаздың қойған балдары 1-кестеге енгізілді.

2-кесте. Топтық жұмыс әдісінің қорытындысы

№	*Магистрант аты-жөні*	*1 ұстаз*	*2 ұстаз*	*3 ұстаз*	*4 ұстаз*
1	Шаймардан Р.	*5*	*5*	*5*	*4*
2	Бимбетов М.	*4*	*4*	*4*	*4*
3	Әбдиева З.	*5*	*4*	*5*	*5*
4	Елубаева Б.	*4*	*4*	*4*	*4*
5	Жайлаухан А.	*5*	*4*	*5*	*4*
6	Нұржұма Г.	*5*	*4*	*5*	*5*

Бағалау талаптарына сай 4 сарапшы ұстаз, 6 техникалық физика мамандығы бойынша білім алушы магистранттың топтық жұмыс әдісіне бейімділігін бағалады. Бағалау нәтижесінде әр магистрантқа әр ұстаздың қойған балдары кестеге енгізілді.

3-кесте. Пікірталас әдісінің қорытындысы

№	*Магистрант аты-жөні*	*1 ұстаз*	*2 ұстаз*	*3 ұстаз*	*4 ұстаз*
1	Шаймардан Р.	*4*	*5*	*5*	*4*
2	Бимбетов М.	*4*	*5*	*4*	*4*
3	Әбдиева З.	*5*	*4*	*4*	*5*
4	Елубаева Б.	*4*	*5*	*4*	*4*
5	Жайлаухан А.	*5*	*4*	*5*	*4*
6	Нұржұма Г.	*5*	*5*	*5*	*5*

Магистрант жұмыстың интерактивті әдіснама нәтижесінде таңдалып алынған инновациялық бағалаудың мәселелік мазмұндау әдісі, топтық жұмыс әдісі, пікірталастар әдісін қолданып әр магистранттың дайындаған теориялық қысқаша түсініктерін бағалау нәтижелерін қолданып тұрғызған гистограмма 4 суреттегідей болды.



4 сурет. Мәселелік мазмұндау әдісі, топтық жұмыс әдісі, пікірталастар әдісін қолданып тұрғызған гистограмма

2. Жобалау қызметі саласындағы құзыретті бағалаудың жобасы. Интерактивті әдіснама нәтижесінде таңдалған әдіс. Жобалау қызметі саласындағы құзыреттілік. «Өте жақсы», 5 балл. *ОО* өсі дискінің симметрия өсімен дәл келетіндіктен диск талғаусыз тепе-теңдік күйде болатынын біледі. Көтерілген дененің потенциялық энергиясы жүктің ілгерілемелі қозғалысының кинетикалық энергиясы мен дискінің айналмалы қозғалысының кинетикалық энергиясына ауысатындығын түсінеді. Қосымша жүктің платформаға түскен мезетіндегі механикалық энергияның сақталу заңын жазады, дискінің инерция моментін анықтайтын өрнекті ала алады. «Жақсы», 4 балл. *ОО* өсі дискінің симметрия өсімен дәл келетіндіктен диск талғаусыз тепе-теңдік күйде болатынын біледі. Көтерілген дененің потенциялық энергиясы жүктің ілгерілемелі қозғалысының кинетикалық энергиясы мен дискінің айналмалы қозғалысының кинетикалық энергиясына ауысатындығын түсінеді. Қосымша жүктің платформаға түскен мезетіндегі механикалық энергияның сақталу заңын жазады, дискінің инерция моментін анықтайтын өрнекті жазуда қиналады. «Қанағаттанарлық», 3 балл. Тәжірибелік қондырғыға қарап өздігінен жұмыстың жасалу әдісін жобалай алмайды. Көтерілген дененің потенциялық энергиясы жүктің ілгерілемелі қозғалысының кинетикалық энергиясы мен дискінің айналмалы қозғалысының кинетикалық энергиясына ауысатындығын түсінеді. Дискінің инерция моментін анықтайтын өрнекті жаза алады. «Нашар», 1 балл. Тәжірибенің әдісін өздігімен жобалай алмайды. Энергиялардың сақталу

заңдарын білмейді. Бағалау талаптарына сай 4 сарапшы ұстаз, 6 техникалық физика мамандығы бойынша білім алушы магистранттың жобалау қызметі саласындағы құзыреті нәтижесінде әр магистрантқа әр ұстаздың қойған балдары кестеге енгізілді.

4-Кесте. *Жобалау қызметі саласындағы құзыретті бағалау нәтижесі*

№	*Магистрант аты-жөні*	*1 ұстаз*	*2 ұстаз*	*3 ұстаз*	*4 ұстаз*
1	Шаймардан Р.	*4*	*4*	*4*	*4*
2	Бимбетов М.	*5*	*5*	*4*	*4*
3	Әбдиева З.	*5*	*5*	*5*	*5*
4	Елубаева Б.	*5*	*4*	*4*	*4*
5	Жайлаухан А.	*5*	*4*	*5*	*4*
6	Нұржұма Г.	*5*	*5*	*5*	*5*

Магистранттардың жобалау қызметі саласындағы құзыреттіліктерін бағалау нәтижесінде сарапшы ұстаздардың қойған балдарының нәтижесін қолданып 5 суреттегі гистограмма тұрғызылды.



5 сурет. Магистранттардың жобалау қызметі саласындағы құзыреттіліктерін бағалау

Мақала құзыреттіліктің кездесетін түрлері туралы мәліметтер жиынтығына талдау жасалды. Н.В.Кузьминнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі, К.Марковаңың кәсіби құзіреттілік элементтері, В.Шадриков, В.И.Байденко, Е.Фролов, Д.А.Макхотинның басты үш құзыреттілігіне талдау жүргізілді. Магистрант жұмыстың интерактивті әдіснама нәтижесінде таңдалып алынған инновациялық бағалаудың мәселелік мазмұндау әдісі, топтық жұмыс әдісі, пікірталастар әдісін қолданып теориялық қысқаша түсінік дайындалып жобалау қызметі саласындағы құзырет бағаланды;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Харченко Л.Н. Концепция программы подготовки преподавателя высшей школы: Монография. – М.: Директ-Медиа, 2014. -234б.

2. Компетентность и проблемы ее формирования в системе непрерывного образования (школа – вуз – послевузовское образование) / науч. ред. проф. И.А. Зимняя; Материалы XVI научно-методической конференции «Актуальные проблемы качества образования и пути их решения»

6. Зимняя, И. Л. Компетентность человека - новое качество результата образования [Текст] / И.Л. Зимняя // Проблемы качества образования.- М.; Уфа, 2003.

10. Концепция модернизации российского образования на период до 2010 года. Утверждена распоряжением Правительства РФ от 29 декабря 2001 г. №1756 [Текст]. - М.: ЦГЛ, АПК и ПРО, 2004. - 24 с.

13. Педагогика профессионального образования [Текст]: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е.П. Белозерцев, А.Д. Гонеев, А.Г. Пашков и др.; под ред. В.А. Сластенина. - 2-е изд., стер. - М.: Издательский центр «Академия», 2006. - 368с.

Резюме

А.А.Куйкабаева, М.А.Борибаева, Э.М.Зульбухарова

(г. Алматы, КазНУ им. аль-Фараби)

Инновационные методы при оценке компетентности профессиональной деятельности с использыванием метода групповых дискуссии

С помощью гистограмм, которые сравнивают вычисления и результаты обработки было определено, что кэйс-стади является эффективным методом в процессе обучения. При вычислении момента инерции диска, основываясь на профессиональной и образовательной компетентности Н.В.Кузьмина, на элементы профессиональной компетентности А.К.Маркова, на определении компетентности В.Шадрикова, В.И.Байденко, Е.Фролова, Д.А.Макхотина были разработаны виды инновационной компетентности магистрантов и оценены результаты исследования.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, интерактивная методология, требования к оценке, деятельность проектирования.

Summary

A.A.Kuykabaeva, M.A.Borybaeva, E.M.Zulbuharova

(Almaty city, Kazakh national university named after al-Farabi)

Innovative methods in assesing competence of professional performance using group discussion method

Using histograms which compare calculation and processing results, it was determined that the case-study is an effective method in the learning process. Based on professional and educational competence of Kuzmin N.V., on the elements of professional competence of Markov A.K., on definition of competence of Shadrikov V., Baydenko V.I., Frolov E., Makhotin D.A. were developed types of innovative competence of graduates and were evaluated research results of the calculation of the disk’s moment of inertia.

Keywords: professional competence, interactive methodology, assessment requirements, design activity.

ӘОЖ:373.2:73\76

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.М.Нуркасинова, *пс.магистрі, аға оқытушы*
А.К.Құлымбаева, *пс.магистрі, аға оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың бейнелеу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері және бала суреттерінің диагностикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Бейнелеу іс-әрекеті мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойын сияқты типтік іс-әрекет түрі болып табылады. Сурет салу баланың жалпы психикалық дамуымен тікелей байланысты. Баланың қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын, затпен әрекет ету және

ересектермен қарым-қатынас тәжірибесінің ерекшеліктерін біріктіре отырып, бала суреттері, сонымен қатар, оның ішкі жан дүниесінің, бастан кешулерінің, дүниетанымының, қоршаған ортаны қабылдауы мен түсінуінің көрінісі болып табылады. Бала суреттерінің диагностикалық мүмкіндіктері өте жоғары. Суреттерінің мазмұндық бағыты бойынша реалистердің суреттері және арманшылдардың суреттері деп бөлуге болады. Балалардың сурет салу әрекеті олардың ақыл-ой дамуымен тығыз байланысты; суреттерде қоршаған ортаға деген қатынастары да бейнеленеді. Бала суреттері диагностикалық мақсатпен қоса, дамыту мен түзету жұмыстарында да маңызды. Бала өзі үшін мәнді суреттер сала отырып психотерапевтік әсер алады. Олардың суреттері – ішкі әлемінің шынайы бейнесі. Сурет салу бала үшін табиғи іс-әрекет, сурет салуда бала өзін еркін ұстайды, психодиагностикалық зерттеу кезінде орын алатын мазасыздануды бәсеңдетеді, баламен жағымды эмоциялық байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: бейнелеу іс-әрекеті, психикалық диму, ақыл-ой қабілеттері.

Сурет салу мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойын сияқты типтік іс-әрекет түрі болып табылады. Балалардың бейнелеу іс-әрекетіне деген арнайы қызығушылық XIX ғасырдың 80-90 жылдары психологтар, педагогтар, тарихшылар, этнографтар және өнертанушылардың арасында пайда болды.

Балалардың бейнелеу іс-әрекеті психология ғылымында жан-жақты зерттеледі: бала суреттерінің жастық эволюциясы, сурет салу процесінің психологиялық талдамы, сурет салу мен ақыл-ой дамуының байланысын талдау және суреттегі баланың тұлғалық ерекшеліктерінің көрінісі. Бірақ, осындай түрлі бағыттарға қарамастан бала суреттері психологиялық мәнділігі тұрғысынан аз зерттелген.

Онтогенезде сурет салу іс-әрекеті баланың жалпы психикалық дамуымен тікелей байланысты. Баланың қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын, затпен әрекет ету және ересектермен қарым-қатынас тәжірибесінің ерекшеліктерін біріктіре отырып, бала суреттері, сонымен қатар, оның ішкі жан дүниесінің, бастан кешулерінің, дүниетанымының, қоршаған ортаны қабылдауы мен түсінуінің көрінісі болып табылады. Сурет сала отыра бала өзінің қоршаған ортаны тануға деген ұмтылыстарын және осы танымының дәрежесін көрсетеді. Ойын әрекеттері мен сурет салуды меңгере отырып, бала өзінің танымдық процестерінің ырықты жақтары мен орын алмастыру әрекетін дамытады. Сонымен қатар, біртіндеп адами таңбалық-символдық әлемді – сөздік кеңістікті және қиял бейнелері доминантты болып табылатын кеңістіктерді меңгереді.

Бала суреттерінің диагностикалық мүмкіндіктері өте жоғары. Н.М.Рыбников бойынша, балалардың суреттерін түсіну үшін суретті зерттеу жеткіліксіз, сурет салу процесін зерттеу арқылы да біраз ақпарат алуға болады. Ересектер үшін сурет салудың нәтижесінде пайда болған картина маңызды болса, балалар үшін суретті салу процесі маңызды. Сондықтан да, олар жан-тәнімен кірісіп сурет салғанымен, салып болғаннан кейін суреттерін тастай салады. Кішкентай балалардың қағазға салған суреттері аз болады, бірақ сала отырып көп сөйлейді, ым-ишара жасайды. Тек мектепке дейінгі жастың соңына қарай ғана бала өз суреттеріне бейнелеу іс-әрекетінің нәтижесі деп қарайды.

Бала суреттерінің мазмұнын шарттайтын маңызды фактор – олардың шынайы немесе қиял-ғажайыптар әлеміне бағыттылығы. Бала суреттерінің мазмұндық бағыты бойынша реалистердің суреттері және арманшылдардың суреттері деп бөлуге болады. Реалистер суреттерінде табиғат заттары мен құбылыстары; адамдардың күнделікті өміріндегі шынайы жағдайлар бейнеленеді. Ал, арманшылдар суреттерінде өздерінің жүзеге аспаған арман, тілектерін бейнелейді. Балалар жасы өскен сайын олардың суреттерінде арман-тілектері бейнеленеді. Фантастикалық суреттердің бейнеленуі (перілер, су перизаттары, сиқыршылар, феялар, ханшайымдар) де шынайы кейіпкерлер сияқты бала жанының еңбегін және ішкі сезімдерін көрсетеді

Балалардың сурет салу әрекетінің олардың ақыл-ой дамуымен тығыз байланысты екені жалпыға мәлім. А.А.Смирнов бала суреттерінің оның интеллект қырларымен тікелей байланысты дамуының бес сатысын бөліп, сипаттап берді:

I саты – мағынасыз сызықтар – бала нақты бір затты бейнелеуге тырыспайды, оның суреттері – жаңа заттармен манипуляциялаудың және ересектерге еліктеудің нәтижесі.

II саты – пішімсіз бейнелер – объективті нәтижелері бойынша бірінші сатыға өте ұқсас, дегенмен одан баланың сезімдері бойынша айырмаланады. Бұл сатыда бала қағазға бір заттың бейнесін түсіруге тырысады, бірақ ол суретті баланың түсіндіруінсіз түсіну мүмкін емес.

III саты – кескінді бейнелер 4-5 жастан 11-12 жасқа дейін созылады, бастапқы қарапайым кескіндерді мәнді мазмұнға толтырудың күрделенуі жүретін бірнеше аралық кезеңдерінен тұратын ең ұзақ саты.

IV саты – шынайы бейнесіне ұқсас суреттер – кескіндерден бас тартып, заттардың шынайы түрін бейнелеуге тырысу.

V саты – шынайы суреттер – заттардың бейнесі «балалық» бейнесін жоғалтады, бала суреттеріне тән ерекшеліктерінен түссіздік, контурлық т.б. ажырайды. Оларда көлем, перспектива пайда болады [1].

Бала суреттерінен олардың ақыл-ой қабілеттерінің дамуы ғана емес, қоршаған ортаға деген қатынастары да бейнеленеді. Бала бейнеленетін затқа деген жағымды қатынасын ашық түстер арқылы, ұсақ детальдарын бейнелеу арқылы, әдемілеу арқылы білдіреді. Жағымсыз қатынастар туралы керісінше, қою түстер арқылы, суретті аяғына дейін салмау арқылы, әдемілеу элементтерінің болмауы арқылы білеміз [2].

Бала суреттері диагностикалық мақсатпен қоса, дамыту мен түзету жұмыстарында да маңызды. Бала өзі үшін мәнді суреттер сала отырып психотерапевтік әсер алады. Сурет сала отырып, жағымсыз бастан кешулерден арылып, кикілжіңдерді шешу жолдарын ойнайды, қорқыныштары мен мазалайтын заттарын бейнелеп, ішкі қозуды жеңілдетеді [3].

Сурет салу танымдық процестер, сөйлеу, мотивациялық сфера мен өзіндік сана-сезім сияқты бала психикасының негізгі жақтарын дамытып, түзетуге, іс-әрекеттің ырықтылығы мен саналылығын қалыптастыруға, графикалық дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін әмбебап іс-әрекет түрі.

Балалар суреттерінде олардың санасы мен бейсанасында бейне түрінде жинақталатын өмірлік тәжірибесі, олардың қоршаған ортаны қабылдауы, ішкі және сыртқы дүниеге қатынастары шоғырланады. Балалар суреттерінде олардың ішкі әлемінің шынайы бейнесі: ол әлемнің байлығы мен жұтаңдығы, жарқын тұстары мен көлеңкелері, бейқамдығы мен қақтығыстары салынады. Бала нақты тестік тапсырмаларды орындаудан бас тартса, еркін тақырыпқа сурет салдыру тиімді. Балаға «салғың келгеннін бәрін сал» деген нұсқау беріледі. Және бала сурет салу барысында не ойласа да, не сезінсе де айтуына болатынын білуі керек. Өйткені сурет қана емес, жұмыс барысында және аяқталғаннан кейін туындайтын спонтанды ассоциациялардың маңызы зор. Айтылған ассоциациялар бала тұлғалығын зерттеу үшін маңызды болып табылатын мол ақпарат көзі болады. Ондай ақпарат арқылы психопатологиялар мен даму ауытқушылықтарын ерте анықтауға мүмкіндік бар. Бала суреттерін талдауды қарапайым және жеңіл деп қарамау керек, тез шешім шығарудан да аулақ болған орынды, себебі олар қателіктерге ұрындыруы мүмкін. Мысалы, суретте қанды шайқас, ауыр авария бейнеленетін болса, ол оның агрессиясын шығарудың қалыпты оңтайлы жолы болуы мүмкін. Керісінше, зоопарктегі тор ішіндегі жануарларды бейнелеу баланың оқшауланыуынан, жалғыздық сезімдерінен хабар беруі мүмкін. Бір суреттің тіпті бірнеше суреттің негізінде соңғы шешім шығаруға болмайды. Сурет салу арқылы балалар өздерінің қақтығыстарын ашып, табысты шеше алады. Өздерінің сезімдерін, кикілжіңдерін, тілектерін сөзбен білдіру арқылы балалар негативті сезімдерді бастан кешіреді деп қорықпау керек. Ондай жағдайлардың орын алуы әбден мүмкін және заңды да. Себебі балаларға қауіпсіздік, қолдау және қорған сезімдерін беретін жағдайлар фрустрация, агрессия, қорқыныш және т.б

сияқты терең ығыстырылған тәжірибенің көрінуіне өте ыңғайлы. Бір кездері ығыстырылған бұл тәжірибелер спонтанды шығармашылық әрекетте қайта шығуға мүмкіндік алады. Олармен бетпе-беп кезесіп, ойын формасында қайта бастан кешіру арқылы оларды қабылдауы және шешуі мүмкін. Егер бала соған жетсе, ендігіде қорқу, қашу сезімдерінен арылады, өз эмоцияларын қадағалап, ой тәуелсіздігі мен еркіндігіне жетеді. Кішкентай бала суреттер арқылы сөзбен айта алмайтын мәселелері туралы баяндап бере алады, мысалы, ата-аналары арасындағы кикілжіңдер, ересек адамдар тарапынан көрсетілген зорлықтар т.б. сурет арқылы балалар бастан кешіріп отырған мәселелерінен туындап отырған үрейлерін өңдей алады. Мұндай үрейлердің белгілері, мысалы суреттерінде үнемі диюларды (чудовища) бейнелеу. Мұндай жағдайларда балаларға диюлар бара алмайтын қауіпсіз мекенді салуды сұрау керек және туындаған қауіпсіздік сезімдерді бірге талдау керек. Сурет туралы көбірек білудің тағы бір амалы баланың өзінен сұрау. Ол сурет арқылы баланың ішкі әлемін зерттеудің вербалды сатысы деп аталады. Ол сұрақ қою түрінде, әңгімелесу немесе баланың мазмұндауы түрінде болуы мүмкін. Мұндай әңгімелесу кезінде бала еш мүдірместен өзінің жан дүниесін ашады, мазалайтын ойларынан арылады. Салынған сурет және әңгімелесу арқылы баланың ішкі жан дүниесін табысты зерттеуге болады. Балада абстрактілі пайымдау, жалпылау қабілеттері жоқ. Олардың әңгімелері тікелей тәжірибелерімен байланысты. Сұрақ қою кезінде бала суреттеріне сүйене отырып, одан қажетті ақпараттарды алуға тырысу керек. Неге осы объект бейнеленгенін, неге осылайша бейнеленгенін, неге осы ретте салынғанын т.с.с. сұрақтар қойылады; сурет салу кезінде кім туралы және не туралы ойлағандығын; суретке қарап отырып қандай сезімдер туып отырғандығын сұрастыру керек. Егер баланың өзі әңгімелеп бергенін қаласақ «мына суретке қарап, не бейнеленгені туралы айтып берші, осы туралы әңгіме құрастыршы» деп сұрау керек. Баладан суретте не болып жатқандығын, не болғандығын және не болатындығын сұрауға болады. Мұндай әңгімелесу кезінде мейірімділік, шынайы қызығушылық танытып, қысым жасамау керек. Егер қолайлы мезет таңдалып, жағымды атмосфера орнатылса, бала еш қиындықсыз әңгіме құрап береді. Ол әңгімеде не туралы айтылса да ол балаға қатысты нәрселер болады [4].

Сурет салу әдістерінің кең қолданысқа ие болуы олардың көмегімен зерттеу жүргізудің қарапайымдығы мен алынатын мәліметтердің кеңдігі ұштасады, күрделі құрал-жабдықтарды қажет етпейтіндіктен оларды қолдану оңай. Қалыпты дамудағы және ауытқуы бар мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыста сурет салу әдістеренең қолданылуының өзіндік артықшылықтары бар. Біріншіден, сурет салу бала үшін табиғи іс-әрекет, сурет салуда бала өзін еркін ұстайды, психодиагностикалық зерттеу кезінде орын алатын мазасыздануды бәсеңдетеді, баламен жағымды эмоциялық байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жаста балалардың вербалды және вербалды емес мінез-құлықтарының арасындағы алшақтық, сөйлеу мен рефлексияның (өз іс-әрекеттері мен сезімдерін талдай алу қабілеті) жеткіліксіз дамуы вербалды диагностикалық құралдарды қолдануды шектейді. Бірқатар жағдайларда балалардың индивидуалды мүмкіндіктерін зерттеу үшін тек сурет салу әдістемелері ғана мүмкін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Семаго Н.Я. Детский рисунок. Этапы развития и качественная оценка// Школьный психолог, № 35, 2003.

2. Проективная психология. – М., 2000.

3. Мухина В.С. Изобразительная деятельность как форма усвоения социального опыта. – М.,1981.

4. Романова Е.С., Потемкина О.Ф. Графические методы в психологической диагностике. – М., 1992.

Резюме

Нуркасинова Л.М., *магистр психологии,ст. преп.*
Кулымбаева А.К., *магистр психологии,ст. преп.*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Особенности изобразительной деятельности детей дошкольного возраста

Аннотация: В статье рассматриваются психологические особенности изобразительной деятельности детей дошкольного возраста и диагностические возможности их рисунка. Изобразительная деятельность – как игра, является типичным видом деятельности для детей этого возраста. Рисование непосредственно связано с общим психическим развитием ребенка. Учитывая восприятие, запоминание, мышление, действия с предметами, а так же особенности опыта взаимоотношений со взрослыми, коплексно рассматривая через рисунок, можно определить внутрение переживания, пережитый негативный опыт, мировозрение, восприятие окружающих, понимание себя и других. Диагностические возможности детских ресунков очень велики. По смысловой нагрузке детские рисунки можно разделить на реалистические и воображаемые. Процесс рисования детей тесно связан с их умственным развитием, и в рисунках находят отражения отношения с окружающим миром. Детские ресунки помимо диагностических целей, имеют важное значение в процессе развития и коррекции. Рисую для себя значимый образ дети получают психотерапевтический эффект. Их рисунки – истинное отражение их внутреннего мира. Рисование для ребенка естественный процесс, когда они рисуют чувствует себя свободно, расскованно, снижается тревожность и напряжение, а так же дает возможность взрослому установить позитивный эмоциональный взаимосвязь с ребенком.

Ключевые слова: визуальная активность, умственные, умственные способности

Summaru

Nurkassinova L.M., *Master of Psychology, senior lecturer*
Kulimbaeva A.K., *Master of Psychology, senior lecturer*
(Almaty city, Kazakh State Women's Pedagogical University)

Features of graphic activity of preschool children

The article discusses the psychological characteristics of graphic activity of children of preschool age and diagnostic possibilities of their figure. Art is like a game, is a typical activity for children of this age. The drawing is directly related to the General mental development of the child. Given the perception, memorization, thinking, actions, objects, and features of the experience of relationships with adults, kompleksno looking through the picture, you can determine the inner experiences endured negative experiences, worldview, perception orageuse, understanding yourself and others. Diagnostic features of children's rezunkov very large. By meaning of children's drawings can be divided into realistic and imaginary. The drawing process of children is closely linked to their mental development, and in the drawings reflect their relations with the outside world. Baby resunki in addition to diagnostic purposes, are important in the process of development and correction. Draw for himself a meaningful way kids get therapeutic effect. Their pictures are a true reflection of their inner world. Drawing for a child is a natural process when they paint feels loose, raskovanno, reduces anxiety and stress, and also gives the opportunity to the adult to set a positive emotional relationship with the child.

Keywords: visual activity, mental, mental ability.

ӘОЖ 371.037Е-82

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Л.Саурбекова, *аға оқытушы,*
Д.А.Тауасарова, *оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада жас ұрпақтың өз ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру және патриоттық - интернационалдық тәрбие мәселелері қарастырылған. Еліміз егемендік алған 20 жылдан астам уақытта жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – өз Отанына берілгендік болды. Жалпы Отанға деген сүйіспеншілік – адам бойындағы күш-қуат пен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты элементтер ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастаған. «Отансүйгіштік» ұғымы осы түсінікті байыта түседі. Ол көздің карашығындай сақтап келген жерін қорғау, елінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сыйлау, ана тіліне деген сый-құрмет, елі мен жерінің өркендеуіне үлес қосу. Қазақстанды мекендейтін өзге ұлт өкілдерінің мүддесімен санасу сияқты құндылықтардан тұрады.

Түйін сөздер: Отансүйгіштік, патриоттық, жас ұрпақ, ұлтық сана, намыс, парыз.

Отансүйгіштікті адамгершілік қағидаларынан бөліп қарауға әсте болмайды. Өйткені, Отан абстрактылы ұғым емес. «Отан – тірісі бар, өлісі бар, тіпті тумағандары бар бүкіл рулар мен ұрпақтардың рухани байланысы», – дейді Д.Меренковский. Отан дегенің – халық, ал халық дегенің – адам. Адамды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Отаншылдық – көз жетпейтін көне ғасырлардан келе жатқан құндылық. Қай ғасырда болмасын тәрбие мәселесі назардан тыс қалып көрген емес. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Көпұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтың келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетгі елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Отанды сүю туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да (әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари), жыршы-жырлаулары да (Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар жырау, Махамбет т.б.) айтқан болатын. Қазақтың ұлан-байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр «Найзаның ұшымен, білектің күшімен», «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» аман сақтап келді. Олардың құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жауға қарсы тұрғаны нағыз шынайы отансүйгіштік қасиет еді.

Жас ұрпақтың өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтинсарин, А.Құнанбаев, Алаш орда қайраткерлері – М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және т.б. нақтылы іс-әрекеттері мен әдебиеттерінен анық байқауға болады. Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімінің қалыптасуы туралы. «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай («матрешка» сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық), мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды қадірлеймін, одан соң халқымды... қадірлеймін», – деген екен.

Отаншылдық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отаншылдыққа тәрбиелеудің арқауы. Жас ұрпақтың бойында ұлттық сананы қалыптастыруда олардың туған жер мен еліне деген сүйіспеншілігін оятудың маңызы зор. Ұрпағын халқының патриоты етіп тәрбиелеу – қай

халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары болған. «Отанды сүю – отбасынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді. Қазақи тәрбие барынша елін, туған жерін сүюге бағытталған. «Туған елмен болмаса тумай-ақ қойсын күн мен ай», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Туған жерге ту тігу елім деген азаматтың борышы», «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» деп жас кезінен еліне деген іңкәрлік сезімін бойына сіңіруге тырысқан. «Ер намысы – ел намысы», «Ер намыстың құлы», «Арың үшін алысу азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Баланы туа салысымен ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдибиетінің өнегелі өсиеті болып өзекті орын алады. Еңбек пен ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетіп бақты. Оған айқын мысал, Күлтегін, Тоныкөк ерлік дәстүрінен бастап, XVIII ғасырдағы Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек т.б. батырлардың тәрбиесіне назар аударсақ айқын байқаймыз. Мысалы, З.Сәннік, Б.Садықанның «Қаракерей Қабанбай» атты еңбегінде Ерасылдың балалық шағынан бастап батырдың жеке тұлғасын қалыптастыруда ата-ананың, ағайын-тумалардың, әлеуметтік ортаның игі ықпал еткенін көреміз.

Біз бұдан ұрпақ тәрбиесіндегі отбасы Отанының, өскен ортаның әсерінің орасан зор екенін байқаймыз. Ер елдің бір жағынан панасы, бір жағынан қорғаны деп бағалаған ата-бабамыз «Ерлік тәрбиеден туады» деп ұққан. Батыр, ер деген ұғымдар үнемі қатар қолданылып келген. Белгілі педагог Қ.Қабдыразақұлы жас ұрпақты дәстүрлер негізінде тәрбиелеу мәселесі педагогикалық тұрғыда зерделей отырып, дәстүрлерді шартты түрде беске бөледі. Солардың ішінде негізгі дәстүрлердің бірі деп ұлттық жауынгерлік дәстүрді қарастырады. «Жауынгерлік дәстүр Отан, туған жер және халқы үшін шексіз жүректілік, шамадан тыс қуаттылық және өлшеусіз ерлік жасаудың үлгісін көрсеткен жауынгерлік күресті бейнелеген ұғым», – деп атап көрсетеді.

Алғаш халық мұрасына, салт-дәстүріне, ұлттық ерлік және жауынгерлік тәрбиесіне мән бере отырып оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында «Қобыланды батыр» жырынан «Қобыланды және Тайбурыл» деген атпен үзінді енгізген. Қазақ халқы тек батырларын ғана құрметтеп қоймаған, сонымен қатар, батырлардың серігі астына мінген аттарының қасиеттерін жақсы суреттеген.

Қазақтың классик ақыны Абай тікелей жауынгерлік және ерлік тәрбиесіне арнап еңбек жазбағанымен де, өзінің поэмаларында, қара сөздерінде отансүйгіштікті қалыптастыратын ұлттық сана, намыс, парыз секілді қасиеттерді жан-жақты қамтыды.

«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» Абай айтқан пайымдаулар халқымыздың тарихын ғылыми негізге келтірген алғашқы қадамдардың бірі. Абай туған елінің, жерінің тарихын зерттеп, оны жете түсінуді уағыздайды. Абай өзінің отыз тоғызыншы қара сөзінде «Енді жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі мінезін өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, біз де ел қатарына қарай кірер едік», – деп жазады. Абай атаған қара сөзінде – арлылық, намыстық, табандылық – тәрбиенің жемісі дейді. Адамның ең ұлы сезімін азаматтық парызын орындау үшін жоғарыда аты аталған мінезді игеру керек екенін Абай атап көрсетеді. Абай шығармаларынан қазақ халқының өзіндік ішкі құрылымы және өзіндік қасиет-бітімін көреміз.

Қазақтың бес арысы А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин т.б. азаматтар өз шығармаларына Қорқыт, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жәнібек, Баян, Кенесары, Сыздық сынды әділ хандар мен күйшілерді арқау етуі де отансүйгіштік сезімінен туындаған. «Ерлік – тәрбиенің жемісі» деп қараған әрі батыр, әрі ғалым М.Ғабдуллин кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік тәрбиеден туындайды деп қарап, тар окопта, қар төсеніп, мұз жастанып жатқан қазақ жауынгерлеріне Едіге, Ер Қосай, Ер Сайын,

Қобыланды, Ер Тарғын жырларын жатқа айтып беріп, оларды ерлікке рухтандыру да отансүйгіштік сезімінің айқын көрінісі еді.

Қан майданда ерлігі мен жазушылығы қатар жүрген Б.Бұлқышев «Шығыс ұлына» атты еңбегінде «Ел қорғауға ел намысымен аттанған біздің алдымызда үлкен бел жатыр, Шығыс Ұлы! Туған елдің келешегін сақтауға біз міндеттіміз. Ендеше қазақ қыздарының «Елім-ай» деп сары даланы күңірентіп салған зарлы әнін бүгінгі күні жаңа күймен ұрыс алдында біз шырқасақ оның айып-шамы жоқ. Елін сүйген ер жігіт қазіргі заманда «Елім-ай» десе ол – Ант! Ол – Серт!», – дей отырып, қазақ халқының келешегі мен болашағын сақтау үшін ата-баба салып кеткен игі дәстүрлерін пайдалана отырып, ұлттық ерлік мектебінің дамуына өз үлестерін қосты.

Ғылыми-зерттеу жұмысы патриоттық-интернационалдық тәрбие мәселесіне арналған Ә.Жұмақановтың еңбектерінде тәрбие мәселесін кешенді, тәрбие бағыттарын бір-бірімен ұштастыра отырып жүргізу көзделеді. Патриоттық-интернационалдық тәрбиені адамгершілік, саяси-идеялық тәрбиелермен және пән сабақтарының мазмұнымен байланыстыра жүргізу қарастырылады. Ғалымның соңғы шыққан еңбегінде аға ұрпақтың ерлік және еңбек дәстүрі арқылы бастауыш сынып оқушыларының отаншылдық сезімдерін жетілдіру, дамыту мәселесіне айрықша көңіл бөлінген.

Ал ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап, ата-баба дәстүріне сезімталдықпен қарау. «Парыз – өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар-ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды құбылыс. Парыздан мықты күш жоқ, Парыздан берік сауыт жоқ, Парыздан нәзік сезім жоқ, Парыздан қатал қазы жоқ, – дей келе, халық батыры Б.Момышұлы парыз сезімін қиындықтан қайтпай, дұшпан алдында тайсалмай, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге әзір болу сезімінен туады», – деп қорытады.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық әдеп салт-дәстүрлерді оқу-тәрбие мазмұнына енгізе білсек, ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеуде. Оқушылардың бойында қазақстандық отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда игі ықпалы мол.

Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында «қазақ халқының жауынгерлік және ерлік тарихын ұрпаққа еріктің өшпес үлгісін қалдырған жас батырлардың өмір-өнегесімен таныстыру; өз жерін, елін қорғай алатын елжанды ұлттық намысы мол, жігерлі азаматтар тәрбиелеу», – деп ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшеліктер, салт-дәсүрлерді бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға аса мән береді.

Белгілі академик М.К.Қозыбаев бүгінгі ұрпақты ерлікке баулудың ұлтжандылыққа тәрбиелеудің нағыз қайнар көзі халықтық педагогика, ұлттық дәстүрде жатқанына тоқтала келе, «бізге тірек болып, болашақ батыр ұрпақ өсіруге көмектесер бір фактор халықтық педагогикалық ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі», – деп ұлттық жауынгерлік дәстүрлердің маңызы зор екенін атап көрсетеді. Халықтық педагогикасы бойынша зерттеу жұмысын жүргізген ТМД елдерінің ғалымдары Т.С.Виноградов, А.Ш.Гашимов, Г.Н.Волков т.б. халық педагогикасы – халықтық бала тәрбиелеу тәжірибиесіне байланысты жинақталған әдіс-тәсілдер, білім мен дағдылардың, салт-дәстүрлердің жиынтығы деп қарастырады.

Қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, М.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Ш.Майғарановалар және т.б. қазақ халқының тәлім-тәрбиелік мұрасына ғылыми талдау жасап және оларды тарих, этнография және фольклористика зерттеулерімен салыстыра келе халықтық педагогика мен этнопедагогика ұғымына түсінік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде атап көрсетілгендей «біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – егеменді еліміздің тұтастығын, бейбітшілігін сақтайтын ұлттық рухы жоғары, ұлтжанды ұландарды тәрбиелеу».

Осы мәселені шешуде, яғни оқушыларды ұлтжандылыққа баулу жұмысы оқу мен тәрбиенің бір-бірімен тығыз байланыстырылып жүргізілуін қажет етеді. Демек, оқу мен тәрбиені бір-бірімен кірістіре отырып, ұлттық жауынгерлік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүйелі түрде жүргізу арқылы елін, жерін жаудан қорғай алатын шынайы ұлтжанды азамат тәрбиелеп шығару бүгінгі егеменді еліміздің ұстаздар қауымының абыройлы борышы болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде // Егемен Қазақстан.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1972.
3. Құнанбаев А. Қара сөздері. Поэмалары. – Алматы: Ел. 1993.
4. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1994.
5. Құнантаева К. Оқушыларды революциялық күреспен еңбек дәстүрі рухына тәрбиелеу.– Алматы, 1965.

Резюме

Саурбекова Г.Л., *старший преподаватель,* ***Тауасарова Д.А.,*** *преподаватель*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Особенности воспитании школьников к патриотизму

В этой статье рассматриваются проблемы формирования патриотического чувства учащихся.

Ключевые слова: Патриотизм, гордость, человеческий долг, ответственность.

Summary

G.L Saurbekova *senior teacher,* ***D.A.Tauasarova,*** *teacher*
(Almaty city, Kazakh State Woman's Teacher Training University)

Features of education of schoolchildren to patriotism

The article talks about problems of the formation patriotic feelings of schoolchildren.

Keywords: Patriotism, pride, human debt, responsibility.

УДК 37.0

ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ

Н.А.Туебакова, *к.п.н., доцент*
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Аннотация: В статье говорится о сущности и содержании инновационных педагогических технологий. Сущность педагогической технологии выявляется через систему необходимых и достаточных элементов, связанных между собой и имеющих внутреннюю логику. А также поднимаются проблемы современных педагогических технологий и пути их решения.

Ключевые слова: инновационные педагогические технологии, функции педагогического воздействия, взаимодействия учителя с учеником.

Педагогическая технология как система научного знания должна оптимизировать и обеспечить воспитательный процесс. Воспитание – это объективный процесс, который совершается в обществе независимо от воли и желания педагога. Развитие личности не прекращается ни на минуту. Задача педагога заключается в том, чтобы направить

воспитательный процесс в сторону «восхождения» ребенка к человеческой культуре, способствовать самостоятельному освоению опыта и культуры, выработанных человечеством за многие тысячелетия. Если воспитание постоянное восхождение к культуре и повседневное воссоздание культуры во всех жизненных этапах, то назначением воспитания является формирование личности, которая бы приобрела в процессе развития способность самостоятельно строить свой вариант жизни, достойной человека. Очевидно, что ознакомление с различными вариантами жизненного устройства не исчерпывает проблему воспитания. Таким образом:

- развитие ребенка происходит тогда, когда он сам, проявляя активность, взаимодействует с миром;
- характер этой активности определяется субъективно свободным отношением личности;
- педагогическое влияние должно ориентировать воспитанника на определённое отношение к социальным ценностям;
- взаимодействие педагога и весь процесс взаимодействия с ребенком должен производиться на уровне современной культуры и в соответствии с целью воспитания.

Взаимодействие педагога и учащихся в высоком значении этого слова предполагает нечто большее, чем взаимное влияние друг на друга. Для осуществления взаимодействия необходимо принятие собеседниками друг друга как равноправных субъектов этого общения, что на практике в системе «учитель-ученик» встречается не так часто. Педагогическое воздействие, выступающее как короткий миг общения или продолжительное влияние, обеспечивает реализацию функций в соответствии с воспитательной целью. При анализе педагогического воздействия следует исходить из его назначения как начального момента взаимодействия учителя с учеником.

Иными словами, основное назначение педагогического воздействия заключается в переводе ученика на позицию субъекта, отдающего себе отчет в собственной жизни.

Реализация этих функций педагогического воздействия обеспечивается педагогической технологией, которая научно обосновывает профессиональный выбор воздействия педагога на ребёнка в его взаимодействии с миром, формирует у него отношение к этому миру. Сущность педагогической технологии выявляется через систему необходимых и достаточных элементов, связанных между собой и имеющих внутреннюю логику.

- какие элементы составляют педагогическую технологию;
- каково их необходимое и достаточное присутствие;
- в какой взаимосвязи они находятся;
- какие общие и специфические функции каждого элемента.

Педагогическое образование через сознание, имеющие направленность на открытие ученика в общений психологически комфортных условий для раскрытия его как личности. Педагогическая оценка, обеспечивающая функции «внесения образа» на уровне социальной нормы, стимулирования деятельности и коррекции отклонений, возможна на фоне воплощения оценки, воспринимаемая учеником как оценка, осуществляемой скрытым порядком. Педагогическое требование – еще один технологический элемент. Основными элементами педагогической технологии являются педагогическое общение, оценка, требование, конфликт и информативное воздействие. В соответствии с центральным назначением педагогического воздействия – общение выполняет три функции:

1) «открытие» ребенка на общение – призвана, с одной стороны, создать комфортные условия в классе, на уроке, в школе;

2) «соучастие» ребенку в педагогическом общении – достигается в результате анализа взаимодействия учителя с детьми;

3) «возвышение» ребенка в педагогическом общении – это не завышенная оценка, а своего рода стимулятор.

Педагогическая оценка предполагает оценивание проявляемого качества, но не личности ребенка в целом. Оценить – значит «установить степень, уровень, качество чего-нибудь». Учитывая такой подход к педагогической оценке и умело используя ее в своей работе, педагог формирует и корректирует ценностные отношения своих учеников. Порой отношение учителя оказывает на ребёнка более сильное воздействие, чем беседы или урок. Функциями педагогической оценки являются: внесение образа на уровне ценностного отношения к миру, стимулирование деятельности ребенка по освоению этого отношения, коррекция его возможных отношений в процесс самостоятельной выработки отношений. Учитывая уникальность и неповторимость личности каждого ребенка, необходимо тактично и бережно относиться к нему и учитывать значимость педагогической оценки для его развития.

Формы педагогической оценки:

|Поощрения|Наказания|Одобрение|Неодобрение||Похвала|Замечание|

|Аргументированное поощрение|Аргументированное неодобрение|

|Материальная форма|Лишение удовольствия (кроме|||естественных потребностей)||При высоком уровне самосознания||Благодарность Выговор|.

|Присвоение звания|Исключение из коллектива. Педагогическое требование – это предъявление ребенку в процессе воспитания социально-культурных норм отношений и поведения. Отношения человека имеют субъективно свободную природу и вырабатываются им самостоятельно в процессе накопления жизненного опыта. Задача педагога заключается в том, чтобы повлиять на формирование ценностных отношений позиций ребенка. Для этого необходимо представлять себе соотношение между безусловными нормами и правилами реализация требования, доступного в данный момент развития ребенка, предусматривает и учет его психического состояния. Психика щкольника очень подвижна: настроение у детей может меняться очень часто. Эффективность педагогического требования возрастает, если учитель постоянно подчеркивает свое уважение к детям, а для этого формы его обращения и поведения должны соответствовать этическим нормам, позволяющим педагогу в любой ситуации оставаться на высоком уровне культуры. Не следует пренебрегать обращениями к учащимся «Вы», «Пожалуйста» и т.д. Информативное речевое и демонстрационное воздействие имеет свои закономерности, учет которых обеспечивает педагогу возможность более тонкого прикосновения в работе с детьми. Рассматривая этот вопрос, в первую очередь необходимо определиться в двух «понятиях» – «наглядный» и «демонстрационный» материал. Демонстрационным материалом может являться все, что чувственно воспринимается человеком.

Наглядный материал должен обладать таким характеристиками, как доступность, убедительность, понятность. Принцип наглядности, как основной принцип дидактики ввел Я.Коменский, большую роль в учебном процессе ему отводил К.Д.Ушинский. Таким образом, выявленные закономерности в этой области, дают совокупность технологических правил информативного демонстрационного воздействия.

1) Предлагаемый детям наглядный материал должен быть доступен, прост и понятен.

2) Следует стремиться к тому, чтобы используемый материал (наглядный или демонстрационный) оказывал воздействие, на максимально возможное количество органов чувств.

3) Обязательное подкрепление демонстрации речью. Речевое пояснение в сочетании с наглядностью углубляет постижение и осмысление предмета объяснения

4) Доска, таблица, экран должны иметь горизонтальное расположение с соотношением 3:4, а округленные углы повышают информационную емкость.

Наиболее значимую информацию рекомендуется располагать в правой верхней половине формы.

5) Педагогу, производя записи на диске следует выделять выводы прямоугольником, овалом.

6) Размеры букв на доске должны быть не менее 1/3 лица, чтобы производимая запись легко прочитывалась с любой парты. Увеличение букв повышает убедительность.

7) Использование цветного изображения (цветные мелки, маркеры) облегчает восприятие т.к. цвет распознается легче и быстрее.

Конфликт – это всякого рода противоречие, возникающее между субъектами. Педагогический конфликт – это тоже противоречие между субъектами, но субъектами являются воспитатель и воспитанник. На основе противоречия осуществляется личностное развитие и развитие межличностных отношений. Различаются пустые и содержательные конфликты. Первый возникает на основе неустойчивого психического самочувствия. Его разрешение не требует сложной технологии, а лишь снятия психического напряжения собеседника путем проявления заботы, внимания. В зависимости от степени конфликта усложняется и технология его педагогического разрешения. Самый трудный для учащихся (и учителей) вид отношений, где труднее добиться согласия, сотрудничества. Не случайно А.С.Макаренко считал необходимым воспитание у школьников двух способностей: «способности приказывать и способности подчиняться».

Различие отношений порождает несовпадение норм, ценностей и интересов, что часто приводит к конфликтам. Здесь можно выделить три фазы протекания педагогической ситуации:

1. ФАЗА – конфликтное острое начало с явным нарушением социально ценных норм и ценностей одним из участников ситуации.

2. ФАЗА – ответная реакция «соперника», от формы и содержания которой зависит исход конфликта, и самое главное – последняя, т.е. направление перестройка сложившихся ранее отношений.

3. ФАЗА – относительно быстрое и радикальное изменение бытующих норм и ценностей в 2-х различных направлениях – улучшение или ухудшение ранее сложившихся отношений.

Конкретные педагогические ситуации, особенно острые и конфликтные, возникают и у опытных, и у начинающих учителей. Очень важно для учителя выйти из конфликтной ситуации с достоинством и творческой удовлетворенностью в своей работе Способы разрешения конфликта, особенно если он не зашел далеко, известны и доступны каждому – это нежность, юмор и шутка. В более сложных ситуациях мы прибегаем к компромиссу, делая уступки друг другу, или обращаемся к третьему, независимому лицу (третейский суд), или сами проводим анализ, стремясь разобраться в себе и своих поступках и только в исключительных случаях используем принуждение и временное расставание. Педагог не имеет права пойти на создание конфликта, если он не владеет технологией разрешения конфликта. Конфликт создается в тот момент или доводится до такого уровня, когда возникает обоюдная потребность в его разрешении.

Дополнительным элементам педагогической технологии является в создание психологического климата.

Создание психологического климата в группе является одной из наиболее важных и наиболее сложных задач педагога с детьми. Психологический климат – качественная сторона межличностных отношений, совокупность психологических условий, способствующих или препятствующих продуктивной совместной деятельности и всестороннему развитию личности в группе. Благоприятный психологический климат – это атмосфера раскрепощенности, взаимного уважения, дружелюбия, деликатности, создает комфорт и условия для работы, раскрывает возможности личности. Неблагоприятный климат препятствует личностному развитию, ввергая человека в состояние незащищенности, нервозности, боязни и отчаяния. Технологически влияние на климат обеспечивается совокупностью операций, соответствующих следующим правилам:

- установление личных контактов;
- подбадривающее, одобрительное отношение во время работы;

- этическое благородство, заключающееся в бескорыстной помощи, открытости и радости за другого;

- предупреждение возможных неудач в процессе и результате работы;

- аудиовизуальный художественный ряд, создаваемый использованием музыкальных фрагментов, слайдов. Это снимает тревожность, рождает уверенность;

- внесение элемента новизны за счет использования разнообразных средств.

Это отвлекает от трудностей, увлекает и снимает психологические зажимы, способствует творческому проявлению каждого ребенка.

Групповая деятельность может рассматриваться не только, как внеклассное мероприятие. Организуя урочную деятельность по усвоению знаний, педагог может исходить из двух позиций по отношению к детям. Во-первых, учитель относится к ученикам, как к пассивным участникам образовательного процесса, наблюдателям, в задачу которых входит восприятие материала. При такой позиции: учитель – субъект деятельности на уроке, учащиеся выполняют роль объекта. Во-вторых, рассмотрение группы детей как совокупность субъекта деятельности, организуемой на уроке. Если в первом варианте учитель, как правило, использует приказ, указание распоряжение в качестве строгих требований к детям, то во втором случае он больше обращается к просьбе, совету, рекомендации и тем самым способствует развитию самосознания своих учеников.

Повышению результата групповой деятельности способствуют такие операции, как установление личного контакта с детьми, снятие с них страха перед предстоящей деятельностью, предоставление каждому ребенку возможности индивидуально проявить себя. Реализация данной функции на уроке диктует педагогу необходимость выстраивать деятельность по освоению знания таким образом, чтобы дети постигали не только голые факты науки, но и осознавали, ради чего надо постоянно стремиться идти по пути расширения своих представлений о мире и закономерностях, происходящих в нем. Такая технология влияет на развитие и формирование субъективности ученика, позволяя ему активнее включаться в деятельность, соизмеряя и реализуя свои возможности.

Специфика детского возраста такова, что все, за что бы ни брался ребенок, ему приходится осваивать заново. Означает ли это, что педагог должен подыгрывать ребенку, подстраиваться под его интересы и настроение? Вовсе нет. Следует отметить только реальные достижения, необходимо способствовать этому успеху. Неудачник в школе и дома – это потенциальный неудачник на работе, в семье, в жизни. Без ощущения успеха у ребенка пропадает интерес к школе, к учебе, поэтому оправдано создание для школьника ситуации успеха. Технологически это достигается рядом операций; подбадривающие слова и мягкие интонации, корректность общения, спокойная и доброжелательная речь. Ситуация успеха особенно важна в работе с детьми, поведение которых осложнено целым рядом причин. Ситуация неуспеха – это субъективное эмоциональное переживание, неудовлетворение собой в ходе и результате совершения деятельности. Она не может рассматриваться в отрыве от ситуации успеха, а только лишь как этап при переходе от одного успеха к другому. Педагогическое назначение ситуации неуспеха, как и ситуации успеха, заключается в создании условий для индивидуального, развития ребенка.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.,1991. – С.48.
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.,1968. – С.75.
3. Бернс Р. Развитие Я – концепция и воспитание. – М.,1990. – С.64.
4. Обухова Л.Ф. Этапы развития детского мышления. – М.,1972. – С.62.
5. Леонтьев.А.Н. Деятельность Сознание. Личность. – М.,1975. – С. 87.

ТҮЙІНДЕМЕ

Туебакова Н.А., *п.ғ.к., доцент*

(Алматы қ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Қазіргі педагогикалық технологиялардың проблемалары

Мақалада педагогикалық технологиялардың құраушылары: білім беру, талап қою, бағалау және де бағалау формалары мен олардың оқушы тұлғасына қалай әсер ететіні қарастырылған.

Түйін сөздер: инновациалық педагогикалық технологиялар, педагогикалық ықпалдың функциялары.

SUMMARY

Tuebakova N.A, *candidat of pedagogical sciences, associated professor*

(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Issues of modern pedagogical technologies

The article deals with the components of educational technology: education, requirement, assessment and forms of educational evaluation and impact on the development of the individual student.

Keywords: innovative educational technology, educational influence functions

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

УДК 784

ГОЛОСОВОЙ АППАРАТ, ГИГИЕНА И РЕЖИМ

Г.Г.Сапаргалиева, *Заслуженный деятель РК, профессор*
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)

Аннотация: Карьеру делают творчески одержимые и здоровые актеры, которые всегда в форме и готовые в любое время исполнить любую партию своего амплуа. Актеру необходимо для достижения карьерного роста соблюдать правила гигиены голоса, режим питания, режим занятий, то есть профессионально относиться к своему голосу, дисциплинировать его.

Ключевые слова: голос, тембр, диапазон, мутация, гигиена голоса, режим.

«Быть в голосе!» – какое блаженство для актера. Чувствовать, что можешь управлять своим звуком, что он повинуется тебе, что он звучно и сильно передает все малейшие детали, переливы, оттенки творчества!.. «Быть не в голосе!» – это мученье для актера. Чувствовать как он не повинуется тебе, не долетает до зала, переполненного слушателями! И вообще не дает возможности проявить то, что так ярко, глубоко и невидимо создает внутреннее творчество, создавая непрерывно контакт со зрителями. Поэтому голос оказывает большое влияние на деятельность актера.

Что такое голос? Его определяют по совокупности признаков: по тембру, тесситуре, диапазону, переходным нотам и примарному звучанию среднего регистра. Различие тембра очень разнообразно, например: горловой, носовой, грудной, затылочный, гортанный и т.д. Удобная тональность позволяет выявить естественный тембр и рабочий диапазон. Рабочий диапазон – это тот объем звуков, который поющий воспроизводит без особых затруднений и которым ему привычно пользоваться. Поэтому голосовые данные ярче проявляются тогда, когда вокальное произведение не трудно для исполнителя, к примеру: имеет умеренный темп, несложный ритмический рисунок и главное, распевный (кантиленный) характер. В

удобной тесситуре актер будет непринужденнее и естественнее петь и поэтому ярче определится тембр и тип его голоса.

Ауыз қуысы мен жұтқыншақтағы резонаторлардың пішіні мен көлемін өзгерте алатын қасиеттері дыбыстың сипаты мен тембрына орасан ықпалын тигізеді. Адам ағзасының осы қасиеті дыбыс мәнерін жетілдіруде шешуші рөл атқарады. Мысалы, таңдай пердесі жеткіліксіз деңгейде көтерілсе, дыбыс бәсең болып шығуы мүмкін. Бұған керісінше ол жоғары болса, жабыңқы болып шығады. Көкірек қуысының (кеңірдек, бронхылар және бүкіл өкпе жүйесі) дыбысқа тигізетін ықпалы орасан. Оны ән айтқан кезде кеудеге қолыңды басу арқылы байқауға болады. Көкірек қуысындағы осы резонация құбылысын физиологияда «көкірек дірілі» деп атайды. Жоғарғы ноталарда көкірек қуысының дірілі сезілмейді. Өйткені бұл ноталар негізінен бастағы резонаторлар арқылы өтеді.

Бронхылар мен кеңірдектің дыбысқа тигізетін әсерін сәл ауырған адамның дауысы өзгеретінен де байқауға болады. Дыбыстың пайда болуына адам ағзасындағы резонаторлардың барлығы әсер етеді. Дегенмен ән айтуға үйрету барысында адамның өзі басқара алатын резонаторлар шешуші рөл атқарады. Олар – жақ сүйегінің, таңдай шымылдығының, тіл мен еріндердің икемділігінің арқасында жақсылап үйретуге болатын ауыз қуысы мен жұтқыншақтағы резонаторлар.

Жоғарғы және төменгі резонаторлардың ортасында орналасқан ауыз қуысы мен жұтқыншақ солардың арасын жалғастырушы резонаторлардың міндетін атқарады. Ән айтатын адам міне осы мүмкіндіктерді барынша пайдалануы қажет.

Н.И.Жинкинаның «Сөйлеу механизмдері» деп аталатын еңбегінде адам ағзасындағы резонаторлар жүйесі ретінде ауыз, жұтқыншақ және кеңсірік резонаторлары ғана айтылған. Ал бас пен көкірек резонаторлары айтылмаған. Керісінше, бұл еңбекте адамның көкірегі ауа ағымының жылдамдығын, көлемі мен күшін реттейтін жүйе ретінде көрсетілген.

Сөйлеген кезде және ән айтқан кезде дауыс аппаратында пайда болатын құбылыстар әртүрлі болғандықтан бұндай тұжырымды ән айту процесіне жатқызуға келмейтін сияқты. Сондықтан бұл мәселе әлі тереңдеп зерттеуді қажет етеді.

Ал ән айтуға үйрету тәжірибесіне келетін болсақ, дауыс қоюдағы аса маңызды мәселелердің бірі көкірек және бастағы резонаторларды пайдалана білу қабілеті екендігі

даусыз. Бұл құбылысты толығымен зерттемейінше олардың әншілік дауыстың қалыптасуына тигізетін ықпалын жоққа шығару ағаттық болады деп ойлаймын.

Тыныс алу жүйесі. Әншілік өнерде тыныс алу мәселесінің қандай маңызға ие екендігі айтпаса да түсінікті. Өйткені дауыстың өзі сол тыныстау қабілетінің нәтижесінде пайда болатын құбылыс. Бұл орайда вокалдың теориясы мен әдістемесін зерттеген және көмекей айнасы – ларингоскопты ойлап тапқан, әлемге әйгілі педагог Мануэль Гарсиа кішісінің өзі, 1847 жылы жарық көрген «Ән айту өнері туралы толық трактат» деп аталатын әдістемелік еңбегінде, «Тыныс алу өнерін меңгермей жатып шебер әнші бола алмайсың» – деп жазады.

Әлемге әйгілі әнші Карузоның «Тыныстауды шебер меңгермейінше көркем ән айту мүмкін емес» – деген сөздері бар. Ал әншілердің арасында «Ән айту өнері дегеніміз – тыныс алу өнері» деген жалпыға белгілі классикалық қағида қалыптасқан. Шынымен-ақ тыныс алу дегеніміз – бұл дауыс қуатының қозғаушысы. Бір сөзбен айтқанда, тыныс болмаса дауыс та болмайды.

Сөздің айтылуы тыныс мүшелері арқылы іске асады. Дауыстың таза, әсем шығуы және құбылуы дұрыс тыныс ала білуге, яғни ауаны ішке жұтып сыртқа шығарумен байланысты. Сөйлер алдында ауаны ішке жұту керек. Демді ішке тартқанда өкпе ауаға толады да, көкірек қуысы кеңейеді, қабырға көтеріледі, ал диафрагма (көкет) төмен түседі. Ауа өкпеде іркіледі де, сөйлеу кезінде біртіндеп үнеммен сыртқа шығады. Тыныс алудың үш түрі бар. Олар – диафрагма арқылы, көкірек арқылы, қабырға арқылы тыныс алу.

Тыныс алуда диафрагманың рөлі күшті. Ауа өкпеге мол кірсе, диафрагма көтеріліп, дем тереңдейді, ал дем шығарғанда ол бастапқы қалпына түседі. Мұны диафрагмалық тыныс алу дейді.

Көкірек арқылы тыныс алғанда, қабырға мен иық көтеріледі де, дем шыққанда төмен түседі. Қабырға арқылы тыныс алғанда, көкірек клеткасы кеңейеді, қабырғалардың қозғалысы өзгереді. Тыныс алу еріксіз, ерікті болып екіге бөлінеді. Еріксіз тыныс алу дегеніміз – демді ішке жұту, дем шығару, шұғыл кідіріс жасау. Бұл кәдімгі сөйлеу процесінде болады. Ерікті тыныс алу дегеніміз – демді ішке тарту, кідіріс жасау, дем шығару. Тыныс алудың бұл түрі көркем шығарманы мәнерлеп оқуда, айтуда қолданылады. Демек, тыныс алуды адам өзі реттеп, қалауынша жұмсай білуі керек. Демді сыртқа мүлде сарқа шығармаған дұрыс. Немесе демді ішке алғанда иықты көтермеу керек. Табиғи толас кезінде ауа өкпеге тыныс жолы арқылы елеусіз кіреді де, көкірек пен қабырғаның, жоғары жағы көтеріліп, қозғалыссыз қалыпта тұрады, тек диафрагма арқылы ерікті тыныс алу делінеді.

Тыныс алудың түрлері. Тыныс алу жүйесі адам баласының бәрінде бірдей болуға тиіс деп ойлаймыз. Бірақ олай емес. Оның өзінше түрлері болады. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, ер адамдар көбіне ішпен терең демалады. Ал әйел адамдар әдетте кеудесімен демалады.

Ән айту тәжірибесін әр адам әртүрлі жолмен меңгеретіндіктен бұл саладағы тәсілдері де әр алуан болады. Бұл орайда арнайы бір әншілік тыныс алу түрінің болмайтынын айта кеткеніміз жөн. Тек ән айтатын адам өзінің тынысын әннің ырғағы мен екпініне қарай бейімдейді. Міне, сондықтан тыныс алуды тек шартты түрде ғана жіктеуге болады. Әдетте кеудемен демалғанда адамның көкірек қуысы ғана қозғалады. Бірақ соған қарап төменгі құрсақ бөлігі мұндай кезде жұмыс істемейді деуге болмайды. Кеудемен демалғанда іштің қозғалғаны онша байқала бермейді.

Тыныс алу түрлерінің ішінде физиологиялық тұрғыдан дұрыс емес әрі ән айтуға тиімсіздері де болады. Ондайларға мыналарды жатқызамыз.

Төменгі қабырғамен демалу. Ондай кезде ауаны ішке тартқанда тек төменгі қабырғалар ғана кеңейеді. Ал іш тартылып тұратындықтан диафрагманың еркін айналымы бұзылады. Мұндай әдіс табиғи тыныс алу процесіне сай келмейді. Педагогикалық тәжірибеде сирек болса да ауаны ішке тарту барысында кеңейген төменгі қабырғаларды ауаны сыртқа

шығарған сәтте де сол қалпында ұстап тұру талабы кездеседі. Мұндай әдістің өте зиянды екендігі айтпаса да түсінікті болса керек.

Сонымен қатар бұғанамен тыныстау әдісінің де тиімділігі болмайтынын айта кетуіміз керек. Өкінішке орай кейбір кәсіби әншілердің өзі осындай жолмен тыныс алатынын байқаймыз. Ондай кезде ауаны ішке тарту барысында көкірек қуысы иықтармен бірге жоғары көтеріледі. Мұндайда өкпе де диафрагмамен бірге жоғары созылады. Ішкі органдар жоғары көтерілетіндіктен қарын тартылып қалады.

Педагогикалық тәжірибеде «арқаңмен демал, ауаны ішке тартқан кезде ішің қоса тартылсын» дегендей талаптар да қойылады. Бұл онша дұрыс емес. Өйткені төменгі қабырғалардың басы омыртқамен жалғасып жатқандықтан олар ішке қарай тартыла алмайды. Ал ауаны ішке алған кезде қарынды қоса тарту диафрагманың еркін тартылуына кедергі келтіреді. Айтылған тыныс алу түрлерінің бәрі зиянды. Өйткені олар табиғи тыныс алу үрдісін бұзады. Ағзаға шамадан тыс күш түсіріп, қан айналымына кедергі келтіреді.

Ән айту үшін қалай тыныстау керектігін анықтау мақсатында вокалдан дәріс беретін педагогтар мен фониатр дәрігерлер бірлесе отырып көптеген жылдар бойы зерттеулер жүргізді. Осы жұмыстар нәтижесінде олар табиғи терең демалудың дұрыс екендігіне көз жеткізді. Оған шартты түрде *аралас немесе төменгі қабырғалы – диафрагмалық* тыныс алу деген атау берді.

Диафрагма мен төменгі қабырғалардың бір мезгілде қозғалуынан туындайтын терең тыныс алу әдісі өкпенің барынша керілуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар ондай дыбыс терең, ауқымды әрі табиғи тыныс алу үрдісіне сай болып шығады.

Тыныс алудың аралас түріне келер болсақ, оған тек төменгі қабырғалар мен диафрагма ғана емес, іштегі бұлшық еттер де қатысуы қажет. Бұлайша тыныс алған сәтте ауа ағыны икемді әрі қуатты болып шығады.

Бұлайша дем алғанда адам ауаны ішке тартқан кезде өкпе екі жағына қарай кеңейіп төменгі қабырғаларды сыртқа итереді. Төмен қарай керілгенде диафрагманы қысады. Өз кезегінде диафрагма ішкі органдарды төмен қарай итереді де, соның арқасында іш үлкейеді. Осы кезде құрсақтағы бұлшық еттер қатаяды. Ал екі иық пен көкірек қуысы қозғалмайды.

Әдеттегі физиологиялық тыныс алу кезінде диафрагма тек ауаны ішке тартқанда ғана қозғалысқа түседі. Демді сыртқа шығарғанда ол босап, баяу жоғары көтеріледі. Ән айтқан кезде сыртқа шығатын ауа ұзаққа созылатындықтан диафрагма ауаны тежеу үшін белсенді болуы қажет. Мұндай белсенділікті тек жанама жолмен ғана бақылауға болады: демді шығарған кезде төменгі қабырғалар біртіндеп өзінің бастапқы қалпына келеді де, іш қайтадан тартылып қалады.

Осы төменгі қабырғалы – диафрагмалық әдіспен терең демалатын әншілердің өкпесінің сыйымдылығы үлкен болатынын көптеген спирометрикалық зерттеулер мен педагогикалық тәжірибе көрсетіп берді. Мұның себебі, төменгі қабырғалар жылдам әрі оңай кеңейетіндіктен диафрагма ешқандай қиындықсыз жиырылады. Сонымен қатар бұлайша демалу әдісі қажет болған жағдайда терең тыныстап, ауаны молынан жұта алады. Ал бұғана арқылы демалған кезде ауа өкпенің жоғарғы жағына толатындықтан өте көп күш-қуатты қажет етеді. Себебі кеуденің жоғарғы тұсындағы бұғана мен жоғарғы қабырғалар күшті бұлшық еттер арқылы өзара тығыз байланысқан.

Бұлшық еттердің шамадан тыс жиырылуы бас пен мойындағы қан тамырлары арқылы қан айналымының еркін жүруіне кедергі келтіреді. Бұғана арқылы демалатын әншінің сыртқы түрі де онша тартымды болмайды. Ол ән айтқан сәтте көкірегі мен иықтары көтеріліп, мойын тамырлары адырайып, бет-жүзі қызарып кетеді. Мұндайда дауыс өзінің еркіндігі мен тембрін жоғалтады. Шамадан тыс ауа қысымының салдарынан дауыс шымылдығына орасан күш түседі. Мұндай жағдай әншіні әртүрлі кәсіби ауруларға ұшыратып, дауысынан ерте айырылуға соғады.

Әнші әнді дұрыс орындау үшін және қажет болған жағдайда терең демалу үшін өзінің тынысын еркін басқара білуі қажет.

Үнемі жаттығу арқылы тыныс алуды автоматты дәрежеге жеткізу керек. Сонда тиісті жүйке орталықтарына түсетін қысым азайып, қан айналымы бір қалыпқа келеді. Сөйтіп әнші өзінің тынысына көңіл бөлмейтін болады.

Демді ішке тарту және сыртқа шығару. Енді жоғарыда айтылған «Ән айту өнері дегеніміз – тыныстай білу өнері» – деген қағидаға қайтып оралайық. Егер бұл сөздің мағынасына мән беретін болсақ, әсіресе әншілер қауымы үшін ол басты қағидаға айналуы тиіс. Барлығымыз білетіндей адамның тыныс алуы дегеніміз – демді ішке тарту және сыртқа шығару. Дыбыстың қалыптасуында осы екеуінің де өзіндік маңызы зор. Кәдімгідей күрделі ән айту үрдісін мұқият қарастырсаңыз, демді ішке тарту мен сыртқа шығарудың маңызы бірдей, бірақ қызметтері әртүрлі екенін көруге болады.

Бірінші кезең – демді ішке тарту екі қызмет атқарады. Олар өкпеге қажетті көлемде ауа толтыру және демді сыртқа шығармай тұрып дауыс және тыныстау аппараттарын ән айтуға ыңғайлау.

Демді ішке тарту қандай болуы керек? Ән айту тәжірибесіне сүйенер болсақ, әнші жылдам әрі терең демалуы тиіс. Осы сәтте төменгі қабырғалар бірден кеңейіп, диафрагма қысқарып төмендейді де, іш алға қарай еріледі. Өкпеге шамадан тыс ауа толтырудың қажеті жоқ. Өйткені мұндайда әнші тез шаршап, дауысы бұзылады. Әнші үшін ауаны ішке дыбыссыз тартудың мәні үлкен екенін ұмытпау керек.

Осы арада мұрынмен демалған дұрыс па, әлде ауызбен демалған дұрыс па деген сұрақ туындайды. Денсаулығы жақсы адамдар әдетте мұрынмен асықпай бір қалыпты демалады. Ал ән айтқан кезде демді ішке тартып сыртқа шығару әннің ырғағына байланысты болғандықтан, ол соған қарай өзгеріп отырады. Мұндайда әншіге ауа өте көп мөлшерде қажет болады. Ән айтқан сәтте тек мұрынмен демалу мүмкін болмай қалады.

Бұған қарама-қарсы тек ауызбен демалу қажет деген талап та онша дұрыс емес. Өйткені әнші қайта-қайта аузымен демалса, тамағы құрғап, ән айта алмай қалады. Оның үстіне ән айтқан сәтте тек ауызбен демалу мүмкін емес. Ауаның белгілі бір мөлшері бәрібір мұрын қуысы арқылы өтеді. Міне сондықтан ән айтқан кезде ыңғайына қарай мұрынмен де, ауызбен де тыныстау дұрыс болады. Онда да орындалатын әннің ырғағына, қарқынына қарау қажет.

Демді ішке тарту дыбысқа әсер етеді ме? Бұл сұраққа дыбыс ауа өкпеге толғаннан кейін пайда болатындықтан, әсер етпейді деп жауап бергеніміз дұрыс.

Екінші кезең – демді сыртқа шығару да ән айту барысында үлкен рөл ойнайды. Өйткені дыбыстың біркелкі шығуы, қуаты және анықтығы осы дем шығарумен тығыз байланысты. Адамның дауыс жүйесі тек ауаның ағынымен ғана жұмыс жасайды. Яғни сыртқа шыққан ауа өзімен бірге дыбысты ала шығады. Сондықтан тыныстау мәселесіне жалпылама қарауға болмайды. Әншіге немесе хор ұжымына «тыныспен ән айтыңдар» деу не істеу керектігі туралы нақты ештеңе айтылмағандықтан оларға түсініксіз болып шығады. Бұл жерде демді сыртқа шығару мен дыбыс бір-бірінен ажырағысыз екендігін естен шығармаған дұрыс. Дыбыс сыртқа шығатын деммен бірге реттелуі керек. Тек сонда ғана ән айтатын адам шығарманы орындау барысында не істеу керектігін нақты білетін болады.

Демді сыртқа қалай шығару керек? Барынша созып, біртіндеп шығарған дұрыс болады. Ауа өкпеден біртіндеп жаймен шығуы керек. Ол үшін төменгі қабырғаларды керу арқылы тыныстау әдісін жақсылап меңгерген жөн. Төменгі қабырғаларды үнемі керілген қалпында қалдыра беруге де болмайды. Ондай жағдай көкірек қуысының табиғи қозғалысына кедергі келтіріп, бүкіл тыныс алу жүйесіне күш түсіреді. Өкпеге ауа толып төменгі қабырғалар керілген сәтте диафрагма да көтерілуге тиіс. Ән айтар сәтте дауыс аппаратының жоғарғы бөлігі (жұтқыншақ пен ауыз қуысы) ыңғайлы қалыпқа келеді. Жақ баяу төмендеп, жұтқыншақ таңдай шымылдығымен бірге біртіндеп көтеріле бастайды. Сөйтіп өкпеден шыққан ауа дыбыс қалыптастырушы жүйеге келіп жетеді. Одан әрі ауыздан шыққан ауа сыртқа тамаша ән сазымен тербелген дауыс болып естіледі.

Сыртқа дем шығару қызметіне бірқатар бұлшық еттер қатысады. Олар – көкет және көкірек қуысының жоғарғы және төменгі бөліктерімен жалғасып жатқан қабырғалардың

арасындағы бұлшық еттер. Солармен бірге терең демалған сәтте іштегі тік және қиғаш бұлшық еттер де іске қосылады. Көкетпен бірлескен бұл бұлшық еттер тұтас алғанда құрсақ бұлшық еттер деп аталады және үлкен күш-қуатқа ие болады.

Ішке дем тарту қызметіне көкеттен бөлек қабырғалардың арасындағы бұлшық еттер де қатысады. Ал сыртқа дем шығару қызметін негізінен іштегі бұлшық еттер атқарады. Ішке дем тарту қызметіне төс және кеңірдек пен жақ сүйегіндегі бұлшық еттер де қатысады. Ішке ауа тартқанда көкірек қуысының жоғарғы бөлігін көтеретін солар. Міне, осы қосымша бұлшық еттерді көбірек пайдалану дауыстың өзгеруіне әкеліп соғады. Мұндайда өкпеге ауа шамадан тыс көп жиналатындықтан бронхылардың ішіндегі қысымның әсерінен дыбыс жіңішкеріп өзгеріп шығады. Үсті-үстіне жаттығулар жасау арқылы осы айтылған бұлшық еттерді ән айтуға дайындау әнші дауысының біркелкі әрі әсерлі болып шығуына тікелей жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чишко О. Певческий голос и его свойства. – М. 1966. – С.75.
2. Добровольская Н., Орлова Н. Что надо знать учителю о детском голосе. – Москва : Музыка, 1972. – С. 30.
3. Павлищева О. Методика постановки голоса. – М.: 1964. – С. 45.

Резюме

М.С.Смагулов, *старший преподаватель, деятель культуры*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Методика постановки голоса

В статье рассмотрено расположение органов постановки голоса, его состава и пение, а также правила постановки дыхания. В миг пения, верховная часть (глотка и рот сухой) аппарата голоса приходит в удобное состояние. Воздух вышедший из легких доходит до формирующей системы, далее воздух входящий изо рта, слышится в наружу прекрасной мелодией музыки.

Ключевые слова: исполнение народной песни, эстрадное и академическое пение.

Summary

M.S.Smagulov, *senior lecturer*
(Almaty c., Kazakh State Women`s Teacher Training University)

Voice training technique

The article deals with the location of the organs of voice training, its composition and singing, as well as breathing performances rules. At the moment, who sings of the supreme (dry mouth and pharynx), voice device comes in a comfortable condition. The sound reaches the air that came out of the lungs thus coming to forming a system. The voice that swung in the air, which then came out of the mouth, outside a beautiful song would be heard.

Keywords: performance of the national song, variety and academic singing.

ӘОЖ 78+159.9

ЕСТАЙ – МАХАББАТ ЖЫРШЫСЫ

Е.Ж.Шанбаев, *магистр оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы, соның ішінде дәстүрлі ән өнері ең жоғары кәсіби өнеріміздің бірі. Бізге жеткен әндердің тақырыбы мен мазмұны, мақамдары мен әуен ырғақтары халықтың көкейкесті ой-арманынан туған. Ал, халық орындаушылары

сол әндерді сақтап, келесі ұрпаққа жалғастырды. Соның арқасында қазіргі бізге жеткен әндер өмірдің тар жол бұралаңдарынан өтіп, ұлттық дәстүріміздің айғағы болып отыр. Қазақ халқының дәстүрлі ән өнерінің және арқа өңірінің көрнекті өкілі Естай Беркімбайұлының әндерінің ерекшеліктері. Әндерінің ішіндегі атақты махаббаттың символына айналған «Қорлан» әнінің шығу тарихы, орындалу ерекшеліктері және бірнеше нұсқалылығы жайында өрбімек.

Түйін сөздер: Қазақ халқының ән мұрасы, фольклор, ән, күй.

Қазақтың ән өнері – сонау көне заманнан бері қалыптасқан халқымыздың қазынасы, фольклордың музыкалық саласының бір тармағын құрайды. Фольклор деген сөз ағылшын тілінен алынған, ол «халық даналығы, халық білімі, халықтың ауызша шығарған туындылары» деген мағынаны білдіреді. Фольклор шығармалары халықтың әр дәуіріндегі тұрмыс-салтымен, наным-сенімімен, күнделікті тіршілігімен тығыз байланыста туады. Оларда өмірде болып өткеннің ғана емес, халықтың «осылай болса екен» деген арман үміттері де бейнеленіп, табиғат, өмір құбылыстарына баға беріледі. Ән – халықтың сүйіп айтатын, тыңдайтын, сан ғасырлық тарихы бар халық музыкасының ең бір бай арнасы болып табылады. Көне заманнан келе жатқан ән-күй туралы халықтың аузында қалыптасқан көптеген мақал-мәтелдер, аңыздар, жырлар осының айғағы. Ән мен күй шыққан күн, туған айдай дала жұртының тал бесіктен жер бесікке түскенге дейінгі жан серігі болды. Ауылдан ауылға ән айтып, күй тартып жүрген диуанилар, бақсылар, жыршылар, сал-серілер өз өнерін көрсетіп, халықтың көңілін көтерді, айт пен той-томалақ, түрлі ойын-сауық отырыстардың көркі болды. Ақын әншілердің өнері халық арасында өте жоғары бағаланып, ақынның келген ауылы оған зор сый-құрмет көрсеткен. Олардың аты аңыз әңгімеге айналып, ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жетті.

Ән сезімнің кейбір кезеңдерін сыртқа шығару да адамның табиғи құралының бірі болды. Халық әндерінің тартымды келетіні, жүрегіне қона қалатыны, олардың баста өнер қуу мақсатында шықпай, табиғилық жағының басым болуында. Осы күнге дейін музыкалық тәжірибесі мол құлағымыздың өзі жаңа шығарманы тыңдап отырғанда, бейтаныс әуен теңізі ішінен халық әнінің тақырыбы естіле қалса, біраз уақыттан бері көрмеген, кездеспеген бір досыңның төбесі көрінгендей болады. Өйткені сол ән тақырыбы есіңе сан алуан оқиғаларды түсіреді. Өйткені ол ән көркемөнер жасаймын деген алдын ала сызылған жоспар бойынша шыққан емес, өмірдің, табиғаттың өз туындысы. Халық әндерінің үлкен қазына екендігі де сол қасиетінде, сол әндерде халық өмірінің сәулесі болуында. Қазақ халқының мақтаныш етер асыл мұра, рухани жәдігерліктерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен көл-көсір ән қазынасы ерекше орын алады. Қазақ әні – қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Күнделікті тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрге орайласа туған ұрыптық ән, қара өлеңдерден тартып, адам баласының аңсар-мұратын, қайғы-мұң, сағыныш-шерін, өзек өртер өкініші мен жарқын үміт, қуаныш-шаттығын – сан алуан сезім-күй, жан әлемін өрнектеп, формалық, мазмұндық тұрғыдан кемеліне келе түрленіп, биік кәсіби өреге жеткен дәстүрлі ән өнері ұлттық музыка мәдениетіміздің алтын өзегі, ықылымнан бүгінге арқауын үзбей жетіп, қазіргі рухани болмысымызға нәр беріп тұрған сарқылмас қайнар іспетті.

Өнер зерттеушілері қазақтың халық әндерін аймақтық, орындаушылық ерекшеліктеріне қарай Батыс әншілік мектебі, Жетісу ән мектебі, Сыр бойының әншілік мектебі және Арқа әншілік мектебі деп 4-ке бөліп қарастырады. Оның ішінде Арқаның ән мектебі айрықша дамыған. «Арқа» еліміздің Шығыс, Орталық, Солтүстік Қазақстан аймағын қамтитын кең-байтақ өлке. Арқа өңірі әншілік өнердің кең қанат жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі саналып, әндері кең тыныстылығымен, әуенінің байлығымен, терең мазмұндылығымен, асқақтығымен ерекшеленеді. Дәл осы өңірде XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың халықтық кәсіби әншілерінің мектебі қалыптасты. Оның негізін қалаушы әнші – Біржансал Қожағұлұлы (1831-1894 жж). Ал, Ақан сері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанов, Ыбырай Сандыбаев, Мәди Бәпиұлы, Әсет Найманбаев, Естай Беркімбаев секілді Арқа ән мектебінің

өкілдері халықтық кәсіби әннің музыкалық-поэтикалық стилін қалыптастырды. Осынау ұлы дәстүрді XX ғасырда Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Ғаппас Айтбаев, Қосымжан Бабақов, Байғабыл Жылқыбаев, Қуан Лекеров, Жабай Тоғандықов, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан және т.б. дәстүрлі әншілер легі жалғастырды.

Сұлу ән – адам жанының азығы. Өмір озады, заман өзгереді, ал есті ән өміршең екені баршамызға мәлім. Сондай туындылардың бірі – халық арасына кең тараған Естай Беркімбайұлының атақты «Қорлан» әні.

Қазақтың дүлдүл әншісі, ақын-композитор Естай Беркімбайұлы 1874 жылы (кейінгі дерек көздеріне сүйенсек 1868 жылы) қазіргі Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Аққөл ауылында туып, 1946 жылы қайтыс болған. Естай жыр-дастан, толғау айтуды анасы Күлипа мен нағашысы Байтұлымнан үйреніп, 16-18 жастан бастап Ақан сері, Жарылғапберді, Балуан Шолақ, Сәтмағамбет, Үкілі Ыбырай, Шашубай сынды әнші-ақындар қатысқан ұлы жиындарда ән сала бастаған. Оның «Жай қоңыр», «Наз қоңыр», «Майда қоңыр», «Юран-ай», «Дүние-ай», «Қорлан», «Қоштасу» сынды әндері қазақ музыкасының інжу-маржандары. Ал «Қорлан» әні Естай есімін аңызға айналдырды.

Ғашықтар жайлы әңгіме қозғағанда Еңлік десек – Кебек, Қыз Жібек десек – Төлеген, Ақан сері десек – Ақтоқты, Балуан Шолақты айтсақ, Ғалия еске түседі. Сол сияқты Естайды ойға алғанда міндетті түрде Қорлан еске түседі. Сондықтан «Қорлан» әнінің тарихын айтатын болсақ, Павлодар облысының Ертіс ауданында Сүлеймен деген атақты бай өмір сүрген. Сол кісінің Шошан деген баласы үйленетін болып, Естайға қос ат жеккен тарантас жібереді. Оған қоса, Бәсентиіннің мықтысы Иса Аққөлдің болысы Абылқамыс Шыманұлына хат жазып, «Естайды қалайда бізбен бірге құдалыққа қос» дейді. Сөйтіп, Естай Сүлейменнің Шошанына күйеу жолдас болып, Маралды-Ұрық деген жерге еріп барады. Бұл Сібірдің оңтүстігі, Павлодар облысының солтүстігі. Ертеде қазақтар бұл жерді «іш жақ» деп атаған. Не керек, Сұлтан бидің «Құсни, Қорлан» деген екі қызы бар екен. Естай келіпті дегенді естіген Сұлтан ауылының күллі қыз-бозбаласы жиналып, той-думан ұйымдастырады. Осындай көңілді кештердің біріне *Құсни мен Қорлан да келеді.* Естай сол жерде ай қабақ, алтын кірпік ару қыздарды көріп, жақын келіп танысады. Өзі сері, өзі әнші, өзі ақын Естай бірден Қорланға ұнайды. Естайға да Қорланның бірінші көзқарасы ой салады. Екеуі ретін тауып бір-бірін сүйетіндігін жария қылады. Бірақ бұл махаббат хикаясы Естай мен Қорланды қатал тағдыр қоспайды. Әттең сол уақыттың қаталдығыма қазақтың аруларын байлар мен сұлтандарға тоқалдыққа беретін болған.

Бұл туралы Сапарғали Бегалин 1939 жылы Естайдың өз аузынан естіген сөзім еді деп былай баяндайды:

«Қорланмен менің базарым күн санап қыза түсті. Қорлан болмаған жерде менің домбырамның құлақ күйі өспей, әнім де қанаттанбай, берекем болмайтын күйге ұшырадым. Қорлан да тап сондай күйде. Екеуміздің арамыз – қол жетпейтін тас қамал. Өйткені, Қорланды жас кезінде бір бай тоқалдыққа алмақ болып, қалың малын үйіп-төгіп төлеп қойыпты. Кешікпей ұзатып алып кетпек. Менде ол қамалды бұзар дәулет жоқ. Не арқа сүйер күш жоқ. Екеуміздің ол жердегі бар жанашырымыз Жәміш деген Қорланның немере жеңгесі ғана. «Ертең жүреміз» деп отырғанда, Жәміш маған бір жігіт жіберіпті. Оны естіп, жетіп барып едім, Жәміш жарқылдай қарсы алды: «Әнші құда, замандасың бір ауыз тілдескісі келеді. Сол үшін шақырттым» деді. Сол арада мен оны алып қашпаққа уағдаластым. Ол келісімін берді. Бірақ, уа дүние-ай, бұл әрекеттеріміз жария болып, екеуміздің жолымыз мәңгіге кесілді...».

Қорлан Естайдың өле-өлгенше ішінде қалған арманы, өмірінің драмасы. Міне, соған арнап Естай «Қорлан» әнін шығарды.

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын,
Табиғат берген екен күн мен айын.
Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен,

Дариға, арманым көп не қылайын.

Ахау жалған,
Құсни-Қорлан!
Екі-ай бағлан.
Екеуі туған екен бір анадан.

Жігіттер қалма қапы бұл жалғаннан
Жігіттің арманы жоқ сүйгенді алған.
Қорлан сіздей жан тумас,
Туса туар артылмас.
Бар ғаламды шарықтап
Уа, дариға, ләулік тас
Бағдад, Мысыр, Шың, Машын
Іздесем Қорлан табылмас.

Бұл «Қорлан» әнінің «Қорлан» деген атпен жазылған алты нұсқасын ел ішінен ең алғаш Затаевич жазып алған. Халық арасына кең тараған ән, әншілердің көбісі шама-шарқы келгенінше Затаевичке айтып бергені белгілі. «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында «Қорлан» әнінің төрт нұсқасы бар. Бірақ нұсқа деп айтылмайды. «Қазақтың 500 ән-күйі» жинағына екі түрі енген. Ол әндердің барлығы бүгінгі орындалып жүрген нұсқадан мүлде алыс. Нағыз «Қорланды» Ерзаковичке 1938 жылы он әнімен бірге Естайдың өзі орындап берген екен. Біздің отандық музыкатану ғылымында мынадай түсінік бар. Нағыз кәсіби әндерді, соның ішінде «Қорлан» әнін сол күйінде кәсіби әншілер ғана жеткізе алады. Сондықтан Затаевич хатқа түсірген алты нұсқаның алты жаққа қарап тұруы ол заңды. Өйткені оны кәсіби әншілер орындамаған.

Ал қазіргі уақытта ел арасында екі нұсқасы айтылып жүр. Ол әрине, дәстүрлі кәсіби әншілердің орындауында және классикалық опера әншілерінің орындауында. Бұл екі бағыттағы әншілер, яғни, кәсіби дәстүрлі әншілер жоғарыда көрсетілген өлең жолдарымен орындаса. Ал, классикалық опера әншілері тек екі шумақ пен бір қайырмасын ғана қолданады. Айтып өтетін болсақ:

Ахау жалған,
Құсни-Қорлан!
Екі-ай бағлан.
Екеуі туған екен бір анадан, – деп қайырып отырады.

Түп нұсқасында музыкалық тілмен айтқанда 3 бөлімнен тұрады. Яғни, қарап отырсаңыз, Естай әндерінің кульминациясы соңғы каденциялық бөлімінде, алғашқы шумақта Естайдың Қорланға деген сүйіспеншілігі, оның сұлулығы бірқалыпты байыпты баяндалады. Екінші ортаңғы бөлігінде Естай шығарманың шырқау биігін дайындайды. Ал 3-бөлімінде шарықтау шыңы мына өлең жолдарымен байланысты.

Бар ғаламды шарықтап
Уа, дариға, ләулік тас
Бағдад, Мысыр, Шың, Машын
Іздесем Қорлан табылмас, – деп аяқталады.

Әннің қайырмасының өзі жай түсініктегі «қайырма» деген ұғымға сыймайды. Ол әннің біте қайнаған бір бөлімі, тек шығарманы қорытындылап тұрған себепті ғана, сырттай «қайырма» деп айтылады. «Қорлан» – Естай шығармаларының шоқтығы биік шыңы, жүрегі десек қателеспейміз. Сол үшінде әр туындыны орындамас бұрын оның байбына кіру керек деп ойлаймын. «Қорлан» әнінің түпнұсқасын орындаған әнші композитор Манарбек Ержанов.

Естай Беркімбайұлы – махаббат жыршысы. «Қыз Қорлан хор қызындай тамсандырған…» деп бүкіл ғұмырында сұлулықтың символына айналған Қорландай сұлуды

санамызға ән қылып сіңіріп кеткен Естай Беркімбайұлы. Өмірін өлеңмен өрнектеген ақынның халыққа қалдырған мол мұрасын дәріптеу, өскелең ұрпаққа қаз қалпында жеткізу біздің мақсатымыз және борышымыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
2. «Айқын» Республикалық қоғамдық-саяси газеті. 24.06.2013ж. Massaget.kz. 05.11.2012.
3. Нұралин Қ. Естай және оның әндері / Коммунизм нұры. 1988, 7 сәуір.

Резюме

Е.Ж.Шанбаев, *магистр, преподаватель*
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Естай – псалмопевец любви

Казахская традиционная музыка, в том числе традиционной песни является одним из самых высоких в искусстве профессионального искусства. Мы достигли названия и содержание и музыкальные ритмы песен, рожденных в мыслях и ожиданиях людей. И по-прежнему держать песни народных художников следующего поколения. Благодаря современной жизни дошедших до нас песен узкие роуд-шоу, проводимых национальной традиции. В данной статье рассматривается творчество Естая Беркимбайулы, происхождения песни «Корлан», особенности и варианты исполнения.

Ключевые слова: наследие песен казахского народа.

Summary

E.Zh.Shanbayev*, master, lecturer*
(Almaty c., Kazakh State Women`s Teacher Training University)

Estay is psalmist of love

Kazakh traditional music, including traditional song is one of the highest in the art of professional art. We have reached the title and content of the songs and musical rhythms, born in the thoughts and expectations of people. And still keep the songs of folk artists of the next generation. Thanks to modern life come down to us songs narrow road show conducted by national tradition. This article discusses the work Estay Berkimbayuly, origin of song "Korlan", features and options of performance.

Keywords: heritage of the Kazakh people's songs.

ӘОЖ 78

КӨШПЕЛІ ТАЙПАЛАР МӘДЕНИЕТІНІҢ КҮЙ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ш.Ж.Таджбағамбетова, *оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Домбырам, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін
Бабамнан қалған мұрам, сен болмасаң,
Өнердің не екенін де білмес едім.
М.Мақатаев

Аңдатпа: Домбыра өнері, яғни, күй дәстүрінің өркендеуі ата-баба дәстүрін кәсіби дамытып, әрбір баланың өнер арқылы білімге, терең ойға, өз бойындағы қабілетін шыңдауға мүмкіншілік туғызады. Әрине домбыра аспабы, күй дәстүрі бұл күнде өз жалғасын тауып,

өркендеп, дамып отыр. Домбыра аспабы соның ішінде дәстүрлі күйшілік өнері негізінде қалыптасқан тәрбие көзі эстетикалық әсемділікке жетелейді.

Түйін сөздер: күй дәстүрі, тайпалар, музыкалық фольклор, салт-дәстүр, мұра.

Халқымыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігіне байланысты өнеріміз ғасырлар бойы тек қана жеке орындаушылық формада дамыды. Ол әр дәуірде мәдениетімізде дарынды тұлғалардың дүниеге келуіне мүмкіндік туғызады. Аты аңызға айналған Қарт Нартай, Асан қайғы сияқты ең таңдаулы өкілдерінің есімдері біздің заманымызға да жетті. Олардың күйлері халқымыздың басынан өткерген қиын өткен, қилы кезеңдерін бейнелеп, халық тарихы туралы сыр шертеді.

«Домбыра көшпелі елдің көне көз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі», – деп сипаттады академик А.Жұбанов. Ол халқымыздың мұңы мен қайғысын, қуанышы мен күйінішін, тұрмыс-тіршілігін, арман-тілегін, батырлардың ерлігін, салт-дәстүрін, қазақтың кең сахара даласын, сұлу табиғатын, тарихи аңыз күйлер арқылы суреттеген, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа осы заманымызға дейін мұра боп қалған, қазақтың киелі аспабы, қасиетті қара домбыра десек, қателеспейміз.

Домбыра қазақ халқының жан сезімі, жан серігі. Сондықтан «әу» демейтін қазақ жоқ, қазақтың той думандары домбырасыз өтпейді, бір үйден домбыра үні шықса, халық тез арада жиналып тамсана тыңдап отыратын болған. Домбыра қазақ халқының қуанышы мен қайғы-мұңын жырлайтын аспап, әр қазақтың шаңырағында төрде киелі домбыра аспабы ілініп тұрады. Домбыра аспабының мүмкіндіктері жайлы саяхатшылар, этнофольклористер Ш.Уәлиханов, А.Эйхгорн т.б. ұлы ғалымдар өз пікірлерін айтқан. «Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала, уызына жарымаған көтерем қозыдай болады» деген қазақта сөз бар.

«Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді», – деген Бауыржан Момышұлы сөзінің мәні тереңде жатқанын ұғуға болады.

Домбыра қазақ халқының арасында өте кең және ерте тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Өзіне тән ерекшеліктері бар, ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. Мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ күйге келтіріледі. Домбыраның екі ішектісінен басқа да үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, қуыс мойыны, шіңкілдек деп аталатын түрлері де бар. Дауысы майда, қоңыр, құлаққа жағымды.

Біздің эрамызға дейінгі өте көне ғасырда Тұран өлкесінде болған Грек саяхатшылары көшпелі тайпаларды екі шекті шертіп тартылатын аспап болғандығын айтатын. Шығыс (Индия, Қытай, Пәкистан елі) елінде әнші-күйші жыршылардың талай-талай таңдай қақтырар өкілдері тараған. Солардың бірі – Жәмиля мен Әтике. Әтикенің қол баласы әлі көңіл ашар музыка бақыты қонған шәкірті Мұқарбек (Мухаррик). IX ғасырдағы онымен бірге өнерлес болған Зирпа (Зирьяб) он мыңнан артық күй саздарын жұртқа таратқан. Ал одан бір ғасыр шамалас бұрын өмір кешкен Зәлзәл деген атақты күйші өз заманының барша тыңдаушыларын таңдандырған. Сөйтіп, күй өнері барша халықта ғасырдан-ғасырға, бір-біріне мирас болып, рухани дүние ретінде тарай берген.

«Қазақ музыка шығармасының ішіндегі ең ірі жанрының бірі – күйлер. Композиция жағынан, музыка мәдениетінің басқа өлшеулері жағынан қарағанда да, күйлер халық музыкасының жетіскен ірі тарауы екендігіне дау болмауы керек».

Қазақ күйлері ертеден Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, көк түріктер т.б. тайпалар өмірінен ежелгі дәуірден бастау алатынын Т.Мерғалиұлы, Е.Бүркітов, О.Дүйсенов дәлелдеп отыр. Оған дәлел ретінде қазақ даласына кең тараған «Кеңес», «Бозайғыр», «Шұбарат», «Арынғазы» т.б. күйлері [1].

Әрине өзіміз күнделікті тартып жүрген «Кеңес» күйінің, отыз ғасырға жуық тарихы бар, ол «Аққу» күйі Сақ дәуірінен бастау алатынын, «Бозайғыр» күйі Ғұндармен, Үйсіндермен байланыстылығын көрсетеді, «Қаратау шертпелері» мен «Науайы» күйлері Қаңлы елінде дүниеге келген делінеді. Демек, қазақ халқы Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, көк түріктерінің т.б. ру тайпаларының тарихи отанында отырған ұрпағы, сонымен қатар, олардан қалған мәдени мұралардың иелері болып табылады десек қателеспейміз. Осы ғажайып туындыларды халық сазгері, академик А.Жұбанов «Небір ардақты, дарынды дала перзенттерінің аты ұмытылып кетсе де, сары алтындай шығармалары тот баспай бізге аман жетті. Олардың бәрі де әліпті таяқ деп білмейтін, нота дегеннен тіпті бейхабар болса да, өз халқының өзегін өртеген мұңын мұңдап, жоғын жоқтап көптеген тамаша музыкалық шығармалар қалдырып кеткені айқын. Олар халық аспабына арнап шығармаларын домбыра, қобыз, сыбызғыға арналған музыкалық пьесаларды, «күй» деген бір-ақ сөзбен атаған, – дейді [2].

VI-VIII ғ. түрік тілдес халықтың мәдениеті мен өнерінде жыраулық өнер дәстүрі қалыптасады. Содан бері бізге жеткен «Аққу», «Бозінген», «Бозайғыр», «Жетім бала» т.б. күйлері қысқа-қысқа жыр сазы түрінде пайда болған.

Көшпелі тайпалар мәдениетінде жылқы малын ән-күйге, өлең-жырға қосып, мадақтап суреттеу ертеден келе жатқан дәстүр. Бұл дәстүрді қазақ күйшілері жалғастырып ғажайып әдемі күйлерді шығарды. Көне күйлердің ескі сарынды «Шұбар ат» күйі. Сонымен қатар ата-баба қоныс еткен туған жерді жаулардан қорғау, ел тағдырына қатысты мәселелерді жан-жақты ақылдасып «Үлкен кеңес» құру – Сақ, Ғұн дәуірінен келе жатқан дәстүр. Ал, «Кеңес» халық күйі тарихи мазмұны жоғарыдағы оқиғаларды дәлелдейтіні сөзсіз.

Осыған орай Шыңғыс ханның Қыпшақ даласына жасаған жорығы, Түрік халықтарының көп ғасырлық мәдениетін жермен жексен етті: өртеді, тонады, қиратты. Бұл ғасырлар оқиғасынан қайғылы, зарлы, жоқтау сарынды күйлер көп сақталған. Атап айтқанда: «Ақсақ құлан», «Жетім бала», «Мұңды қыз», «Жоқтау» т.б. А.Сейдімбектің «Сонар» кітабында көрсетілген үлгі модель бойынша, қазақтың музыкалық фольклорының шығу тегін бес кезеңге бөліп, іріктеген екен. Бірінші, көне кезең күйлері (б.э.дейінгі 8-5 ғасырлар мен біздің заманымыздың, 6 ғасыры арасындағы кезең). Бұған қазақ даласына ислам діні тарағанға дейінгі түркі тайпаларының қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлері, жорық сарындары, сол жаугершілік кезеңдерде ел есінде қалған айтулы батыр, ақылды ару, қанатты шырақ туралы күйлері жатады. Мәселен, «қос мүйізді Ескендір», «Шыңырау», «Аққу», «Боз інген», «Боз айғыр» т.б. бұлардың қай-қайсы да алыс замандарды меңзейді. Екінші оғыз – қыпшақ кезеңінің (6-7 ғасыр) күйлері. Бұған Қорқыт атаның сарындары «Абыз толғауы», «Саймақтың сары өзені», «Айырауықтың ащы зары» сияқты күйлері жатады.

Үшінші ноғайлы кезеңінің күйлері (13-16 ғ) ертедегі, эпос, жырларымыз да, жырау шешендеріміз де ноғайлының мұңын мұңдап, жоғын жоқтайды. Ноғайлы кезеңінде туған музыкалық мұрамыздың санатына «Ақсақ құлан», «Жошыханның жортуылы», Асанқайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» күйлерін жатқызамыз. Бұл күйлер аңыз-әңгіме мен жыр-эпостарымызбен үндесіп жатады.

Төртінші жоңғар шапқыншылығы кезіндегі (17-18 ғ) күйлер. Соның айғағы ретінде «Елімай» әнін, «Қаратаудың шертпесін», «Қалмақ би», «Беласар», «Кеңес» сияқты күйлерді атауға болады. Бесінші 18-19 ғасырларда және 20 ғасыр басында туған күйлер. Бұл кезеңнің дәулескер, күйші композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Тоқа, Сейтек сияқты ондаған дарындардың көл-көсір мұрасы тарихи-әлеуметтік аспектіде қаузай зерттеліп, ғылыми сара бағасын алуда деп айтуымызға болады [3].

Аспапты музыка ішінде қазақ күйлерінің ешуақытта себепсіз шықпайтыны – өзіндік айрықша сипаты. Күйге арқау болмайтын өмір құбылыстары жоқ. Қоршаған орта, жан-жануарлар дүниесінен бастап, адамдардың мінез-бітімі, көңіл-күйі, батырдың ерлігі, шешеннің тапқырлығы, ел басындағы кесек тарихы оқиғаларға дейін күй тілінде баян етіле береді. Тіптен күйге арқау болған қиял-ғажайып, мифтік тақырыптардың өзі оқшаулана

құрайды. Күй жанрының бұл ерекшелігі – халқымыздың тарихи жайынан хабар берерлік ең мол, ең жанды шежіре екенін пайымдатады.

Осындай көне күйлердің әуен-саздары мен мазмұны қазақ даласын мекендеген ежелгі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпаларының бәріне ортақ. Бұл туралы деректер мен мәліметтер қазақтың халық ауыз әдебиетінде де, Қытай, Парсы, Грек, Араб т.б. елдердің көне жазбаларында сақталған. Сондай-ақ, қазақ жерінен табылған көне мәдениет ескерткіштер мұны растай түседі. Күйдің тілін қарастыра отырып, оның негізінен екі түрлі жолмен қалыптасқаны туралы пікір бар. Осыған орай күй табиғатын зерттейтін болсақ, оның қазақ тілінде қара сөз үлгісіне ұқсап кететіні байқалады дей келе, күй мен тілдің бір-бірімен тығыз байланыста екенін байқаймыз, себебі, әрбір күй сөйлейді, мысалы, Құрманғазының күйі «Қайран шешем», «Аман бол шешем, аман бол» деп анасы мен қоштасып тұрғаны, күйдің мағынасы мен оның ырғақтарынан сөйлеп тұрғанын байқаймыз. Сондықтан ұстаздың міндеті оқушыға, күйдің мән-мағынасы, ырғақ, өлшемі, оның шығу тарихы жайлы ойнау ерекшелігін, тәсілдерін терең түсіндіру сонда ғана оқушы ол күйді түсініп, күйшілік өнерінің биік шыңына жетеді. Демек, жас ұрпаққа атадан балаға мұра боп қалған көне күйлерді үйретіп өз нақышында заман талабына сай аранжировкамен өңделіп, орындауға оқушылардың таным ізденімпаздығын қызығушылығын арттыра отырып күй өнеріне баулу болып табылады. Қазақ күйлері 18 ғ. өзінде-ақ қалыптасып үлгерді. 19 ғ. қазақ даласында күйшілік мектеп өркендей бастады. Ал қазақтың ән-күйлерін зерттеп, осы күнге жеткізіп зор үлес қосқандар А.Жұбанов, А.Затаевич т.б. Мәдениетіміздің дәстүрінде көптеген профессионал күйші-композиторлар қалыптасты. Бұған дәлел халық күйшілері күй атасы Құрманғазы, біздің өмірімізден алатын орны ерекше. Құрманғазының күйлері «Сарыарқа», «Адай» арқылы қазақ жерінің тіршілік тынысын, халқымыздың күш-қуатын, сырын ұғынамыз. Мәдениетіміздің символына айналып отыр деуге болады. Құрманғазының мұрасын жеткізушілердің бірі – шәкірті Дина, «Бұлбұл», «Әсемқоңыр», Дәулеткерей «Қосалқа», «Қыз Ақжелең», Тәттімбет «Саржайлау», Сүгірдің «Бозінген», Т.Момбеков «Салтанат» т.б. Осыған орай домбыра аспабы күй дәстүрі арқылы болашақ ұрпақты мәдениетті, өнерлі, салт-дәстүрін, елін, жерін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда, әр халықтың өз жері, өз тілі, тарихы, мәдени өнері бар, сондықтан да дәстүрлі күйшілік өнердің қадірін білген бала тәрбиелеп, даналарды тудырған кең-байтақ жерді сақтап мұра етіп қалу жас ұрпақтың қолында. Домбыра өнері, қазақ халқының күй дәстүріне құрметпен қарау, ұлттық салт-дәстүрімізді қастерлеуге баланы жас кезінен баулығанда ғана, ол ертеңгі өз Отанының нағыз азаматы болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асафьев Б. Музыкальная культура Казахстана. – Алматы, 1955. – С. 45.

2. Мерғалиев Т. Домбыра сазы. Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Алматы, 1972. – Б.56.

3. Дүйсембінова Р.Қ. Оқушыларға қазақ халқының өнері арқылы музыкалық – эстетикалық тәрбие беру. – Алматы, 1998. – 411 б.

4. Сұлтанова Н.К. Музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы/: Оқу құралы. – Семей. 2011. – 142 б.

Резюме

Ш.Ж.Таджбагамбетова, *преподаватель*

(г. Алматы, Қазахский государственный женский педагогический университет)

Становление традиции куй в культуре кочевых племен

Искусство домбры, то есть процветание традиции куй является профессионально развивая традиции предков, в каждом ребенке воспитывать знание через искусство, глубокие мысли, способствовать расширению своих возможностей.

Конечно инструмент домбры, традиционный жанр куй в настоящее время находит свое продолжение, процветать, развиваться. Инструмент домбыра становился источником

воспитания в том числе на основе традиционного искусства куй, который ведет к эстетической красоте.

Ключевые слова: традиционный куй, племена, музыкальный фольклор, традиции, наследие.

Summary

Tadzhbagambetova Sh.Zh., *lecturer*

(Almaty c., Kazakh State Women' s Teacher Training University)

The formation of tradition kui in the culture of nomad tribes

Art of dombra that is flourishing tradition of Kui is a professional developing the traditions of the ancestors, in every child educate knowledge through art, deep thoughts, help to expand their capabilities.

Of course instrument dombra, traditional genre Kui currently finds its continuation, to flourish and develop. Instrument dombyra became a source of education, including on the basis of traditional art Kui, which leads to aesthetic beauty.

Keywords: traditional kui, tribes, musical folklore, traditions, heritage.